Итак. 22 мая 1937 г. Северо-Казахстанское УНКВД возбудило уголовное дело на группу ответработников Пресновского района Конюхова Василия Степановича - бывшего первого секретаря райкома партии, Капарова Карима - бывшего председателя райисполкома, Уразбаева Нияза - бывшего зав. РайОНО, Фазылова Касена - бывшего прокурора района, Майкотова Алимбека - бывшего народного судью, Калугина Савелия Григорьевича - бывшего зав РайЗО, Гоменюка Александра Михайловича и Гребешка Игнатия Исааковича - бывших председателей колхозов. На предварительном следствии всем им предъявлено обвинение в проведении контрреволюционной, национал-фашистской работы, направленной на свержение советской власти, реставрацию капитализма, отторжение Казахстана от Советского Союза. В течение четырех месяцев их пытали «денно и ночью», требуя признательных показаний. По протоколам допросов, заявлению подсудимых на суде видно, что палачи использовали все методы: избиение, шантаж, угрозы. На последственные мужественно переносили все издевательства отвергали вескими доводами предъявленные им грозные обвинения. За неделю до суда, 16 сентября, последний допрос Уразбаева

«Следователь: На всем протяжении следствия вы продолжаете скрывать свою контрреволюционную националистическую деятельность. Следствие настаивает на даче вами признательных показаний.

Уразбаев: Категорически отрицаю свое участие в контрреволюционно-националистической организации. Никакой контрреволюционной политики за время моей работы в качестве заведующего РайОНО я не проводил, и предъявленное мне обвинение ничем не обосновано».

Допрос Фазылова, 16 октября:

«Следователь: Вам предъявлено обвинение по статье 58 пп-11-14, то есть в том, что вы являетесь членом контрреволюционной националистической организации. Признаете вы себя виновным в предъявленном обвинении? Фазылов: Членом контрреволюционной националистической организации не состоял и в предъявленном мне обвинении виновным себя не признаю».

Допрос Конюхова, 15 сентября:

«Следователь: Вы арестованы как троцкист за активную контрреволюционную деятельность. Следствие предлагает вам дать откровенные показания о своей контрреволюционной деятельности.

Конюхов: Троцкистом я никогда не был и не проводил контрреволюционную троцкистскую работу».

Так все остальные подследственные на допросах отвергли предъявленные обвинения. И только на последнем допросе следователь добился «признательных» показаний у Капарова. Он, доведенный до беспамятства, помутнения разума, «признался». Этого было достаточно УНКВД, чтобы составить обвинительное заключение по Пресновскому делу и передать в спецколлегию областного суда. Приведем выдержки из обвинительного заключения: «Предварительным следствием установлено, что, начиная с 1935 г., в Пресновском районе существовали и проводили активную подрывную контрреволюционную работу группы в составе троцкистов и национал-фашистов, созданные пролезшими на руководящие посты бывшим первым секретарем райкома партии, троцкистом Конюховым и Капаровым - бывшим председателем райисполкома. Руководители троцкистской и национал-фашистской организации Конюхов и Капаров вели подрывную контрреволюционную работу, направленную на свержение Советской власти, реставрацию капитализма, отторжение Казахстана от Советского Союза, ликвидацию социалистических форм хозяйствования: колхозов, совхозов, МТС - и также развертывание пораженческой агитации среди населения». В четырнадцатитомном уголовном деле нет никаких доказательств о существовании троцкистской, национал-фашистской организации в Пресновском районе и об их антисоветских действиях. Несмотря на это, областной суд принял на рассмотрение дело на открытом суде. Партийные органы и органы УНКВД придали особое политическое значение предстоящему открытому разбирательству «Пресновского дела». До вынесения приговора областным судом на страницах областных газет клей-

мили позором «врагов народа». на митингах городов и сел требовали расстрела всех до единого. Еще приговора суда не было, а органы власти уже заранее предрешили судьбы честных людей.

С 23 сентября по 3 октября 1937 года в селе Пресновка началось судебное разбирательство спецколлегией Северо-Казахстанского областного суда. На суде все подсудимые, как и на предварительном следствии, категорически опровергали предъявленные им обвинения по ст. 58. Поэтому воспроизведем допрос Капарова на заседании спецколлегии облсуда:

«Председатель суда: «Объясните суду по существу предъявленных вам обвинений».

Капаров: «Я в предъявленном мне обвинении по ст. 58-10-11 виновным себя не признаю. Категорически отрицаю существование национал-фашистской организации, организованной мною. Хочу сказать о полном противоречии своим показаниям на предварительном следствии. Я якобы ставил себе задачу реставрацию капитализма, роспуск колхозов, совхозов и МТС. В таком мировом масштабе политику я творить не мог».

Председатель суда: «Расскажите, что вы писали в своем заявлении на предварительном следствии».

Капаров: «Я там писал, что меня вербовал Ескараев. Но я не мог иначе писать. Потом отдельную часть показаний я могу дать при закрытом заседании суда».

24 сентября 1937 года. Закрытое заседание суда:

«Прокурор: «Как вы расцениваете, что человек сегодня пишет одно, завтра отказывается?»».

Капаров: «Я заявляю суду, что написал ложно. был доведен до такой степени. Прокурор: «Что заставило написать признательное показание?» Капаров: «Условия. Не признательные показания, а ложные. Я думал: живым не останусь, не вытерплю этих условий. Потом мне говорили:» Если хочешь остаться живым, напиши». Я и написал ложно». Прокурор: «Вы назвали бы это провокацией?»

Капаров: «Я не могу сказать ничего. Показания ложные. Как хотите, судите контрреволюционером ли, бандитом ли. Я был доведен до такой степени, что не мог вытерпеть».

Прокурор: «Подсудимый Капаров, вы подтверждаете еще раз свою ложь?» Капаров: «У меня было плохое состояние. неменяемое». Председатель суда: «То есть, у вас было неменяемое состояние? Невменяемое состояние - это тогда, когда человек сумасшедший». Капаров: «Я был сумасшедшим».

Прокурор: «Почему вы не хотите назвать вещи собственными именами?» Капаров: «Если я наврал один раз, на предварительном следствии, то не могу вводить суд в заблуждение еще раз». Член суда: «Почему вы написали на других лиц?» Капаров: «Потому что этих людей назвал следователь».

Разбирательство на суде было формальным, приговор заранее написан. Несмотря на непризнание обвиняемых на предварительном следствии и на самом суде, третьего октября 1937 г. спецколлегия областного суда приговорила Конюхова В.С., Капарова К., Уразбаева Н. и Фазылова К. к высшей мере - расстрелу, остальных - к различным срокам заключения.

Пленум Верховного Суда СССР от 23 октября 1959 г., рассмотрев протест Генерального прокурора СССР по делу Конюхова, Капарова, Уразбаева, Фазылова, Майкотова, Калугина, Гоменюка, Гребешка, отменил приговор спецколлегии Северо-Казахстанского областного суда от 3 октября 1937 г. за отсутствием в их действиях состава преступлений.

В Постановлении Пленума Верховного Суда СССР говорится: «Материалами дела не установлено существование в Пресновском районе контрреволюционной организации, факта антисоветской агитации. Не установлены и факты злоупотребления со стороны обвиняемых своим служебным положением».

Контрреволюционной, национал-фашистской организации не существовало ни в одном районе области и где-либо в Казахстане. что доказано при рассмотрении уголовных дел в 1957-1990 гг., и все пострадавшие были реабилитированы. К сожалению, почти все - посмертно. Академик Манаш Козыбаев приводит такие данные: «Из числа расстрелянных примерно одну треть составляли рабочие, пятую часть - крестьяне, девять процентов - спецпереселенцы и около половины - служащие».

Жертвами репрессии стали представители всех наций, живущих в нашей области. Их судили как «врагов народа» - сторожа, учителя, рабочего, медработника, колхозника и инженера, муллу и священника... Уму непостижимо, откуда взялось столько «врагов», тогда как Сталин заявил, что «социализм в стране победил», что с точки зрения внутреннего положения страны нет опасности реставрации капитализма.

Террор, начатый в 1937 году, не щадил ни стариков, ни женщин. Женщин без суда отправляли в АЛЖИР (Акмолинский лагерь жен изменников Родины) за то, что они ... жены «врагов на-

рода». Отсидела десять лет в АЛЖИРе Муслима Ильясова - жена расстрелянного директора Петропавловского педтехникума А.Ильясова, Рабига Жамболова - жена секретаря Петропавловского горкома партии...

Об издевательствах тюремного начальника над женщинами писала в своих воспоминаниях узница Семипалатинской тюрьмы Галина Серебрякова. Она - известный писатель, общественный деятель, первая наставница известной певицы, Героя Социалистического Труда Бибигуль Тулегеновой. Вот что пишет Галина Серебрякова в воспоминании «Смерч», в книге «Дело №... герои горького времени» (Алматы, 1989 г.): «В камере на 17 человек находилось 72 женщины. Мои сокамерницы оказались казашками, русскими, украинками, еврейками, татарками. Возраст узниц моей камеры - от 16 до 80 лет.

В нашей камере рожала молодая женщина, недавний член казахского ЦИКа. Тщетно барабанили мы в дверь, требуя врача. Никто не приходил. Женщина корчилась от боли, но старалась подавить крики. Посинев, она тяжело дышала. В камеру ввалился пунцово-ликий, нетрезвый корпусной.

«Молчать, - вопил он, - акушерку требуете. скорую помощь? А кто вы такие?! Враги народа - вот кто! И чем скорее вы подохните все, тем лучше для государства».

Г.Серебрякову не обвинишь во враждебности к социализму, коммунистическим идеалам. После отбытия срока она написала 4-х томную книгу о жизни и деятельности Карла Маркса. Она написала правду о пережитом, бесчеловечном, зверском отношении тюремного начальства к женщинам, даже к женщине-роенице. Что говорить об условиях содержания обездоленных мужчин!

Тысячи семейных очагов были разрушены, искалечены судьбы детей «врагов народа». вынужденных терпеть унижения, оскорбления. Как это тяжело. Об этом пишут свои горестные воспоминания А.Филиппова, А.Фурсова, Ю.Домбровский и другие.

В поэме Твардовского «За далью даль» есть такие строки о Сталине: «Он мог на целые народы обрушить свой верховный гнев».

По велению Сталина осуществлено неслыханное в истории насильственное переселение народов с родных мест. В 1937 году на землю Северного Казахстана приехали корейцы Дальнего Востока. В августе 1941 года Постановлением Правительства выселены немцы Поволжья. Десятки тысяч обездоленных немцев: стариков, женщин, инженеров, врачей, педагогов - нашли приют в Север-

ном Казахстане. В 1944 году, уже в конце войны, привезли в теплушках под охраной чеченцев и ингушей.

Всем немцам Поволжья, чеченцам, ингушам пришили ярлык «спецпереселенец». Во всех районах были созданы спецкомендатуры, где они должны были отмечаться, чтобы никто не сбежал. Немцы, чеченцы, ингуши не имели права переехать или даже съездить в другое село без разрешения спецкомендатуры. Материальное положение было крайне тяжелое. Они помнят и благодарят до сих пор местных жителей за доброту и помощь в те трудные годы.

О масштабах депортации рассказывают публикуемые ниже материалы. Повторю лишь известные цифры:

«Переселено немцев Поволжья 1 024 722; чеченцев, ингушей, карачаевцев, балкар - 608 794; крымских татар, болгар, армян, греков - 228 392 и других народов, всего - 3 332 589 человек».

Вдохновителем депортации народов был Сталин. Приведу донесение Берия Сталину, опубликованное в том же номере журнала.

«Товарищу Сталину: «Для успешного проведения операции по выселению чеченцев и ингушей после Ваших указаний в дополнение к чекистско-войсковым мероприятиям проведено следующее:

1. Было доложено председателю СНК Чечено-Ингушской АССР Молаеву о решении Правительства о выселении чеченцев и ингушей и мотивах, которые легли в основу этого решения. Молаев после моего сообщения прослезился, но взял себя в руки и обещал выполнять все задания». Берия, 22.11.1944 г.».

«Товарищу Сталину: «...В проведении операции принимали участие 19 тысяч оперативных работников НКВД-НКГБ и СМЕРШ и до 100 тысяч офицеров и бойцов войск НКВД.

В результате проведенных трех операций выселено в восточные районы СССР - 650 тысяч чеченцев, ингушей, калмыков, карачаевцев». Л.Берия, нарком внутренних дел Союза ССР».

«Товарищу Сталину: «Сегодня, 20 мая, закончена операция по выселению крымских татар. Выселено и погружено в эшелоны - 180 014 человек». Л.Берия, нарком внутренних дел СССР».

За этими жестокими донесениями - страдания миллионов безвинных людей, в том числе женщин, детей, стариков, ехавших неделями в переполненных вагонах, без воды, умиравших в пути от тифа и других болезней, сотен тысяч переселенцев, погибших от лишений в местах спецпоселений.

Такова правда о жестокости тоталитарного режима. Работая над секретными архивными материалами для данной статьи, я не раз размышлял: «Как все это мог выдержать народ?! Есть ли еще в цивилизованном мире народы столь трагической судьбы? Каким жестоким оказался XX век для народов бывшего Союза. Ими пережиты две мировые войны, три революции, братоубийственная гражданская война, репрессии. Несмотря на все это, выжили, достигли выдающихся высот в экономике и науке. Какой терпеливый, героический наш народ!»

Хочется, чтобы все мы поняли: урок трагедии один - не допустить ее повторения.

Килаж Магазов

ДОЛГ ПАМЯТИ

Период 20-50-х годов в истории нашего народа – особый, он помечен трагическими событиями. Миллионы судеб, раздавленных и исковерканных в эти годы репрессиями- неугосающая боль и скорбь в сердцах людей нашего поколения.

Эти годы вобрали в себя немыслимый смысл неисчисляемое содержание, они ассоциируется с великой трагедией двадцатого века, принесшей нашей стране нескончаемые аресты, пытки, расстрелы, сталинского лагеря и непомерные страдания для жен и детей репрессированных.

Ссылки, бегство за пределы своей Родины, депортация ни в чем неповинных людей: поляков, немцев, крымских татар, чеченцев и ингушей, корейцев, балкар и кабардинцев и др.

Масштабы человеческих жертв, несравнимы ни с какими катастрофами.

По данным республиканской ассоциацией жертв массовых политических репрессий в постсоветском пространстве искалечены судьбы и унесены жизни более 40 миллионов человека. Это не в битвах воин, а у себя на Родине называвшейся СССР. Не отдельные люди, а целые народы стали как бы собственными врагами.

Такова правда о жесткости тоталитарного режима.

Известный краевед К.М.Магазов, работавший долгое время над секретными архивными материалами, размышлял: «Как всё это мог выдержать народ?! Есть ли ещё в цивилизованном мире народы столь трагической судьбы?

Все дальше уходят в глубь истории трагические для нашей страны годы. Но невозможно предать их к забвению.

Благородный долг нынешнего поколения, да и не только нынешнего, - увековечить память жертв политических репрессий и отдать должное пострадавшим от этой трагедии.

Список репрессированных и реабилитированных по нашей области слишком большой, превышает семь тысяч человек. Около полутора тысяч насчитывается расстрелянных.

Репрессиям по нашей области подвергались кроме казахов и русских представители более десяти национальностей.

Кому только не приклеены ярлыки врага народа. Среди них руководители районов, совхозов, колхозов. Врачи, медсестры, аптекари, пастухи, трактористы, сторожа, посудомойщицы и так далее.

Ради выполнения установленных сверху планов нахождения врагов ничем не брезговали большевистские пираты.

Дети и внуки, родственники и близкие так называемых «врагов народа» обязаны помнить и сделать всё для того, чтобы их имена увековечить.

Что сделано в нашей области по увековечению памяти жертв политических репрессий?

Огромную работу по исследованию архивных материалов и сбору воспоминаний провели историки и краеведы К.М.Магазов, В.И.Трусов, А.Е.Ряжских, Е.Т.Желбулдин.

Впоследствии по заказу и при материальной поддержке акимата области выпущена книга «Трагедия и прозрение».

Посвящена жертвам большого террора 1937-1938 годов на территории нашей области и «книга скорби».

С огромной благодарностью и одобрением встретила общественность эти книги как память о тех, кто пострадал от репрессий.

Общественный фонд «Память» совместно с центром «Асыл Мұра» готовит к выпуску книгу воспоминаний о жертвах «Саясат құрбандары» при полной материальной и моральной поддержке областного акимата. Надеемся, что она будет не последней. ибо она также охватит только часть репрессированных по нашей области.

Мы должны быть уверены, что будущие поколения продолжат краеведческую работу, чтобы восстановить честные имена тех, кто волею судьбы стал жертвой всенародной трагедии.

По инициативе активистов общественного фонда «Память» и всемерной поддержке бывшего акима области Т.А.Мансурова установлен памятник в память жертвам репрессий.

Приметно, что памятник теперь стоит в областном центре на месте бывшего здания НКВД, где пытали, мучили и казнили, на участке земли, обогретой кровью наших отцов и дедов.

Он красуется как символ торжества справедливости, как вечная память о великой всенародной трагедии, как напоминание будущим поколениям не допускать глобальное зло.

При содействии Департаментов внутренней политики и КНБ выпущены два тома книги со списком репрессированных с краткими данными.

Нашим фондом уже не первый год который раз настоятельно вносятся предложения о внесении изменений в закон «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года, ибо в ходе подготовки и принятия этого Закона были допущены недостатки, порождающих много неясностей в практике его применения.

Память людей, лишившихся жизни, замученных в застенках, а также их дети, пострадавшие от репрессий вполне заслуживают уважения и заботы руководителей всех рангов государственных и общественных организаций.

Ведь они прошли через казематы, лагеря и застенки ГУЛАГа, испытав все «прелести» каторжного режима. Их осталось так мало. Да и детей репрессированных незначительное количество, поскольку самому молодому из них уже более семидесяти лет.

Встречаясь с молодежью, мы убеждаемся, что она или вовсе не знает, или крайне недостаточно осведомлена о трагических страницах истории, касающихся зловещих событий 20-50-х, восстания в декабре 1986 года.

Было бы благородно, если бы в школах, средних учебных заведениях в рамках учебных программ и общественных мероприятий изучалась история тех печальных лет.

Это нужно ведь молодым, созидателям нашего будущего, для того, чтобы подобные трагедии обходили наш народ, наших потомков.

*Болат Сагиндыков
Председатель общественного
фонда «Память»*

**АШТЫҚ
ЖӘНЕ ТӘРКІЛЕУ
ЖЫЛДАРЫНДА**



КӨКАРАЛ

Біз орта жүздегі Арғынға жатамыз. Оның ішіндегі Атығайдан тараған он екі атаның бір тармағы Құдайберді – Бәйімбет боламыз. Бұл Есіл өзенінің бойымен үш жүзден аса шақырымда қос қанатын тұтас алып жатқан қалың ел. Осы елдің ұрпақтары Есілден алшақ басқа облыстарда да тараған. Сонау Құдайберді-Бәйімбеттен бері жылжып, жеті атаға жақындатсақ бізді Қабай-Тұяқ руы деп атайды. Бұл ру алғашында бір жерде қоныстанса, кейін Кеңес үкіметі орнаған кезде тарыдай шашылып, бет-бетімен бөлініп кеткен. Ұжымдастыру мен аштық жылдары әркім өз күнкөрісін ойлап жан-жаққа бытыраған.

Жаппай ұжымдастыруға дейін біздің ел Есіл өңірінде қыстап, жазғы жайлауын Жаманкөлде өткізіпті. Бұл ара Есілден 120-150 шақырымдай жер, осы далада Қабай-Тұяқ жұбы жазылмай бірге өсіп, біте қайнаған екен. Бірақ ұжымдастыру, кеңес үкіметіне бағындыру, кедей мен байды теңестіру науқаны күшейген кезде ел үшке бөлініп кеткен. Бірі Жаманкөл жайлауында (Айыртау ауданындағы Қарағаш ауылы), екіншісі Бөріліде (Шал акын ауданындағы Неждановка селосы), үшіншісі Есіл қойнауына қоныс салып, табан тірейді. Қабай руынан бұл күндері басқа жерлерде тұратындары да аз емес. Атап айтқанда Шал акын ауданының Алқағаш ауылында, Қорған облысының Макушино селосында, Түмен облысының Есілкөл ауданында, т.б. жерлерде тұрып жатқандары да жеткілікті. Ашаршылық пен қуғындау кезеңдерінде әкелеріміз Қызылжар маңында, шойын жол бойында тұрып, күндерін көрген. Заман түзеліңкіреп, ел есін жинаған кезде қайта елге оралған екен.

Біздің ауыл көпке дейін «Бостау ауылы» деп аталған, ол ескі карталарда осылай көрсетіліп келген. Ал, Бостау деген біздің аталарымыздың бірі. Оның арғы жағында Бадана-Бостау ауылы деп аталған көрінеді. Бадана менің ұлы атам, яғни менің атамның әкесі. Сөйтіп, менің аталарым құнары мол, малға да, жанға да жайлы, орман-тоғайы қалың, нәрлі Есіл бойын мекендепті.

Бадана ұлы атамыз елде атакты би болған, мұрағаттарда мөрінін таңбасы табылды. XIX ғасырдың орта кезінде Көкшетау дуанының сайлауына қатысып, аға сұлтандыққа ұсынылады. Бірақ ол сайлауда Жылғараның баласы Мұса жеңіске жетіп, аға сұлтан болады.

Бадананың мөрі алты қырлы, небары сақинаның аумағындай ғана. Мүмкін сол мөрді сақина етіп қолына тағып та жүрген шығар. Мөрдің таңбасында «Бадана Мыңбай» деп жазылған. Мыңбай оның әкесі. Сол кездері кез-келген болыс, бидің мөрі бола бермеген.

көпшілігі мөрдiң орнына бармағының таңбасын басқан. Ал. Бадана атамыздың осал болмағандығы осыдан көрінеді. Билік құрып, би болу арғы атамыздан келе жатқан мұра екен.

Байлық пен билік атадан балаға жалғасқан мұра іспеттес құбылыс. Тарихи деректерге қарағанда Бадананың аталары да би болыпты, ал оның баласы – Шеген де (менің атам) билік құрған, осы төңірекке аты шыққан атақты адам екен. Ол кісі сол кезде аса ірі бай болмағанымен орта шаруадан жоғары ауқатты адам екен. Баданадан туған көп балалардың ішіндегі пысығы да, жөн білетін ақылдысы да осы Шеген екен. Би болып сайлануы да содан болар. Ол кісіден қалған мұраны көзім көрді. Тың және тыңайған жерді игеру науқаны кезінде (Кеңес үкіметі тұсында, елуінші жылдардың орта тұсы) ауылдың қас ортасында үлкен жел диірмен тұратын. Оны кезінде атамыз Жайлаубай деген ағайынға төрт өгіз беріп салдырыпты. Сол жылдары Саумалкөлден ағаш бөренелер тасып, сегіз бөлмелі үй салдыртыпты. Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары ауыл белсендісімақтары диірмен мен салдырған жаңа үйді, мал-мүлкін түгел тәркілеп, мемлекет меншігіне алып қойған. Бұл құлақтарды тәркілеудің екінші кезеңі (1930 жылдар) болатын (бірінші толқын 28 жылдары өткен). Үйді бұзып, 18 шақырым жердегі Дауымбай деген ауылға апарып, мектеп үйі етіп қайта орнатады. Содан бері сол ауыл – «Мектеп» ауылы атанып кеткен, бүгін де солай аталады (Есіл ауданында орналасқан). Марқұм атамыз Шеген ұзақ жасаса да өмірінің соңғы жылдары көп қуғынға ұшырайды, бай болған, би болған «нағыз құлақ» деп айып тағылады. Сол кезде ауруға шалдығып, қайтыс болады. Атамызды Көкаралға айдаудың «сәті» түспейді. Құлақтың баласы деп отызыншы жылдары менің әкем – Қадірәліні де біраз әуре-сәрсенге салады үкімет. Амалсыздықтан әкем қашып-пысып, қала маңында бой тасалайды.

Қала маңы деп отырғанымыз Қызылжардың маңындағы «Ауызтал» деген жер екен. Шешем марқұм айтушы еді: «Сен отыз алтыншы жылы осы Ауызталда тудың» – деп. «Ауызтал» деген жердің аты, онда қала шетіндегі шок-шок ағаштар, үлкенді-кішілі көлдер болыпты. Сол көлдердің ең үлкені Аккөл екен, яғни бүгінгі «Белое» көлі, Белое селосы. Осы көлдердің жиегінде, шок-шок ағаштардың арасында Көтек, Маңқат, Шарбақкөл, Сарт, Байсал, Бәйімбет, т.б. ауылдары болған. Олардың көбі кейін жойылып немесе орыс атына ауыстырылған.

Аккөл мен қара шоктың арасында аталған Ауызтал деген алаңда біздің Бәйімбет ауылы тұрыпты. Мұнда ХҮІІІ ғасырда Ақтабан шұбырынды кезінде көшіп келген туыстар, яғни біздің аталары-

мыз, Сыр бойынан бүгінгі Азат стансасына қоныстанып, одан осы жерде кейін орын тепкен ағайындар екен. Оған XX ғасырдың отызыншы жылдары қуғын-сүргін көрген ағайындарымыз қосылады. Соның ішінде біздің үй және ағайындарымыз болған. Сол жерлерді бүгінде байқасак қала шетіндегі, жылу электростансасы (ТЭЦ), аңдар фермасы, Белое, Пеньково, Байсал, Токшын, Асаново елді мекендерінің арасы екен. Бұл жер ұжымдастыру кезіндегі қуғындалған адамдардың паналаған жері, күнкөріс мекені болған. Ағаш шаруашылығы, мал өнімдерін сату, шойын жол бойындағы жұмыс, сауда-саттық кәсібі, т.б. күн-көріс көзіне айналыпты.

Менің әкем – Қадірәлі сауда-саттықпен айналысып, сонау Мәскеу мен Петербургтен мата әкеліп, кәсіп қылған. Вагондардан – вагондарға секіріп қашып жүргенде поездан құлап, бір қолын сындырып алғаны да бар. Сөйтіп, қуғын-сүргін науқаны басылғаннан кейін ғана біздің шаңырақ, яғни әке-шешеміз екі баласымен елге қайта оралады. Қойлы Атығай жігіті - Әбішев Кенжебек деген азамат маған Ауызталды тауып берді. Ондағы аталарымыз жатқан ескі зиратты көрсетіп, таныстырды. Жылу стансасынан шыққан судың осы зиратты бұзып шайып кететіндігін ескертіп, апатын тоқтатып, үлкен ерлік жасаған адам Кенжебек болатын.

Тағдырдың тәлкегіне түскен атамыз бен әкемізді біз ешқашан естен шығармақ емеспіз.

Алдымен Аралға айдалудан аман қалған, өзі бай, ешқайда қашпай елде болған бір адам жөнінде айта кетейік. Ол өмір бойы Қызылжар қаласында тұрған Баймағанбет деген адам. Оны бай Баймағанбет, ал білетіндер сақау Баймағанбет деп атап кеткен. Соған қарағанда байлығы да тілінің кемдігі де болғаны рас.

Ол кісінің байлығын көрмесек те бертін келе (алпысыншы жылдардың басында) фундаменті тастан, бірінші қабаты қызыл кірпіштен, екінші қабаты (қиып қаланған) қарағай бөренеден салынған екі қабатты үйді көзіміз шалды. Бұл үй бұрынғы Сталин (қазіргі Интернационал) мен Амангелді көшелерінің қиылысында тұратын. Осы үй Баймағанбеттікі болғанымен тәркіленгеннен кейін әртүрлі қызметтер атқарған: Қызыл отау атанып түрлі саяси үйірмелер жүргізілген, Мағжан Жұмабаев та осы үйде болып, жастармен жұмыс ұйымдастырған дейді. Кейін казак орта мектебінің бір бөлімшесі ретінде бастауыш сынып оқушылары осы үйде оқытылған. Ең соңында (бұзылғанға дейін) сауда орнына беріліп, асхана, арақ-шарап, ішетін орынға айналған.

Жер аударудың алғашқы дүмпуі өткеннен кейін, Баймағанбет бар байлығын, үйін, мүлкін үкіметке өз еркімен өткізеді, сөйтіп

еріксіз жер аударудан аман қалады. Екінші дүмпуде, тексере келгенде, сақау Баймағанбет Аралға айдаудан аман қалып, ақталады. Дегенмен, оның сайлауға қатысу құқығы жойылады, сондай шешім қабылданады. Иә, «мал бас садағасы» дегендей, аман сау құтылғанымен, өмір бойы тырнақтап жиналған дүние-мүлігі бір сәтте жоқ болды.

Аралға айдалғандардың арасында Ыскак әулеті де бар болатын. Атадан мұра болып қалған байлығы бар, отар-отар қойы, үйір-үйір жылқысы, өрістегі мыңғырған малы Есіл өзенінің оң қанатындағы Еңбек ауылы мен үлкен Торанғұл көлінің аралығындағы ауқымды алқапта жайылып жатқан ел еді ертеде. Байлығы да мол. жері де кең бұл ағайынды-туыстардың тұрмысы жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысында жаңа үкімет орнағаннан кейін бұзылады. Бұл елдің ертедегі қыстауы – «Айғай-Терек» деген жер (бұл бүгінгі Есіл ауданы Александровка селосының маңы), жайлауы – «Батпак Көл» мен Торанғұл көлі аралығын алып жатқан. Ал, Еңбек аулында, Ыскактың ата қонысында, алғашында ұжымдық шаруашылық құрылады. Ежелден ырысты елдің Кеңес кезінде де жылқылары жарыста озып, бәйге алған, малы семіз, егіні бітік шығып, «Бай Еңбек» атанған ел еді.

Арал азабы Ыскаковтар жанұясын да жанап өтпеді, тура келді. Өткен ғасырдағы жиырмасыншы жылдардың аяғы, отызыншы жылдардың басы мал-мүлікті тәркілеудің алғашқы толқыны болса, дәл осы кезеңге бұл шаңырақ және басқа ағайындары бірінші болып ілігеді, өйткені кезінде олар қуатты байлар еді. Мәселенің мән-жайына түсіну Аралдағы жағдайды көз алдымызға елестету ондағы болған қиыншылықты сезіну үшін алдымен Ыскактың немересі Асқармен әңгімелестік.

-Асқар, Сіз Аралда туыпсыз. Тағдырдың тәлкегі шығар, атаңызды қудалап, әке-шешенізді жер аударып, туыстарыңызды тарыдай шашып, жан-жаққа таратыпты. Осы жөнінде сыр шертсеңіз.

-Ия, мен шет жерде – Аралда 1942 жылы туыппын – деді ол. – Біздің тұқым Аралға айдалғанда мен жоқпын, одан он екі жыл соң тудым. Атамды, әжемді көрмедім. Бірақ, әке-шешемнің бауырында, тәрбиесінде болған соң балалықпен ештеңені аңғармаппын. Өсе келе түсіндім мән-жайды. Теңіз жағасында еркін өстім. Бірақ, бұл менің туған елім еместігін кейін түсіндім. Менің елім Солтүстік Қазақстандағы Еңбек ауылы екенін әке-шешемнен естідім. Олар бұл жерге өз еркімен емес, айдалып келгенін де кейін білдім. Атамның соңғы малын да, дүниесін де тартып алып, өзін және балаларын отбасымен қоса жер аударыпты. Міне, содан табаны күректей

22 жыл өткеннен кейін ғана, яғни 1952 жылы елге оралыппыз... Сонымен, Асқардан мән-жайды сұрай келе, біраз жағдайдың бетін аштық. Жер аударылғандар Арал теңізіне жөнелтіледі. Жер аударылған отбасы акыры Көкаралға келіп жетеді. Аралдан шығып кететін еш жол жоқ, қашып та құтыла алмайсың, үйткені теңіз қоршап тұр, бұл бұратылған үшкір сым да емес, майыспайтын темір тор да емес, кәдімгі ұшы-қиыры жоқ су қоршауы.

Ыскактан алты бала туады: Едірес, Мейрам, Зияда, Шайзада, Ерден, Зейнолла. Үкімет Ыскак пен оның балаларын жазалап, қуғындайды, әуре-сарсанға салып, Аралға айдады. Бірақ Ыскактың өзі вокзалға дейін барып, кемпірі екеуі поездан жасырынып қалып қояды. Содан кейін көп кешікпей қудалаудан құтыла алмайтындығын сезіп, Ресей жеріне, Батыс Сібірдің Кемерево, Красноярск, Томск қалалары жағына барып, өзінің аталас туысы Көшімбай балалары Зұлқарнай, Әбдіғапар, Қожахметке қосылып, сол жерге сіңісіп кетеді. Ыскак елге келіп қайтыс болады, Қызылжарда жерленеді.

Ерден аурулық себепті айдаудан аман қалады, бірақ ерте дүние салады. Ал, Шайзада мен Зейнолла сотталады, оларды Новосібір қаласына апарды, содан Балтық теңізі жағалауындағы Беломор каналына жібереді. Сол жерде уақыттарын өтеп, елге қайтып оралады. Туыстарының бытырап, жан-жақта жүргенін естігеннен кейін Шайзада Кемеровоға барып, шыны зауытында есепші болып қызмет атқарады. Сол жақта ол да қайтыс болады. Ал, Зейнолла болса сонау Батыстан босанып келіп, елге тұрақтамай Аралға барып, сондағы туыстарына қосылады. Кейін елден топырақ бұйырған екен оған. Бір өкініштісі алда айтқанымыздай, Ыскактың балалары Шайзада, Едірес, Зияда шет жерде жүргенде қайтыс болады, оларға елден топырақ бұйырмайды, бір-бірінің кабіріне топырақ сала алмайды.

Бұл отбасының үшеуі Мейрам, Зияда, Едірес сол айдалған жолы Көкаралға жетіп жығылады. Келісімен жергілікті бақылаушылардың комендатураның қарамағына тіркеліп, қатаң бақылауға алынады, онда ит ұстаған солдаттар күзетеді. Бәрінің де құқықтары шектеулі, шет жерге шықпау, тапсырылған жұмысты тиянақты орындау, т.с.с. мәселелер. Аралдың дөңінде биік мұнара – «Маяк» деген шам бар, ол тұманды күнде және қараңғы түнде жарқырап жанып тұрады. Оның қызметі өтіп бара жатқан кемелердің жағаға соғылмауын немесе аралды айналып өтуін бақылау үшін жарықтандыру еді.

Аралда туған Әлімбек Ысқақовтың әңгімесін, қысқарта айтсақ, күнделікті тіршілікті мынадай етіп суреттеуге болады.

Аралға анда-санда бірлі-жарымды, кішігірім кемелер келіп тоқтайды. Ал, күздің аяғынан (жер катысымен) көктемге дейін (мұз ерігенше) кемелер мүлде жүрмейді. Жазда кемелердің келіп, тоқтағандағы мақсаты аралдағы адамдарға ұн, ауыз су, т.б. қажетті заттарды жеткізу, ал қайтарда ауланған балықты артып алып, балық зауытына апарады. Бұл аралдарда бәрі балықпен айналысады, басқа кәсіп жоқ. Жұмыс өте ауыр. Әбдіжәміл Нүрпейісовтың Арал балықшыларына арнаған кітабы «Қан мен тер» деп аталуы да тегін емес сияқты. Жазда ауды қайыққа салып, суға түсіреді. Уақыты келген соң екі ұшындағы арқан арқылы ауды балығымен қоса жағаға тартып шығарады. Бұл жерде көбіне түйенің күшін пайдаланады. Қыста балық аулау қиаметтің қиаметі. Алдымен қатқан мұзды ою, одан соң ауды суға сүңгіту, соңынан ауды балығымен тартып алу, бәрі де оңайлықпен бітетін іс емес.

Жазда ауланған балықты сақтау үшін алдымен оны тұздайды, одан соң кептіреді, жәшікке немесе бөшкелерге салып жер астындағы арнайы қазылған үңгір-мұздатқышқа салады. Ол үңгірдің ішкі қабырғалары қыста ойылған мұзбен қаланады. Сөйтіп, жаз ауланған балық кеме келгенше осылай сақталады да, кеме келген соң оған артып жөнелтіледі.

Сайып келгенде, Аралда балық аулау жер аударылған адамдардың ғана қолынан келетін іс, солардың арзан күшімен ғана бітетін жұмыс екенін түсіну қиын емес. Көкаралға көшіп келгеннен кейінгі өмір бірқалыпты, сол қиыншылық ауыр қалпында қала береді. Әйтеуір, ол жерде «байсын», «құлақсын» деп ешкім көзге түртпейді, өйткені бәрінің (мұндағылардың) дәрежесі де, тұрмыс-жағдайы да бірдей, ел-жұртынан айрылғандар, қуғынға ұшырағандар.

Ал, олардың баспаналары да айтарлықтай емес еді. Қабырғалары балшықтан соғылған, құмға белшесінен батқан, ұзынша келген аласа барактар, шатырлары тайпак, есік-терезелері тар үйлер. Мұндай үйлердің ауасы да таза болмайды, денсаулыққа да зиян екені белгілі. Ішкер тамақтың тапшылығы, киерге киімнің (әсіресе қыста) жетіспеуі, ауа райының қолайсыздығы бәрі де адам денсаулығына кері әсер ететіні сөзсіз. Мәселен, тамақ жөнінде айтатын болсақ, қуырылған балық, кептірген балық, суға пісіріп, сорпаланған балық бәрі де, әйтеуір, күнкөріс үшін талшық ету.

Міне, Аралда болғандардан естігеніміз осындай. Ысқақовтар тұқымы көшіп, Аралдың оңтүстігі Үшсай деген жерге ауысады.

Бұл Өзбекстанның Қарақалпақ автономиялы республикасының жері болатын. Үшсайда да тұрмыс өзгере қоймайды. Тек, аудан орталығы Мойнаққа жақындайды. Онда мектеп бар, мектепте интернат бар. Оқу жасындағы балалардың аз да болса білім алуына мүмкіндік туады. Мұнда балабақша жоқ. Ал, жер аударылғандардың жанұялары балалы болды, ол балалардың көпшілігі осында – Аралда туды. Олар қай тілде оқимын десе де мүмкіндік алды. Өйткені, Мойнақта қазақ, орыс, өзбек мектептері ашылады, оған қоса әр мектепте шет тілдері де оқытыла бастайды.

Сөйтіп, уақыт жылжып өтіп жатады, жастар қалып, кәрілер кетіп, жас нәрестелер өмірге келіп жатады. Бәрі де заңды құбылыс. Ысқақовтар ұрпағы отызыншы жылдардан бастап қуғындалып, елуінші жылдардың басында (1952) ғана елге – туған жерге оралады. Бұл табаны күректей 22 жыл. Кәрілері дүние салып, жастары марқайып, Аралда туғандары ер жетіп елге келді.

Петровка селосында (Есіл ауданы) тұратын 90-нан асқан көнекөз қария Нұғман Садуақасов былай дейді: «Ысқақ әулеті маған бөтен емес, аталаспыз. Оның арғы аталары сасыған бай болыпты. Сол байлық жана үкімет орнаған соң құмға сіңген судай жоқ болды. Ысқақтың қолында отызыншы жылдары байлық болған жоқ, бәрі тәркіленді. Дәл отызыншы жылы бұларды қуғын-сүргінге ұшыратады деп ойламадық. «Не шыкса ағайыннан шығады» демекші, оларды көрсетіп, айдатқан өз ағайындары болу керек. Мен ол кезде балауса жігіт едім, көп нәрсені аңғармадық. Ал, Ысқақ болса сол кезде алпысты алқымдаған адам еді...»

Иә, Нұғман аксақалдың әңгімесі шындыққа жанасады. Тіс жарып басқа ештеңе айтпады. Ұмытқан болуы керек.

Арал азабын көрген бұл жанұя жазықсыз жазаланғандығын айтып және сол мойынға еріксіз ілінген кінә алып тасталсын деген арыз-шағымдарын айтып, талай жерге, сонау Мәскеуге, Сталиннің өзіне дейін хат жазады. Ақыры, яғни, қыркыншы жылдардың аяғында, елуінші жылдардың басында еріксіз жер аударылғандар ақталып, бас бостандығын алады, сөйтіп елге оралады.

Ысқақовтар әулетінде алты бала болды дедік. Олардың тағдыры қалай болды? Соны қысқаша баяндап өтейік.

Ысқақ Атығайдың бір тармағы Құдайбердіден тарайды. Арғы атасы Ырсай, бергі атасы Медет, Шоқидан туған. Осы тұқымға қатысты деректер ағайындас Сұраған Қапаров деген азаматтың жазған шежіресі бойынша алынды. Ысқақ қуғын-сүргінге ұшырап жүріп, елде қаза тапты дедік. Оның балалары: Едірестен

Рахманберді, Дәметкен деген балалар туады Үшсайда. Рахманбердіден Аралда төрт бала туады, бәрі де ер жетіп, қызмет атқарады. Едірес өзі Аралда қайтыс болады. Зиядадан Аралда бес бала туады: Аралбек, Әлімбек, Арыстанбек, Асқар, Күлән. Соңғысы төрт жасында ауырып, Аралда қайтыс болады. Зияда да Аралда дүние салады. Шайзада Кемеровода қайтыс болды, артында Сейілбек деген бір баласы қалды. Ерденнен Сабыр деген бір ұл қалды, елде ертерек қайтты. Бұл төртеуінде де немерелер баршылық, ал соңғы екеуі Зейнолла мен Мейрам шеттен елге оралды, елден топырақ бұйырады, бірақ арттарында ұрпақ қалмады.

Аралдан алшақтап, оған барса да тәсілін тауып, қашып шыққан екі отбасын толығырақ айта кетейік. Олар Мұхамедқали мен Көшімбай шаңырақтары еді. Бірі Керей, бірі Атығай руларының ұрпағы болса да алыс-берістері бар құдандалы адамдар болатын. Алдағы аталған Ысқақ жанұясы мен Көшімбаевтар бір ел, бір ата жакын туыстар (екеуі де Атығай). Аталған үшеуі бір-бірінен жұптары жазбай, аралас-құралас жүріп жатқан адамдар еді. Соңынан қуғын-сүргінге ұшырап, тарыдай шашылып тымтырап кетті. Тағдыр оларды тағы да Аралда және Ресейде тоғыстырды.

Мұхаметқали 35 жасында би болған. Орта шаруадан жоғары, белсенді, беделді адам, кезінде патша үкіметінен медаль, шекпен алған дейді.

Мұхаметқалидан Мәжит, Уәлит, Қабдірашит деген балалар туады. Еріксіз жер аударылғандар санатына осылар кіреді. Ал, олардан туған балалар Ресейде өмірге келгендер. Мәселен, Мәжиттен Бексұлтан, Қуаныш, Әнуарбек, Тауфық дегендер туады. Уәлиттен Зияда, Есләм, Күлшара, Күлизат, Күлбара туады. Қабдірәшиттен Сапарбек, Әлібек туады. Осының ішінде Мәжит сөзге шешен, арабша сауатын ашқан, қолынан өнер тамған шебер атаныпты. Уәлит те одан қалыспаған сауатты, өнерлі жігіт болған екен.

Мәжит пен Қабдірашит 1929 жылы жанұяларымен бай, би балалары деп Көкаралға айдалады. Аралға барған соң, одан қашудың амалын қарастырады. Жергілікті жердің балықшыларымен танысып, қоян-қолтық ымыраласып, солардың көмегімен қайыққа отырып қашып шығады. Әрине, қашқындарды тегіннен-тегін теңізден алып шыққан жоқ шығар. Алтын беріпті деген алыпқаш сөздер де болыпты, мүмкін солай да болған шығар. Бірақ кім оны тексеріп жатыпты. Теңізден шыққаннан кейін бұл жанұя түйе жалдап, ел жакка беттейді. Құмды, шөлді жерлерден өтіп, бейнет көреді. Бұл жерде Көшімбай әулетін ажырата кетейік. Көшімбайдан Зұлқар-

най, Әбдіғапар, Қожахмет туады. Бұлар да қуғын-сүргіннің қармағына іліккен адамдар. Зұлқарнайдан Нұрахмет, Жанахмет туады. Әбдіғапардан Сұраған. Төлеген. Тұрғын, Ендіғой, Ғалия туады. Қожахметтен Тұрсынбай. Амандық туады.

Көшімбай шаңырағының тағдыры Мұхаметқали шаңырағымен бірдей, көрген қорлығы да, бейнеті де бір-біріне ұқсас. Әбдіғапар, Қожахмет, Зұлқарнай 1929 жылы Аралға жер аударылады. Бірақ Зұлқарнай жасырынып, Қызылжарда қалып қояды. Алдымен оларды қаладағы орыс шіркеуіне қамайды, содан вокзалға әкеліп поезға отырғызады, ақыры Аралға жеткізеді. Аралға келгеннен кейін ондағы жалпы жағдаймен, тәртіппен таныса бастайды. Жағалай қоршау, солдаттар қалталарды, сөмкелерін тексеріп артық заттарды, сүрленген еттерін, т.б. тағамдарын алып қалады. Тау-тау болып үйіліп жатқан құм, аздап жел үрлесе аузың, мұрның, құлағың құмға толады. Келген халық ұзын-ұзын, аласа барактарға тығыздалып орналастырылады. Әбдіғапар мен Қожахмет балықшы болып орналасады. Тұрмыс төмен болса да үйдегі әйелдер балықтан түрлі тағамдар (сорпа, бесбармақ, қурылған балық) жасап жанұяны мезгілімен тамақтандырады. Әйтеуір, балықты талшық еткен халық аштыққа ілікпейді. Зұлқарнайдың пысықтығына таң қаласың. Екі інісін соңынан іздеп барып, Аралдан аман алып шығады. Жолына қанша ақша жұмсады. қалай алып шықты, қанша шығын шығарды, ол жағы беймәлім. Дәл осы сапарда қайғылы бір оқиға болады. Әбдіғапардың әйелі жас босанып, яғни Сақыпжамал, түйе үстінде Сапария қызымен отырады. Түйе тұрарда алдымен артқы аяқтарын көтереді де, соңынан алдыңғы аяқтарын көтеріп тұрады екен. Сол кезде қолда отырған Сапария қыз лықсып кетіп, түйенің мойынына ілігеді де жиырылған мойынның арасында қысылып қалады. Сөйтіп, жас нәресте сәби көп кешікпей дүние салады. Одан кейін көпшілік жолда – ұзақ сапарда жаяулап-жалпылап, шаршап-шалдығып, жасырын тасаланып, сонау Оңтүстіктен елге жетеді. Бірақ елде де тыныштық жоқ, қудалау әлі басылмаған. Ағайынды жігіттер енді Ресейге жол тартады. Алдымен Мәкөшінге, одан кейін Кемеров жеріне жетеді. Осы жерде Көшімбай әулетімен, одан кейін Ысқақ балалары Шайзадамен, Зиядамен кездеседі. Бірі жылқы зауытына, екіншісі Чернильщикова шыны зауытына орналасып, күнкөрістің қамына кіріседі.

Қазақстаннан келген көшпенділер үшін қолайлы жер өндірістің шоғырланған жері – Кемеров қаласы болатын. Онда көптеген азот т.б. зауыттар, көмір шахтылары бар, оған көптеген жұмыс күші қажет еді. Осыған орай жұмыс іздеп босып жүрген адамдар Кеме-

ровке келіп, жұмысқа орналасады. Шахталардағы көмірді вагон-арбамен жылқы малының көмегімен тасиды. Шахтаның іші қараңғы, ал жылқылар далаға шыкса көздері көрмей соқыр болып қалады. Сондықтан оларды жиі ауыстыруға тура келеді. Шахталарда жылқы бағатын арнайы жылқышы болған. Біздің Қазақстаннан барған қазақтар бурят, моңғол елдеріне барып, шахталарға керек жылқыларды сатып алу жұмысымен айналысқан, ал, Мәжит Мұхаметқалиұлы бұл жерде жеңіл рессорлы арбамен, қыста әшекейлі кәшәуа шанамен зауыт, шахта басшыларын тасыған екен.

Сол маңда – Чернильшиковте шыны зауыты үзбей жұмыс істеген. Зауыт өнімі – шыныны Томск қаласына жазда су қатынасы-баржымен жеткізіп тұрған, ал қыста ат шанасымен тасыған. Осы жұмыстардың басы – қасында болған жерлестеріміз Мұхаметқали, Көшімбай, Ыскақ ұрпақтары еді. Томск үлкен қала емес, бірақ соғыс жылдары жараланған солдаттарды емдейтін – госпиталь болған. Осы кезде Көшімбай ақсақал, Ғазиза апай, Молдахмет, т.б. қайтыс болып, олар Томь өзенінің арғы бетіндегі татар-мұсылмандар зиратына қойылады.

1942-1945 жылдар аралығында Черепанов стансасынан бастап ұзындығы бес жүз шақырымнан артық шойын жол құрылысы басталады. Осы жұмыста да алда аталынған ағайындар қатысады. Әр адам өзінің атымен күніне белгілі мөлшерде құрылыс материалдарын тасиды, әсіресе балшық әкелінеді. Ақыры жол бітеді. Енді олар Белоярскіге көшеді, бұл Барнауыл қаласының маңы. Мұнда оншақты жанұя өздеріне балшықтан, шымнан үйлер-баспанасын, мал қораларын жасап алады. Бау-бақша өсіріп, одан түскен өнімді поездбен Барнаул қаласына апарып сатады. Дәл поезддан түсісімен мата иіру комбинаты қарсы алдыңнан шығады. Оның жұмыскерлері тамақ өнімдеріне өздерінің маталарын айырбастайды. Ол матадан кәстөм, пальто, жұмыс киімдері тігіледі. Осындай сауда-саттықпен біздің қазақтар әжептәуір кәсіп қылған.

Ал, үйдегі әжелер мен апалар осы киімдерді, қолдан тоқылған шұлық, қолғап, т.б. қала базарларына апарып, сатып отырған. Осылай жаппай, жанталас құмырскаша кимылдап еңбектену нәтижесінде аш, жалаңаш болмапты, әжептәуір ел қатарлы күн көреді. Ерлердің қолы бостары, не жұмыстан босаған кездерінде жазғы маусым, шілде, тамыз айларында қолшалғымен шөп шабады. Өзен мен көлдер жиегіндегі қалың өлең шөп жақсы мал азығы. Қыста сол шөпті шаналарға артып, Обь өзені үстімен Барнаул қаласына тасиды, соны сатып, ақша табады, кәсіп қылады. Өзен өтіп, жарқабаққа көтерілгеннен кейін шанадағы шөпті аударып, қайта

артады. Мұндағы мақсат, басылған шөпті кокайтып көрсету, кейде екі шанаға бөліп артады. Бұл да бір сауда кәсібінің әдісі болар. Үлкендер ауыр жұмысқа бармаса да ат сокасымен әр үйдің бау-бақшасының орынын жыртып беріп, пайда тапқан.

Қалың тайға жерінде жерлестеріміз ағаш шаруашылығымен де айналысқан, тер төгіп еңбек еткен. Ресей жерінде көшіп-қонып жүрген ағайындар 20 жыл өткесін, елуінші жылдардың басында Қазақстанға орала бастайды. Мал-мүліктерін сатып, тек жылқыларын жегіп, ат-арбамен қозғала бастайды. Балалар мен үлкендер поезға отырып, Қызылжарға келеді, ауыр жүктерін тауар вагонына артады. Сөйтіп, елге оралып, көпшілігі Қызылжардан орын тебеді. Ыскак, Мұхаметқали, Көшімбай тұқымдары, олардың балалары, немерелері, кейін шөберелері елге келіп сіңісіп, еш қорқынышсыз бакытты өмір сүріп, Отанына қызмет атқарып жатыр. Көбі жоғары, арнаулы оқу орындарын бітірді, абыройлы қызмет атқаруда, олар әртүрлі мамандықтардың иесі.

Иә, кәрі кетеді, жас қалады дегендей, біздің аталарымыз кетті. Бірақ, олардың біразы қуғындалды, қасірет шекті. Еңбек ауылынан алда айтылған зардап шеккендер үшін (баяғы Айғай-Теректегі) ел азаматтары (оның ішінде Сұраған Әбдіғапарұлы да бар) бірігіп, ескерткіш құлпытасын орнатты, ас беріп, құран оқытты.

Шет жердің дәмін татып, қиындықтың ауыртпалығын арқалаған алдағы үш ағайынның балалары зардап шегіп, немерелері шет жерде туып келген қандастар еді. Алдағы аталып кеткен, шет жерде өмірге келген Тұрғын, Ендіғой, Сұраған, Әлібек сияқты азаматтар әкелерінің аталарының көрген қасіретін бұл күндері айтып отырады. Біраз тарихи деректерді және шежірелерді солардан алдық.

Арал теңізіне айдалғандар әртүрлі ұлттардың өкілдері болған. Мәселен, мына екі орыс жанұяларының тағдырлары бір-біріне ұқсас. — Не үшін бізді Аралға апарды? — дейді Болдырева В.Ф. мен Алексеева З.И. деген екі орыс әйелдері.

Болдырева Валентина Фоминична тәркілеу кезіндегі жағдайды былайша суреттейді:

— Біз әке-шешеден алтау едік. Асып кеткен байлығымыз да жоқ, орта шаруа болатынбыз. Жерге егін егіп, картоп пен жеміс отырғызып күн көрдік. Мал өсірдік, көп емес, жалғыз бірер сиыр мен бірнеше қойымыз болды. Аталған жұмыстарды ешкімнің көмегінсіз жанұя мүшелері бірігіп атқардық. Егін ору, оны соғу, шөп шабу, сиыр сауу, бәрі де қолмен жүргізілді, себебі техника жоқ. Тіпті сүт салатын (қаймақ айыратын) машина да болмады. Ал, тұрағымыз

екі бөлмелі үй: конак және кіреберіс бөлмелер болатын. Онда әкешешеміз төсағашта, қалғандарымыз сәкіде жататынбыз. Үй жиһазында көзге іліп аларлық дүние де шамалы: стол мен сандық, ескі көрпе мен жастық қана. 1930 жылы бізді «Құлақ» – «байлар» деп мал-мүлкімізді тәркіледі. Одан соң әкем Болдырев Фома Владимирович пен шешем Болдырева Александра Назаровнаны алты баласымен қоса жер аударды.

Иә, бұл жанұя алғашында балаларымен бақытты өмір сүріп, адал еңбегімен, күнкөріс күйбелеңімен жүріп жатады. Олардың тұрағы Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Түрген селосы болатын. Отызыншы жылдардың дүрбелеңі Болдырев отбасын да шарпып, Арал теңізіне бір-ақ апарды. Жолшыбай атпен, товар вагонымен, жаяулап көп бейнет көріп, Қызыл-орда облысының Арал қаласына жетеді. Бас еріктері «конвойда», бақылауда болыпты. Жолға шығарда артық зат алғызбайды, төлқұжатқа да ұлықсат етпейді.

Арал теңізі жиегіне келгеннен кейін оларды қаладан шығарып, балшықтан жасалған жалғыз терезелі ескі жер үйлерге орналастырады. Бірыңғай, біркелкі, бір-бірінен айнымайтын сұқпатсыз жүдеу үйлер, ауласы тікенек сымдармен қоршалған. Қоршаудың төрт бұрышында төрт қарауылшы солдаттар мылтығымен, иттерімен күзетіп тұрады.

Тұрмыс жағдайды айтып жеткізу одан да қиын: әр үйдің ауасы жеткіліксіз, таза емес, халық тығыз орналасқан, жататын жер санитарлық талапқа сай емес, нанды кезекпен қаладан әкеліп тұрады (оның өзі өлшеумен беріледі), ішетін су бөшкемен әкелініп, ыдысқа өлшеп құйылады, монша да әрдайым бола бермейді, анда-санда қалаға апарды. Нәтижесінде көп адамдар ауру болып, көпшілігі қаза болады. Аман қалғандары тіршілік жасап балық аулайды, қамыс жинап, қысқа дайындалады. Жаз айларында Қу Арал, Барсакелмес, Қамыс Лабаш аралдарына барып, ауыр жұмыстарды атқарады. Қыста тоңып, үсіп өлген немесе мұз ойылып суға кеткен адамдар да аз болмаған.

Кейін лагерьде жаңа үйлер салынады. әр жанұяға бөлек бөлмелер бөлінеді. Бөлмелер керосин шамымен жарықтанған. Мектеп үйі салынып, балалар оқуға алынады. Ересектер сауатсыздықты жою класында оқиды. Соңғы кезде мылтықты күзетші қойылмайтын болады, қоршау сымы жойылады. Тек ересектер комендатураға барып мезгілімен белгіленіп отырған.

Осы азап сапарында бір ұлы – Леонид соғысқа аттанып, қаза табады, екі ұлы сүзек ауруынан қайтыс болады, қалған бір ұл мен

екі қыз аман-есен әке-шешесімен 1955 жылы елге оралады, яғни Алматыға жетеді. Міне, қарапайым орыс отбасының тағдыры осылай болды.

Алматының тұрғыны Алексеева Зоя Игнатьевна (1925 жылы туған) өзінің балалық шағын үлкен қынжылыспен еске алады. Отыншы дүрбелеңінде бұл отбасын да Аралға айдады. Малы, жері бар, ауқатты шаруа деп бәрін тәркілеп, жандарын жер аударады. Жанұяда алғашында жеті адам болыпты: бір ұл, екі қыз, олардың әкесі мен шешесі, атасы мен әжесі. Поездың вагондары тауар арта-тын немесе мал тасыйтын жабық қараңғы вагондар. Сөйтіп, осы вагондарда отырып, бірнеше күн, бірнеше түн азап көріп, Арал теңізіне жетеді. Алғаш Көкаралда, одан соң Аван түбегінде, соңында Арал қаласында тұрады.

Зоя Игнатьевна Аралға келгенде алты жасар қыз екен. Сым қоршау, әскери күзет, комендатура, бәрі де есінде қалыпты. Аштықтың, жоқтықтың, суықтықтың зардабын басқалармен бірдей көреді. Күніне жан басына берілетін 200 гр. нан (үлкендерге 300гр.) талшық етуге жетпейді, балық және оның сорпасы арқылы ғана жан сақтайды. Соғыс басталғаннан кейін ерлер әскерге алынады. Сол ауыр сапарда сіңлісі, шешесі, ата мен әжесі қайтыс болады. Содан қалғандары 1945 жылы елге оралады.

Дүрбелеңнің дүбіріне іліккендер не бай, не колхоз құрылысына қарсы, не Алаш партиясының жақтасы деп айыпталды. Әйтеуір, қандай жала болсын із атылды, із сотталды, із еріксіз жер аударылды. Осы бір зұлым саясаттың салдарынан Бүйрекбаевтар отбасы да ойсырата опық жеді. Жер аударылды. Әйтеуір жоғарыда аталған айыптың біреуі тағылды, мүмкін соңғысы – Алаш партиясының сыбайласы болар. Бүйрекбаевтардың ата қонысы облысымыздың бұрынғы Преснов ауданы (бүгінгі Жамбыл ауданы) № 1 ауыл – Тайкөт деген елді мекен болыпты, бүгінде оның аты да, орыны да жоқ. Ерлі-зайыпты Ақжан мен Рахила Бүйрекбаевтар, шиеттей бес баласымен (Сәлік, Сәркен, Бижамал, Ғабит, Сәбит), әлі қыстың ызғары басылмай тұрғанда, наурыз айының ішінде, өгізге жегілген шанамен Қызылжарға қарай жол тартты. Жалпы бұл отбасында жеті бала болған. Олардың ең үлкен баласы Баттал деген Петербургке барып, дәрігерлік институтта оқып жүргенде фани дүниеден өтеді, ал одан кейінгі Мәлік дегені елде қалады. Бір үйден қопарыла көшкен жеті жанның тағдыры қалай болды? Көшу-қону әрқашан оңай іс емес. Ал, еріксіз көшу, одан да қиын, барлы-жоқты дүниесін артта қалдырып, қара бастарымен сапарға шықты. Қызылжарға келген соң темір жол вокзалында кәдімгі жабық, мал неме-

се тауар тасыйтын вагондарға отырғызып алып кетеді, содан Арал қаласына бірақ жеткізеді. Поездан түскен, айдалған адамдарды ауласы темір сыммен қоршалған, бірнеше аласа, ұзын барактарға орналастырады. Қоршаулар бұрышында иттер мен солдаттардан күзет қойылған. Үйлердің ластануы, ауаның бұзылуы, тамақ пен киімнің жетіспеуі – бәрі де келген халықтың денсаулығын төмендетпей қойған жоқ, ақыры оларды ауруға шалдықтырады. өлім көбееді. Осы жолда Бүйрекбаевтардың Сәбит, Ғабит деген балалары кенеттен ауырып, қайтыс болады.

Көктем келіп, теңіз мұзы ерігеннен кейін кемелер қозғалысы басталады, бұларды Құланшы балық зауытына ауыстырады. Осы жерде бәрі де балық аулау, балық өңдеумен айналыса бастайды. 1934 жылы халықтың көпшілігі, әсіресе жұмысқа жарамдылары Қарақалпақстанның (Өзбекстан) Мойнак деген аудан орталығына көшіріледі. Дегенмен, жер ауып келгендер әлсін-әлсін комендатураның бақылауында болады.

Ақжан Бүйрекбайұлының балаларының тағдыры қалай болды? Мәлік пен Сәркен Ұлы Отан соғысына қатысты, бірақ Сәркен соғыстан оралмады. Ғабит, Сәбит деген балалары жолда қайтты дедік. Бижамал деген қызы Аралда Әбдіжәміл Нүрпейісовтің жақын туысы – Бекмурзин дегенге тұрмысқа шығады. Ақжанның өзі елде 1953 жылы қайтыс болады, ал оның жұбайы Рахила 1955 жылдары дүние салады. Олардың Сәлік деген баласы ұстаз, көп жылдар оқу орындарында еңбек еткен, 1936-1943 жылдар аралығында Аралда бір орталау мектептің директоры қызметін атқарады. Одан кейін әскерге алынып, соғысқа қатысады. Соғыстан кейін туған жерге оралып, өзінің педагогикалық жұмысын жалғастырады. Бұрынғы Соколов ауданының бірқатар мектептерінде директор болып қызмет атқарды. Содан зейнеткерлікке шығып, 1999 жылы өмірден өтті. Сәлік Ақжанұлының артында бес ұл-қыздары қалды. Гүлзира, Асқар, Амангелді, Уәлихан, Ғалихан. Олардың Гүлзира, Асқар, Амангелді дегендері Аралда туып келгендер. Бәрі де білімді, белгілі азаматтар болып шықты. Мәселен Асқар – заңгер, Ғалихан бүгінде аудан әкімінің орынбасары, Гүлзира – педагог, т.с.с.

Сәліктің Әбдіжәміл Нүрпейісовке жазған бір хаты қолымызға түсті. Хаттың мазмұны қысқаша мынадай: - Құрметті Әбдіжәміл, осы хатты жолдап отырған құдаңыз Сәлік, делінген хаттың басында. – Алланың жәрдемімен науқасымнан айықтым. Біз Қызылжардан 60 шақырым қашықтықта тұрамыз. Мұнда кіші баламызды сағалап келіп едік, шүкіршілік, бәрі де ойдағыдай болып шықты. Дегенмен, жас ұлғайған сайын ыңқыл-сынқыл көбейе түсері сөзсіз.

Ал, Сіздердің амандықтарыңызды теледидардан ғана естіп тұрамыз, басқа байланыс бізде жоқ қой. Әсіресе, Ұлы Абай жөніндегі теледидардан сөйлеген ұлағатты, тамаша сөзің бізде үлкен әсер қалдырды. Ал, Әбе – құда, абыройың да, дәрежең де бүкіл елге тарды, біз Сені мақтан етеміз! Өткенде бір сөзіңізден келіп қалармын сіздерге» деп едің, келмедің. Егер келіп қалсаң менің де төбем көкке көтерілер еді, сол арқылы менің кейбір шешілмей жүрген проблемаларым, мәселен пәтер жайы жергілікті жерде де шешіле салар еді ғой. Сенің бір ауыз сөзің үкімет басшыларына да өтері сөзсіз. Қартайғанда қаладан (Қызылжардан) кемпірім және бір немерем үшеумізге шағын, жайлы пәтер болса деймін. Дәрігерге көрінуге, тыныш өмір сүруге қолайлы болар еді.

Алда денің сау болсын, творчестволық табысың молая берсін, дәрежең шарықтай берсін демекпін, қымбатты құда!

Сәлеммен Сәлік. 3.08.1995ж.

Иә, Сәлік Ақжанұлы өзінің, туыстарының, әке мен шешесінің отызыншы жылдары заңсыз қудаланып, еріксіз жер аударылғандығы жөнінде көп ізденеді, көп шағымданады. Соғыстан кейінгі жылдары бұл отбасы ақталып елге оралады. Бірақ құқық қорғау орындарынан қайтсе де ақталды деген шешім бертінге дейін болмайды. Тек 1996 жылдың 15 қаңтарында Қазақстан Республикасы прокуратурасы мен Солтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасынан ақталды деген анықтама қағазы түседі.

Онда Бүйрекбаев Сәлік Ақжанұлы 1916 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданындағы № 1 ауылда (Тайкөт елді мекенінде) туған делінген. Осы жерде әке-шешесін және басқа туыстарын Қарақалпақ автономиялық республикасының Мойнақ ауданына еріксіз жер аударған. Қазақстан Республикасы заңының 3 –бабына сәйкес (14.04.1993ж.) бұл отбасының жер аударылуы заңсыз деп табылып, ақталған делінген.

Қол қойған 1 класты заңгер, бөлім аға прокуроры Л.С.Голицкая. Мұндай шешім алдымен Петропавл халық сотында қаралып (19.12.1995), Бүйрекбаевтар заңсыз қуғындалып, еріксіз жер аударылған деп табылады, сөйтіп, ақталып шығады. Иә, талай тағдырлар заңсыз жапа шекті ғой сол заманда.

«Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Өмір Ескалидың «Захар Андреевич» атанған Зағыпармен сұхбаты жайында. Зағыпар Байкуанышев аксақал араға ширек ғасыр салып, туған жерге оралуын пешенеге жазған тағдырдың ең үлкен сыйына санайды. Осы уақыт ішінде көрмеген теперіші қалмаса керек.

Зағыпар қария әңгімесін былай бастаған еді.

-Алдымен әкеміз 1930 жылы мал-мүлкі тәркіленіп, Қызылжар қаласы маңындағы Затон деген жерге қара жұмысқа айдалыпты, - деп бастады әңгімесін 84 жастағы қария өткен тарихтың жұрнағын барынша көз алдымызға елестетуге тырысып. - «Байдың тұқымы» деген жазықсыз жала жауып, бір ауыз сөздің құрбаны болып кете барған. Ақыры күйкке шыдай алмай сол жылы бар-жоғы 54 жасында көз жұмды. Зираты облыс орталығындағы демалыс саябағының ішінде, әлдеқашан жермен жексен болған. Баласы Нұрхан, елге белгілі Абылай қажы үшеуі қатар жатыр.

-Сосын зобалаң отбасымызға туды. Шешем Жәmilаны, бауырларым Баязит, Нұрмұқанды және тоғыз жастағы мені бір түнде тұтқындап, шалғай аудандардың біріне алып келді. Қу даллада тұрғызылған барактардың біріне әкеліп қамады. Ағам Оразбай іш жаққа кетіп қалып, қамаудан аман қалды. Мұнда қой құсап тоғытып жатқандары - өңкей ауқаттылар. Солардың бірі - Тәштиттің Хамзасын, оның балалары Меден мен Сайранды шешем жақсы танитын болып шықты. Меден осыдан он жылдай бұрын қайтыс болды. Керемет жақсы кісі еді. Жасынан аурушан болғанына қарамастан, осында бригадирлік қызмет атқарды. Тілмен айтып жеткісіз сол бір зұлмат кезеңнің тірі куәгері - мен ғана. Шешем 300-ге жуық отбасы қолдан жасалған зорлық-зомбылықтың, аштықтың құрбаны болды деп айтып отыратын. Оның шет жағасын өзім де көрдім. Тұрған жеріміз «Байқала» деп аталғанымен (сірә, өңкей ауқаттыларға қарап осылай аталып кетсе керек), аштықтың азабын әбден тарттық. Үкімет тарапынан тамақ берілмейді. «Өлмесең - өмірем қаптың» кебі. 10-15 күнде манайдағы ауылдарға қол жайып, қайыр сұратуға жібереді. Қашып кетпесін деген ойлары шығар, бала-шағаны алып қалып, үлкендер ел кезіп кетеді. Адамдар аштықтан бұрағылып, шыбын құсап қырылып жатты. Арам өлген малдың етін жеуге мәжбүр болдық.

Ауызекі тілде «Байқала» аталғанымен, белгілі өлкетанушы Дәстен Баймұқановтың айтуынша, мұндай уақытша қамау лагері Қызылжар өңірінде екеу болыпты. Бірі - Мағжан Жұмабаев ауданында, біз сөз етіп отырған Тимирязев ауданында орналасыпты. Бұл жерді әу баста Троицк, Шадрин, Екатеринбургке дейін мал айдап, ондаған дүкен ұстаған Көшке деген бай мекендепті. Оған қатысты құжаттарға көз жүгіртсек, Төңкеріс ауданының екінші ауылының еңбекшілері Тұрлығұлов Көшкенің ауылдағы кедейлерді қанап, еңбегін жегенін анықтап, мал-мүлкін тәркілеуге, өзін жер аударуға үкім шығарған.

Дәстеннің деректеріне сүйенсек, 1928 жылғы 27 тамызда ҚазКСР Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесі «Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы» қаулы қабылдайды. Бұл шешім бойынша көшпелі аудандарда 300-ден, қалған аудандарда 150-ден артық малы бар байлар тәркіленеді. Отбасымен қоса жер аударылуға тиіс болады. Отбасы мүшелерінің жасы, денсаулығы еш ескерілмейді. Тәркілеу шараларын жүзеге асыру мақсатымен ауылдарда 300-ге тарта комиссия құрылып, шаш ал десе бас алатын кику басталып кетеді. Жер-жерлерде уақытша шоғырландыру лагерьлері құрылады. Солардың бірі бұрынғы Түмен ауылының жұртында орналасқан.

-Орта дәулеттілер де байлардың санатына жатқызылып, мал-мүлкі тәркілеуге ұшырады, - деді әңгімесін жалғастырған Зағыпар ақсақал аз-кем тыныстап алып. – Осындай асыра сілтеу салдарынан «тәркіленушілерді» қайда сыйғызарын білмей тығырыққа тірелген өкімет жоғарыдағыдай лагерьлерді ұйымдастыруға кіріседі. Балшық пен шымнан қалап, барактар тұрғызады. Айналдыра тікен сыммен қоршап, күзет қояды. Лагерь бастығына Тастемір деген кісі тағайындалады. Мұндағылардың алды Қазақстанның өзге жерлеріне жер аударылып жатса, келушілерде де қисап болмады. Сибаннан Есенеидің тұқымы деп жала жабылған Жарылғап балашағасымен, Білекше, Біркен деген орта дәулеттілер де осында қамалды. Аштықтан жантәсілім еткен жандарды жеке жерлеуге рұқсат етілмеді. Үлкен орларға көмілді. Түнде арам өліп қалған жылқылардың етін балталап шауып әкеліп талғажау етті.

-Тар қапастан қалай аман құтылдығыңдар? Жер аударылып кетпеуге не себеп болды?

-Лагерьге ең жақыны – Жаркын деген ауыл. Онда нағашылары-мыз тұратын. Солар тамақ әкеліп, жүрек жалғап жүрдік. Бірде оларға қоңыр күзге қарай іш жакқа кеткен ағамыз Оразбай келіп, біздерді жасырын алып кетудің жолын ақылдасады. Еті тірі, пысық еді. Ебін тауып, лагерьден жасырын алып шығып, Түмен кайдасың деп тартып отырдық. Ондағы ағайын-туыстармен қауышып, 1938 жылға дейін Николаевка деген орыс селосында тұрдық. Кейін Омбы облысына табан тіредік. Сол жылдары ұжымшарда, өндіріс орындарында жұмыс істемейтіндер Сібірге жер аударылатын болды. Тағы да үдере көшіп, Казанька деген жерге келдік. «Бірлік», «Қызылту» ұжымшарларына топтастық.

Елге жакын қоныстанғандықтан, Қызылжар элеваторына астық таси бастадық. Сөйтіп, өз қолымыз өз аузымызға енді жетті-ау деген кезде басымызға тағы да қара бұлт үйірілді. Әлде-кімдердің

көрсетуімен 40-қа жуық ұжымшар мүшелерін түрмеге жапты. Араларында ұжымшар төрағасы Тырнап, бауырлары Ыдырыс, Имак, ағам Оразбай, Меден, тағы басқалары бар. «Қазынаның бидайын ұрлады» деген жала жабылды. Жасы сексенді алқымдап қалған Тәштиттің Хамзасына дейін тұтқындалды. Төрінен көрі жақын ол не білуші еді? Тоғыз адам ату жазасына кесілді. Қалғандарына он жылдан арқалатты. Мың болғыр еврей адвокаты кейін бәрін ақтап алды. Ағам түрмеде көз жұмды. Меден бес жылын өтеп келді.

-Бертінге дейін төлқұжатыңызда «Захар Андреевич» деп жазылып келіпті. Ол қандай мәжбүрліктен туды?

-Николаевка селосында тұрғанымызда шешеміз бір орыс әйелімен танысады. Ол помещиктің қызы екен. Кеңес өкіметінен көп зәбір көріпті. Сонымен аралас-құралас, абысын-ажын сияқты сырлас болыпты. Мені бауырына салып, баласындай әлпештесе керек. Бүкіл село мені Захар деп атайтын. Әкесінің аты Андрей екен. Төлқұжатқа «Захар Андреевич» деп жазылу тарихы осындай. Бәлкім, көлденең көздердің зәбір-жаласынан сақтай жүрсін деген шешемнің бір ойы болды ма екен, кім білсін? Елге 1958 жылы көшіп келіп, арада 38 жыл өткеннен кейін ғана аты-жөнімді қазақшаладым. Тәуелсіздіктің арқасы ғой – мұның бәрі.

Атамыздың немере інісі Омбыда оқу тауысқан екен. Білімдарлығына қарап, «молла аға» дейтінбіз. Өзіміздің тұқымнан шыққан Шәкей дейтін бір белсенді «Түреге тұрып дәрет сындыр», дейді. Молла ағамыз келіспейді. «Онда арест қылам», дейді. Сөйтіп, оны да «Байкалаға» айдатып жіберген. Сонда аштан өлді. Мұны айтып отырғаным, іштен шыққан жау жаман. Бір-бірімізді сыйласақ, ауызбірлікті болсақ, жат жанынан түңіледі. Бала жасымнан канша қуғын-сүргінге ұшырап, талай бейнетті көрсем де ата-баба қонысына ораламын деп ойлап па едім. Тағдыр оны маған жазды. Еліміздің ертеңі ертегідей болатынына сенемін. Бір уайымдайтын-ным, «Байкала» сияқты өткен күніміздің қаралы сәтін көзге елестететін тарихи орындар жайлы жас ұрпақ біле бермейді. Тым болмаса сол жерге ескерткіш белгі қойылса, аруақтарға деген үлкен құрмет болар еді. Киелі бәйтеректен басқа із қалмай барады-ау. Оның өзі бар ма екен?

Ғалым Қадірәліұлы

БАБАЛАРЫМНЫҢ КӨРГЕН ҚОРЛЫҚТАРЫ

Біздің ата тегіміз Атығайдан тарайды, осы кісіден екі атамыз өрбіген: Құдайберді, Бәйімбет. Құдайбердіден алты бала тараған, оның ішінде Ырсай атамыз, Медет атамыз, әкелеріміз негізінен “Медет” ауылынан деп атаушы еді. Біздің ауылымыз «Айғай-Терек» деп аталған. негізінен, менің ойымша, Медет атамыз осы ауылды бірінші қоныстанған екен, осы кезде ол ауылдың орны ғана қалған.

«Айғайтерек» ауылы Есіл өзенінің оң жағында орналасқан, негізінен биік терек ағаштары арасында қарағай-қайың араласқан жайылым жері бар. жанға жайлы, өте әдемі жер еді. Ауылымыздан 6-7 шақырым жерде «Еңбек» ауылы, одан соң «Александровка» колхозы орналасқан. Негізінен «Айғайтерек» ауылында Медет бабаларымның ұрпағы тұрған. Аталарымыз мал шаруашылығымен айналысқан, малдарын сақтау, өсіру үшін «Тораңғұл» көлінің жағасында баққан. Көктемнің басында малдарын «Тораңғұл» көліне айдап, күздің салқынында «Айғайтерек» ауылына қыстауға айдап әкелген.

Жылдардың жылында жайлауға көшіп келген кезде Медет бабамыздың балаларынан Сатыбалды және Майлы аталарымыздан екі ұл туады, бірінің атын Көшімбай, екіншісінің атын Көшкімбай қояды. Бұл аталарымыз өле-өлгенше егіз қозыдай тату-тәтті болып өседі. Әкенің айтуы бойынша екеуі бірге жүретін, егер біреуін бір кісі шақырмаса, екіншісі бармайды екен. Осыған орай әкелеріміз де, оның балалары да осы уақытқа дейін бірге ағайын-туыс болып келеміз.

Осылай жайлы, жақсы отырған елге 1928 жыл туды, оның ұранында «байларды» құртып, мал-мүлкін алып қойып, кісілерін тәркілеп, «Барсакелмеске жіберу». Наурыз айында байларды «Көк Аралға» жібереміз деген хабар келеді. Осы айда үкіметтің уәкілдері, «Еңбек» ауылының белсенділері әскери жасақтары бар байдың малдарын аламыз деп комиссия келіп, малдарын алып, адамдарын қалаға алып кетеді. Байлардың малдарын алып, «Еңбек» ауылы Бай Еңбек атағын алады. (облыста екі Еңбек бар).

Осы жағдайды күтпей Көшімбайдың үлкен баласы Зұлқарнай атамыз қалаға Петропавлға көшіп кетеді. Атамыздың екі баласы Абылқапар, Қожахмет, әжеміз, екі келіні, жас балалары Арал теңізіне дайындалады. Менің шешем Сақыпжамал қолы шебер адам еді, сондықтан да атамыздың қаптал шапанына жүз теңгелік (Ол

кезде үлкен ақша болатын) ақшаны жауырынына жапсырып, жіппен білінбейтіндей етіп тігіп, шапанды үстінен қалдырмайтын болады.

Екінші апамыз Қожахметтің әйелі Батима, ол кісі тамақ жағынан ұқыпты еді, сондықтан ертең алып кетеді деген күні, ас дайындап сүр ет, таба нан пісіріп дайындалады. Ертеңінде әскерлер мылтықтарын таянып, үйден кісілерді бір-бірінен шығарып, қалталарын, сумкаларын тексеріп, артық нәрселерін жібермейді. Кешегі апамыздың дайындаған тағамдары әскерлерге бұйырды, тек қана балалардың киімдері салынған түйіншектерін алуға рұқсат етіледі.

Сол көлікпен ешкімді таратпай вокзалдың абақтысына апарып жабады, кешкісін адамдарды тізіммен жабық вагонға тығады. Ұсақ балаларды Зұлкарнай атамыз алып қалайын деп сұраған екен, рұқсат етілмейді. Сонымен бір аптадай қараңғы вагонда күніне бір кружка су беріп отырып Арал теңізіне жетеді. Шешемнің айтуынша жері құмдас, шөп өспейді, суы ащы, желі сокса аузына, көзіне, құлағына топан қаптайды, негізгі көлік түйе. Теңіздің жағасында қалған барактар бар екен, сол барактарға келген «меймандарды» тығады. Көрпе, жастық жоқ, ыдыс-аяқтан қалайы кружка, негізінен өлсе-өлсін, сүйектерін жинап алар деген. Дегенмен «көрге» де үйренеді дегендей Абылкапар, Қожахмет балықшы болып, жұмыс істеп отбасын балықпен асырайды. Барактардың бөлмелері кең болғандықтан бір бөлмеге төрт-бес отбасы орналастырылады. Балықшы әкелеріміз жұмыстан келгенде ышқырларына тығып, “табан” балық әкеледі екен.

Бұл балықтар өте үлкен, қуыруға және «бесбармақ» жасауға да болады екен. Жұмысшылары жоқ отбасылар жан-жағына жаутаңдап, балалары тамақ сұрайды. Әжеміз Ғазиза балаларды көріп, балық таратады екен.

Енді Ғазиза әжемізден естіген мәліметке құлақ түрейік. Көшімбай атамыздың ағасы кенеттен қайтыс болады. Оның алдында қыз айттырып, қалың малын беріп қойған екен. Ағасы қайтқасын қызды Көшімбайға қосады.

Ол кезде әжеміз Ғазиза 18-ге келген қыз, атамыз Көшімбай 13 жаста екен. Той үстінде асық ойнап жүрген «күйеу» бала ұйықтап қалады, әжеміз көтеріп апарып төсегіне салады. Әжеміз керейдің қызы еді, өте салмақты, жігерлі адам болыпты. Бір жылдары Александровканың орыстары жерге таласып төбелес бастапты, осы шайқасқа әжеміз Ғазиза да атқа мініп, қолына шокпар ұстап жерін қорғауға қатысыпты.

Енді Аралға оралайық.

Аралдың өмірі әсіресе карттарға, бала-шағаға қолайсыз болғандықтан, елін аңсаған адамдарға бір әрекет жасауға мәжбүр екен. Аталарымыз ақылдасып, бақылаушы күзет болмағандықтан маңайдағы ауылдан үш түйе жалдап жолға дайындалады.

Осы кезде шешеміз босанып қыз бала туады, оның атын Сапария қояды. Атамыздың жауырынындағы тігілген ақша жолға жетеді деп, елге қарай дайындалады.

Өмірі түйеге мініп көрмеген, қолында сәби баласы бар шешемізді әрең дегенде түйеге отырғызады. Бірақ түйе артымен көтеріледі екен, оны білмеген шешеміз алдына барып қалады, қолындағы сәби түйенің мойнына қысылып талып қалады. Қайынысы Қожахмет кешке дейін қолына ұстап көтеріп жүріп, әлсін-әлсін құлағын кеудесіне тосып тындап, жеңгесіне апарып еміздіріп бәйек болады. Ақыры бала жолда қайтыс болады. Шешем Сақыпжамал 16 құрсак көтерген екен, содан Алланың аркасында бесеуіміз қалдық. Бәріміз де бір-бір шаңырақ иесіміз.

Жол жүру оңайға соққан жоқ, жаяулап-жалпылап, ол кезде поезд деген аз, билет алу да оңайға соққан жоқ. «Тескен тау» (Орал таулары) арқылы біраз жерді шарлап, елге бет алады. Дегенмен елге тура келмей Омбы облысындағы Масколенко стансасына тұрақтайды. Әкелеріміздің достары Ережеп деген адаммен көршілес болады. Бірақ Ережеп ол жерге көп тұрақтамайды. Қашып келіп жатқан байлар көп деп сенімсіздік білдіреді.

Сол кезде Сібірге темір жол тартады екен, сондықтан осы жолда жұмыс істеген, негізінен атпен рельс, құм, ұсақ тас, шпал тасыған, сол жолмен жүре беріп Новосибирск, Кемерово, Красноярск. Томск облыстарын аралаған.

Бұл кісілерді Зұлқарнай ағам басқарып, бір жерде жұмыс бітісімен келесі жерге барып келісім-шартқа отыратын болған. Тек темір жолда ғана емес, басқа да кездескен қолайлы жұмыстарды тиянақты атқарып отырған.

1941 жылы неміс басқыншылары тыныш отырған елге соғыс жариялағанда, басқалардың обалына қалмайық, не де болса елмен бірге болайық деп Зұлқарнай ағамыз бастап Қызылжар қаласына көшіп келдік. Қаланың ортасынан жакын жерде мешіті бар, казак мектебі бар, екі жағында базары бар жайлы жерден қоныс тептік. Бір көшенің бойынан екі інісіне, қарындасына, күйеу баласына үй тауып береді.

Құдайға шүкіршілік осы бабаларымыздың аркасында біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүріп жатырмыз.

Заманында қалтамызда қызыл билет болғанда да аталарымыздың іздерін ұмытқамыз жоқ, иманымыздан айрылған жоқпыз.

Аталарымыз ойлаған ойын іске асыра алмай кетті, қуғын-сүргінге ұшырады, елінен, жерінен айрылды. Қаншама аға-апаларымыз шет жақта атаусыз қалды, кейбіреуінің басында таңба да жоқ.

Осы Медет бабамыздың балалары жиналып, әруақытта дүниеден өткен аруақтарды еске алып, осыдан үш жыл бұрын (2003 жылы қудаланғандарына 75 жыл) «Айғай-терек» зиратына белгі тас қойдык. «Жаман-сопка» түрмесіне барып, 3-4 тонна қызыл тас әкеліп, 10 атамыздың аттарын жазып, «Қызылжар» мешітінің бас имамы Жакия қажыға құран бағыштаттық. Иман байлығын беріп, жатқан жерлері жәннаттан болып, қабірлері нұрға толсын. Аллаһ жар болсын!

Асқар Ысқақов. 2008 жыл.

«АЛДЫМДА АСҚАР ТАУ БОП СЕН ТҰРАСЫҢ!»

Әкем Мұстафа Исабай қажыұлының ата қонысы Жамбыл ауданының Үлгі ауылы. Ата-тегі жайлы төмендегі өлеңінде жазылған. Ол 1929 жылы қыркүйек айында Сталиннің байларды тап ретінде жою саясаты кезінде дүние мүлкі тәркіленіп, Арал теңізіндегі «Барсакелмес» аралының «Николай тауы» деп аталатын жеріне інісі Мұканай екеуі жер аударылыпты. Үш жыл ауыр қапаста өмір кешіп, бір баласын сол жақта жерлеп, 1932 жылы ақталған соң елге оралады. Елге оралғасын да ауылдың шолақ белсенділері «Жер ауып келгенсің» деп сенімсіздікпен қарап, елге сыйғызбайды. Оның үстіне әкеміз ескіше де, жаңаша да сауатты, шешен, ақын жанды, тура сөйлейтін адам еді. Ел ішінде үлкендер осы уақытқа дейін «Мұстафа былай деп еді» деген әңгімені айтып отырады. Әкемнің осы мінезі де ауылдағы кеңестік басшыларға ұнай бермесе керек. Ақыры жалғыз сиырын жегіп, бір түнде Ресей жеріне қашып кетуге мәжбүр болады. Бұл 1935 жыл еді. Осы кеткеннен елге 1954 жылы ғана оралды.

Әкемнің кіндігінен тараған жалғыз ер бала ертеректе қайтыс болып, кейін төрт қыз бала қалдык. Әдетте отбасындағы қыз баланың тәрбиесі анаға ғана тиесілі болса, біз әке тәрбиесін де көп көрдік. Анамыз шаруақор, таза, қак-сокта жұмысы жоқ, сөзге сараң, тұйық адам еді. Ер жеткесін байқап отырсақ, әкеміз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөліп, ұсақ-түйек демей әр істе ақыл айтып отырыпты-ау.

Осы уақытқа дейін кейбір күнделікті істерде, адамдармен қарым-қатынасымда “әкем осындай жағдайда қандай ақыл айтушы еді”, - деп ойланып қаламын.

Кезінде өз күшімен мешіт-медіресе салдырған әкеміз бізді адамгершілікпен қатар діни нанымға да тәрбиеледі. Кішкене күнімізден бастап фатиха, ықылас сүрелерін жатқа айтқызытын. Әкеміздің тәрбиесі ғой, Тараз қаласында тұратын, бір кезде аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болған Жібек деген сіңілім бес уақыт намазын тастаған емес. Әзірге қажылыққа баруға денсаулығы мүмкіндік бермей жүр. Өзім ата жолын қуып, 2006 жылы Меккеге барып, қажылық міндетімді атқардым.

Әкеміз сол кездегі “Родина – 49” деген радиоқабылдағыштан ел жаңалығын тыңдап, “Ленин туы” газетін өзі оқып, бізге үнемі оқытып отыратындықтан да болар, саяси сауаты да кем болған жоқ. Өлеңді табан аузында суырып салып шығаратын әкемізге: “Кеңестік құрылысты мақтап “Ленин туына” өлең жаз” - десек, адал малымды тартып алып, өзімді азапқа салған өкіметтеріңді қалай мақтаймын” дейтін еді. Қазір ойлап отырсақ көптеген мәселелерді әкеміз дұрыс пайымдайды екен ғой. Мысалы:

- Кеңес өкіметі бәрін теңестіреміз, - дейді, - бұл табиғаттың заңын өзгертіп, бес саусақты бірдей қыламыз дегенмен бірдей», - дейтін.

Дінге қарсы болуы, жекеменшікке қарсы болуы дұрыс емес. өкімет халықтың ортақ өгізден онаша бұзауды жақсы көретінін ескермей отыр дейтін. Кеңестік құрылысты ұнатпаса да бізге:

- Заманың түлкі болса, тазы болып қуу керек, - деп, ұстаған бағыттарыңа берік болыңдар деп отыратын. Заман ағымын дұрыс түсінген әкеміз материалдық жағдайының қиындығына қарамай, төртеуімізді де оқытты. «Әке көрген оқ жонар» дегендей, кешегі кеңес өкіметі кезінде халыққа азды-көпті қызмет атқарып, әке сенімін ақтағандай болды. Үлкеніміз Өрік көп жылдар Тараз қаласындағы педагогикалық институттың орыс тілі кафедрасында оқытушы болып, зейнеткерлікке шықты. Өзім Жамбыл аудандық партия комитетінде және соңғы 16 жыл осы ауданның әлеуметтік қамсыздандыру бөлімін басқардым. Сіңлім Жібек Жамбыл облысының Сарысу аудандық партия комитетінің хатшысы, Жамбыл облыстық кәсіподақтарының курс директоры болып қызмет атқарды. Ең кішіміз Кенже Қазақстан мәдениет министрлігінің бөлім бастығы болып жүргенде кенеттен қайтыс болды.

Аруағына тағзым ете отырып, жер ауып жүргенде шығарған өлеңін қысқартып жолдап отырмын.

*Қолыма қалам алып хат жазайын,
Бұл күнде ішім толған бәрі уайым.
Білген соң бір-екі сөз айта салдым,
Өзгеден сұрамаймын сөзім дайын.*

*Арғы атам аруақ қонған қара керей,
Көрген жан тояды екен ішпей-жесмей.
Кешегі жиырма тоғыз жыл болғанда,
Иттей қылып бізді айдады адам демей.*

*Бір атам одан бергі Еменалы,
Бақыт пен байлық болды елдің сәні.
Жерлерден ерегiскен бәйгені алып,
Қалатын дұшпандары кейін-налып.*

*Бір атам одан бергі аты Қантай,
Қайғымен күнім өтті жаздың алты ай.
Қонған бақ, біткен дәулет пәле болды,
Өзге сөз неге керек шыны осылай.*

*Бір атам одан бергі Атамбай-ды,
Атамбай жаман болса аталмайды.
Ішінде аз ғана ауыл серкесі едім,
Ойлап па ем көремін деп осындайды.*

*Өзімнің туған әкем қажы Исабай,
Би емес, болыс емес, дәулетті бай.
Үш отау үш жағына тігіп қойып,
Орнатқан бәріне де қара саба-ай.*

*Баласы сол қажының мен Мұстафа,
Көргем жоқ бұл дүниеден еш бір опа.
Басымнан бақыт-дәулет кеткеннен соң,
Кісіден жақын жүрген көрдім жапа.*

*Елден бұрын медіресе — мешіт салдым,
Қызығын көремін деп дүние малдың.
Өзімді жап-жалаңаш айдап кетті,
Өлімін көре алмадым қажы әкемнің.*

*Өлімін қажы-әкемнің көре алмадым,
Қолымнан садақасын бере алмадым.
Адамның көңілімен іс бітпейді,
Жазуы болады екен бір алланың.*

*Кісімің болып өткен заманында,
Дүниенің мына көрдім жаманын да.
Бұрынғы қара өлеңмен жеткізейін,
Жүгірді қағаз үстінде қаламым да.*

*Шіркін-ай, келер ме екен өткен күнім,
Басыма бақыт-дәулет қонған күнім.
Атпенен ту өгізді бірге парлап,
Егінді құба жонға еккен күнім.*

*Ала боп қолмен шашқан шығады деп,
Бидайды машинамен сепкен күнім.
Базарға салтанатпен барамын деп,
Екі атты тарантасқа жеккен күнім.*

*Шайға сүт ақ дариға таба алмадым,
Ақ майды аяғыммен тепкен күнім.
Тауына Николайдың қамап қойып,
Күн өткен қызғалдақтай шөккен күнім.*

*Шіркін-ай, келер ме екен оңған күнім,
Бәленше жақсы жігіт болған күнім.
Жағалай бие байлап, ақ үй тігіп,
Өртен гып Аяқкөлге қонған күнім.*

*Той қылып, ат шаптырған думан күнім,
Беліме күміс белбеу бұған күнім.
Қызықты көремін деп күзді күні,
Қасқырды көбік қарда құған күнім.*

*Медіресе-мешіт салып, мейман күтіп,
Төңірек төрт түлікке толған күнім.
Айында Рамазанның зекет беріп,
Таратқан қайыр-зекет қолдан күнім.*

*Тобығым бұлт-сырт етіп баса алмаймын,
Байлардың асауындай бұлан күнім.
Жазықсыз жап-жалаңаш айдап кетіп,
Кем болды кісі өлтірген құдан күнім.*

*Тауына Николайдың қамап қойып,
Отырмын балық тілеп судан күнім.
Ол күнде не қылмады малдың күші,
Бәрі де амал қанша құдай ісі.*

*Қымыздай қолға түссе жұтар едім,
Көк торсық жуып қойған жуындысын.
Осы күн қолға түссе ішер едім,
Астынан сеператор аққан суын.*

*Шөп шауып етіп жүрмін адал кәсіп,
Бір күнде дуылдадық жселдей есіп,
Бір тосын аққан суға болар деген,
Жастықта не қылмадық көңіл өсіп.*

*Өзіме тәңірім берген заманында,
Жақсымен достас болдым құдай десіп,
Бұл күнде «рабочий» болып жүрмін,
Жазғасын жалғыз алла амал нешік.*

*Мәшінге екі сиыр жектім парлап,
Мойнына тесік ағаш салдым жарма.
Базарға пар атпенен барушы едім,
Жазғасын, алла осылай, амал бар ма?*

*Белімде қатты қайыс құлақбаудан,
Қараңыз қалай қылды мына жалған.
Ойласам бас қаңғырап ауырады,
Домалап құлағандай биік таудан.*

*Ескі етік аяғымда шұлықтанған,
Бір кезде көпшік міндік бұлықтанған.
Дүние бізді алдап мұндай қылды,
Бұл шіркін енді кімге тұрақтанған.*

*Аяқта сандал-шәрке, кенеп байпақ,
Дүниенің болмайды екен артын байқап,
Баласы пәленшенің пәлен болып,
Біраз күн дәурен сүрдік ұрттап, шайқап.*

*Кигізден ескі құрап байпақ кидік.
Аллаға тәуба қылып нәпсі тыйдық,
Бұрынғы мақпал өнім таңдайтұғын.
Кенеппен сол байпақтың аузын жидық.*

*Бұл күнде таныс болдық кенеппенен,
Шөп-шалам, мал жемейтін кебекпенен.
Түйтәрі, кәртөп, бұршақ тамақ па еді,
Құдайым кез келтірді себеппенен.*

*Бұл күнде жаман -жақсы, жақсы – төмен,
Сары өзек мыржық терек болды емен.
Бұрынғы үлкендердің айтқаны кеп,
Қарағай басын шалып шортан жеген.*

*Мұнымен доғарайын осы сөзді,
Жақсылар осы кезде елден безді.
Суатып ой да, көл де боз боп кетті,
Алланың уақытында келген кезде.*

Мейіз Мұстафақызы

ЖАЗЫЛМАЙТЫН ЖАРА

Кеңес одағының тарихында казак еліне байланысты небір ақтаңдақтардың болғанын көкірегі ояу азаматтар айдан анық біледі ғой деп ойлаймын. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары «қызыл империяның» солақай саясатының кесірі, шашырап жатқан ұсак мекен-жайларды ұжымдастыру кезінде, бай-құлақ деп жазықсыз жандарды жер аударғанда кейбір ауылдан шыққан надан. көрсоқыр жандайшаптар ар-ұяттан жұрдай белсенділер тобын толықтырды.

Көгілдір экраннан (телеарнадан) және баска да акпарат құралдарынан көріп, естігеніміз бойынша Айтуар, Бостандық сияқты ауылдардан Арал теңізіне жер аударылып «Ауан», «Барсакелмес» аралдарының дәмін татқандар облыс тұрғындарына түгел дерлік мәлім емес деген ой, орала береді. Олай деуге, бізде де, осы кезге дейін сақталып келген, ұрпақтарынан көз жазып, айырылып қалған Қыдыр Жұмабайұлының мына бір өлең шумақтары нағыз куә.

Қазірі Есіл ауданының «Бірлік» және «Арманка деп» аталып кеткен атаң ауылынан Қыдыр Жұмабайұлының ұрпақтары (үлкен баласы мен келіні, немересі, бала-шағалары) “Бірлік” ауылынан Мауия Қыдыркызы мен жұбайы Ережеп, осы мақаланың авторы Қыдыр Жұмабайұлының жиені мен – Майшарап Ережепқызы, зар жылап жер ауып кете бардық. Газет оқырмандарына нағашым Қыдырдың өлеңін ұсынып отырмын. Бұл да өткен тарихтың бір куәсі емес пе.

*Артық туған құлыным,
Мінезің қыздан, сынығым,
Ұмытармын қайткенде
Қырмызы жібек қылығың.
Суымның алды тұнығым,
Дәуренім қайда бұрынғы,*

*Кім тоқтатар ажалдың,
Туралап салған құрығын.
Құлыным қалды Ауанда,
Алла ісіне дауам не.
Қалдың ба, сәулем, аралда,
Шыға алмастай қамалда.
Әуелде жазған тағдыры,
Кез болып мұндай заманға.
Еңбекпен тауып мал алды
Домбыра шертіп ән салды.
Жүрген жері күнде той,
Көрген адам таң қалды.
Жалғыздық кетті білінбей,
Жедел өсіп інімдей.
Күн-түн қуып дүниені,
Жүріп еді ерінбей.
Бала болып өскен өрімдей,
Кеткен жоқ жұртқа көрінбей.
Жігіт болып қызықты,
Самарқанның гүліндей.
Аз дәулетпен асқан жоқ,
Құрбысы озып басқан жоқ.
Ақшасы кем, ақыл көп,
Саудадан ешкім асқан жоқ.
Өлшеулі дәмі біткен соң,
Қайтармас ажал алғанын.
Кім тоқтатар алланың,
Әмір қылған дәрменін,
Кім болжар дүние өтерін,
Жайнаған жаздай кетерін.
Ғайыптың ісін кім білер,
Қай күні ажал келерін.
Бетіме қарсы келмедің,
Қадіріңді білмедім.
Жүректің басы жалынды от,
Ажалдан бұрын өлмедім.
Басына жастық қоя алмай,*

Қолыммен сусын бере алмай.
Есімнен менің кетер ме,
Арманда қалдым көре алмай.
Бұл күнде болды мұндай қал,
Еңбекпенен баққан мал.
Ақыры болды осындай,
Бақытқа келген бұл заман.
Опасыз дүние жалған-ай,
Талайға қайғы салғаны-ай.
Топырақ жазып қиырдан
Ауанда жалғыз қалғаны-ай.
Тоқтау бар ма ажалға,
Қарамас бедел ажарға.
Жүрекке қайғы толғаны-ай,
Суалып өкпем солғаны-ай.
Жолықтыра көр, құдайым,
Қиямет күнің болғанда.
Осылайша болды заман-ай,
Бұған шүкір қанағат.
Жетілер еді кетігім,
Қалғанын көрсем сәләмәт.
Алғашқы көрген қызығым,
Айналайың Ботайым.
Жолдасыңнан айрылып,
Түсті ме қайғы-уайым.
Жетімдік алла көндірген,
Құдіретің күшті, құдайым.
Әмірсейіт, Қожахмет,
Көрем бе деп бар үміт.
Сендерді ойлап, құлыным.
Жүректің басын алды дерт.
Балапаным, Мәруәр,
Әулиеден болсын жар.
Жатсам-тұрсам тілеймің,
Бір алладан қылып зар.
Уайым-қайғы қасіретпен,
Уақытсыз шықпай шыбын жан.

Айналайын, Бейсенбай,
Көп ауырып жаттың ба?
Қайтарыңда дүниеден,
Еліме деп сәлем айттың ба?
Ай-ай дүние опаң жоқ,
Рахатың аз панаң көп.
Ақылы бүтін кетті ме,
Айтты ма сәлем атам деп.
Айтты ма сәлем ауылым деп,
Ағайын туған, бауырым, деп.
Ойлаған шығар қарағым,
Түсті ғой шалға ауыр жүк.
Зейнолла жалғыз інім деп,
Бауыр үшін зарығып.
Сот болғанын естіртін,
Ішінде кетті қайғы боп.
Сақыпжамал, Сапия,
Нұржамал мен Қапия,
Бексейіт пен Қазбек,
Көре алмай қалды дүние.
Мәжен де өтті жылаумен,
Көзінің жасын былаумен.
Тілеп еді өлгенше,
Болмайды екен сұраумен.
Атаң байғұс жылап тұр,
Бір тәңірден сұрап тұр.
Жасым жетіп, әл кетіп,
Құрығын ажал бұрап тұр.
Көпке ұзап жүрем бе,
Келерін ажал білем бе.
Құлындарым, бақыт бол.
Көрмеймін бе, көрем бе.
Тәңірім сақтасын ұяттаң
Өткізіп алсаң зираттан,
Қожахмет, қарағым,
Тастай көрме аяттан.

Қыдыр Жұмабайұлы

ЕЛ АРДАҚТАҒАН АБЫЛАЙ

Қазақстан Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесінің 1928 жылғы тамыздың 27 – індегі «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» қаулысы ауқатты адамдарға ауыр соккы болып тигені тарихтан белгілі. Бұл қаулы НКВД-ның деректері бойынша қабылданғандықтан, өзінің мазмұны жағынан байларды ғана емес, сондай-ақ режимге ұнамсыз адамдардың бәрінің көзін құртуға мүмкіндік беретін үстірт, дәйексіз құжат болып шыққан. Осы қаулы бойынша казак байларымен қатар елдің игі жаксыларын да, алаш зиялыларының көрнекті қайраткерлерін де көптеп түрмеге қамауға, жер аударуға баса мән берілді. Міне, осындай қуғын-сүргінге ұшыраған еліміздің зиялы азаматтарының бірі Абылай хажы Рамазанов еді.

Көп жыл бой оның аты аталмады. Тек өзінің ұрпақтары ғана естеріне алып жүрді. Ал кейінгі жастар оның кім екенін, қандай адам болғанын білмеді.

Ал енді сол Абылай кім және қандай адам еді?

Абылай Көшебе Керейдің Жоламан бұтағынан шыққан Қалжан батырдың немересі әйгілі Майлы бидің ұрпағы. Майлы бидің Рамазан, Имақ, Жамақ деген үш ұлы болыпты. Бұл үшеуі де ауқатты және халқына адал қызмет еткен әділ билер болған. Жамақтан Абылай мен Мұхаметжан туған. Абылайды жас нәресте шағынан Рамазан өз бауырына салып, тәрбиелеп өсірген. Сондықтан Абылай Рамазанов болып аталған.

Абылай 1871 жылғы жазда Майлының Қаратомар жайлауында (осы күнгі Семиполка селосының маңында) дүниеге келіпті. Ол жасынан өте пысық, өткір, өжет болып өсіпті. Алдымен ауыл молдасынан оқып сауатын ашып, кейін Ахмет Жантелинмен бірге Троицк медресесінде оқыған. Өзінің балдызы Әбу Жүсіповтың айтуына карағанда Абылай Стамбулда, Қазанда оқыған көрінеді. Қалай болғанда да ол казакша да, орысша да сауатты, әрі сол кездегі өкімет заңдарын жетік білген зиялы адам болған. Сондықтан да сол кезде жиі болып тұратын дау-дамайларда сөйлеген сөздерінің дәлелдігімен, тауып айтатын шешендігімен көзге түскен. Көп дауларда ол орыстың бай купецтерін заңға сүйенген дәлелді сөздерімен жеңіп отырыпты.

Абылай Алаштың зиялы азаматтары Міржакып Дулатовпен, Ахмет Жантелинмен, Жұмағали Тілеулинмен, Мағжан Жұмабаевпен жакын қарым-қатынаста болып, Алаш партиясының бағдарла-

масымен танысып, казак елінің патша отаршылығынан құтылып өз алдына автономия алуын қолдап, өзінің халқына деген жанашырлығын білдірген. Өйткені ол халықтың мұң-мұқтажын жақсы білген, жасында көп елдерді аралап, жер көріп, әртүрлі халықтардың тұрмыс жағдайымен, әдет-ғұрпымен танысқан. Ол өз халқына алдыңғы қатарлы елдердей тұрмыс құрып, мәдениетті болуын тілеген. Сол үшін өзі де күрескен, жастарды оқу-білімге шақырып, қолынан келгенше көмектесіп, жағдай жасап отырған.

Ол өзінің атасы Майлы бидің қыстауы Қарашок деген ағаштың қойнауына 12 бөлмелі үлкен ағаш үй салдырып, отбасымен сонда тұрған. Үй-іші, ауласы тап-тұйнақтай таза болған. Мал қораларын, астық сақтайтын қоймаларын, ақ моншасын тұрған үлкен үйінен бөлек алыстау жерге салған. Мініс аттарының қорасы бөлек жасалған. Ол егіншілікпен де айналысқан. Егінжайы қазіргі Семиполка селосы мен Жалтыр ауылының арасындағы Қарасиыр деген аймақта болыпты. Оның егіні әрқашанда шығымды болып, мол өнім алып отырыпты. Сол кезде ішкі Ресейден орыстар көптеп келіп қоныстана бастағанда жерге талас күшейген. Сондай таластарда орыс тілін жақсы білген және заңға жетік Абылай орыстарға дес бермей, көрші казактардың да жерін қорғап қалып отырған.

Абылай жас кезінде ислам дінінің орталығы қасиетті Меккеге 14 рет барған деген сөз бар. Оның тоғызында ол ақшасы мол бай кісілерді бастап апарып, жол қаражатын соларға төлеткен. Бесеуінде өз қаржысымен барыпты. Ол Меккеге барар жолда бүкіл Еуропа елдерін аралап, олардың тұрмыс-жағдайымен, мәдениетімен танысқан. Сонымен қатар Стамбул, Каир, Александрия қалаларын да көп аралаған. Сол қалаларда оқып жүрген казак студенттеріне көмектескен. Көкірегі ояу зиялы азамат Абылай талабы бар жастардың оқып, білім алуына көп көңіл бөледі. Ол өз үйінің бір үлкен бөлмесінде мектеп ашып, өз ауылының және көрші ауылдардың талантты жастарын орыс тілінде оқытады. Оларды оқытуға Солтүстік Қазақстанда айдауда жүрген Петербург медициналық институтының түлегі, жас дәрігер Глеб Иванович Боярскийді шақырады. Оны өзінің үйіне орналастырып, барлық шығынын өзі көтереді. Осы мектепте оқып аз да болса білім алып, орыс тілінде сауатын ашқандар: Есім Досболов, Қажым Смағұлов, Баймұрат Жакыпов, Қази Қосшығұлов, Есім Байғаскин, Алыпқаш Сүлейменов, Шәкір Баймаканов, Хамза Ыбыраев, Байнұралы Жакыпов, Шұғайып Бәшіров, т.б. Бұлардың көпшілігі кейін оқуларын басқа жерлерде жалғастырып, бірсыпырасы әртүрлі ірі қызметтерде болған. Осылардың ішінен ең ірі қызметте жүрген кездерінде Қажым Смағұлов, Есім Байғас-

кин, Шәкір Баймақанов. т.б. 1937-1938 ж.ж. қуғын-сүргін кезінде «халық жауы» деген желеумен жазықсыз атылып кетті. Абылай Сәбит Мұқановты, Баймұрат Жақыповты Омбыдағы Мағжан Жұмабаев басқарған мұғалімдер даярлайтын курста оқуға жіберіп, қаржылай көмектесіп тұрыпты. Сол курсты ашуға Ахмет Жантелин екеуінің ықпалы болса керек. Мағжанды курстың директоры етіп қойғызған да осы екі азамат деген сөз бар халық арасында.

Абылай бірнеше рет Меккеге барып хажы атанса да басына сәлде орап молда болмаған. Намаз оқымаған. Киімді еуропаша киген. Абылайдың туған інісі Мұхаметжанның баласы қазір сексеннен асқан Қармаш ақсақалдың айтуынша, Абылай ұзын бойлы. дене бітімі сымбатты, сәнді киінген. Үстінде ақ көйлек, мойнында қара бантик (бабочка) болған. Көйлектің сыртында қара костюм-шалбар, оның сыртында сәнді қара пальто, аяғында хром етік, басында қара шляпа, қолында сәнді жеңіл таяқ (тросточка). Бәрі жарасып тұр. Осыған қарап кейбіреулер оны «тік аяқ қажы», «орыс қажы» деп те атапты. Бірақ ол мұсылмандық шариғат жолын да жақсы білген. Айт күндері, наурыз мерекесі кезінде мешітке барып жүрген. Тиісті садақаларын мезгілінде беріп отырған. Ол әсіресе жетім-жесірлерге, қаріп-қасерлерге көмегін аямаған.

Ол өзінің жұмысшыларына, көрші-қоландарына әрқашан көңіл бөліп, олардың тұрмысының жақсы болуын қадағалап, қажетті жағдайларда көмектесіп отырған. Мысалы, Сәмерке Тәшен Ыбырайымұлы көп жыл Абылайдың жылқысын баққан екен. Абылай оған Сақан деген бойжеткен қызды әперіп, жеке үй етіп шығарыпты. Олар балалы-шағалы болып, Елубай, Мыңжасар, Қосақай деген ұлдары өсіп-өніпті, Қызылжар уезіндегі Еменалы болысына қарасты Қантай Керейде Күсеміс Мыңбайұлы деген әнші, домбырашы, сері жігітке мал ұрлады деген жалған жала жабылып, оны итжеккенге айдатпақшы болған адамдарға тойтарыс беріп, жігітті ақтап алып қалыпты. Нұралы Керей Азнабай деген кісіден Қорған қаласының Соколов деген саудагері, 1 мың теңгенің малын алып, ақшасын бермей қойыпты. Мұны естіген Абылай Соколовты сотқа беріп, сотта Соколовты да, оның адвокатын да дәлелді сөздерімен жеңіп, Азнабайдың ақшасын қайтарыпты. Айта берсе, Абылайдың ел адамдарына, әсіресе жетімдер мен қаріп-қасерлерге жасаған жақсылығы, қайырымдылығы, көмегі көп болған.

Абылай аса ірі бай болмаған. Көбінесе өзінің еңбегімен (егін еккен, мал өсірген, сауда жасаған) жақсы тұрмыс құрған. Бірақ ел ішінде оны көре алмаушылар және оның тізесі батқан ұры-қарылар оны бай деп жоғары жакқа арыз жазған. Соның өзінде 1928 жы-

лғы 23 наурыз күні болған Төңкеріс болысының № 4 ауылының (Абылай ауылы) косшы одағының Теңдік, Бірлік, Орташа бөлімшелерінің біріккен жалпы жиналысында бірсыпыра адам Абылайды ақтап сөйлеген. Бірақ жоғары орындар онымен санаспаған. 1928 жылғы 22 қыркүйекте Петропавл округтік атқару комитеті Абылайдың мал-мүлкін тәркілеп, өзін отбасымен жер аударуға қаулы қабылдаған. Сол жылы қазан айының ортасында бұларды Ақтөбеге жер аударады. Онда да бұлар өз еңбектерімен күн көріп жатады. Бірақ Абылайды Ақтөбеде де тыныш отырғызбайды. 1929 жылдың ақпан айында оны этаппен Петропавлға қайта алдырып, түрмеге қамайды. Содан кейін ОГПУ коллегиясының ерекше кеңесі өзінің қаулысымен 1929 жылғы 11 наурыздан бастап 3 жылға Сібірге жер аударады. Абылай Омбы облысының Иконников ауданындағы Калачинск стансасына орналастырылады. 1930 жылдың басында оның отбасы Ақтөбеден Қорған облысының Макушино қаласына келіп орнығады. 1931 жылдың наурыз айында Абылай айдаудан босап, туыстарына келіп қосылады. Бірақ ол бостандықта көп жүре алмады. Сол жылғы мамыр айында жалған жаламен оны Петропавл қаласындағы әйгілі ақ түрмеге қамайды. Бірнеше жыл қуғын-сүргіндегі азаптар сау қойсын ба, түрмеде ол қатты ауырып, ауруханаға түседі. Сол жылғы қыркүйек айының аяғында сонда қайтыс болады. Сүйегі осы күнгі қалалық саябақтың сыртындағы бұрынғы мұсылман зиратына жерленеді.

Арал теңізінің Көкаралында айдауда жүрген балдызы Әбу Жүсіпұлы жездесінің өлімін естігенде «Асыл жездем» деген өлең шығарыпты. Соңынан 1956 жылы ақталып елге келгенде, ол осы өлеңін және Абылайдың 1913 жылғы фотосуретін оның туыстарына тапсырыпты. Міне, мынау сол сурет.

1993 жылғы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қол қойған «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданды. Міне, осы заңға сүйеніп Солтүстік-Қазақстан облыстық прокуратурасы 1929 жылғы қыркүйекте ОГПУ коллегиясының жанындағы ерекше кеңестің шешімімен РСФСР-дың Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-10 баптарымен сотталған Рамазанов Абылайды ақтап шығарды.

Сөйтіп, осы өңірдің зиялы азаматтарының бірі Абылай қажы Рамазанов толық ақталды. Енді оның ұрпақтары қорықпай-үрікпей осындай аталарымен мақтануларына болады.

Кеңес дәуірінде 1921-1923 жылдарғы аштықтан 700 мыңнан астам қазақ қырылса, 1932-1933 жылдардағы геноцидте 1 млн. 750 мың адам ашаршылықтың құрбаны болды. Бұл сол кездегі қазақ

халқының 43 пайызы еді. Осы нәубеттің кесірінен 1897 жылғы санақта түркі халықтарының ішінде бірінші орында тұрған казактар (4,1 млн.) кейінгі санақтарда құлдырап, 6-7 орындарға бір-ақ түсті.

Қолдан жасалған сол «қызыл қырғынға» жетпіс жылдан асып барады. Ешбір кінәсі жоқ қандастарымыздың қасіретті де қайғылы тағдырын енді қайтып халқымыздың басына бермесін. Жазықсыз құрбан болғандардың рухы алдында біз бүгін басымызды иіп, тағзым етеміз.

*Қайролла Мұқанов,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*

ӘБУ ЖҮСІПҰЛЫ

Әбу Жүсіпов өзінің терең біліміне, асқан адамгершілігіне орай ел ішінде аса беделді болған. 1921 жылы Акмола губерниясы, Қызылжар уезіндегі Торанғұл және Жамантұз болыстарының біріккен сайлауында болыстық атқару комитетінің төрағасы етіп халық Әбуді сайлайды. Кейін әкімшілік-аумақтық өзгерістің нәтижесінде екі болыс Керей мен екі болыс Атығай- төрт болыс-ел біріктіріліп Қызыләскер ауданы құрылады. Оның орталығы жаңа салынған қала типті «Өрнек» кенті болады (қазір ол кент жоқ). Осы төрт болыс елді басқаратын аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы болып тағы да Әбу Жүсіпов сайланады.

Әбу Жүсіпұлы ағарту саласында да көп еңбек сіңіреді. Облыс жұртшылығына белгілі марқұм Қабдөш Айсін имамның айтуынша, 1898 жылдар шамасында Жамантұз болысына қарайтын Көктерек (қазіргі Аралағаш) деген жерде сол кезде болыстық қызмет атқарған Қанкожаның Есқағы балаларды оқыту мақсатымен мектеп салдырыпты. Бұған ел адамдары, әсіресе, шала молдалар балаларымызды шоқындырып жібереді деп, қарсы шығыпты. Ақырында сол мектеп үйі Қызылжарға көшіріліп, патша офицерлерін даярлайтын мектепке айналдырылыпты. Жуан бөренелерден киылып орнатылған бұл үй Жамантұз болысының Аккиік, Қойлы-атығай адамдарының мал-мүлкіне салынып еді деп, губерниялық атқару комитетіне іздеу салып, Әбу ақыры, оны жаңа ашылған Қызыләскер ауданының орталығы Өрнекке көшіріп әкелгізеді. Осы істің соңына іздеушілердің бірі болып Қабдөш Айсін да қатысқан екен.

- Әбу мінезі байсалды, сөзге сараң, киянат істегендерге қаһарлы еді. Топ ішінде өзін сабырлы ұстап, орынды жерінде ғана сөйлейтін.

Ал сөйлеп кетсе, ылғи рухани мағыналы сөздер айтып, адамгершілігі бар адамдарды өте бағалайтын еді, - деген болатын Қабдәлі ақсақал.

Міне, осындай абзал азамат 1929 жылы қуғынға ұшырап, бауырының қатарында тәркілеуге ілігіп, Арал теңізі жакка же аударылады. Оның бай тұқымынан екені рас, бірақ өзі жеке ма ұстамаған, дүние-мүлік жинамаған. Бар кінәсі «Алаш» партиясының мүшесі болғаны, туған халқының тұрмысы мен мәдениеті көтеруге тырысып, адал еңбек еткені.

Әбу Жүсіпұлы айдалып барған Қарақалпақстандағы Мойна деген жерде орта мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ бері тұрған. Ол тек 1956 жылы ғана ақталып, туған еліне қайтып келеді. Бірақ, 27 жыл бойы аңсап келгенде ел-жұрты оны іш тарта қоймады, тіпті ет жақын ағайындары да жылы кабақ танытып, маңайларына жақындатпады. Мұндайды көргеннен кейін, Әбу іштей камығып, Оңтүстік-Қазақстандағы Шәуілдір деген қалаға көшіп барып, өзінің інісі Біләлдән туған, кішкентайынан бауырына салған Асфандияр есімді баласының қолында тұрады. Сол жерде ол біртала шығармалар жазған, әттең, олары жарық көрмей қалған. Ақыр асыл азамат сол жерде 1967 жылы 80-нен аса бере дүние салған.

Жоғарыда айтқанымыздай, Әбу Жүсіпов жездесі Рамазан Абылайды туған ағасындай жақсы көріп, сыйласып өткен. Абылай 1931 жылы қуғын-сүргіннің салдарынан қайтыс болған кезде Әб Қарақалпақстанда айдауда жүрген. Жездесінің 1913 жылы Стамбул қаласында түскен фотосуретін жоғалтпай сақтап, 1956 жыл ақталып елге келгенде «Асыл жездем» деген өлеңімен, фотосуреті Абылайдың туған ұлы Үкітайға тапсырыпты. Жездесіне деген сыйластығы мен сағынышын білдіретін сол өлең мынау:

АСЫЛ ЖЕЗДЕМ

*Аяуды, бағаң қымбат, асыл жездем,
Іркілер есіме алсам жасым көзден.
Секілді күні кеше арамызда,
Жүргенің күліп-ойнап сенің бізбен.*

*Толықсып сол бір тұрған кезің еді,
Қызықты балдай тәтті сөзің еді.
Гүл едің мәжілістерде бас қосқанда,
Ақ жарқын, ала ботен жүзің еді.*

Әзілің бірде қалжың, бірде шын-ды,
Көрсеткен жақсы-жаман бойда мінді.
Колтең-жалтақ сөйлеуден аулақ едің,
Лебізің шықса аузыңнан болған құнды.

Кезінде ауыр шайқас, қиын заман
Көп соғысқан қалмақпен тіреп табан.
Сондағы ерліктері халқына ұнап,
Абылайға уәзір болған Майлы бабаң.

Сол ердің сен төртінші ұрпағы едің
Ұлықтан артық болған ақыл-санаң.
Жер үшін жауларменен дауласқанда,
Жыртылып көрген емес жаудан жағаң.

Өзгеше жұрттан бөлек болды қалпың,
Әдетің, жүріс-тұрыс, дәстүр-салтың.
Қараттың ауызыңа әділдікпен,
Атығай, Керей, Уақ түгел халқын.

Жасыңнан даулы іске болдың мықты,
Жиында ел сені тыңдап, сөзіңді ұқты.
Қазақ, татар, естекке мәлім болып,
«Жұлдызды Абылай» деп атың шықты.

Сегіз сері батырдай өнерлі едің,
Ақылға Киікбайдай кемелді едің.
Алашқа есімің мәшһүр данышпаным,
Әр жұртқа ерлігіңмен беделді едің.

Бар еді зор беделің Қарауылға,
Көріндің хан сияқты әр ауылға.
Адалдық, жомарттықпен сыйлы болдың,
Қызылжар, Омбы, Көкше, бар қауымға.

*Сізде еді жігер, қайрат, таудай талап,
Абырой, бақ берді сазан құдай қалап.
Қай жаққа барсаңдағы құрметтеді ел,
Қазақтың көсеміне Сізді балап.*

*Көріңді мұсылманға иман жүзді,
Естек, татар бәрі де сыйлап Сізді.
Жол көрсетіп оқуға жетеледің,
Қатардан қалмасын деп мына бізді.*

*Жақсының бәрі Сізді жүрді жанап,
Мұсылманға жанашыр ер деп санап.
Жасыңда саяхаттап араладың,
Жерлерін поляк, неміс, түрік, араб.*

*Бес рет сапар шектің Арабстан,
Шыққан көп ол сапарға әрбір тұстан.
Мыңдаған тауап қылса барған жандар,
Мүбәрак орындарда басын қосқан.*

*Солардың қатарында болдың бірге,
Жайларды қасиетті көрдің бірге.
Ғарафа, Мина, Қазба, Мырзаланы,
Зиярат қып оларға да бардың бірге.*

*Мәдина пайғамбардың жатқан жері,
Сол сапар зияратында болды бәрі.
Түріктің астанасы Стамбулда,
Бірнеше күн болдың да кеттің әрі.*

*Жібердің сонда түскен суретіңді,
Қарағам тамашалап келбетіңді.
Сақтадым 42 жыл ұдайы мен,
Өзімде содан бері жүретін-ді.*

*Жасыңда заң оқуын тамамдадың,
Қазан мен Стамбұлдан білім алдың.
Шыншылдық, ержүректік қасиетіңмен,
Талайын содырлардың жөнге салдың.*

*Орыстың шаһарларын араладың,
Таныстың тарихымен даналардың.
Кездесіп чиновниктің нешеуімен,
Өзіңнен аса алмасын шамаладың.*

*Білемін мәңгі жоқсың енді бізге,
Арнаған қабыл болсын дұғам Сізге.
Жүргенде қиыр жайлап әртарапта,
Дариға, қазақ жетті жеке дүзде.*

*Қалыпсың туған қалаң Қызылжарда,
Халқыңның қадір білген ортасында.
Жүзіңді солған соңғы көргенде елің,
Мұңайып қалған шығар расында.*

*Арманым: соңғы кезде көре алмадым,
Серік боп қатар бірге жүре алмадым.
Қайтарда бақылдасып өзіңменен,
Сөйлесіп тілдесуге келе алмадым.*

*Арманда жалғыз ғана мен емеспін,
Бұл күнде, алтын жездем, тірі емессің.
Өтсең де сан айтылып жүрсің елде,
Ішінде еске алынып сан кеңестің.*

*Арманды бұл дүниеде жалғыз мен бе,
Табылар мен сияқты талай пенде.
Отырып оңашада шер тарқатқан,
Солардың қатарында жүрмін мен де.*

*Бола көр бақыл разы, асылзадам,
Кеше гөр ренжіткен болса жазам.
Жас жетіп көр аузында тұрғандаймыз,
Мысалы, құлағандай бассақ қадам.*

*Мендағы көр алдында тұрғандаймын,
Басымды о дүниеге бұрғандаймын.
Қарасам суретіңе, асыл жездем,
Өзіңмен бірге кеңес құрғандаймын.*

*Ажал көп, өліп кетсем зая кетер,
Жоғалып бұл суретің текке бекер.
42 жыл сақтаған суретіңді,
Қайтарам ұрпағыңа, енді жетер...*

Міне, осындай зиялы азаматтар қуғын-сүргінге ұшырамай, ел ішінде еркін жүрсе, халықтың рухани дамуына қаншама пайда келтірер еді! Әттең, олар өз білімдерін толық пайдалана алмай қуғын-сүргіннің құрбаны болып кетті ғой. Оларды еске алу бізге парыз.

*Қайролла Мұқанов,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*



ГОДЫ ГОЛОДА И КОНФИСКАЦИИ

КОНФИСКАЦИЯ ИМУЩЕСТВА И ВЫСЕЛЕНИЕ БАЕВ В ПЕТРОПАВЛОВСКОМ ОКРУГЕ (1928 г.)

На основании Постановления ЦИК и Совнаркома КазАССР «О конфискации байских хозяйств» от 27 августа 1928 г. и инструкции по его применению, утвержденной Совнаркомом, в срок до 1 ноября того же года была проведена массовая кампания выселения. «Крупных скотоводов из коренного населения, которые, сохраняя полуфеодалные, патриархальные и родовые отношения, своим имущественным и общественным влиянием препятствуют советизации аула». (Собрание законов КазАССР 1920-1936 г. 1969, с. 247).

Выселению подлежали баи, имевшие в переводе на крупный скот свыше 400 голов - в кочевых районах, 300 голов - в полукочевых или меньшее количество, но признанные местной властью социально опасными элементами. Независимо от имущественного положения подлежали выселению потомки ханов и султанов, бывшие несменяемые волостные управители. Скот, кроме определенной нормы, необходимой для ведения трудового хозяйства в местах поселения, а также сельхозинвентарь, жилые помещения с подворными постройками, сады, клеверники, драгоценные ковры, слитки золота и серебра и ряд других предметов подлежали конфискации, передаче беднейшим хозяйствам, колхозам, зем. органам, райисполкомам - по усмотрению комиссий. Выселяемые лишались избирательных прав. Всего по республике было намечено подвергнуть конфискации 700 байских полуфеодалных хозяйств.

Конфискация проводилась как единовременное мероприятие с целью «в кратчайший срок парализовать влияние полуфеодалной байской верхушки аула путем применения мер прямого революционного воздействия (конфискация, выселение)» (из директивы Петропавловского окружкома ВКП (б)). Подготовительная работа началась в августе, а распределение конфискованного скота и имущества уже велось в начале октября 1928 г. Около 60 тыс. чел. населения Петропавловского округа участвовало в собраниях, митингах, проводившихся уполномоченными, где шло обсуждение документов, принимались решения о конфискации. Выполнялась директива о привлечении всей массы населения, особенно бедноты и батрачества «как основной политической фигуры аула», к осуществлению мер по ликвидации влияния байства. В итоге по округу было выявлено 34 хозяйства крупных баев-полуфеодалов.

У них конфисковано 9,3 тыс. голов всех видов скота, а также недвижимое имущество (37 юрт, 38 сараев, 33 конюшни, 30 сенокосилок, 31 соха, 14 саней, 10 кошевок, 79 ковров и т.д.).

Среди тех, чье имущество было подвергнуто конфискации, был Джумабаев Ахметжан Нурмухамедович - сродный брат выдающегося казахского поэта Магжана Жумабаева, имевший 200 голов лошадей, 70 - КРС, 100 - баранов и коз, сложные сельхозмашины, деревянный дом, летние юрты, содержавший трех батраков. Как отмечалось в его характеристике, он был «отъявленный группировщик, неоднократно занимал выборные должности, пользовался большим влиянием и авторитетом».

Сол кездегі Бейнеткор ауданы, Исаев атындағы кеңшардың «Екітіс» деген ауылында тұрып жатқан, 1869 жылы туған, 68 жастағы ақсақалды алып әкетуге келген НКВД мәшинесінің қорабында кәнігі баскесерлер секілді қолдары арттарына қайырылып байланған, пайғамбар жасынан асқан, басқа да алты молданы қатар-қатар, етбетінен жатқызып қойған екен... Сол кездегі тасырлық пен надандықтың шегі болмаған ғой, әйтпесе елді иманға үйіріп жүрген құрметті ақсақалдарды сонша қорламай, жай отырғызса да қашып кетпес еді...

Рысбай қажының өзі бес ағайынды екен. Ежелден малды-жанды болған тұқымға ұқсайды, ағасы Қаржастың есімі 1910 жылы Петербургте шыққан «Киргизское хозяйство Акмолинской области» деген анықтамалық кітапта Полуден болысындағы үлкен бай ретінде тіркеліпті. 1937 жылға дейін 2 рет тәркіленген екен. Ресей жеріне ауып барып, Омбының Назыбай ауданында да тұрады. Бірақ туған жерін сағынып, қайтадан елге келген беті де сол екен...

Рысбай қажының елге соншалықты сыйлы болғанының бір себебі, ол оқығаны көп кісі екен. Қызылжардағы ерте оқыған ежелгі казак зиялыларының бірі Дүйсенбай Тұранов, Рысбайға 1895 жылы өзінің орден-медальдарын тағып түскен суретіне: «Дорогому племяннику Рысбай кажи Мурзабаеву от титулярного советника Дүйсембай кажи Туранова» деп қолтаңба жазып сыйлаған екен (Кейін сол суреттегі Тұрановтың көзін Зүбәйра апайдың ұлы Біржан бала кезінде «беляк» деп шұқып тастапты. Идеологияның бала санасын улағанының бір көрінісі...) Әрине, ол кезде бұлай жазу көп оқуы бар адамның қолынан ғана келетін іс және титулярный советник

деген қызмет те үлкен лауазым болған сияқты. Міне, сол кісі Рысбай қажының туған нағашысы болған. Қолтаңбаны орысша жазуына карағанда, Рысбай аксақал да оны жақсы түсінгендігі көрініп тұр.

Елдің еңсесін басқан тас түнек түрілген алғашқы жылдары Зүбәйра апай қауіпсіздік комитетіне сұраныс беріп, атасының қалай өлгендігі туралы хабар алады. 1990 жылдың 20 шілдесінде берілген қайтыс болғаны туралы куәлікте Мырзабаев Рысбайдың 1937 жылғы 15 қазанда атылғандығы айтылған...

1961 жылғы 28 маусымда Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төралқасы Мырзабаев Рысбайды бірге атылған алты молдамен бірге толық ақтайды. Бірақ, бұл туралы анықтаманы облыстық прокуратура тек Зүбәйра апайдың сұранысы бойынша 1990 жылдың 16 тамызында бір-ақ береді...

Рысбай қажының Меккеге барған бір сапары туралы дерек 2002 жылы шыққан «Ислам әлемі» кітабының 119-бетінде де бар.

Енді қажының жалғыз перзенті Зүбәйра апайдың шешесі Сапияның көрген қорлығына келейік. Ол кісі, әкесі тұтқындалғанда қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданының (ол кезде Булаев) Сұлушок деген кеңшарында тұрады. Күйеуі Әлжанов Темірғали осы кеңшардың басқармасы екен. «Халық жауының қызына үйленген сілімтік» деп көп ұзамай Темірғалиды да тұтқындайды. Ақтау туралы 1997 жылдың 20 мамырында берілген анықтамада «кеңшарларды құлатуға бағытталған революцияға қарсы ұлтшыл, бүлікшіл диверсиялық ұйымның мүшесі болған» деп жазылыпты. Есі сау адамның өңі түгіл түсіне енбеген қылмысты жасады деп оны 10 жылға айдауға жібереді. Жас келіншегі Сапия қырқынан жаңа ғана шыққан қызы Зүбәйра және кәрі шешесімен қала береді.

Темірғалиды алғашында Амурдағы Комсомол қаласындағы қара жұмысқа жегеді. «Ұстап әкелерде апам Зүбәйраны қолыма беріп, қоштас дегенде, иіскемей, көзіме келіп қалған жасты көрсетпеймін деп теріс айналып кетіп едім. Неге сонда перзентімді бір иіскемедім екен деп осы күні өкініп жүрмін. Мүмкіндік болса суретке түсіріп, салып жіберіңдер», деп жазыпты қамыққан жас әке. Артынан: «суреттеріңді алдым, жұмыстан шаршап келгенде көкірегіме басып тұрсам, тынығып қаламын», деген хат келеді. Осыдан кейін ұзақ уақыт бойы хат болмай, Архангельск қаласына ауыстырылғандығы туралы хабар бір-ақ түседі. Сөйтіп, Қиыр Шығыста жүрген жандарды елдің солтүстік батысынан бір-ақ шығарыпты... (Тегі Бело морканалды қазуға салса керек. – Ж.С.).

Осы Архангельскіде жүргенде Омбы облысының, Назыбай ауданына тұрмысқа ұзатылған қарындасына: «өкпеден ауырып, ауруханада жатырмын» деген хат келеді. Бұл — Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан 1942 жылы болған оқиға екен. Қарындасы жан ұшырып, қолынан келген жақсылығы — поштамен тамақ, жылы киімдер салып жібереді. Бірақ, онысы көп ұзамай қайтып келеді. Ағасын дүниеден өтіп кеткен екен деп қатты қайғырған қарындасы науқасқа шалдығып, кешікпей өзі де қайтыс болады.

...Ал, 1990 жылы ақталғандығы туралы берілген анықтамада Әлжанов Темірғалидың Коми АКСР-дегі Ухто-Ижемск тұтқындар лагерінде 1945 жылы қайтыс болды деп айтылған екен. Ендеше, 1942 жылғы посылканы неге табыс етпегені жұмбақ күйінде қала берген... Ал олардың бұл жұмбағы бір адамның өмірін қияды.

Халық жауының әрі қызы, әрі әйелі деген қара күйелі атағы бар, жаны жаралы жас Сапияға кәрі шешесі мен қызын асырау оңай болған жоқ. «Отырса опак, тұрса сопак» деп шолақ белсенділер күн көрсетпейді. Қысы-жазы қырманда бидай ақтайды, көктемде егеді, күзде жинайды, әйтеуір бел шешіп бір отырмайды. Бірде, шыжыған шілдеде шөпте жүргендерінде арбаға жегілген сиырлар шанышқақ тиіп, құйрығын көтеріп шапқанда арба бір жакқа, үстіндегі әйелдер бір жакқа ұшады. Сонда қолынан азаптанып, бебеу қағып жатқан Сапияны шолақ белсенділер: «халық жауының әйелі, сен жұмыстан қашу үшін қасақана істедің деп дігерлеп, сынған қолымен жұмысқа қуып шығарыпты... Түскі асқа келгенде тамақ ішіп үлгірмек түгіл шәй қайнамай жатып, жаудың қызы, шалжиып, қасақана ұзақ отырасың деп талай рет жұмысқа қуыпты... Шешесі көрген осындай қорлықтарды айтқанда Зүбәйра апай қатты толқып, көзіне жас алып отырды.

Кейін Сапия Уәйіс деген кісіге тұрмысқа шығып, үш ұл, үш қыз көреді.

Баланың үлкені Зүбәйра апай да қаншама көзге шұқыған қорлықты көріп өседі. Жас баланың жүрегіне инедей қадалтып, «сен жаудың қызысың, пионер қатарына алуға лайық емессің», деп үздік оқитын оны қорлап тастап кетеді. Сонда қораның ішіне кіріп, тығылып отырып күні бойы жылаған екен. Қазіргі балалар мұндайға пысырмағанымен, ол кезде құрбылардан қалып қойып, мойынға қызыл галстук тақтау дегенің нағыз қорлық, үлкен кемсіту еді. Комсомолға өтерде де сол оқиға қайталанады. Бұл жолғы қорлыққа шыдамаған жасөспірім қыз өзін-өзі өлтіргісі де келеді, бірақ анасын аяп қалған екен. Қанша жақсы оқып, балалардан озық

болса да, мектептегі толып жатқан бірде-бір мәдени шараға «қырағы» мұғалімдер мұны кеудеге нұқығандай тастап кетіп, қатыстырмайды екен. Бірақ «асылды соға берсең жетіледі, жасықты соға берсең кетіледі» деген емес пе, табиғатынан бойға біткен тектілігі бар жас Зүбәйра қайсарлықпен ержетіп, жоғары оқу орнына түсіп, жақсы маман болып, жақсы адамға тұрмысқа шығады. Тіпті, шаңырағы өшіп қалған нағашы атасының да есімін жаңғыртып, тегін Рысбаева қылып жаздырған екен. Әділетсіз қысастық қылғандарға қарсы тұрған іштегі өжеттігін жас қыз осылай көрсетеді.

Міне, Қызыл империяның қилы-қилы азабын бастан кешкен бір адамның тағдыры осындай.

Жақсыбай Самрат

ҚЫЗЫЛЖАР ӨЛКЕСІНДЕ

Сырғабеков Нығмет 1900 жылы, қазіргі Аққайың ауданының, Смирнов кентінен 7-8 шақырымдай жерде болған Монғол ауылында дүниеге келген. Ауылдың, кейінірек ұжымшар былай аталуына Монғолиядан осы шаруашылыққа әкелінген жылқылар себепші болған екен. Бұл күнде ол ауылдың орны ғана сақталған. Сол кезеңнен қалған куәгер ретінде ескі зират қана бар.

Атақты Қаракесек руынан талай өнерлі, қазақ халқының тарихында аты сақталған ұлдары мен қыздары көп шыққан. Нығмет ағамыз да осы рудың өкілі.

Қызылжар өңірінің белгілі азаматы Сағындықов Болат Мағазұлы былай дейді: «Менің енем Қамеш 1957-58 жылдары Нығметтің әйелі Бибіжамалды көріп тұрған. «Халық жауларының» әйелдеріне арналған «Алжир» лагерінен қорлық көріп келген жанның шаршап-шалдыққаны, талай нәубетті көргені сезіліп тұратын. Өзінің сүйген жары Нығметті жиі ауызға алып, оның «халық жауы» емес екендігін, нақақтан жала жабылғанын, бейкүнә құрбан болғандығын айтып отыратын.

Қазір Петропавл қаласында тұратын 80 жасқа таяп қалған Оспанова Қалима өз әкесінің Сырғабеков туралы айтқан тұшымды әңгімелерін еске алады. «Ақжарқын, әзілқой, жеңгелерінің алдында ерекше сыйлы, келген сайын шай-шекерін ала келетін. Сол есіл ер 1937 жылы нақақтан айдалып кетті ғой...», - дейтін. Сталиннің қанды қасап, жаналғыш машинасының қаһарына мініп тұрған кезінде, «Пресновский военно-фашистский заговор» атты сан түрлі

кылмыстық істерді ойдан шығарып, аудандық партия комитетінің хатшысынан бастап, көптеген ел азаматтарының аяқ астынан жауықты болып шыға келіп, нәубеттің құрығына ілігіп кеткен. Кейбіреулерінің «халық жауы» Сырғабеков Нығметпен байланысы болған, сыбайластар деп айыпталғаны, қауіпсіздік комитетінің құжаттарынан белгілі. Осындай құрбандардың көпшілігі Петропавлдағы істеген ісі кара болса да, сыртқы бояуына байланысты «Ақ түрме» деп аталып кеткен абақтыда ату жазасына кесілді.

Сырғабеков Нығметтің адал есімі акталғаннан кейін 60-жылдардың бас кезінде Смирнов кентіндегі бұрынғы Привокзальная көшесі Сырғабеков Нығметтің атымен аталды. Тың көтерілген жылдары салынған осы көшедегі үйлер әу баста саз балшықтан тұрғызылған. Жерден қазан шұңқыр қазылып, сабан мен саз балшықтан кірпіштер құйылып, асар жарияланып, бүкіл ауыл адамдары жабылып салған құрылыстар болатын. Сол көшенің бойында қазір сексенге жуық үйлер бар.

Петропавл қаласында да бір көше Нығмет Сырғабековтің атымен аталады екен. Бір өкініштісі, ардагер азамат, қазақ елінің алғашқы халық комиссарларының бірі Н.Сырғабеков туралы облыс орталығындағы тарихи өлкетану мұражайында мәліметтердің болмауы.

1980 жылы Есентемірова Қарлығаш есімді мұғалима бастаған оқушылар - Бекенов Аманжол, Козлова, Сердюк осы ауылдың атынан делегация болып, Алматы қаласындағы Сырғабеков Нығмет ағамыздың бүгінгі ұрпақтарына барып қайтты. Олардың әкелері туралы айтқан әңгімелерін қағазға түсіріп әкеліп, ауылдағы мектеп оқушыларымен әңгіме өткізді. Ауылда Сырғабеков Нығмет ағамыздың атындағы мұражай ашылып, ол кісінің атқарған адал істері жөнінде мәліметтері бар қолжазбалар экспонат ретінде қойылды.

Бұл елді мекен басында Бейнеткор, кейін Совет, ал бүгінде Акқайың ауданы деп аталады. Аудан 80 жылға жуық тарихында талай қиын-қыстау күндерді де, өсіп-өркендеу кезеңдерін де бастан кешірді. Ел азаматтарының жадында Сырғабеков Нығмет сияқты тумаларының есімі сақталған, осы есімді әрдайым мақтанышпен еске алысып отырады. Бүгінгі аудандық мұражай басшысы Татьяна Петровна Борисова: «Н.Сырғабеков – біз мақтаныш тұтатын тұлға!» дейді. Аудан басшыларының бірі Борис Сабитович Баяшев, аудан ардагерлері Владимир Алексеевич Салосюк, Есім Алішұлы Ақмамбаев, тағы басқалар: «Осы өлкенің өркендеуіне еңбегі сіңген тарихи тұлғалар алдында біз адал болуымыз керек.

Олардың өмір жолы мен халқына сіңірген қызметін жастар тәрбиесінде қолдану біздің парызымыз», - дейді.

Сонау жылдары Совет ауданы болып тұрған кездерде ел басқарған Филипенко деген азамат елдің алуан түрлі жиналыстарында сөз бастаған кезде: «Советские большевики...» деуді ұмытпайды екен. Ол күндер тарихи шежіреге айналды. Ал бүгінде тәуелсіз Қазақстанның алтын астық қамбасына айналған облыстың Аққайың ауданы еңбеккерлері егемен елдің абыройын асырып, ел еңсесін көтеруге еңбек етуде.

Сырғабеков Нығмет ағамыз туралы мәлімет (материал) жинау мақсатымен осы өлкеге аяқ басқанымызда жайқалған егін, көкөніс әлі толық жиналып, қамбаға құйылып бітпеген екен. Қызылжар өңірі биыл 5 млн. тонна астық жинаған. Еліміз бойынша 18 млн. астық жиналғанын ескерсек, бұл облыстың салмағының қаншалықты екені өзінен өзі түсінікті-ақ. Ауыл дикандарының шат көңіл шағына тап болыппыз. Бізді бастап келген ел ақсақалдары Болат Мағазұлы Сағындыков, Қайролла Мұқанұлы Мұқанов, Ұлан Қажеңұлы Сүгіров осы өлкенің тарихының көзі тірі куәгерлері, елдің қамқор ағалары екендігіне анық көзіміз жетті. «Үй сыртында төбен болса, ертеулі тұрған атпен тең, үй ішінде қарияң болса, жазулы тұрған хатпен тең» деген халқымыз атанға жүк боларлық салмақты сырды тобықтай сөзбен түйіндеген ғой. Ел ағаларымен бірге өткізген күндерімде осы сөз үнемі ойымда жүрді.

Осы ел ағаларының жан жары-зайыптары Күннар замандасымыздың сыпайы сырбаз қалпы, Гүлзағи бәйбішенің таным көкжиегі, кісілік парасаттылығы, Әлхият қарындасымыздың жаңа ортада жақсы жол тапқаны көңілімізге жылы сезім ұялатты. Жас ғалым Гүлнарға, дәрігер қарындасым Марияшка жарқын болашақ тілеймін. Бибігүл сияқты балапандарға жақсы аналары мен апаларының жолын бергей! Ағаларына қанат-құйрық болып, қолдарын ұзартып жүрген Қайрат ініме де ерекше алғысымды жолдаймын!

*Өмірзақ Озғанбаев
тарих ғылымының докторы, академик*

ЕЛІМ ДЕП ЕҢІРЕП ӨТКЕН АЗАМАТ

Мені қатты толғандыра беретін жағдай. сонау 1920 жылдары социализм құру заманында қуғын-сүргінге ұшыраған, зорлық-зомбылық шеккен немере ағам Абдолла Байтасұлының тағдыры. Әкем марқұм, Ауарира Байтасұлының айтуы бойынша, ағам Абдолла Байтасұлы XX ғасырдың басында Рузаев ауданының (қазіргі Целинный), Шұқыркөл ауылында 1900 жылы дүниеге келген. Ол жастайынан өнер-білімге құштар боп ауылда оқып, зеректігі мен ұлттық сана-сезімі ерте оянған қазақ жастарының бірі еді.

Қазақ халқының көш бастаушылары, ірі қоғам қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтардан тәлім-тәрбие алып Қызылорда, Алматы, Ташкент қалаларында қызмет атқарды. Соның айғағы ретінде 1926 жылы Қызылорда қаласында түскен фотосурет күні бүгінге дейін сақталған. Сурет “Қазақ әдебиеті” газетінде жарық көрді. Онда қазақ зиялылары Ахмет Байтұрсынов, Халел Ғаббасов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Абдолла Байтасов, Әлкей Марғұлан бейнеленген.

Абдолла ағамыз ұлылар арасында жүріп, Ташкентте Қазақстан академиясы орталығының жетекшісі боп қызмет атқарды. Сәкен Сейфуллинмен бірге Қызылорда қаласында қазақ халық ағарту институтында оқытушы болды. Мағжан Жұмабаевпен бірге «Алқа» әдеби үйірмесін құрысты. Ұлттық озбырлықты, өктемдікті қатты сынап, «Жас алаш», «Жас қайрат», «Еңбекші қазақ» газеттеріне әділдікті жақтап көлемді мақалалар жазған белсенді қаламгер, баспагерлік жұмыспен шұғылданған. Ұлы кемеңгер жазушылармен бірлесіп бастауыш мектеп сыныптарына арналған оқу бағдарламасын жасасып «Тіл тарихы», «Ауыз әдебиеті», «Мектеп басқару жайы», мұғалімдер үшін «Тәжірибе сабақтардың үлгісі», «Жансыз жаратылыс», тағы басқа күрделі шығармалар жазып, орыс тіліндегі оқулықтарды қазақшаға аударады. Мысалға, А.Гейкиннің «Физикалық жағрафия», Г.И.Ивановтың «Бастауыш жағрафия. Азия, Африка, Америка, Австралия», В.Семейкиннің «Күн қуатының құрылысы» туралы еңбектерін қазақшаға тәржімалады. Бұл еңбектері архивтен алынған деректер бойынша тізіліп отыр. 1927-28 жылдары шыққан «Жүсіпхан туралы» кітаптың авторлары Токжігітов, Байтасов.

Иә, өкініштісі сол, ағамыз Абдолла Байтасов голошекиндік қанды шеңгелге ілігіп, 1929 жылы Москва қаласындағы Бутырка абакты-

сына 32 казак кайраткерлерімен бірге камауға алынып, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Ғабасов және басқалармен бірге бір камерада жатып, айыпталушы ұлтшылдар ретінде жауапқа тартылады. Ол туралы мағлұматты ағарту жазушы Дүкенбай Досжанұлының «Абақты» кітабынан оқып білулеріңізге болады. (74-77-190-274 беттер.)

Албырт жас ағартушы, қоғам кайраткерінің азабы түрмемен шектеліп қойған жоқ. 1931 жылы Міржакып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновпен бірге Архангельск-Беловодск концлагерінде неше түрлі тарыншылықтың талқысына түсіп, меңдетті қиыншылықты басынан өткізеді. 1939 жылы бірнеше казак зиялыларымен бірге Абдолла Байтасов амнистияға ілігіп, Қырғыз Республикасының астанасы – Бішкек қаласына жер аударылып, өзінің сүйген мамандығы оқытушы болып қызмет атқарады.

Бірақ көп ұзамай елінің егемендігін, ұлт бостандығын аңсаған ағамыз жарық жұлдыздай жарқ етіп, небары 40 жасында дүниеден өте шықты. Тағдырдың ісіне дауа жоқ, аз жасаса да халқының кәдірлісі, адал перзенті, елінің мақтанышы болды.

Оның өз кіндігінен тараған Әзім, Фируза есімді балалары өсіп, ержетіп, жоғары дәрежелі білімдері бар, зейнеткер, өз алдарында бала-шағалары бар. Шаңырақ иелері Алматы қаласында тұрады.

Тағы да айта кететін бір жәйт, сол бір астан-кестен алапат жағдайда «шаш ал десең, бас алатын» ауылдың шолак белсенділері көре алмаушылық нарызылық ниеттерін одан әрі жалғастырып, талай азаматтар жазықсыз, жапа шегіп оралмастан атылып кетті. Олар Смағұлов Есқақ, Сейпатталов Қабылқай, Тасмағанбетов Құбайдолла, Дәулетбеков Қапбас және Шәрәпиев Зұлқарнай. Шәрәпиев Зұлқарнайды Солтүстік Қазақстан облысының Бай Еңбек мектебінде қызмет істеп жүргенде әкеткен.

Иә, жылжып жылдар өтер, бірақ «жаксылардың аты өлмейді» демекші, олардың есімдері әр уақытта естен шықпайды.

Сөз соңында айтарым, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығына сәйкес 1997 жыл жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін көрген құрбандарды еске алу жылы деген шешімін басшылыққа ала отырып, казак зиялыларымен, тағдыры бір қоғам кайраткері, халық үшін елеулі еңбек еткен ағамыз Абдолла Байтасұлына облыс орталығы – Қызылжар, Көкшетау қалаларында бір көшенің атын берсе, кейінгі ұрпақтарға туыскандарға көрсетілген құрмет болар еді.

Байжан Байтасов

ЗҰЛМАТ ШАҢЫРАҒЫМЫЗДЫ ШАЙҚАЛТТЫ

Шешеміз Қазине Некібайқызы он үш құрсак көтерген. Әкеміз Тілеубердіұлы Саржанды 1937 жылы ұстап алып кеткенде, сол он үштен тоғызымыз тірі едік. Біздің шаңыраққа кеңестік жүйенің зауалы алғаш рет 1928-30 жылдары түсіпті. Өйткені, ол тұста әкеміздің отыз шақты жылқысы, үш-төрт сиыры, пар өгізі және 35-тей қой-ешкісі болыпты. Жергілікті өкімет осы малдармен коса киіз үйді, төсек-орын, ыдыс-аяққа дейін тартып алыпты. Содан «бай-кулак-сын» деп, әрі Қаншайым деген қызын айттырған жеріне ұзатқанда «қалың мал» алдың деп әкемізді екі жылға соттап, Сібірге жер аударыпты.

Содан шиеттей бала-шағалармен қалған шешеміздің жағдайы қиындап, тұрмысымыз нашарлаған соң, нағашыларымыз Тауағаштан бір түнде келіп, көшіріп алып кетіпті. Кейін біздер Омбы, одан кейін Түмен облысында тұрып, Мырзахмет, Нұрахмет деген ағаларымыз жұмыс істеп, отбасын асырапты.

Әкеміз тиісті мерзімін өтеп келіп, бірден-бірге хабарымызды естіп, бізді Түмен облысынан тауып алады. Содан мұнда бірер жыл болғаннан кейін, туған жерге көшіп келдік. Бұл 1935 жылдың жаз айы болатын. Онда мен жеті жаста едім. Бала болсам да, сол кездегі құбылмалы тірлік әлі күнге дейін көз алдымда тұр. Біз қазіргі Есіл ауданындағы Бірлік ауылына көшіп келгенде, бұрынғы жер үйіміздің қалқайып қабырғасы ғана тұр еді. Есік-терезе, сәкісі жоқ, қора-қопсыны біреулер бұзып әкеткен. Содан Хамза деген аталас ағайынның шошаласында тұрып, әкеміз үйдің жанынан сарай, қора сала бастады. Бірақ оларды қысқа дейін бітіре алмады да, көрші Александровка селосындағы әкейдің таныс орыс досының үйіне көшіп барып, сонда қыстап шықтық. Жаз шыға елге қайта оралдық. Бірінші кезекте сарайдың төбесін жауып, іші-сыртын сылап, жаз бойы сонда тұрдық. Одан соң үйдің есік-терезелерін, сәкісін салып, күзге қарай жер үйге түстік. Қысқа дейін қора да дайын болды.

Кәмпескеден бұрын әкеміз орыс қаласынан үш бөлмелі ағаш үй сатып алған екен. бірақ оны көшіріп әкелемін деп жүргенде сотталып кеткен. Кейіннен білсе, сол үй әлі сол қалпында тұр екен. Бұрынғы иесі үйді бұзып алып кетсін деп, хабар айтыпты. Содан 1936 жылдың қысына қарай үйді көшіріп әкеліп, орнатып, оның бір бөлмесіне көк шөп төсеп, үстіне текемет, алаша жауып, ауыл адамдары сонда жұма намазын оқитын болды.

Біздің Бірлік ауылында бұрын «Оспан мешіті» деп аталатын мешіт болыпты. Оны 1933-34 жылдары ұжымшар болғанда, мұнарасын, айын құлатып, клуб етіп пайдаланыпты. 1936-37 жылдары біздің үйге көрші Мәдениет, Қаратал ауылдарынан біраз адамдар келіп, жұма намазын оқып жүрді. Содан елдің бір шолақ белсенділері әкемді молда, үйіне елді жинап, жұма намазын оқытады, Кеңес өкіметіне қарсы адам деп көрсетеді. 1937 жылы 12 желтоқсанда КСРО Жоғары Кеңесінің сайлауы болғаны белгілі, соған аз күн калғанда аудандық НКВД-ның екі-үш қызметкері келіп, кара машинамен, әкемді алып кетті.

Мен онда 2-ші класта оқитын едім. Мектептен келсем, үйде әкем жоқ. Шешемнен сұрасам, екі-үш адам келіп, ауданға машинамен алып кетті дейді. Шешеміз: - Мүмкін кешігіп қаларсың, киім-кешек ал, - десе: - Олардың менде не жұмысы бар, ертең қайтып келермін, - деп еш киім алмапты. Сол жылы шешеме көп балалы ана деп, Үкімет 2 мың сом ақша берген екен. Әкеміз тағы бірер малдарын сатып, жаңағы 2 мың теңгеге қосып Қызылжарға барып, балаларына киім-кешек, кездеме алмақшы болыпты. Әкемізді машинамен әкетеміз деп жатқанда, ол қалтасындағы жаңағы 3,5 мың сом ақшаны шешемізге беріп жатқанда, келген чекистер ақшаны қайыра қалтасына салдырады. Ол кезде бір сиырдың бағасы 400-450 сом тұрады екен. Оның үстіне үйді тінтіп, құранды және арабша жазылған шежірені, тағы басқаларын алып кетеді. Артынан Нұрахмет деген баласы екі-үш рет іздеп, Явленкаға барған екен, бірақ әкесімен жолықтырмаған, қайда екенін айтпаған: «Енді келсең, өзіңді де жабамыз», - деп қорқытқан.

1938 жылдың желтоқсан айы. Бір күні түнде біреулер бір шана ақ қайың ағашты біздің огородтың ішіне құлатып кетіпті. Сол түн ішінде Бірлік ауылдық кеңесінің төрағасы Омар деген қасында тағы кісілері бар Нұрахмет ағамыздан – «Отынды қайдан алдың?» - деп қысып, сұрайды. Ол болса жұмыстан алдында ғана келген, Мырзахмет ағамыз төсек тартып жатқан ауру. Соны айтса да иланбайды. Келесі күні менен мектепте де - Отынды кім әкелді? - деп қысып сұрады. Мен ештеңе білмеймін деп едім, сонсоң мені мектептің бір суық бөлмесіне 2 сағат қамап қойды.

1941 жылы жазда соғыс басталды. Елдегі бас көтеретін адамдарды әскер қатарына ала бастады. Бір айдан кейін біз сияқты балаларды жұмысқа салды, жаз шөп шаптық, күзде егін жинауға қатыстық, қыста өгізбен ауданға астық тасыдық. Көктемде жұрттың сауын сиырларын жегіп, жер жыртық.

Нұрахмет аға 1942 жылы қараша айында әскерге алынды. Ол ауылда трактор-егіс бригадасының бригадирі болғандықтан, 1,5 жылдай броньмен жүрген, 1945 жылдың 25 қаңтарында одан «қара қағаз» келді.

Сөйтіп, әкей хабарсыз кетті, ұлы Нұрахмет соғыста қаза тапты, одан кейінгі Молдахмет соғыста, Мырзахмет жалғыз аяқ, мүгедек. Мені 1943 жылы қазан айында еңбек армиясына, Петропавлға жіберді. Алғаш ФЗО-да 5 ай оқып, токарь мамандығын алып шықтым. Содан кейін В.Куйбышев атындағы зауытқа жұмысқа орналастым. Осында 1988 жылдың шілде айына дейін еңбек етіп, зейнет демалысына шықтым. Еңбекте абыройсыз болған жоқпын. 1977 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдармен, төс белгілерімен марапатталдым.

Сонау бір зұлмат кезең шаңырағымызды шайқалтты, ешбір жаықсыз - әкемізді жазалады. Оның қай жерде қайтыс болып, жерленгенін де білмейміз, енді ондай кер заман қайталанбасын, кейінгі ұрпақ қиындық көрмесін деймін.

Жанахмет Саржанов, зейнеткер

ЕСЕКИН ӘБИ

1896 жылы қазіргі Жамбыл ауданының Орталық ауылында туған. Ауылдың озық ойлы, адамгершілігі мол көрнекті азаматы болатын.

Сол кездегі Преснов ауданына қарасты Орталық казак ауылдарының ішіндегі іргелі ауыл еді. Аудан бойынша, соғысқа дейін ең жоғары казак мектебі (жетіжылдық мектеп) осы ауылда болатын. Ауданның көзі ашық, оқыған казак азаматтары осы мектепке шоғырланып, ұстаздық етті. Сол зиялы азаматтардың бірі – Есекин Әби еді. Үлгілі ұстаз және ұжымшар шаруасын ұйымдастырушылардың бірі ретінде Ұлы Отан соғысынан ауыл тұрғындарының қалауы бойынша броньмен босатылып, әрі мұғалім, әрі бригадир болып істейді. Кәметтік жасқа толмаған балалар мен күйеулері соғыста жүрген әйелдерді ұжымшар жұмысына жұмсап, еңбекті ұйымдастырушы бригадир, әрине, жалқауларға жақпайды. Үш аула әйелі «бұл соғыста Кеңес үкіметі жеңіледі деп жұртқа айтып жүр», - деп, үстінен арыз түсіреді. Қол қойғасын ешқандай тексерусіз «халық жауы» деп, ұстап әкетті. 1941 жылғы 26 қарашада Солтүстік Қазақстан облыстық сотының үкімімен, сегіз жылға сотталады. Содан хабарсыз кеткен. Артындағы туыстары іздестіргенмен не өлі, не тірі екенін біле алмады.

Артында 15 жасар ұлы Сайран, 11 жасар қызы Нүрида. 3 жасар қызы Ұлбала, ананың құрсағында – Амангелді атты бір бала қалды. Шиеттей төрт баланы жоқшылық, қиын уақытта өсіріп, тәрбиелеу жесір қалған анаға оңайға түспейді. Бірақ қиыншылыққа мойымай жанкешті еңбегімен бәрін ер жеткізді.

1989 жылғы 29 тамызында ҚССР Жоғарғы Соты қылмысы жоқ деп Есекинді актады.

Есекин Әби сияқты ұлағатты азаматтың қазіргі ұрпағын жалғастырушы - Әбиев Екпін. Облыстық мәслихаттың депутаттығына үш рет сайланып отырған Екпін Әбиұлы облысқа танымал кәсіпкер азамат. Облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосып жүрген адамдардың бірі.

Екпін Әбиұлы кәсіпкер ретінде де танымал. Кәсіпкерлік игі істері де айтарлықтай. Облыстық мәслихаттың депутаттығына сайланып жүрген Жамбыл ауданының әлеуметтік саласына үнемі көмектесіп отырады. Мұқтаж отбасыларына, зейнеткерлерге де қайырымдылығы мол азамат.

Социал Жұмабаев

БИЖАНОВ АЙТБАЙ

Бижанов Айтбай бұрынғы Шолақ-Досжан ауылында 1898 жылы туған. Бейнетқор ауданы өнім дайындау бөлімінің бастығы болып істеп жүрген кезде 1938 жылғы 7 сәуірде «халық жауы» деп сотталып, 1989 жылғы 16 қаңтарда акталды. Айтбай атамыз ұсталған жылы ғана үйленген. Артында ұрпақ қалмады. Аға-қарындастарынан тараған ұрпақтар облысымыздың әр жерінде қызмет етіп жүр. Айтбай атамыз ел ішінде өте беделді, келбетті, ақылды адам болыпты.

Айтбай сотталғасын Бижан атамыз басқа ұл-қыздарымен Ресейге. Омбы облысының Есілкөл ауданына қоныс аударып, елден қашып кетеді. Бижан атамыздың немере-шөберелері шетінен оқыған, қазір көбі республикамыздың әр жерінде лауазымды қызметтер атқарып жүр.

Осы естелікті жазып отырған жоғары білімді, көп жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарып жүрген, мен, Сара Ғайсақызы. Қажылық парызымды атқарып, Меккеге барып келдім. Қазір бес уақыт намазымды қаза қылмай, Айтбай атамды дұғамнан тастамаймын.

Сара қажы Ғайсақызы

СЫЗДЫҚ АЯПБЕРГЕНОВ

1917 жылы желтоқсанда Орынборда өткен жалпықазақ съезінің Қазақ елін автономия деп жариялап, Алаш үкіметі құрылғаны мәлім. Автономиялы ел болып, Алашорда үкіметінің құрылуы, Алашорда идеяларының жария болуы ел арасына айрықша серпін туғызып, берік тұғырға айналды.

Осы уақытқа дейін біз Алашорда көсемдерін ғана айтып келдік. Ал, солардың сүйенген адамдарын, сенімді серіктестері ел арасындағы беделді тұлғалар назардан тыс қалып келді. Олар жайында енді-енді ғана айта бастадық. Солардың бірі – Алашорда партиясының мүшесі, Алашорда үкіметін әрдайым қолдап өткен, сонысы үшін де ұсталып, атылған – Сыздық Аяпбергенов.

Аяпбергенов Сыздық Солтүстік Қазақстан облысының Еңбекшілдер ауданының Шиелі ауылында 1900 жылы дүниеге келген. Қотыркөлдегі «сельская приходская школада» жаңаша сауат ашқан.

1928 жылға дейін мемлекеттік құрылым органдары болыстық калпында басқарылған-тын. Сол заманда іскер де алғыр, екі тілде жаза да, шешен сөйлей де білетін Сыздық Аяпбергеновты 1926 жылы Көксеңгір болысына хатшылыққа тағайындайды. Болыс басқарушысы болған – Уәлиахмет Бәйменов.

Қазақстанда ұжымшар-кеңшарлар құрылып жатқан кезде Сыздық Аяпбергенов «Бірсуат», «Мамай», «Баймырза», «Алабота» шаруашылықтарын ұйымдастырады. Сосын Мамай, Шошқалы, Бірсуат, Баймырза ауылдарының басын біріктіріп, кеңшар құрысady. 1929 жылы кеңшарға Кабачков директор, Сыздық Аяпбергенов орынбасар болады.

Бір жыл Алматыда оқиды. 1934 жылы «Тораңғұл» кеңшарына директор болып бекітіледі. 1935 жылы Мәскеуге ауылшаруашылығы мамандарының съезіне барады, сосын жиілетіп тағы екі рет барады.

Солтүстік Қазақстан облысы прокурорының бірінші орынбасары, әділет кеңесшісі Сәбит Күрлеуітовтің 1990 жылғы 28 наурызда берген анықтамасына сәйкес, Аяпбергенов Сыздық 1929 жылдан 1937 жылдың 23 қыркүйегіне дейін ВКП(б) мүшесі. Алашорда-ұйымында тұрғаны үшін партия қатарынан шығарылып және “Тораңғұл” кеңшарының директорлығынан түсірілген. Аталған кеңшардың директоры болып 1934 жылдан осы қызметтен түскенге дейін, яғни 1937 жылдың 23 қыркүйегіне дейін істеген. 11 қазанда тұтқындалып, 1938 жылғы 12 ақпанда ату жазасына кескен қаулы шыққан.

Балаларының іздеуімен әуелі 1957 жылы ақталғаны туралы қысқаша, сосын 1992 жылы толығырақ мазмұнды анықтама алынған.

1992 жылғы 17 маусымда ҚР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ө. Ықсанов берген анықтама РСФСР-дің 1926 жылғы Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-7, 58-8, 58-10, 58-11 баптары бойынша НКВД-ның Солтүстік Қазақстан облысы бойынша баскармасының үштігінің қаулысымен өлім жазасына – атуға кесілген Аяпбергенов Сыздықтың ақталғанын айғақтайды. Сыздыкпен бірге 1899 жылғы Жанайдаров Баязит та сотталған. Ол да ақталған.

Жауап хатта С.Аяпбергеновтың ет-сүт кеңшарлары одағының мүшесі, инженер-мал маманы болғаны, 1937 жылғы 16 қазандағы тінту барысында төлқұжат, қызмет куәлігі, қызметтік сипаттағы жазбалары бар дәптерлер, алфавиттік кітапша және мазмұны кеңес үкіметіне қарсы емес басқа да өзінің жеке жазбалары алынғаны көрсетілген. Тағылған айыптар тек қана сотталушылардың өз мойындауларына негізделген.

С.Аяпбергенов Көкшетау ауыл шаруашылғы техникумының директоры Б.Жанайдаров және Көкшетау аудандық партия хатшысы Сағындыковтармен бірге ұлтшыл, Қазақстанның тәуелсіздігін көздеген топқа кірген деп айыпталған. Осы пікірдегі ұйымға Қазақстан бойынша Оразов жетекшілік ететіні, ұйымға сол тұстағы қоғам қайраткерлері Құлымбетов, Оразов, Аленов, Сабатин, Есімбаевтардың да (бұрынғы облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі) осы ұйымда екені айтылған. С. Аяпбергеновпен бірге жұмыс істеген Жармұхамбетов, Хаметов, Убакиров, Шубенковалар (совхоздың бас есепшісі) аталған.

Бексұлтанов Шарын, Оспанов Хажым (есепші), Имағамбетов Абдул, Садуақасов Әубәкір, Басығаринов Базарбайлардың аттары тізілген С. Аяпбергенов айыпталған қылмыстық істе. Бұларға «Мансапкор» көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырған, Мағжанның өлеңін сахнадан оқып, Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларын пайдаланып, қазақ халқын бірлікке, ұйымшылдыққа шақырғандығы айып болып тағылған. Сыздық Аяпбергеновке сонымен бірге драма үйірмесінде қазақтың өмірін көрсететін қойылымдар жасайды, қазақтарға жол жүруге бір жұмаға дейін ұжымшардың атын, ақша береді деген айыптар таңылған.

Ол кезде мойындату үшін қылмысты деп қамалғандарды қандай тозақтан өткізетіні қазір баршаға мәлім. Қылмысты істің материалдарынан алынған суретте Сыздықтың бет-аузы күлтілдеп іскендігі айқын көрінеді.

Атуға кескен НКВД басқармасының үштігі. Үкім емес – қаулы. Қорғаушы жоқ әрине. Қорғансыздық жағдай: 1937 жылғы 12 ақпандағы тексеріс актісі 1936 жылдың 1 ақпанына Солтүстік Қазақстан облысының 26 ауданының тек үшеуінде бар жоғы он екі қорғаушыны қамтыған екі алқа ғана бар екенін мәлімдейді. 1937 жылғы 19 қарашадағы ҚК(б)П ОК Қазақстан бойынша репрессияға ұшыраған антисоветтік элементтердің санын қосымша 3000 адамға, соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 200 адамға көбейту туралы айрықша құпия шешім қабылдаған. С. Аяпбергенов сол «қосымша жоспарға» ілінген.

Кеңес Одағындағы, оның ішінде Қазақстандағы 1930 жылдардың қуғын-сүргіні РСФСР-дің 1926 жылғы Қылмыстық кодексі бойынша жүргізілді. Өйткені Қазақстан 1936 жылға дейін автономия болып келді де өзіндік Қылмыстық кодексі болған жоқ. Аталмыш кодексте 1927 жылғы 25 ақпандағы Мемлекеттік қылмыстар жөніндегі Ереже (Положение) бойынша 14 түрлі контрреволюциялық қылмыс түрлері көзделген болатын: 1) Отанға опасыздық (11-14-баптар); 2) қарулы көтеріліс (2-бап); 3) контрреволюциялық мақсаттарда шет мемлекетпен байланысу (3-бап); 4) халықаралық буржуазияға көмек көрсету (4-бап); 5) шет мемлекеттерді КСРО-мен соғысқа көндіру (5-бап); тыңшылдық (6-бап); 6) зиянкестік (7-бап); 7) террорлық әрекеттер (8-бап); 8) диверсиялық әрекеттер (актілер) (9-бап); 9) контрреволюциялық үгіт және насихат (10-бап); 10) контрреволюциялық қылмыстарды ұйымдастыру (11-бап); 11) контрреволюциялық қылмыстар жөнінде хабарламау (12-бап); 13) революциялық қозғалыспен белсенді күресу (13-бап); 14) контрреволюциялық іріткі - саботаж (14-бап).

Бұлар Қылмыстық кодекстің бірінші тарауындағы 58-59 баптарда көзделген мемлекеттік қылмыстарға сәйкес келеді.

С.Аяпбергеновке тағылған баптардың диспозициясы мынадай:

58² бап - қарулы көтеріліс немесе қарулы бандалардың контрреволюциялық мақсаттарда кеңестік аумаққа басып кіруі, осы мақсаттарда және әсіресе, КСР Одағынан және жеке одақтас республикадан оның аумағының қандай да бір бөлігін күштеп айыру немесе КСР Одағының шет мемлекеттермен бекіткен келісімдерін бұзу мақсатында орталықтағы және жергілікті жерлердегі билікті басып алу;

58⁷ бап – контрреволюциялық мақсатта мемлекеттік мекемелерді және кәсіпорындарды тиісінше пайдалану немесе олардың қалыптасуы қызметіне қарсы тұру жолымен мемлекеттік өнеркәсіпті, көлікті, сауданы, ақша айналымын немесе несие жүйесін, сондай-ақ кооп-

перацияны құрту, сондай-ақ бұрынғы меншік иелерінің немесе мүдделі капиталистік ұйымдардың мүддесі үшін мемлекеттік мекемелерді және кәсіпорындарды пайдалану немесе олардың қызметіне қарсы тұру;

58⁸ бап – Кеңес билігінің өкілдеріне немесе революциялық жұмысшылар мен шаруалар ұйымдарының қайраткерлеріне қарсы бағытталған террорлық актілер жасау және осындай актілерді орындауға контрреволюциялық ұйымдарға жатпайтын адамдар болса да қатысуы;

58¹⁰ бап – Кеңес билігін құлатуға, құртуға немесе әлсіретуге немесе жекелеген контрреволюциялық қылмыстарды (осы кодекстің 58²-58⁹ баптары) жасауға шақыратын мазмұны бар үгіт немесе насихат жүргізу, сондай-ақ осы мазмұндағы әдебиетті тарату немесе дайындау немесе сақтау;

58¹¹ бап – осы тарауда көзделген қылмыстарды дайындауға немесе жасауға бағытталған кез келген ұйымдастырушылық қызмет, сондай-ақ осы тарауда көзделген қылмыстардың бірін дайындау немесе жасау үшін құрылған ұйымға қатысу.

Мемлекет қандай қылмыстармен күрескісі келсе, сондай қылмыстар туралы заң шығарады. Заң туған соң, қылмыс та табыла бермек. Бұл – әсіресе мемлекетке қарсы қылмыстар жүйесіне қатысты аксиома дерлік тұжырым. Жоғарыдағы баптардың мазмұны, міне осыны дәлелдейді.

Қазақстанның сол тұстағы мемлекет қайраткері Сейітқали Меңдешев, басқа да үкімет басшылары ел аралаған кездерінде Сыздықтың үйіне түсіп, аттанып жүрген екен. Сыздық оқыған Қотыркөл приходская школасында бірсыпыра қоғам, мемлекет қайраткерлері алғашқы білімдерін алған. Ел аузында аты қалғандары: Ершік Токпаев, Әбілқайыр Досов. Бұлар Қотыркөл мектебін бітіргеннен кейін Омбы шаһарында оқуларын жалғастырады.

Сол жылдардағы Сыздыкка деген халықтың ризашылығы естерінде қалған. “Ашаршылықта жеген құйканың дәмі ауыздан кетпейді” дегендей, жеке меншігінен малы кеткен ел сол азаматтың арқасында жұмысқа ілігіп, кеңшардың малына ие болып, ашаршылықтан аман қалғандарын ұмытпайды. Ұрпағына да үлгі өсиет қылып отырған көрінеді. “Кеңшар екіге бөлініп, Сыздық жиып алмаса, 1931 жылы басталған аштықтан тірі қалуымыз екіталай еді”, - дейді.

Өзгеріп кеткен заманның жетегіне ілесе жүріп, туа зиялы өскен азамат, өз басының қамын ғана емес, ел тауқыметін мойнына арқ-

алай жүргені ұрпаққа үлгі екенінде дау болмаса керек. Аштық болып жан-жақтағы халық қырылып жатқанда, Сыздық кеңшар есебінен жұмысшыларға астық таратып береді. Кеңшар сиырын сауып алып жатқан әйелдерді көрсе де, көрмегендей, ұрлап тамақ тауып жатқандарды байкаса да, байқамаған болады. Жаксылықты казак, орыска бірдей жасап, колында болмаса, ақыл беріп, жөн сілтеп, талабы бар жастарды окуға жіберіп, демеп отырыпты. Кейін “Прогресте” тұрған Еровский деген кісі де баласын шоферлік окуға жібергенін қартайғанша ұмытпапты. Ол кездегі шоферлік оқуды бітіргендер қазіргі институт бітіргендерден кем болмаған еді.

Айтушылардың сөзіне қарағанда: Сыздық ақсары, қызылшырайлы, нұрлы, толықша денелі, бойшаң адам болыпты. Үлкен қыр мұрынды, кең маңдайдың астына біткен ойлы ашық көзі мен әдемі қасын жансыз суреті болса да анық байқауға болады. Келбетті көркіне толқынды бұйра шашы да жарасып тұратынын, даусы да сүйкімді, шешен сөйлей білетінін көз көргендер айтады. Сыздық жайлы кімнен сұрап білсек те: «Оған Құдай беретін, ешкімге жамандық істемеген жаксы адам еді» деген сөздерді көп естідік.

Сыздық туралы естеліктер қағазға кешірек түсіпті. Заман түзеліп, іздеушілері қозғалғанша көп адам бұл дүниеден өтіп те кеткен екен. «Сыздыктай адам туған жоқ», - деп көшірі болған Сабыр ақсақал бөле жара айтады екен. Ол кісімен әңгімелесудің реті келмепті. Дегенмен, есте қалғандарын айтқан туыстардан баска Байзырахманұлы Хамидолла, Кәкімов Шияп, Бекетаев Сартай, Мұқанов Шәріп, Мырзахметов Әбдуәлі, Сағындықұлы Сантай сияқты көзі қаракты, құлағы түрік ақсақалдарға ризашылық білдіру парыз. Сол естеліктерді жүйелеп, алғаш баспа бетін көргізген қаламы қарымды, еңбегі талай жасқа үлгі, «Астана ақшамының» сенімді жанашыры Клара Әмірқызы еді (марқұм болды). Сол кісінің арқасында мұрағат қорынан С.Аяпбергеновке қатысты қылмыстық істің материалдарын қайта алғызып, жаңа мәліметтерге де қол жеткіздік. Бірақ ісімен толығырақ танысудың реті мен сәті әлі келген жоқ. Көкшетау, Петропавл қалаларындағы облыстық мұрағаттар қорларымен ешкім жұмыс істеген жоқ.

Зайыбы Қалима алты құрсак көтерген. Екеуі жастай шетінеген. Сыздық ұсталғанда Қалима 28 жаста, тұңғышы Шәріп 11 жаста, Жаңалығы 9 жаста. Розасы 6 жаста. Кенел 3 жаста. Ұлы Отан соғысы басталғанда Жаңалық 13 жаска енді ғана жеткен, 5 класты ғана бітіріп үлгерген. Күнкөрістің қиындығынан Макинқаға көшірілген, соғыс құралын шығаратын Ленин атындағы зауытқа жұмысшы болып кіреді. Балғын бала бір күні ұйықтап қалып, жұмыс-

сқа кешігіп барады. Содан оны Ақмола түрмесіне апарып қамап, 4 ай түрмеде жатып шығады. Ақыры жастайынан көрген ауыр бейнет, Жаңалықты елуге де жеткізбей ажал тырнағына іліндіреді.

Сыздықтың балалары көрген қиыншылықты, қорлықты айтып жеткізу де қиын. Әжесі мен анасы балаларды мектепке шығарып саларда күнде тапсыратындары: “Ешкіммен сөйлеспендер. Әкелеріңді сұрағандарға «білмейміз» деп жауап беріңдер, сендердің қырсықтарың тиеді». Басқалардың өзі де бұларға жөнді жолай қоймайды. «Бәрін ұқпасак та, басқаға құбыжық болып көрінетінімізді сезініп жүрдік », - дейді Роза Сыздыкова. Сондықтан болар бар ниетін сабак оқуға салып, мектепті жақсы бітіруге айналған Розаны медальға өткізбейді. Талаптанып Алматыға жетіп, тау-кен институтына түседі. Ол кез үшін 375 сом стипендия көп ақша еді. Бірақ «халық жауының» қызы деген атақ қыр соңынан қалмайды. Институттың спецчасіне қайта-қайта шақырып, бір берген сұрағын жүз қайталап, түннің ортасына дейін отырғызады. Сондағы сұрайтыны: “Әкең қандай баппен сотталды, жасаған қылмысын айт, өз қолыңмен қағазға жазып, қол қойып бер” дейді. “Әкемді ақырғы рет алты жасымда көрдім, бабын да, не қылмыс жасағанын да білмеймін”, - дейді. Ақыры шаршағаннан кейін, төрт курсты бітіріп, қалғанын Мәскеуге, сырттай оқуға ауысады.

Әкеден үш жасында, анадан 15 жасында қалған Кенел де ер жетіп, мектепті жақсы бітіреді. Свердловск қаласындағы заңгерлік оқуға түсуге талаптанады, түсе алмай, әскерге алынады. Әскерден бір жылдан кейін сырқаттанып, елге қайтып келеді. Қарағандыда операциядан соң, диагнозы дұрыс болмай және күтушілерден де қате кетіп, 29 жасқа жаңа жеткен қыршын кезінде өмірмен қоштасады.

Құдайға шүкір, Сыздықтың төрт баласынан да ұрпақ өрбіген: Ақмола облысы Бұланды, Шортанды аудандарында, Астанада, Қарағандыда тұрады.

Жалпы ұрпақтарының Сыздықты ертеден-ақ іздеген, қолдағы құжаттар 1967 жылдардағы іздеулер Жаңалықтың атынан жүргізілген. Содан соң Розаның іздеу хаттары бірсыпыра жерді шарлаған. Оларға Түркістан әскери округінен (Ташкент). мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасынан, аталған облыстың сотынан, Көкшетау облыстық прокуратурасынан, қауіпсіздік басқармасынан, тағы басқа орындардан біресе бір-біріне сілтеген, жарым-жарты, тиянақсыз, мағлұматы аз жауаптар келген.

Қылмыстық істі кезінде ұзақ іздеуге мәжбүр еткен жайттың бірі – іс бірінші Жанайдаровка қатысты қозғалып, оның фамилиясымен аталған. Аяпбергеновтың фамилиясы мұқабаға жазылмаған. Жанайдаровтың зайыбы Нұрымова Қазина кейін Алматыдағы Тас-такта тұрып, 1956 жылы қайтыпты. Адрестік бюро арқылы Жанайдаров Баязиттің жесірін іздегенде табылған мәлімет осы. Ұрпақтары бар ма? Белгісіз.

XX ғасырдың отызыншы жылдарында қазақтың бір шаңырағының басынан өткен хикаяның қысқаша сүрлеуі осындай. Бұл шайкалып барып, енді түзеліп кете ме, сүрлеуі үлкен жолға айнала ма, деген үміті бар хикая. Ұлттық тарихымыздың естен кетпес бір беті. Талқандалған шаңырақ қаншама? Ендігі жерде өткеннен сабақ ала білсек, қане?! Тәуелсіздіктің туын жығып алмай, өзді-өзі астыртын қырқыспай, ел байлығын кім көрінгенге жем қылмай, белді бекем буып, әлеуетті ел болудың қамын баршасы бірдей ойласа ғой, шіркін!

Болат Кенелұлы Сыздық
заң ғылымдарының кандидаты.

ТҰРАШ

АҒАНЫҢ АМАНАТЫ ЕДІ...

Осыдан 20 жыл бұрын болған бір оқиға мені мазалап келді. Оны жазбасам, жерлестеріме жеткізбесем, мойнымда атқарылмай тұрған бір борыш бардай сезінемін де тұрамын.

Бұған түрткі болып, сәтін түсірген мына келе жатқан саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні – 31 мамыр болды.

XX ғасырдың 1987-1988 жылдары сол кездегі Отанымыздың жүрегі Мәскеу қаласында білім алу бақытына ие болдық. Орталық телевизия қасындағы Бүкілодақтық телевизия қызметкерлерін дайындайтын институттың тыңдаушыларымыз. Негізгі тұрағымыз Черемушки ауданы, Вавилов көшесіндегі 14 қабатты қонақ үй. Кеңес Одағынан шет елдерге акпарат тарататын журналистер отбасыларымен тұрады. Оқитын жеріміз Останкино телестудиясы, ол біз тұрған жерден 80 шақырым. Таңертең ерте кетеміз: оқуымыз бар, практикамыз бар, сағат 4-5-терде қолымыз босаса, театрларды, көрме залдарын, мұражайларды аралап, кештетіп бірақ келеміз.

Телевизияның небір мэтрлерімен танысып, араласып жүргенде жұмысқа, техникаға қабілетімді байқап, «Время» бағдарламасының бас режиссері Калерия Кислова мені уақытша жұмысқа қабыл-

дады. Орталық телевизияның барлық атакты дикторларымен, режиссерлерімен коян-колтық араласып еңбек еттік.

Сондай күндердің бірінде таңертең ерте біреу есік какты, ашсам бір карағанда кәріске ұксайтын адам тұр. Қазақпын ғой не болса казақша амандасайын деп, «Сәлеметсіз бе?» - дедім. «Амансың ба, айналайын, мен ассистентімді іздеп жүре едім. кабатты шатастырған болуым керек, кешір,» - деп айналып жүре берді. Елді сағынып жүргендіктен болар “амансың ба, айналайын” деген сөзді естігенде бүкіл ел көшіп келгендей болды. Туған жерден шалғайда өз ана тілінде сөйлесетін адамды өте сирек кездестіріп, домбыраның «дың» деген дауысын аңсап жүргенде ағаның бір ауыз сөзі бойыма күш-куат бергендей болды:

- Аға. кайда барасыз, кіріңіз шәй кояйын, - деп шәйнегімді ала жүгірдім. «Жоқ асығыспын, рахмет», - деп кетіп калды. Содан кешке таман өзімізбен бірге окитын Боран Мұсабаев деген жігіт келіп, «Сені Тұраш ағай шақырады», - деді. Танымайтын кісі мені неге шақырды екен деп бөлмесіне бардым, барсам дастархан жайылған. үй тола ер адамдар.

- Жоғары шык! Қазір айтам, неге шақырғанымды төрге шык, - деді.

- Біздің бүгінгі жиналған себебіміз: «Дом без углов» деген өзіміздің киіз үй жәйлі телефиліміміз Чехославакияда фестивальға катысып бірінші орын алды, соны баска республикадан келген әріптестерімізбен атап өтуге жиналып отырмыз. Мен, “Қазақтелефильмнің” режиссері Тұраш Ибраевпын. Ал сені шақырған себебім, - деді сұқ саусағын маған қарай меңзеп, «шәй кояйын, аға» деп шәйнегімді ала жүгіргенің ұнады. Талай жерді аралап жүрміз ғой, ондай касиет казактан баска халыкта жоқ, рахмет айналайын, тәрбие көрген бала екенсің, өзің кай жерденсің, - деді.

- Солтүстік Қазақстан облысынанмын деуім мұң екен – Тұраш аға тұрған жерінде тізерлеп отыра калды, бәріміз аң-таңбыз. Үндемейді. Бізде де үн жоқ. Екі колын санына койып тізесімен жүріп отырып менің алдыма келіп, басын иді де, - “Мен бүкіл солтүстік-казакстандыктардың алдында басымды иіп тұрмын, мен қарыздармын, мені аштан өлтірмей адам кылған сендерсіңдер”, - деп басын көтергенде жанары жаска толып тұр екен. «Аға, тұрыңыз» деп. екі колынан демеп орнынан тұруға көмектескен болып жатырмын. өзім не ойларымды білмедім, ойым сан-сакка кетті. Бірақ жанардағы жастың тегін емес екенін іштей сездім.

«Халық жауы» деген жаламен канша казак зиялыларының отбасы ойран болды. Соған карамай шәйт болған адамдардың ұрпақтары қоғамнан өз орындарын таба білді.

Сондай адамдардың бірі Тұраш Ибраев ағамыз:

-1937 жылы мектепте оқып жүрген мені сен «халық жауының» баласысың деп, Солтүстік Қазақстан облысы Бейнеткор деген жеріне коньы аударды. Сол елдің адамдары асырап, сактап, оқытты. Киер киімге, ішер тамакка жарымай жүрсек те, ауыл адамдарының пейіліне ризамын. Дархан халкымыз жер аударылып келген кара домалак казак баласы түгіл, эшелон-эшелон болып келген неміс, кәріс, ингуш, шешендерді де паналатып, бір түйір нандарын бөлісіп жеді емес пе?

Мектеп бітіргеннен кейін, ел болып колыма акша жинап беріп, «Оқу оқы, білім ал!»- деп, Мәскеуге шығарып салды. Мен қалай ол елге риза болмаймын, әрқайсысының алдында қарыздармын. ВГИК-те оқыдым, режиссерлік білім алдым, қазір “Қазақтелефильмде” режиссер болып істеймін. Ризамын, ризамын елге дұғай-дұғай сәлем айт, - деп әңгімесін аяқтады.

Осы кездесуді есіме алсам, толғанбай-тебіренбей тұра алмаймын. Көзіме ыршып жас келеді.

Бұл тәлкекке толы халқымыздың тағдырының көрінісі, мыңдаған нәубеттің құрбаны болған жандардың елесі іспеттес-ау. Сол кездесудегі Тұраш ағаның тұлғасы көз алдымда тұрады да қояды.

Кейіннен ол кісі Петропавл және облыс жайында екі телефильм түсірді, соңғысын монтаждап болған кезде 1989 жылы Мағжан Жұмабаевтың шығармалары ақтала бастады. Бас-аяғы жиналып, дайын тұрған фильмге Мағжан атамыздың бір суретін әрең тауып костым. Алда өмір болса, ол кісі жайында жеке бір фильм түсіретін ойым бар,- деген еді Алматыда соңғы бір кездескенімізде.

Бірақ, Тұраш ағамыздың ол арманы орындалмады. 1991 жылы Қазақстанның халық әртісі Тұраш Ибраев қайтпас сапарға аттанды. Алла иман байлығын берсін!

Топырағыңыз торқа болсын, абзал аға!

*Күннәр Қабдөшева
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі*

ОЛАР ҰМЫТЫЛМАУҒА ТИІС

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында бүкіл кең-байтақ Кеңес елінің жер-жерін жәйлаған індет тәрізді «қызыл қырғын-репрессия менің де туыстарымды айналып өтпегенін, орны толмас өкінішпен еске аламын.

Ұлы акын-жазушыларымыз, қоғам қайраткерлері, казактың біртуар азаматтарынан басқа өзіміздің аулымыздың арыстары да, қарапайым ел ағалары да қыршынынан қиылды емес пе?! Біреудің ағасы, біреудің маңдайына басқан ұлы, біреудің жары, біреудің әкесі жалған жаламен атылды, немесе айдауда көз жұмды. Қазіргі таңда қабірлерінің қайда екенін білмей, әлі күнге тәу етер зиратын таба алмай зар жылап жүрген адамдар бар. Сол жандардың бірі менің анам Кәмеш Байқасқызы мен Иманбай атамның жиені Жакия Уақпаевтың қыздары - Әспет, Зура, Зара.

Алпыс жылдан астам уақыт өткенмен, биылғы жылы анамның өмір бойы іздеген, күткен, үлкен ағасы Фазыл Байқасұлының қандай жағдайда айдалып, қандай жаламен еңбекпен түзеу лагеріне жіберілгені туралы деректердің беті ашылып, шындық туы желбіреді.

Шынын айтқанда, анам екеуміз мемлекеттік қауіпсіздік комитеті орналасқан сұр түсті ғимараттың есігін үлкен үмітпен және белгісіз бір қорқыныш сезіммен аштық. Иә, сол кездегі «қырағы» қауіпсіздік комитетінің жалғасы, қазіргі комитеттің де міндеті елді ішкі және сыртқы жаулардан қорғау емес пе?! Қай ел болмасын ланкестермен, нашакорлармен, шет ел жансыздарымен күреседі, елдің саясаты мен экономикасына зиян келтірмеу үшін жанталасады. Ал сол кезде кез келген адамға сенімсіздікпен қарап, кез келген адамды «жапон шпионы» етіп көрсету белен алғаны соншалық, сауатсыз шаруаны, өзінің аулының төңірегінен шықпаған, әліпті таяқ деп, бірді бірге қоса білмеген кісіні, «контрреволюционер» етіп көрсету адам таң қаларлық жағдай. Алла тағала кейінгі ұрпақты сондай зобаланнан сақтай көрсін.

Шешемнің тоғыз жасар кезі екен... Атам Байқас, әжем Бәди, үлкен ұлы Фазыл, келіні Дәріш, немересі бір жасар Ләззат, кіші ұлдары Жағыпар, Құдайберген, Қалинұр, Қамза - бәрі Преснов ауданы Баян ауылында тату-тәтті өмір сүріп жатқан. Ағасы Фазыл денелі, ашан жүзді, аңкылдаған ақжарқын, еті тірі, өзі әнші, домбырашы азамат еді. Отбасының бас көтерер, арқа сүйер қамқоршысы - ол колхоздың есепшісі қызметін атқаратын. Бір күні басқарма екеуі жүз шәйісіп қалады. «Даудың басы Дайрабайдың көк

сиыры» демекші өркөкірек басшы алты кісіні куә қылып, біреуге арыз жаздырған. Көп жылдар өтсе де анамның көз алдында - түсі суық екі милиционердің үйдегі барлық заттарды қопарып, астан-кестен тінту жүргізгендері, қатты шошып, дауысы жер жарып, жылаған қарындасы мен шынғырған бір жасар Ләззатқа қарап ағасының айтқан «жыламандар, менің ешқандай кінәм жоқ, жақында босатады» деген сөзі, сенімді үні әлі күнге құлағынан кетпейді.

Бұл оқиға 1937 жылы 2-ші қазан күні болған еді.

Ағасы 1958 жылы ақталғанмен, еліміз егемендік алғаннан кейін, архив құжаттарының беттерін ашқызуға, сол істерді туғандарына оқытуға болатынын естіген анамның үміті - тым болмаса, архивта сақталған заттарын, құжаттарын, хаттарын, суретін алып жүзіне үңілу еді. Болмады.

Неше түрлі қолдың таңбасы бар бұл қағаздардың ішінде бірнеше хаттамалар мен анықтамалардан басқа ештеңе жоқ болды. «Тінту», «үкім», ақталды» деген бірнеше құжат бар. Қашан өлді, қайда жерленді, қайтқанға дейін қандай жерлерде болды, ондай деректер сақталмаған. Өкінішті. Бірақ сол құжаттарды оқып отырғандағы анам екеуміздің толқып, қиналып, күйзеліп, жылағанымызды сөзбен айтып жеткізуге болмайды. Шаршап, сенделіп, тәлтіректеп, ауыр жүк арқалағандай әзер шықтық. Нағашым ұсталып кеткеннен кейін кішкентай қызы қайтыс болады. келіншегі жылай-жылай үш жылдан соң басқамен отасады, бірақ ол өмір бойы Фазылын аузынан тастамаған.

Шешем ағасының ең соңғы үшбұрышты хатын осы уақытқа дейін мың рет оқып, сонша рет көзіне жас алғаны Аллаға аян. Латын әріпімен әдемі жазылған осы хатты мен де талай оқыдым. 4-ші қазан 1941 жылы Омбы қаласы, 4-ші линия, 90 үйдің мекенжайы көрсетілген. Ол үйде сол кезде қазақтар тұрған, менің аяулы нағашыма жаны ашыған кім болды екен, іздеп барсак, мүмкін ұрпақтарын табармыз деп те ойлайтынмын. Нағашым Жағыпар Байқасұлының іздеу салуымен 1957 жылы 17-ші сәуірде, 1958 жылы 27 ақпанда прокурор Костяевтің жауап хаттары, ал 1958 жылы 5-ші наурыздағы Солтүстік Қазақстан облыстық соты Соколдың Фазыл Байқасовқа қатысты 1937 жылы 3-ші қарашадағы «үштік» шығарған үкімнің күші жойылып, оның біржола ақталғаны туралы анықтамасы, ең ауыр соққы - ол кісіні 4-ші наурыз 1942 жылы түрмеде қайтыс болғаны туралы естірту хаты.

«Қағазға бәрі сияды, қағаз бәрін де көтереді» демекші бір отбасының қайғысына себеп болған, асыл азаматтың обалына қалған

адамдар туралы ойласан, құдайдан қорықпағандарына таң қаласын. «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген сол.

Менің нағашым Фазыл Байкасұлынан басқа, бір күнде, бір сәтте тағы үш кісінің тағдырына балта шабылғанының еріксіз куәсі болды. Оларды да еске алайық. Есіл азаматтардың аруақтары, кейінгі ұрпақтары риза болсын. «Контрреволюционер -ұлтшылдар колхозды құртуға әрекеттенушілер» деген айыппен үш кісі ату жазасына, бір кісі 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдалды:

1. Мырзабаев Жанымбет, 1877 жылы туған, «бұрынғы бай» деп көрсетілген, 2-ші қазанда ұсталып, 3-ші қараша 1937 жылы «үштіктің» үкімімен атылған. Ол да менің атам Иманбайдың үлкен ұлы Базардың туған қайынатасы, біздің кадірлі құдамыз, елдің ардақты адамы еді. Журналист, акын Байтұяқ Жанымбетовтың атасы.

2. Қанафин Мұқыш, 1903 жылы туған, Баян орта мектебінің мұғалімі, «бай-молланың баласы» деп көрсетілген, 2-ші қарашада ұсталып, 3-ші қазан 1937 жылы атылған.

3. Божакөв Далабай, 1896 жылы туған, «Баян» колхозының басқармасы қызметінен босатып, коммунистік партиядан аластатылып, «халық жауы» колхозды тұралатты деп 11-ші қарашада ұсталып, 3-ші қазанда «үштіктің» үкімімен ату жазасына кесіліп, сол күні атылған.

4. Байкасов Фазыл, 1907 жылы туған, колхозшы, 2-ші қарашада ұсталып, 3-ші қазан 1937 жылы «үштіктің» үкімімен 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдалған.

Баласын ұстап әкеткен соң, үкім шығарылмай тұрып нағашы атам Байкас Төлебайұлы Қызылжарға ақ түрмеге іздеп келеді. Қарап тұрса қол-аяғына ауыр шынжыр бұғау салған көп тұтқындардың арасында баласы Фазыл мен Жәнімбет аға өтіп бара жатады. Атамды көріп Жәнімбет аға жылап жіберіпті, ақ сакалын жас жуып алыстай беріпті... Атам баласына бірдеңе айтпақшы болып, ұмтылған екен, жолатпапты. Қатты қайғырып, қамыққаннан есінен танып құлап, бір уақытта есін жиса, тұтқындар көрінбейді, жолықтырмайды. Содан атам елге келіп, қатты ауырып, қайтыс болады.

Тағы бір туысымды айтпауға болмайды. Ол талантты журналист Жакия Уакпайұлы Уакпаев, менің атам Иманбай Қаражігітұлының үлкен апасынан туған. Руы - Бидәлі Уак. Уакпай жездеміні отбасында Бақтыбай, 1909 жылы туған, Жакия, 1904 жылы туған, Кәтия, 1910 жылы туған - үш ұлы болған. Апамыз ерте қайтыс болып, Кәтия емшектегі жас бала кезінде анасыз қалған. Жакия білім алып, Төңкеріс ауданында аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі

болып қызмет істеген. Аудан таратылған соң 1931 жылы Алматыда рабфакта оқып, журналист болып шығып, «Кенес» газетінде жұмыс істеген.

1935-1937 жылдар аралығында Атбасарда аудандық газеттің редакторы қызметін атқарған. Кейін «Ленин туы» газетінде ауылшаруашылық бөлімін басқарған, газеттің партия ұйымының хатшысы болып істеген. 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен ұсталып, ак түрмеге жабылған. Бір ай бойы әйелі турмеге күнде барғанмен жолықтырмаған, содан хат - хабарсыз кеткен. Кішкентай қыздары Әспет пен Зураны ағасы Бактыбай ауылға алып кеткен, ал әйелі кіші қызы Зарамен 1938 жылға дейін қалада тығылып жүріп, кейін елге қайтқан.

Қазір менің жиеншарларым, аяулы апаларым Әспет, Зура, Зара Жамбыл ауданында тұрады. Туған апама, әкелерінен кішкентай кездерінде айырылған апаларыма, басқа да репрессия құрбандарының отбасына сол қарғыс атқан заман енді қайтып келмесін. арманда кеткен асыл азаматтардың жандары жәннатта, топырақтары торқа болсын. Біз ешуақытта оларды ұмытпаймыз, олардың жақсы аты мен жарқын істері өшпек, өлмек емес. Артында қалған ұрпақтары, ел мен жұрт аман болсын!

Марал Зейнел-Ғабиқызы

ӘКЕМ ЖАЙЫНДА Әңгімем

Әкеміз еске түссе дүниеден өткен күні емес, дәл бүгінгі күні әке өлімі жүрекке ауыр, аянышты, өкінішті болып көрінеді.

Себебі ол кезде әрі жасырақ, әрі өмірдің өзі басқа түскен ауырпалығының аумағынан шығалмай, ой- өрісімізді кеңге жазалмай тұрған уақыт па екен.

Шіркін... өкінішті. Әке қазір тірі болса көптеген ой армандарына жетіп, ұлдары Меккеге апарып, қыздары жетпегенін жеткізіп, немерелерін қызықтап, барар жеріне барып, жүрер жеріне жүріп, айтар сөзін айтып, балаларының жеткен шағын көріп, сайрандап өтер кез еді. Бірақ, тәубе, сол қыспақ заманда, албырт жасында қайсарлықпен, қайраттылықпен, батырлықпен өмір сүрді десем артық айтпаспын. 18-19 жасында ағайын- туыстарын, аға-інілерін, жетім-жесір жеңгелерін, бүкіл әулетін зұлматтан сақтаймын деп көш бастап 28-29 жылдары сонау Краснояр өлкесіне ала тартты. Бұл ерлік қой. 1937 жылы ағалары саяси қуғын-сүргіннің құрбандары болды.

Елге деген сағыныш, казак деген намыс еліне қайта алып келді. Ағайын-туғанын жайғастырып, өзі қайнап тұрған қан майданға аттанды. Ұлы Отан соғысында қанды шайқасқа 4 кіріп, 4 шығып еліне мүгедек болып оралады. Бірақ сол заманда жаксы да, жайсаң да, көреалмаушылық, қызғаншақтық, өздері сол соғысқа бара алмай қалғандарға бас имей, тағы елден, енді Уфа-Қазанға қарай туыстарын алып көшті. Сондағы максаты қайтсем ұрпағымды аштан өлтірмей аман сақтап қалу еді.

Қазір ойлап ой елегінен өткізіп отырсам, әкеміздің бір бойында каншама өнер болған.

Қайраттылық, қайсарлық, батырлық, намысшыл, елшіл, көпшіл. Өзін ғана ойламай, өзгені көп ойлаған, ел қамын жеген. Елдің сөзін сөйлеген, тапқыр, іскер ойланбастан тауып тура айту, тайынбай шындықты айту ол кісінің қанына біткен мінезі еді. Жан-жақты көп білетін, тарихтан, діннен мағлұматы мол адам еді. Шарифат, уағыз айтып отыратын. Шежірені өте жаксы таркатып, бәрін жатқа айта-тын.

Әкеміз сондай қиын-қыстау заманда өмір сүре отырып, жүрген ортасында, жанына сал-серілерді жинап, ойын-сауық құрып, аңшылықпен де айналысқан. Әдемі бір терең қалжыңы да болушы еді. Мен бала кезімде педучилищені бітіріп елге (Қазақстанға) жолдамамен жұмысқа бардым. Сонда біздің елдің ақыны Ахметжан Нұртазин деген кісіні көрдім. Ол кісі мені машинасына мінгізіп баратын жеріме апарып салды. (Ол кезде автобус деген жоқ).

Жолшыбай менің аты-жөнімді сұрап, менің әкемді білетін болып шықты. Көп жыл көрмеппі, жастық шағы бірге өткен екен. аңшылық, саятшылық, жігітшілікті бірге құрған әрі өздері бажалау болып шықты. Сонда ол кісі менен сұрады: «Балам, әкең өлен шығара ма,- деді». Мен: жоқ, білмеймін дедім. Ахметжан аға ойла-нып: «Неге қойды екен, суырып салма еді ғой»,- деді. 18-19 жасар мен оған мән бермеппін.

Осы кезде ойласам өнерін ұштамай, өнердің өресіне шыға алмай, өнердің төріне отыра алмай, отыра алмадым деп өкінбей, тіпті бір жолын бір қағазға түсірмей, ел аузында қалсын деп максат қоймай суырып салып айта берген. Ағып жатқан бұлақтай болған екен.

Бала кезімде біздің үй бір клуб тәрізді болушы еді. 49-50 жылдары (10-15 шақты орыс арасындағы казактар) біздің үйге жиналып, әкеміз соларға әңгіме, касса өлендер айтқанда елді аузына қарататын, шыбынның ызыңы естілетіндей тыныштық орнайтын. Әкеміздің еліне елеулі, халқына қалаулы болуына шешеміз көп үлес

қосқан екен. Өзінің биязы, ақылды, шыдамды дана мінезімен бар баланы бағып-қағып, отағасысының тілін тауып, отбасының ұйтқысы бола білген. Біреудің ала жібін аттамай, өмірден аса көп рахат көрмей, есесіне көп бейнет көріп 64 жасында 1981 жылы дүние салды. Өте қанағатшыл шүкір, тәубе деп қана отыратын. Нағашы атамыз Бурабай деген кісінің жалғыз қызы екен. Болған, толған жерден шыкса да төркін жағынан туыстары болмады.

Бурабай атамыз да өте көпшіл, шешен сөйлейтін, аңшы (мерген) еліне өте қадырлі кісі еді. Мен ол кісіні көрдім. Міне шешеміз (есімі Зарипа) аталы жердің қызы, баталы жердің келіні еді.

Әке-шешеміздің алты баласы болды. Менен үлкендері жастайынан қайтқан. Әкеміз қайнап тұрған қан майданнан (Сталинград шайқасынан) 1942 жылы келгеннен кейін мен туыппын. Қазақстаннан Ресейге көшіп келе жатқанда жолда туған соң әкеміз атымды сайрандап жүрсін деп Сайран қойыпты. Екінші қыз баланың атын Шәмшиқамар (ай мен күн) деп атапты. Үшінші балалары Ғали Мұхаммед (Боранбай), төртінші бала Ғосман (Осман), бесінші Ғомар (Омар), алтыншы Сансызбай. Міне, балаларының аттарын да да мағына бар.

Ол кездегі тұрмыс жағдайының төмендігіне қарамастан, әке-шешеміз балаларын оқытуға көп мән берді, отбасында әке-шешеден алған үлгі, тәрбиеміздің негізі болып қалыптасты. Балалар әрмен қарай өз білімдерін жетілдіріп, талаптанып өрге шығуға тырысты. Орта жасқа келсе де кейбіреуі заман талабына сай оқуларын жалғастырып жатыр. Тәубе.

Ата-анамыздың аруақтары еншалла тыныштықта шығар.

Әке туралы қанша айтсақ та, естелік жазсақ та түгендеуге тіл де, өнер де жетпейді. Бірақ, өкінішке орай алтынның қолда барда қадыры жоқ. Бұл әрине табиғаттың, өмірдің заңы ғой.

Әкеміздің ақылы дария, көкірегі шежіре адам екеніне, кейінгі қалған, көз көрген аға-апалардың біріер ауыз сөздері мен естеліктері куә.

Сонымен әке туралы сағынышты жүрегімнен шықпаса да мына өлең жолдарымен аяқтағым келіп отыр.

ӘКЕ ТУРАЛЫ ОЙ

*Өмірдің көрген талай жол торабын,
Әкеден кім аяйды қолда барын.*

*Әкенің ақ тілегін өтеу парыз,
Мен бүгін әкемді айтып толғанамын.*

*Ыстық-ау кім-кімге де әке деген,
Суыққа шалындырмай мәпелеген.
Өмірдің соқпақтарын өрге тартып,
Алдымен адам бол деп жетелеген.*

*Тағдырдың кеуде тосып жартасына,
Біз үшін түскен майдан ортасына
Алаңсыз салып сайран шалқып жүрміз,
Біз бүгін әкелердің арқасында.*

Сайран Бәйкенжеқызы

Айта кету керек, осы естеліктің авторы Сайран Бәйкенжеқызы Өтеубаева «Память» қоғамдық қордың белсендісі ретінде, мына кітаптың шығуын қолдап, өз үлесін қосқан еді.

Әкесі және әкесінің бірге туған екі бауыры саяси қуғын сүргіннің құрбандары.

Әттен, өмірден ерте озған Сайран марқұм олар туралы жазып үлгермеді. Сондықтан сол аталары туралы қысқаша ресми айта кеткен жөн, иманды болғыр Сәкеннің аруағы разы болсын.

РАМАЗАНОВ ХАЛЫҚ (1906-1989)

Есіл ауданы, Тауағаш елінде туған. Әке-шешесінен 10 жасында жетім қалып, немере ағасы Ғаббастың қолында тәрбиеленеді. Ел ішіндегі моллалардан және немере ағасы Қабдолладан арабша сауатын ашады. 1934-1935 жылдары Сәбит Мұқанов және біздің елдің азаматы Балқашов Үмітбайдың қолдауымен Абай атындағы педагогика институтына түседі. Осы кезде әдебиетке талапты, Халықты үйлерінде қол бала сияқты ұстап, білім алуына Мағжан. Сәкен. Үмітбай ағалары ағалық көмегін көрсетеді. Мағжан. Сәкен кеткеннен кейін, студенттер арасында үкіметтің саясатына іштей наразы болған жастар, жабық хаттар жазып, жасырын жұмыстарды жүргізе бастайды. Міне, мұндай шаралар күн санап өрши түседі. Сонда менің есімде бірер шумақ өлең жолдары қалыпты.

*Социалдық сектор,
Қимылдамай тек тұр.
Бес жылдық план,
Иреңдеген жылан.
Біз қазақ бұрыннан,
Күткен күш ұлынан.
Бостандық ұраны,
Қолында құралы,
Әрқашан дайын тұр
Қазақтың ұланы...*

Осы өлең шумақтарын Халық жазды-мыс деген лақаппен 1939 жылы оны соттап жібереді. Оның екі жылы Алматының сот камерасында өткізеді. Одан кейін түнде поезбен алып кетеді екен, сондықтан қайда келіп, қайда жүргендерін де біле алмаған.

1941 жылы ақталып шыққаннан кейін Алматыдан қашық Ұйғыр ауданының бір елінде тіл-әдебиет мұғалімі болып орналасады. Онда да таныс арқылы. Бірақ та бұл тіршілік көпке бармайды. Бір адамдар көрсетіп, тағы да түрме төрінен шығады. Ақыры бес жыл міндетін өтеп үйіне, бала-шағасына қосылады, бұл 1953 жыл еді. Осы жылдан бастап өмірінің соңына дейін Қарасай ауданы, Жетісу кеңшары, Жетісу орта мектебінде тіл-әдебиеттен мұғалім болып қызмет атқарған. Жұбайы Нүриләда осы мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып істеген. Халық Рамазанов 1989 жылы осы кеңшардағы қазақ зиратына жерленді.

Халық зайыбы Нүриләмен екі ұл, үш қыз өсірген. Асқар – полковник, байланысшы, Киевте тұрады. Алатайы – Алматыда ол да байланысшы. Нағима, Әминә, Жәмилә атты қыздары тұрмыс құрып, Қазақстанның түкпір-түкпірінде қызмет атқаруда, жоғарғы білімді.

Ағайдан қайтарында, өміріңізде қандай қиыншылықтар көрдіңіз деп сұрадық. Ол терең күрсініп: «Өткен өтті, оны қозғап не керек» - деп қысқа ғана жауап берді.

Әкеміз осындай қиын жағдайда жүргенде бізді, бесеумізді, тауықтың балапанындай қанатының астында тәрбиелеген анамыз Нүриләға өмір бойы ризамыз, - деп үлкен ұлы Асқар аузынан тас-тамай айтып отырушы еді.

Мен Халық Рамазановтың інісі боламын. Халық ағайды алғаш рет 1949 жылы көрдім. Сол жылы Алматыда ауыл шаруашылық институтында оқып жүргенмін. Ағай ақталып келді дегенді естіп, бұрынғы Қаскелең ауданы, Жетісу кеңшарына іздеп бардым. Ағай-

дың семьясы сол жерде тұратынын бұрынырақ білгем, Нүрилә жеңгеймен танысып бір-екі рет барғанмын да. Үйін бірден тауып, ағайдың жүзін бірінші көріп, құшақтасып таныстым. Менің әкем Ғаббастан аумайды екен.

Ағай қанша жылдар елде болмаса да, елдің карттарын ұмытпапты, көз алдына елестетіп сұрай бастады. Мен білгенімше баяндап бердім. Біздің терең әңгімемізді, Нүрилә жеңгейдің, “Ал, әңгімені шәй үстінде жалғастырайық, Балғабек алыс жерден келді ғой, қарны ашқан шығар”, - деген сөзі бөлді. Сендердің әңгімелерінді мен де тыңдай отырайын. Шәй дә ішілді, кешкі ас басында әңгіме жалғасты, түннің ортасына дейін әңгімелестік.

Оқу бітіргенше 1954 жылға дейін қатынасып жүрдік. Балқашов Үмітбай (ҚазПИ. Мұғалім), Сәбең (Сәбит), Халық ағай бірін-бірі 1928 жылдан біледі екен. Үмітбай ағай үйі Сәбеңді, Халықты үйіне шақырып, солардың арасында мен де болдым. Қолдарына су құйып баталарын алғанмын. Тамақ ішуден де олардың нақыл сөздеріне, әңгімелеріне бірінші рет тойғаным әлі бүгінгідей есімде мәңгілік сақталмақ. Ағайдың жазушылық қабілеті мол екен, әттең сол жылдар... Жатқан жерлері жәйлі, топырағы торқа болғай.

Сол отырыста Сәбеңнің: «Әй қызыл мұрын, жәй жүрсен, сен мықты жазушы болар едің, сенімен бірге оқыған Тайыр Жароков әне қандай жазушы», - деген сөзі әлі есімде.

Мұрнының ұшы қызғылттау болатын-ды. Өзі де қызылшырайлы, сымбатты Сәбеңнің тәрбиесімен өскен абзал адам еді. Сондықтан да болар Сәбеңнің әлгіндей айтуы.

Балғабек Мұстафин

Бейжигитов Аубакир 1901 года рождения, казах. До ареста проживал: Северо-Казахстанская область. Тонкерейский Садовка с. Должность: медсанитар. место работы до ареста: больница. Кем и когда арестован 12.09.1937 г Тонкерейский РО НКВД. Кем и когда осужден: тройка НКВД, 26.11.1937г. Статья: 58-10, 58-11 осужден к ВМН. Дата и орган реабилитации: 17.07.1957г., облсуд СКО. Причина прекращения дела: за недоказанностью состава преступления... Родственники: дочь Бейжигитова Камаш 1926 г.

Бижигитов Абуакир 1901 года рождения, казах. Место рождения: Петропавловский округ Октябрьский. До ареста проживал: Северо-Казахстанская обл. Октябрьский № 12 аул. Должность: скотовод. Место работы до ареста: кем и когда арестован

07.04.01930г. ОООГПУ. Кем и когда осужден: тройка УНКВД, 17.12.1930г. Статья: 58-2 прекращено. Дата и орган реабилитации: 28.11.1989 г., Прокуратура СКО. Причина прекращения дела: Указ ПВС СССР от 16 января 1989 г.

АЙДАУ – АТУ ЖЫЛДАРЫ

1917 жылы Қазан Революциясы барлық халық, ұлт-ұлыс атаулыға тыныштықты бұзып, коммунистік желөкпелер жырық етек шапанды киіп, коркынышты, үрейлі күндерді ала келді, - деді әкем бір кешкілік отырыста. Ауыл 30-40 шақты түтіннен тұратын.

Аман, Жұман, Қаумен, Жәдік - Жамантай отбастары жайлауда киіз үйлерін құрып мал бағып, солардың көмегімен күн көрсе керек. Ал, қыста Есілді жағалай өздерінің баспана қыстауына келеді. Қайсы бірі ағаштан жасалған үйлеріне кірсе, кейбіреулері талдан тоқылған үйлерде тұрады.

Сол кезде бір ел болып бәрін «Дауылбай» - деп атапты. Әлі бірегей заң, ортақ ештеме жоқ, әркім өзінше тұрмыс-тіршілік жасапты. Халық қараңғы, жазу дегенді білмейді, тек патшаға қарсы шабуыл елдің мазасын кетіріп, ақ пен қызыл шайқасы, жұлқысулар, заманының не үшін екенін жете түсінбесе керек. Алай-дүлей бір түсініксіз жағдай.

Алайда ел құлағы елу дегендей қарым- қатынастан естігендерін ел біліп, «Актар» Есілдің арғы бетіндегі «Бәйгел, Шоқай, Түшкені» басып өтіп «Көбешке» жетіпті дегенді естиді. Бұған дейін олар Дмитриевкада, Марьевка, Сергеевкада қызылдармен шайқасыпты, қызылдар жағынан шығын болса керек. Сол туралы біздер 1950-жылдарда әлгі аталған селолардағы қызылдарға ортнатылған ескерткіштерді көрген едік. Ол ескерткіштер қазір жоқ. 1928-1930 жылдарда жоғарыда аталған әр ру бірігіп бір колхоз болыпты. Елдің аты енді «Мектеп» аталып, сол ат бүгінге дейін өзгермеген. Колхозға бәрі мүше болып, егін салу, оны жинау, шөп шабу, мал бағумен айналысқан. Колхозға кірген шаруаларға еңбек ақы заттай берілген. Колхоз малы мүше болғандардан жиналған. Менің әкем өзінің түйесін, екі сиырын беріпті, бір биесін зорлап алған екен. Әкем Сейітбек әділ, шыншыл адам болған. Кішкене күннен бар шаруасына, тазалыққа, өтірік айтпай, адал болуға үйретті. Ол аң, балық аулауды, құстарға, қоянға тұзақ, қақпан құруды үйретсе шешем Рәзипә он саусағынан өнер тамған, киім-кешек тігудің елдегі ең шебері еді.

Менің үлкен ағаларым Дүйсен, Мырзаш, апа-қарындастарым, Нұрыш, Жамал, Нұрикамалдар да еңбеккер адам болды. Солардан Нұрыш, Жұмаш, Нұрикамал тұяқ бармыз. Ал енді 60-70-80 жастағы біздер көрген, рахаты аз, бейнеті мен қиындығы көп, қайғы-қасіреті ұмытылмас таңба сияқты.

Ағам Дүйсен педтехникумды Қызылжардан ашқұрсак болып, жүре ауырып, бір жыл ғана мұғалім болып дүниеден өтті. Мырзаш ағам соғыста: миномет взводының командирі, лейтенант, 15.03.1945 жылы «Висла-Одер операциясында» ерлікпен қазаға ұшырады. Бұл біздерге ауыр қайғы емес пе? Азапты уақыт әсіресе 1935-37 жылдар ғой. Әкем әділ де болғандықтан жұрт оны құрметтеп «Тәте» деп атаушы еді.

1935 жылдың бір күні әкем үшін сәтсіз болды. Ауылдағы «шаш ал десе бас алатындар» сен колхоздың малын «қотырдан» емдемесің, сен байдың жалғасысың деп, қиыннан қиыстырып кінәләп, соттатып жіберіп, ертеңіне Көкшетау жакка түрмеге аттандырыпты. Үйдегі шиеттей балалар, шешем, жылап-сықтап қиын азапты күндерде өмір өткізген көрінеді.

1931-32 жылдарда елді аштық жалмаған күндерде шешем бір ағайынның атын сұрап алып мені “Түшкедегі» Айғожа атам үйіне әкеп тастап кетті. Мен сонда болдым, нағашым да талғажау болатын картоп, нан дегенді көрмедік. Бір күні кешке қарай нағашым үйіне, әкем келді. Мен тура ұмтылып, құшақтап жатырмын. Ол елге сокпай бір жолаушыға ілесіп тура Түшке Бірлікке келіпті. Нағашыларым да амандығына қуанысып жатыр.

Әкемді сол айдалып барған каладан бір танысы кездесіп «сенің кылмысың ауыр емес, сен босайсың» депті. Ақыры ол қорқып елге сокпай келгенінің мәнісі солай екен. Бірер күн болып хабарласып әкеммен бірге елге келдік. Үйдегілер де қуанып еді, бірақ ол көп ұзамай, аңдушылар бұл «қашқын»- деп хабарлап, ұзамай бұрынғы жағына қайта оралды. Онда Мұса қажының Секен деген бажасы естіп, ол сонда қызметте болса керек, ол да елден жаламен «сен қажының баласысың» деп, ел ішіндегілер аса ұнатпағасын. жылысып Көкшетау жағында жүреді екен. Әкемді «енді бір жылдан соң босарсың шыда» деп ақыл береді. Бір жылдан соң әкем босап, ақталып шығады. Сонда да елге баруға жүрексініп, қолында таяк, арқалаған киімдері бар, жаяулап келе жатса, «Кочилевка» деген орыс ауылына кіре беріс көшеде, арбаға жегілген екі түйе көзіне оттай басылыпты.. Түйелерін танып оларды құшақтап жылап жіберсе керек, түйе иесінің иығына ұзын мойнын салып, екі

кара көзінен жас домалады.- дейді әкем. Арба үстінде отырған шешем: «ей түйеде нең бар, неткен қайыршысың», деп арбадан түсіп келсе. өзінің шалы! Құшақтасып, жыласып, есін жиып, әкеле жатқан тамақтарын жеп отырса, ел кезіп шай ішпекші болып кеткен екі түйеші де оралып, сәлемдесіп қуаныпты.

Түйешілер өз жөнімен кетіп, әке-шешем жаяу елге бет алыпты. Жүрістен калжырап, уһ деп ел бетін көрді-ау. «Таспен атқанды аспен ат» деген ғой. Ағаларым Есілге жұтпа құрып ұстаған үлкен шортанды түгел асып, бұрынғы озбырларын әдейі қуаныш дәміне шақырды. «Базекен, Нұреккендер» балық етіне тойып, сорпасын ішіп, ақ батасын, ризашылығын білдіреді. 1938 жылы колхоз егіні бітік өсіп, еңбек ақыға көп бидай беріліпті. Ел адамдары талдан тоқылған, бидай сактайтын, ыдыстарын толтырып астыққа байып, нанға тойған жыл болды,- деуші еді. Біздер, ауыл балалары бастауышты бітіріп, көрші Ленин орта мектебінен білім ала бастадык. Сөйткен әке-шешем, елден топырақ бұйырып, 1971-1992 жылдары 80-90 жас өмір сүріп дүниеден өтті.

Жұмаш Сейітбекұлы

МАТБАЕВ БЕЙШЕШ

Ақмола облысы, Сталин ауданы (кейін Алексеев ауданы) «Ерназар» колхозында туған. Әкем, Матбайұлы Бейшешті 1937 жылы мамыр айының аяқ кезінде. «халық жауы» деп ұстап, Қызылжар абақтысына қамапты. Мен ол кезде үш айлық бесіктегі бала екенмін. Шешемнің айтуынша уақиға былай болған: Түскі шәйімізді ішіп отыр едік, үйге түсі суық үш адам кіріп келіп, -Бейшеш деген сенбісің орныңнан тұр да, бізбен жүр,- деді. Әкем байғұс мені, кең казак көйлегінің етегіне салып, алдына алып отыр екен, 45 жасқа келгенде көрген жалғызы болыппын. Мені тұзды суға да шомылдыртпайды екен, денесі ашиды деп.

Әкем мені шешемнің қолына ұсына бере: «Атыңнан айналайын Бибіғайша, заманың кез болды ғой осылайша». Қайта айналып сендерді көрер-көрмесім екі талай болар,-деген екен.

Айтқаны айдай келіпті. Міне, осыдан бастап сорлы шешемнің көрмегені қалмаған. «Халық жауының» қатыны деп емшектегі баласына да қаратпай, таң сәріден күн батқанша жұмысқа салған. Шешемнің қолында тағы бір жетім қалыпты, ол әкемнің қарындасының қызы – Жайдары. Әке-шешесі қайтыс болып, жетім қалғаннан кейін әкем қолына алған екен. Екеумізді үйге тастап, шешем

кыс демей, жаз демей колхоздың жұмысын істеген. Колхоз бастықтары ең ауыр жұмысқа шешемді салыпты. Тіпті ер адамдар істей алмайтын жұмыс десем де болар еді. Мысалы: кыстың ішінде ауылдан 2-3 шақырым жерде орналасқан малдарды күзетуге жіберіпті. Сол кездері, шешемнің мал қораға түскен, қасқырлармен арпалысқан күндері де болыпты.

Шешем бауырсағын пісіріп, май-құртын қапқа салып, әкемді іздеп осы Қызылжарға келеді. Шамасы күз айы болса керек. Мүмкін әкем атылғаннан кейін іле-шала болар. Әйтсе де түрменің бастықтары «ол кісі жоқ, басқа жакқа аударып жіберді» депті. Сорлы шешем апарған тамақтарын түрмеге тастап, салы суға кетіп, жылай-жылай үйге жеткен екен. Сол кеткеннен әкем хабар-ошарсыз мол кетті. Кейін шешемнің жасы келіп, бір мұнайған кездерінде: «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» дегендей, әкенді күтумен өмірім өтті ғой. «Сен жалғыз боп қалдың-ау», -деп қайғыратын.

Шіркін-ай, әкемді іздеп барған кезде шешеме шындықты айтса ғой. Мүмкін, менің, әкем бөлек болса да, шешемізден бірге туған бауырларым болар ма еді...

Қандай қатыгездік десеңізші! Адамдардың өмірі мен қанын судай төккен кезең болған екен ғой. Шешемнің басына түскен тауқымет мұныменен бітпепті. Кейін келе, шешем тәрбиелеп, өсіріп отырған Жайдары тәтем ер жеткенде (16 жастағы кезі) колхоз бастықтары оны «Ақкөлге» трактористің оқуына жібермек болады. Бірақ ол «тракторист» болмаймын деп бас тартады. Содан міне, - халық жауының қарындасы, колхоз жұмысына кедергі жасап отыр-деп, шағым түсіреді.

Бір күні кешке жакын, мал келерде, тағы да баяғыдай (әкемді әкеткендей) үш кісі келіп тәтем Жайдарыны ұстап әкетеді. Ертеңіне жазған құлда, шаршау бар ма, шешем байғұс Ақкөлдің түрмесіне келсе, оны бүгін таңертең Ақмоланың аржағындағы, 41-разъезге, үш жылға соттап, жөнелтіп жібердік, - депті. Кейін білсем, ол «Карлаг» лагері, халық жауларының әйелдерін, туыстарын қамайтын түрме екен. Шешем жаяу-жалпы, тәтем Жайдарыны іздеп, сол жерге қалай жеткенін айтпай-ақ қояйын. Ағасының артынан бұл да кетті деп жүргенде, үш жылдан кейін абақтыдан босанып, үйге келеді. Ол кісі осыдан екі жыл бұрын 82 жасында дүние салды.

Әкем, шешемнің айтуы бойынша, артынан кісі еретіндей ел ішінде өте беделді және дінге өте жакын болыпты. Шешемнің өзі де өте қайратты, бес уақыт намазын, оразасын, т.б. мұсылманшылық

ғибадаттарды қалт жібермеген. Әкемнің дұшпандары сол жәйттерді пайдаланса керек. Колхоздың басқармалары мен бригадирлері атқа мініп, камшыларымен есікті тарсылдатып: -Халық жауының қатыны жұмысқа шығасың ба, шыкпайсың ба?, - деп әңгір-таяқ ойнатып тұрғаны, әлі күнге дейін менің есімде. Халық жауының баласы деген тауқыметті мен де тарттым, 7- сыныпта басқа балалармен бірге комсомолға барғанда, аудандық комсомол комитеті: -әкесі халық жауы болған екен,- деп мені комсомолға алмай қойды. Сондағы менің жылағанымды айтсаңызшы. Бұл маған бала да болсам үлкен сокқы болып тиді. Көңілім су сепкендей басылды.

Мектепте мен тарих пәнін өте сүйсініп, жақсы көріп оқыдым. Университеттің тарих факультетіне түссем деп, армандадым. Бірақ, бір күні маған ой келді: тарих мамандығын алсам, партия мүшесі болуым керек, комсомолға алмаған, қалай партия мүшесі боламын, -деген.

Содан, 1954 жылы Алматыға барып, университеттің биология факультетіне түсіп, 1959 жылы бітіріп шықтым.

Қазір, Аллаға шүкір, әкем Бейшештің үш немересі, 7 шөбересі бар. Шөберелері ер жетіп, жоғарғы білім алып, алды қызметке орналасып жатыр. Үлкен шөбересі – Сарсенова Мая Москвада 9-жыл дәрігерлік оқу оқып, қазір Астанада кардиохирург болып қызмет істеп жатыр.

Тілменбаев Темірлан деген шөбересі, Россияда Томск университетінің радио-физика факультетінде оқиды. Биыл 3-курсын бітіреді. Алла жазса, ол ғарышты зерттейтін мамандық алады. Жармухаметова Жанар, Сарсенова Меруерт деген шөберелері Әл-Фараби атындағы университеттің философия тарих факультеттерін бітіріп, өмірге жолдама алып отыр. Ең кіші шөберелері – Олжас, Ажар, Дидар биыл орта мектепті бітіріп, жоғарғы оқу орнына түсеміз деп талпынып жатыр.

Мінекей, «Халық жауы» деп саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған әкемнің жалғыз қызынан осындай ұрпақтар өніп-өсіп отыр. Арманда кеткен қайран әкем топырағын торқа, иманың жолдас болсын.

Келешекте осы аталған жұрағаттарыңның еліне, халқына- адал қызмет істеп, аяулы азаматтары болатындықтарына менің күмәнім жоқ.

Манабайұлы Бейшештің қызы Бигайша

АУЫЛЫМ АРДАҚТЫ АТАСЫ

Мәуліт ауданына карасты Бостандық ауылының тумасы Хамит Мүрсәлімұлы 1921 жылы дүниеге келген. 12 жасында әке-шешеден, тағдырдың жазуымен, жетім қалды да, қазіргі Есіл ауданында, елуінші жылдардың аяғында құрып қалған, Креста ауылындағы нағашысы, Досан қаридың тәрбиесінде болып, көршілес Октябрі ауылындағы жеті жылдық мектепті бітірген.

Туған ауылына оралып, 1941 жылы соғыс басталғанға дейін, Бостандық ауылдық кеңестің хатшысы қызметін атқарды. Жиырма жастағы өрімдей жас жігіт Акмоладағы атты әскер дайындығынан өтіп, Батыс Украина майданына жөнелтіледі. 1943 жылы, қан майданның қайнап тұрған бір қырғынында, ауыр жарақаттанған жауынгер Хамит Мүрсәлімұлы, жау қолына түсіп, тұтқындалады. 1945 жылы Кеңестер Армиясы тұтқыннан босатқан соң Хамит елге оралып, үйленіп, Бақытжан есімді тұңғыш қызын сүйіп, Бостандық ұжымшарында есепші қызметін атқарып жатқан еді.

1947 жылдың 28-ші шілдесінде: -Сен немістің қолында болып, қызмет істедің,- деген айып тағып Мемлекеттік Қауіпсіздік Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының басқармасы, абақтыға жауып, 1948 жылдың 25 мамырында Түркістан Әскери Округінің Әскери трибуналы атышулы 58-ші статьясының 16-шы бабы бойынша үкім шығарып, 25 жылға бас бостандығынан айырып, Норильскідегі еңбекпен түзету лагеріне тұтқын болып қамалды.

Қиыр Солтүстікке жазасын өтеуге жөнелер алдында қосылған жары Меңешпен кездескенде: -Мен болсам келмеске кетіп барамын. жас өміріңді қор қылып, мені тоспай-ақ қой, рұқсатымды беремін, басың бос сүйіктім!,- деп, бір-ақ ауыз сөзге шамасы келген Хамит, буыны босап, теріс қарап «Қош!» деген күрсілінен, жүрегі қалай жарылып кетпеген.

Өкініші өңменінен өтіп, тұла бойы удай ашып,өкіріп қоя берген. өксігін баса алмай, боздап екі-ақ жыл құшысып, махаббат ләззәтіне қанып ұлгірмеген жары Меңеш, теңселіп есінен танып қала берді.

Сталиндік лагердің сегіз жылғы сергелдеңін көріп 1955 жылғы амнистияға легіп, елге оралды. Сол тірі тамұқтың тұтқынындағы қорлық, зорлық жайында әңгімелеуді ұнатпайтын еді, Хамит аға.

Жайшылықта да, аз сөйлейтін ақсақал, бітпеген ауыр жан-жарасын қозғағысы келмеді ме екен, әлде жазықсыз жапа шеккен жәбір қасіреті тұла бойын мұздатып, айтуға мұршасын келтірмей ме екен? Әйтеуір, тағдыр тауқыметінің ауыр зілі жеңілдемей, көзі күлімдеген, жүзі жарқын, көңілі жаз Хамит жігіттің ажары солып.

жүрегінің мұзды мұңы ерімей, аксақалдың 80-нен жасы асқанша қасіретті жан сырын өзімен ол дүниеге ала кетті ме екен дейсің.

Сонау лагерден ала келген фанер сандығын, киіп келген шалбарын жарты ғасыр тастамай сақтауының, актарылмай кеткен, көп сырларының бірі шығар-ау. Сұркия заманның сұмырай жылдарының еріксіз елестетіп тұратын ескерткіші ретінде, анда-санда қарап, тәубе – тәубе деу үшін болар, бәлкім.

Тек, бірде көңілі жайылып отырғанда үлкен ұлы Рашиттың қолқа салуымен, Солтүстік лагерьдегі бір көрінісін ғана әңгімелеп еді: - Қаһарын төккен дүлей дауылды боранында аяқ басып жүру бір қиямет еді. Ерсілі-қарсылы жұмысқа, лагерь ішінде тартылған арқанды ұстап, бойлап қана жүреміз. Талай тұтқындар адасып, қар астында қалып жатты. Аштық пен жалаңаштыққа қоса, Норильскінің үскірік аязына үсімеген жеріміз болған жоқ...,- деп көңілі күңіреніп, үнсіз қалған еді.

Жау тұтқынында бір, өз отанының тұтқынында екі қорлық көргені аздай, «пленник» деген қара күйе жағылып, «халық жауы» атын аркалап, тек 1991 жылы ғана, 1993 жылдың 14 маусымындағы «саяси-қуғын сүргін құрбандарын ақтау» туралы заңға байланысты адал есімі ақталды.

Құдайға шүкір, оралғасын, 1956 жылы жаңа отбасын құрып, Зәйкөш есімді қосағымен 46 жыл тату тәтті өмір өткерді. 5 ұл, 2 қыз өмірге келіп өсіп жетті, барлығы өз орындарын тапты. 24 немеренің, 4 шөберенің сүйікті де сүйкімді атасы болды.

Зейнет демалысына шыкса да, өмірінің соңғы жылдарына дейін, бойына біткен қажырлығы мен қайраттылығы аркасында елге еңбек етіп, қолынан шеберлік құралы - балтасын тастаған жоқ. Ауыл жұртына қадірлі де құрметті аксақал еді.

«Шалыммен жарты ғасырдай бас қосып, сыйласып өткеніме өте ризамын. Аяулы азаматтың аркасында, Аллаға шүкір, ауылда, үлкенге қарындас, келін, кішіге тәте, апатай болып өмір сүрдім,- деп Зәйкөш жеңгей өткенін еске алып, ерекше бір толқып кетіп отырады.

Бостандық ауылынан нақаттан әкетілген, алты «халық жауының» ақырғы құрбаны, Хамит Мүрсәлімұлы Мүрсәлімов 80-нен асқан жаста дүние салды. Абзал азаматтың адал есімін, зор адамгершілігін ауыл адамдары ардақтап есінде қалдырды.

Қабірің нұрға толып, иман байлығының рахатына бөленіп, ол дүниенің жарық, жәйлі болсын, ардагер асыл аға!

Болат Мағазұлы Сағындықов

БЕЙНЕТПЕН ӨТКЕН ҒҰМЫР

2006 жылдың күзінде, Сталин лагерлерінің, облысымызда тірі қалған тұтқындарының бірі, Ұлы Отан соғысының ардагері, Уаһап Жоламанұлы Жоламанов, 87 жасында дүние салды. Уаһап аскал бар саналы ғұмырын бейнетпен өткізді.

Үш жасында шешеден жетім қалып, әкесі Жоламан Ебікей байдің баласы және атакты Жылғараның ұрпағы ретінде кәмпескеге легіп, Уаһап 9 жасында әкесімен бірге қамауға алынады. Әуелі сол кездегі Қызыләскер ауданының орталығы Өрнек ауылының клуб ғимаратына жабылып, кейін Қызылжар қаласына айдап әкелінді. Сол жерде, құдай оңдап, өздерінің ауылдасы, Қызыл әскердің сенімдісі, Кеңес өкметіне еңбек сіңірген Сүтемгенов Алыпсбай кездесіп:

-Бұлар бай емес.-деп тұтқыннан босатылды. Жоламан отбасымен елге оралса, ондағы жағдай жәйлі болмайды да, (ағайын ішінде. әдеттегідей түрткі басталады.) Кәтәнәй деген, орыс-немісі аралас елді мекенге көшеді. Сонда Уаһап бірінші неміс сыныбында оқиды. Өміріндегі бар алған білімі де осы болды.

Одан соң бой тасалап сол кездегі қандастарымыздың босыған легімен ішке кетіп, Түмен облысында, Бердюжье ауданының Мишино деревнясына қоныстанады. Мал бағып, ептеп-септеп күн көреді. Уақыт өтіп, елді сағынып қайта оралса, ауыл іші әлі де тынышсыз екен. Отбасының жәйі келмей, Қызылжарға көшіп келіп, әкесі екеуі ет комбинатының малын бағады.

1940-жылы Уаһап, Қызыл Әскер қатарына алынып, Мариуполь қаласы маңындағы Святогорск деген жерде, жазғы лагерде, Финн соғысына дайындықта болады. Сол жылдың маусымында таң атар-атпаста «Дабыл!» деген бұйрықпен, палаткалардан атып шыкса, үлкен шенді әскери офицер неміс басқыншыларының, елімізге соғыс ашқанын хабарлайды. Сол жердегі барлық әскери бөлімшелерді дереу Смоленскіге әкеліп, оқу-жаттығу қаруларын, соғыс қаруларына ауыстырып, толық жарақтап, қан майданға аттандырады. Сол алғашқы шайқаста Қызыл Әскер жауды тықсырып, қуып, Смоленскіден шығарады. Одан арғы соғыс кимылында Уаһаптің взводы қапылыста жаудың қоршауында қалады да, взвод командирі тірі қалған төрт сарбазға, шашыла кейін қашуға бұйрық берді. Бұлардың алды-артынан снарядтар жарқ-жұрқ етіп түсіп, жарылып жатты. Уаһап аяқтан қатты жараланып, жау қолына түседі.

Тұтқындарды қалмақ елінің астанасы, Элистаға айдап әкеледі. Кеңестер Әскерінің Астрахань жағынан шабуылмен келе жатқанын

сезген тұтқындардың бір бөлігі, Уаһаптің бастауымен (таныстар мен сенімділер) түн қараңғысын жамылып, снарядтардың жарқылы толастаған сәтте бір кісідей каша жөнелді. Содан екі күн, екі түн жүріп өз әскерлерінің алдынан қарсы шығады. Жырым-жырым неміс киімдерін киген бұларды Кеңес Әскері немістер екен деп атып тастай жаздайды. -Сендер кімсіңдер?,- деген сұраққа ішіндегі пысығы Уаһап: -Көрмей тұрсыңдар ма, біз орыс солдаттарымыз, тұтқыннан кашып келеміз. Бізге қару беріңдер, сендермен бірге аттанамыз, әйтпесе не істесендер соны істендер.- деп жауап қайтарады. Бұларды Астраханға әкеліп, бір клуб ғимаратына кіргізіп, тамақтандырады. Енді жуындырып, киіндіріп, майданға дайындап жатқанда, Сталиннің бұйрығымен неміс қолында 24 сағат болғандарды мұқият тексеру басталады.

Сонымен 1943 жылдың 10-шы ақпанында бес жылға сотталып, Уаһап Воркутадан бір-ақ шығады. Екі жыл лагердің ащы дәмін татып, зорлық-зомбылықты бастан кешіп, 25-жылға бас бостандығынан айрылып, КАРЛАГ-қа этаппен айдалады.

Тоғыз жыл Балқашта ау тоқып, балық аулап. мыс қорыту комбинатында «қалыпшы» қызметін атқарып, 1954 жылы елге оралады. Петропавл түбіндегі, «Ақбас» мал бордақылау кеңшарында, әртүрлі жұмыс істейді. Үйленеді. Дүниеге сегіз бала әкеліп, өсіріп, ер жеткізеді.

Бірақ, сорға деп жаратылған байғұс басы бейнеттен арылмаған Уаһап жаралы аяғын жұмыста сындырып, мүгедек болып, бір бейнет көрсе, «пленник» деген, жағылған қара күйе кетпей қойып, жаман атқа иеленіп, көрген қорлық жанына батады

Ақыры әділеттілік жеңіп, ақталып, «Ұлы Отан соғысының ардагері» деген, ардақты атқа қолы жетіп, тиісті марапаттарын алды.

Тәнін аралаған ауыртпалық, жанын жаралаған қасірет текке өткен бе?! Кейінгі кезде Уаһап ақсақал төсек тартып неше жылдар жатып қалды.

Жылғарадай тектінің тұқымы, жасынан өмір шынықтырған, қайратты да қайсарлы Уәкен: «көппен көрген ұлы той ғой» деп, мойымай, майыспай өтті өмірден.

-Бір ғана арманым бар – мына тұрған Қызылжар мұражайындағы әкемнің күмістеген ертоқымын бір көрудің сәті түспеді,- деуші еді. Кәмпескеге леккенде жамағайынның қолына түсіп, ол кейін облыстық өлкетану мұражайына берген екен.

Тоғзынан тоқсан жасына жакын тағдыр тәлкегінің тұтқыны, сұмырай саясаттың құрбаны, Ұлы Отан соғысының ардагері, кәдірлі

аксакал, Есіл ауданындағы Талапкер ауылының тумасы, Уаһап Жоламанұлы, осылай өмірден озды.

Ол дүниенің рахатын көруге жазсын!

Болат Сағындықов

“ҚАСТАНДЫҒЫМ ЖОҚ ЕДІ ХАЛЫҚ ҮШІН”

Марқұм анам Мәдина Қостангелдіқызы 1910 жылы туып, 1986 жылы өмірден өтті.

- Тәңірге не жазғанымды қайдам, маған ғұмырымда қиыншылық пен азап бұйырды. Екі мәрте тұрмысқа шығып, алты баламен жесір қалдым. Оның арасында бес жыл абақтыда азап шектім. «Құдай салды, біз көндік» деп, ғазиз бастан өтпеген қиындық жоқ. Әйтеуір, ит-тірліктің күйбеңімен ілесіп, бұл күнге де жеттік-ау!,- деп отыратын анам марқұм, осылайша кейіп сөйлесе де, өте қайсар, әрі өжет адам еді.

Осы өзі айтып отырған өмір ауыртпалығын бір ауық ойға салсам, құйқам шымырлайды. Жас ғұмырында аздаған жыл бұла өсіп, ішім-жемнен тарыншылық көрмегенін, «не ішем, не кием» деп толғанбаған сәл бақытты шақтарын айтпағанда, алғаш рет тұрмысқа шығып, төрт бала сүйген, сәулелі кезеңдері болмаса, отызға толмай тозақтың отына күйгендей «Халық жауы» деген жаламен бес жылға бас бостандығынан айрылғаны арқаны аяздай қариды. Азапты ғұмырдың астарын ашып, аяулымның өмірде көрген нала-қайғысын айтпас бұрын, қолыма қалам алуға мұрындық болған мына бір жайды алға тартуды жөн көрдім.

Таяуда ғана Ғабит Мүсірепов атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында қызмет істейтін зайыбым Ғалия маған:

- «Қазақстан тарихы» деген журналды оқып отырып, апам жайлы дерекке көзім түсті. Арайлым Мұсағалиева деген тарих ғылымының кандидаты, «Ақмоладағы Отанын сатқандар әйелдерінің лагері, тарихи деректерді талдау», деген мақалада тізім жариялапты. Сонда апам да жүр, - дегесін журналды алып оқысам, расында да, әлгі тізімде екінші болып менің анам жазылыпты. «Айсарина Мәдина (5 жыл), күйеуі: Айсарин Әбдірахман (1900 - 1938) «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты хатшысы»,— деген жолдар бар. Деректе жалған жоқ, өйткені анам айтқан кезеңмен дәлме-дәл сәйкес келеді.

Аталған тізімде жиырма тоғыз әйелдің және олардың ерлерінің аты-жөндері, жұбайларының қызметі, туған, атылған жылдары айғақты алынған. Осының ішінде көптеген деректер анам айтқан әңгімелерге сай келеді.

-Бейімбет Майлиннің әйелі Күнжамалмен, Санжар Асфендияровтың зайыбы Рәбиламен, Темірбек Жүргеновтің әйелі Дәмешпен, Нығмет Нұрмаковтың, Сұлтанбек Қожановтың, Қайсар Тәштітовтің, Ұзақбай Құлымбетовтің, Сейітқали Меңдешевтің, Тұрар Рысқұловтың жарларымен бірге отырдым, - деуші еді. Рас болып шықты. - Бірақ, кімнің каншаға кесілгені аса есімде қалмапты. Бейімбеттің әйелі мен сияқты бес жылға сотталған, қалғандары ірі партия қызметкерлерінің әйелдері болғандықтан шығар, сегіз жылға кесілгендері де бар. Бізге кесімді мерзімді кейін айтты.

Адам басына бермесін, ұйқы-күлкі көрмей, мал есебінде болған қазақ әйелдерінің көрмеген зорлық-зомбылығы жоқ екен. Мақалада баяндалған жағдайлар анам айтқан ақиқатпен дәп шығып, бұрыннан көкірегімде беріш болып қатып қалған кекті, қазандай қайната түсті.

-Күнұзақ ауыр жұмысқа салады. Ыстық-суыққа, аш-жалаңаштыққа қарамайды. Арамызда жұқпалы ауруларға шалдыққандар да болды. Ит құрлы көрмейді ғой, сүйреп тастайды. Келесіде көзіңе шалынбаған соң, не атып тастайтынын, не тірідей көме салатынын іштей сезіп, Аллаға жалынып, амандық тілейсің!

Анам үнемі актарыла бермейтін, кейде бір көңіл толқыны тулаған сәтінде ғана, сыр ашады, содан аңғарамын. Айтуынша, күніне екі-ак мезгіл ас береді. Оның өзінде үнемі сасық ботқа, әлжуаз, нәрсіз тағамдар.

- Әдейі өлсін деп істейді. Мұны жемеу керек. Аштыққа шыдап үйренген дұрыс, - дейді арамыздағы көзі ашық әйелдер. Талай рет ереуіл жасағандарды алып кетіп, көзін құртты. Қайта көре алмадық. Қарнымыз ашқанда кантты қуырып, қайнатып, аузымызға салып дәмін аламыз. - дейді анам.

Анамның сотталу тарихы былайша екен: 1937 жылдың жазында жұбайы Әбдірахман Айсарин Қызылордадан Қызылжарға көшіп кетеді. Өзі өте шапшаң, жедел қимылдайтын мінезі жылдам болса керек. Әйелде «әу» дерлік шама бар ма, еріп, төрт баламен Қызылжарға келеді. Соңғы кездері түнеріп алған Әбдірахман, аса сыр аша қоймайды.

- Менің елге неліктен жақындағанымды ашып айтайын ба? - деді бірде. - Қазір бүкіл қазақ оқығандарын ұстап жатыр. Сәкен мен

Лияс ұсталды. Мағжан, Ахмет, Міржақып, Әлихан, Жүсіпбек қамауда. Енді бізге ауыз салады. Ірі партия қызметкерлері де қапаста отыр. Қазір елде бірін-бірі көрсету басталды. Сондықтан, елге жақындадым. Егер мен ұсталып кетсем, балаларды алып, Балуанға панала (қазіргі Шал ақын ауданындағы, Балуан аулында Әбдірахманның туыстары тұрған - 3. Ә.).

Марқұм Әбдірахман да күнінің таяп қалғанын сезген. 1937 жылдың жазында, тамыз айы болса керек, түн ішінде НКВД-ның жендеттері есік тарсылдатып жетіп келді. Қою түн еді. Үрпиісіп атып атып тұрдық. Төрт баламен үйдегі қонып жатқан бірді-екілі қонақтармен жылап-сықтап қала бердім. «Жылдам киін, жолыңа азық ал!» деп келген бір орыс, бір қазақ және біреулер жыландай ысылдап, зекіреді. Әй-шайға қаратпай ала жөнелді.

-Терезеден сыртқа көз салсам, орыстар «Воронка», - деп айтып жүрген торлы, кара машинаға түйгіштеп, мінгізіп әкетті. Міне, Әбдірахманды соңғы рет солай шығарып салдым,-дейді анам.

«Адамның басы - Алланың добы» деген емес пе, бір кездегі кең де сәулелі үй (қазір жұрнағы да қалмаған, анамның айтуынша, бүгінгі Интернационал және Жамбыл көшелерінің қиылысына жақын, бес қабатты үйлердің орнында болса керек. - 3.Ә.) көр сияқты. Бір адам келіп есік қақпайды, «Халық жауының үйі» деп, бәрі сескенеді. «Жығылған үстіне жұдырық» демекші, сол кездері қалада неше түрлі қылмыскерлер, ұрылар, үй тонаушылар қойша өріп кетеді. «Саяси қылмыскерлерді» құрықтағанына мәз ОГПУ, НКВД қызметкерлері, ұры-қарылардың қолын бос қоя берген.

Тұңғышы - қыз бала Айна, бар болғаны сегіз жаста, ұлы Аян жетіде, қыздары Айман мен Азия үш және бір жаста қалған. Үйдегі бар жиған-терген, күнкөріс қамымен, көзден бұлбұл ұша жөнеледі. Бұларды мүсіркеген болып, алдап-арбап, барын талан-таражға салған бұрынғы таныс-жақындар енді алар ештеңе жоғын сезгендей, бойды аулақ сала бастайды.

- Әбдірахманды ұстап әкеткеннен кейінгі үш-төрт ай адам тәзгісіз азап болды. Ет-жакын деген туыстардың езі сырт айналып кетті. Бәрі қорқады, бірдеңесіне ілегіп кетеміз бе, деген секеммен жуи қоймайды. Біреу келсе, қон деп жалынамыз. Түн болса, ұры-қарыдан дамыл жоқ. Бейсауат есік яки терезе қағылса - зәре-құтым қалмайды. Себебі, «ұсталған күйеулерімен әйелдерін де жауып тастап жатыр», деген үрейлі сөз маған да жеткен. Сонымен қойшы. Үйдегі мүлік дегеннің қолға ұстауға жарарын ғана алып, төрт баламен Балуанға кетіп қалдым.

Алайда «халық жауының» ұсталғанынан ауылдағылар да хабардар екен, туыстардың өзі үреймен қарсы алды. Колхозға жұмысқа кіру қайда, үкіштей бір үйге тығылып, көр-жермен күнелтіп отырғанда ауылдың бір белсендісі келіп, Әбдірахманның дүниелерін сұрай бастайды. Анам көзіне түскенді беріп құтылмақшы болады. Былғары, жап-жаңа тужуркасын алды, кілем сұрағасын оған да қолы жетеді, аздап ақшасын қағып кетеді. Бірақ әлгінің ындыны таусылмайды. Ақыры келесі келгенде:

- Сенің күйеуіңнен қалған тапанша бар дейді, соны бермесең, екі көзіңді төрт қылып, итжеккенге айдатып жіберемін! – деп, доңайбат көрсетеді.

- Ағатай, ондай қаруын білмеймін.

- Айтқын келмейді ғой? Жарайды, өзіңнен көр!

Осы сестің түбі ақиқатқа айналып, әлгі ел белсендінің «Балуанда халық жауының әйелі тығылып жүр» деп, көрсетуімен, шешемді Қызылжарға алдырады.

Келе, НКВД-ның тергеушісі жауапқа алады. Шешем «орысша білмеймін, түсінбеймін» дегесін татар және бір казак тілмәші жауап алып, орыс тергеушісіне аударып беріп отырады.

Ал шындығында, шешем орысшаға жетік болатын. Әкесі Қос-тангелді, ел басқарған би, шешен адам болған. Дауларға түсіп, орыс-казакқа беделді де, белгілі екен. Одан соң шешемді асырап алған болыс Жантас та білгір, орыстан тілмәш ұстаған, өзі де көзі ашық, балаларды оқытқан, сауатты, белгілікті кісі. Қалың, Бұйда-лы - Уактың ел-жұртын ұйыстырған адамы екенін, шешем зор ілтипатпен еске алатын. Сондықтан, орысшаны жорта білмегенсіп отырғанын кумүйіз татар да, казак та біледі. Сұрайтындары:

- Үйіңе Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Мағжан Жұмабаев жиі келіп жүріпті ғой. Әлихан Бөкейханов та болған екен. Олар не туралы әңгімелесуші еді? Үкіметке қарсы қандай сөз айтты?!

Анам казак әйелінің әдетінде ерінің сөзіне араласу деген жоқ екенін, мысалы, өзің казаксың, сенің не істеп жүргеніңді, қандай қызметпен айналысатыныңды, әйелің біле ме, өзің айтасың ба? - деп казак тергеушіге қарсы сауал қояды. Жауап ретінде казак тергеуші шешеме қол жұмсап, есінен тандырып ұрған.

Осы арада орыс пен татар ара түскен болып, мүсіркегенсиді. Енді татар жылмандап, іштарта сөйлеп, шынын айтса, кинамай қоя беретін сыңай танытады. Бұл тергеудің зымиян амалы екенін аңқау анам қайдан білсін?

Бірақ өзі де, ері де, жазықсыз дегеннен айнымайды.

- Жазықсыз дейсің, ә?! Сонда біздің үкімет жазықсыз адамдарды жазаға тартып, білместік істеп отыр екен ғой? - деп шүйлігеді. - Сен ондай жаланы қой. Одан да қылмысыңды мойында. Аулыңа қашып барып, ондағы адамдарға Айсаринді жазықсыз ұстап әкетті деп жүрген көрінесің. Онда біздің сенімді адамдарымыз бар. Оның үстіне «Алашорданың» басшыларын Айсарин үнемі қарсы алып жүргенін, Бөкейхановпен бірге Семейге барғанын жасырып отырсың. Біз көршілеріңнен бәрін сұрап білдік. Міне, олардың қол қойып берген куәлары!

Шешемнің алдына Қызылжардағы көршілерінің қолдары қойылған түсініктемелерін көлденең тартады. Бірді-екілі, аралас-құралас жүретін көршілері айдай анық қылып жазып беріпті. Әсіресе, Мағжан Жұмабаевтың жиі болатынын, ол келгенде (1936 жылы) Әбдірахманның қой сойып, қаладағы белді деген азаматтарды қонақ қылғанын да көрсетіпті. Оның үстіне үйдегі тінту кезінде Мағжанның «Мәдинаға!» деген жазумен:

Жастық дәурен гүл болады,

Жайнап тұрған нұр болады.

Гүл-күнімнің, нұр-күнімнің

Ескерткіші бұл болады!,- деген бір шумак өлеңі жазылған суретін де айғақ қылып көрсетіп, «Алашорданың бас ақыны саған жып-жылы тілек арнап суретін береді. Сен оны білмеймін, танымаймын дейсің. Бәрі жалған. Сен де халық жауысың!» - деп айып тағады.

Не керек, төрт бала Балуанда, өзі қазіргі Пушкин, Кәрім Сүтішев көшелерінің қиылысындағы жерде орналасқан қапасқа камалады.

Ығы-жығы камалғандар, азапталған, үсті-бастары күп болып ісінген, таяқпен ұрып-соғудан әбден қажыған саяси сотталғандар «айыптарын мойындап» айдалуға дайындалған шақ. Бұрынғыларын әкетіп, жаңаларын тоғытып, жылап-сықтаудан арылмаған кез.

Жұрттың ойын білу үшін араларына жансыздарды енгізіп, солар арқылы сыр тартатын зымияндық та жасалады. Сондай күндердің бірінде бір әйел ақыл береді.

- Мен прокуратура қызметкерімін. Білімім жоғары. Маған тағып отырған айыбы да зор. Саған тағып отырған айыптары айғақсыз. Әрі кеткенде алты жылдан асырмайды. Одан жеңілден дәме етпей-ақ қой. Бірақ, бір сөзіңнен айныма. Бұлардың бұлталанға салып әурелейтінін мен жақсы білемін Сөзіңнен жаңылсан, құрыдым дей бер. Қаншалықты қылмысың зор болса, бұлар оны ашқа-

нға мәз болады. Әлгі әйелдің сөзі сеп болды ма екен, анам бір сөзінен жаңылмайды.

- «Алашорданың» адамдары келгенде асын даярлап беретінмін. Бірақ әңгімелеріне араласқан емеспін. Мағжан Жұмабаевтың суретін өзім сұрап алған жоқпын Ол күйеуімді білгесін сыйлаған шығар.

Ақыры, тергеу мерзімі тәмамдалады. Бірақ, тергеушілер асықпайды. Үнемі түн ішінде, шырты ұйқыдан оятып, бірін-бірі ауыстырып отырып, жауап алатын әдетін айтушы еді анам. Не керек, бұл да зымиян әрекет қой. Жауап берушіні рухани мүжу, жігерін жаншып, әбден титыктатып, содан соң барып, дайын айыптауды алдына тартып, зорлап мойындату.

Менің қолымда анамды соттау жөніндегі маңызды бір құжат сақтаулы. Оның нақ қай жылы қолыма тигенін өзім де қазір анық айта алмаймын. «Мына жағдайда, былайша алдым» деп қауымды жаңылдырғым келмейді, әйтеуір, анам қайтыс болмай тұрып, бойына сырқат анық кірген, 1985 жылы берді ғой деп ойлаймын. Нақты білмейтінім - сол жылдың желтоқсанында бес жасар қызым Әсем, апа-жездем, жиенім - бәрі жол апатында опат болып, оның үстіне анам сол қайғыдан жатып қалған кездердегі әрі-сәрі аса қиын, сызаты сүйекке түскен қайғының азабымен жүрген шақта берді ме деймін.

1985 жылғы сол азапты оқиғадан соң анам маған ауруының астарын шет жағалап айтты. Содан бір ай бұрын ғана анадай оқиғадан шөгіп қалған уақытта шақырып алып:

- Балам! Мені қойшы. мен бір азап үшін жаратылған жанмын ғой. Аналарды айтсаңшы. Енді сен берік бол. Боркеміктік көрсетуші болма. Бәрі тағдырдың салғаны. Көнесің. Көнбеуге лажың жоқ. Ал, менің ауруым: қылөңеш пе деймін. Мен бұдан да жамаһын көріп келген адаммын. Менен зор, «Мынау!» деген зиялылар да бұл құрықтан құтылмаған.

Тағдырдың салғанына көніп жатырмын! Төбеден ұрғандай сілейдім де қалдым. Өмірде қызығынан шыжығы басым болған анамды ренжітіп, яки, кейпіне кірбің салып көрмеген басым, Алматыдағы қызметімді тастап, Қызылжарда екі қолын жылы суға маламын деп келген, мен, анам үшін тау бұзып, теңіз кешуге даяр едім. Оның бір жылы сөзі жанымға дәру, қайғырған шағы қасірет саналатын. Ішімді у жайлап кеткендеймін.

- Шырағым, сен мені кім ұстатып жібергенін үнемі сұраушы едің ғой. Мен оны саған айтпауға бекінгенмін. Сенің мінезің тік,

тура бетке айтасың. Өзім де сондаймын. Бәрі өзін ойлағандай болсын дейсің. Сен менің балам болғасын мен бұл мінезінді жақсы білемін. Ізгілікті, бауырмалдықты, шыншылдықты қалайсың. Бұл біздің әулетімізден дарыған қасиет. Марқұм әкем Қостангелді би әрі шешенге тартқансың сен. Сондықтан, қанша сұрасаң да, саған әдейі айтпай келдім. Бірдеңеге күйіп кете ме дегенмін. Енді біліп қой. Ол жауыз әлі бар. Балуанда тұрады! Есімі ... – деп, сол жерде айтып салды. Мен енді оны білдім. Мына мақаламда үрім-бұтағының жазығы жоқ қой деп, атын айтпауды жөн көрдім. Дүниеден өтіпті. «Тамұқтың отына күйсін» дегеннен басқа айтарым жоқ. Анамнан қалған, шырылдап әр есікті сағалап кеткен балаларының сол кездегі көрген қиыншылықтары үшін өртенсін тозақ отына, анамның отызға толмай көрген бар азабын көтерсін!

Менің қолымдағы анықтамада (ол Молотов облысының Боровск қалашығында 1943 жылдың 24 маусымында берілгені жазылған). Айсарина Мәдинаның 1910 жылы туғаны, Солтүстік Қазақстан облысы, Төңкеріс ауданының тумасы екені, 1938 жылдың 21 шілдесінде ішкі істер халық комиссарының ерекше кеңесімен Отанын сатқанның отбасы мүшесі (ЧСИР) бабымен бес жыл мерзімге сотталғаны, ішкі істер халық комиссарының және прокуратураның №185-ші директивасымен 1943 жылғы 24 маусымда босатылғаны туралы деректер бар. Осы құжаттың аяғында Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь ауданына баратыны, оған Омбы облысының Петухово стансасы арқылы жететіні де жазылып, анықтамаға Соликамстрой басқармасы бастығының және еңбекпен түзеу лагері бастығының орынбасары мемлекет қауіпсіздігі майоры Еркін мен екінші бөлімнің бастығы Олехнович қол қойған.

Оқырманның назарында «АЛЖИР» лагерінің Соликамскіге қандай қатысы болуы мүмкін деген сауалы туары сөзсіз. Аталған лагерьдің үлкен тармағы осындай кіші-гірім жерлерге тарап кеткен. Сөйтіп, бүкіл елдің өне бойы қамау қапастарына айналған.

Соликамск - қазіргі Пермь облысындағы 1781 жылы іргесі қаланған қала. Шешем осында тұтқында отырған. Аса қиын азапты жылдарда Орал тауының теріскей сілемдерінде жол салумен айналысқан сотталған әйелдердің сор-қамытын киген. Тау сілемдерінен ну ормандарда жол салған, жүздеген жылдар бойы өскен қарағай ормандарда ағаш кескен, тас арқалап, таудан төмен жол тартқан.

- Мұндай қасіретті жауыңа да тілемессің. Таңғы алақөбеден тұрғызып, әбден итсілікпенді шығарып, күнұзақ қара жұмысқа

салып, түн ішінде жатын орынға тоғытады. Ертеңіне тағы да сол сұмдық қайталаанады. Ауру-сыркау сылтау емес. Аяушылық, мүсіркеу жоқ. Әлжуаз адамды табан астында алып кетеді. Содан соң қайта көрмейсің.

Шешем мынадай бір жантүршігерлік оқиғаны айтқан. Бір алып ағашты кесіп құлатуға екі әйел жұмсалады. Әркімге күн сайынғы жүктеме беріледі. Егер оны сол күні орындамасаң - келесі күні, одан қалса, арғы күні... Әйтеуір, сол жүктеме тірі адамның мойнынан түспейді. Шешеммен бірге ағаш кесетін араның екінші құлағын жасы жетпістен асып кеткен еврей кемпірі тартады. Өзі қу сүйегі ғана қалған, арса-арса, дімкәс. Араны тартуға шамасы келмей, құлап түседі. Арыс-тандай ақырып бригадир келеді, көзі шарасынан шығып жатқан кемпірді тепкілей жөнеледі. Ақыры, өлекседей болған байғұсты ағаш арасына сүйреп апарып тастаған. Ертеңіне өзге бригаданың әйелдері таңсәріде жұмысқа кетіп бара жатқанда, сорлы кемпірдің өліп жатқан мүрдесін көріпті.

1943 жылдың басында бұларды Соликамскіден эшелонға тиіп, түстікке қарай айдап әкетеді.

- Орыстың әйелдері пысык кой, «Бізді Қара теңізге апарады екен. Теңіздің мойнағын тұздан тазартқызады дейді бізге. Ондай иткорлықты кергенімізше, осы жерде өлгеніміз жақсы», деп жылап, мал тиелгендей жабық, аздаған санлауы ғана бар вагонды бастарына көтеріп азынады. Келіп тоқтағанда, бізді жұрт көзінен таса жерлерге әдейі бұрып тастайды. Сонымен Қара теңізді де көрдім ғой, - дейді мұнайып.

Қара теңізге келгенде, Орал тауындағы ағаш кесудің тұз аршудың қасында жұмақ екенін, манағы орыс әйелдері біліп жылағанын сезеді. Тұзтазартқыш кемелер теңіз түбінен үлкен шөміштермен көсіп алған тұзды електен өткізген қалпы жолай суын сорғалатып, баржаның үстіндегі үңірейген тесіктерден төмен төгіп тұрады екен. Бұлар сол баржаның ішінде тұзды жан-жаққа жайып үлгеруге тиіс. Құрғақ емес, су тұздың салмағы зіл-батпан, ол жылдам арада жайыла қоймайды. Қолдағы үлкен күрекпен лактырып үлгеруің керек. Тұз төгіле береді, соның үстімен биіктеп, ақыры әлгі тесіктен сыртқа шығасың.

Үлгерсең ғана шығатынын айтқан анам көзіне мөлдіреп келіп, тығылған жасты сүртіп отыр. Аяғаным сондай, енді айтпай-ақ қойшы, апа, деймін де, сәлден соң аяғын білуге ынтызарым ауып, қайта өтінемін. Жүрегінің шаншып кеткенін айтады. Алайда, қайта жалғайды әңгімені.

- Тұз - тілсіз жауың. Үлгермесең, астында қаласың. Сондықтан, жантәсілім жанжаққа ата бересің. Саулап тұрған тұздың астында тұншығып өлгендер не сан! Сендердің көретін жарықтарың үшін Құдай аман сақтаған ғой...

Ақыры мойнақ тазартылып, елу мыңдай адамның қаны мен тері төгілген жұмыс тәмамдалады. Бұл соғыс жүріп жатқан көз, бұла-рға жауынгерлерге киім тігу міндеті жүктеледі. Жасында болыстың қызы болып, бұла өскен анам енді іс тігуді үйреніп, шебер болып алған. Жүктемесін асыра орындап, «түбі бір оралармын!» деген үмітпен елде қалған төрт баласына арнап киім тігіп, қапшығының түкпірінде көздің қарашығындай сақтайды.

- Менің әкем де, інілері де өлеңге бейім еді ғой, - дейтін ол. Әсіресе, әкем Қостангелдінің інісі Құрманғали марқұмның мына өлеңі есімде қалыпты:

Біз келдік Қостанайға күн-түн катып,

Жолдағы катын-бала таңырқатып.

Мал бакқан, тегі жуас момын едік,

Қор болдык талай жердің дәмін татып, - деген шумақты айтып отыратын. Оларды 1930 жылы тәркілеуге ұшыратып, жер аударған. Құрманғали нағашы атамның бұл ұзақ өлеңін кейінде Сәкен деген нағашы ағам жатқа айтып, ел-жұртты жылатқанын көргенмін.

Шешемнің өзі де бірсыдырғы акын еді. Сол абақтыда отырған кездері жұбайына, төрт баласына арнап шығарған өлеңдерін жатқа айтатын. Көбі жадымда қалмады. Тек мына екі шумағын жаңылмай жаттап алғаным бар. Мұның өзі ананың балаға деген ең асыл сезіміне айғақ боларлық елең. Оның үстіне езінің жазықсыз жапа шеккенін де ұқтырады.

Құс болып құтылар ем, қанатым жоқ,

Сағынған құлындарға баратын боп.

Жүздерін бір керуге күнім жетпей,

Қорқамын қу сүйегім қалатын боп.

Жанады құлындарға сағынышым,

Оларға аман-есен бару үшін.

Бес жылға тар қапасқа қамалдым-ау,

Қастандығым жоқ еді халық үшін...

Жоғарыда анамның бір басына жетерлік қасіретін айтып едім. Сол анық та ақиқат. Әкесі Қостангелді марқұм шешемді немере інісі Жантастың бауырына салып береді. Жантас Кеңес өкіметі кез-

інде де болыс болған, көзі ашық адам екен. Ақ кашып, қызыл құған заманға тап болып, екеуінің де зорлық-зомбылығын бастан өткерген.

- Қазір сендер айтып жүретіндей емес, қызылдар да, актар да казакқа бірдей тізе батырды. Бірде қызыл партизан Дмитрий Ковалевтің отряды біздің үй отырған Шәлінке болысын (Жамбыл ауданы, Есперлі аулының маңы) камады. Жазықсыз, жазықты деп айырмайды, табан астында атып тастайды. Мен онда он-он бірдегі баламын. Бірақ бәрін сеземін. Жас қыз-келіншектер бет-ауыздарына күйе жағып, кәрі көрінгісі келеді. Үйге ақырып кірген партизандар, қызыләскерлер колдарына түскенін алады, қарсы келгенді табан астында тепкілеп, қан-жоса қылады. Әйелдерді отырған орнынан жұлып алып -бет-ауыздарын жуғызып, жастарын орман ішіне сүйреп апарып зорлап тастайды. Бейшаралар үйілген жүктің, қорадағы шөптің арасына тығылады. Тінтіп жүріп тауып алып, зорлап кетеді. Бірде осындай оқиға үстінде ауыл ақсақалдары Пресновкадағы Ғалауетденге кісі шаптырып (Ғалауетден Мәмеков - орысшаға өте жетік кеңес қызметкері, 1938 жылы «халық жауы» ретінде атылған), ол жетіп, ауылды ойраннан аман сақтап қалған.

Ковалевтің отряды, ойранды кейін де неше мәрте жасап, бір ретінде болыс Жантастың хатшысы орыс жігітін жас балалардың көзінше атып кеткен.

- Әкемнің әдемі келген ұзын бойлы, аса үндемейтін, біздерді өте жақсы көретін орыс хатшысы болды. Өте ұқыпты, таза, жазуы маржандай. Жасы отыздың шамасында. Бөлек бір үйде тұрды. Жуынып-шайынып жатқан жеріне барып қалғанда тісін тазалап, сабынын ұстап күліп тұратын. Бізге қант, кәмпит беретін. Болыстың қызы болғандықтан ба, мені ерекше жақсы көрді. Әріптерді ежіктеп оқытатын. Бір күні (1921 жылы болса керек. **З. Ә.**) сұсты Ковалевтің өзі оны алып шығып, ағаш ішіне ала жөнелді. Шешелеріміздің «Бармаңдар, өлтіріп тастайды!» дегеніне қарамай, тасалап барып сығаладық. Ағаш түбіне тұрғызып қойыпты. Бір кезде гүрс еткен мылтық даусы шықты. Қаша жөнелдік. Әлгілер дайын аттарды мініп алып кеткесін барсақ, шекесі үңірейіп өліп жатыр екен.

- Сол жолы әкемді де өте қинап, атып тастай жаздады, - дейді анам. - Мылтықты тамағына таяп:

- Атты кімге байладың? Бізге ме, актарға ма?!-дейді.

- Сендерге, - дейді әкем.

- Жок, сен қу актарға байлап отырсың!

Одан құтылдық па дегенде актер келеді. Олар да асығыс-сүргін. Олар да осылайша жолдағысын жайпап, жандырып, өртеп, өлтіріп кетеді.

...1928 жылы Әбдірахман Айсаринге тұрмысқа шығып, тоғыз жылғы бакытты тұрмыстың соңы әлгіндей азапқа айналып тынады.

1943 жылы еліп-талып елге жеткенде әлі ақталмаған, оның үстіне күйеуі «халық жауы» деп, 1938 жылы атылған, оны кім төріне шығарсын? Төрге шығу қайда, ұжымшарға қабылдамай, жылап көріскен төрт баласымен сүйретпеге салғандай, орман ішіне апарып тастайды. Орманға барып паналап жүрген өзі. Барар жері, басар тауы жоқ болған соң, егіншілердің қосында оларға тамақ даярлауға қолы әрең жеткен. Екі әкесі Қостангелді мен Жантастың жақсылығын білген бір жанашырдың ісі ме әлде ері Әбдірахманды қадірледі ме екен, әйтеуір, балаларын аман сақтап, жан сауғаласын деген бір жанашыр табылған шығар. 1943 жылдан 1947 жылға дейін қазіргі Тимирязев ауданындағы Дмитриевка селосы мен Шал ақын ауданының Чапай аулының арасындағы орманда күнелткен.

Менің әкем Рамазан Әкімжанов марқұм Әбдірахманның туған бөлесі екен. Сол жылдары оның бірінші әйелі өмірден озған. Бүкіл ағайын-туғанға, тамам елге аға болған, әйгілі еңбек озаты, ферма басқарған сол өңірге түгел беделді, мактаулы, абыройлы адам болған соң «Әбдірахманның балаларын жетімсіретпеймін, әйелін жесір атандыр-маймын!» деп көңілі жарасқан. Әкем әйтеуір бір әйел іздеген адам болса, ел ішінен отасар жан табылмады демеймін. Басын қауіпке тоса отырып, ақталмаған адамды жар етіп, төрт балаға әке болған. Кейін жоғарыда атап өткен әпкем Ғайнижамал (1948 жылы еді) және 1951 жылы мен туыппын.

Әкем марқұм мен алтыдан асканда ауырып қайтыс болды. Тағы да тағдыр тауқыметі басына түскен анам 1959 жылдың жазында Қызылжарға көшіп келіп, бар болғаны қырық жеті жасында екінші рет жесірліктің зардабын шекті.

1986 жылы қолымнан арулап о дүниеге аттандырған анам Мәдина: аса батыл, өткір. тілге шешен ары да, жаны да таза адам еді. Үсті-басына қылау жұқтырмаған, үй ішін аса таза ұстаған, іске де, асқа да бап, өнерпаз да өрелі болды. Оны жақсы білетін алыс-жақын адамдар «Текті атаның, текті әулеттің жаны ғой!» деп айтатын. Бізді - әпкем екеуімізді, қыздарынан туған жиендерін, немерелерін үнемі адалдыққа, турашылдыққа, білімдарлыққа, білмегенді үйренуге, өмірдің қиындығынан жасымауға, біреуге көзді сатып, жалынып-жалбарынбауға баулыды. Жалған айтудан, жарамсақта-

нудан аулақ болуды талап етті. Жеңілген жер болған қылығымды көрсе, жігерімді жанып, ақыл-кеңесін беріп, канаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірді. Мен марқұм анамның алдында мәңгілік қарыздармын осы үшін. Өмірдің ең бір қиын кезеңдерінде қабырғасы кайысса да, сынбаған, адамдық тұлғасына шаң жуытпаған асыл анамның аманатына кір жолатпай ғұмыр кешу өмірлік мұратым деп білемін...

Зейнолла Әкімжанов

АСЫЛ БЕЙНЕ

Тарихымыздың ащы шындықтары егемендікке қолымыз жеткеннен кейін ғана ашылып, көңілімізді алаң етіп, мазамызды кетірген ойларымызды, пікірлерімізді, ұсыныстарымызды іркілмей, еркін айту мүмкіндігі бертін ғана туғанын мойындасак керек. Өткенсіз бүгініміз жоқ екенін талайына тағдыр жазғандар ғана емес, қазіргі және келер ұрпақ ұғынуын, зердесінде ұстап, пайымдай алуларын, сабақ болуын қалар едік.

Біздің әкеміз Жакия Уакбаев кешегі Сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған қатардағы журналистердің бірі ғана. Ол 1904 жылы Уакруының Әбдіреш-Нұркан ауылында (қазіргі Жамбыл ауданындағы Есперлі ауылы) туған. Жасында ауыл молдасынан оқып, сауатын ашқан. Ұлы Октябрьдің дүмпуі әкемізге де әсер етіп, ауыл арасындағы саяси жұмыстарға араласа бастаған. Заманның ағымына қарай, қысқа мерзімдік курстарда оқып, 1924-1927 жылдары ауыл мектептерінде мұғалім болған. 1925-1931 жылдары Төңкеріс аудандық /қазіргі Жамбыл ауданы/ оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. Қарап отырсақ, сол тұстағы адамдардың оқуға, білімге деген құштарлығы алабөтен болса керек. Жан бағуды ғана қанағат тұтпаған.

Әкеміз 1931 жылы елімізді жаппай жайлаған аштыққа, басқаға да карамастан, Алматыда Комвуздың қысқа мерзімдік журналистика курсын тауысады. Содан кейін Төңкеріс аудандық «Кеңес» және Атбасар аудандық газеттерінің редакторы болыпты.

1935-1937 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» қазіргі «Солтүстік Қазақстан» газетінде ауыл шаруашылығы бөлімін басқарған, әрі партия ұйымының хатшысы болған.

Анамыздың айтуы бойынша, әкемізді 1937 жылдың 20 желтоқсанында жұмыс орнынан ұстап әкеткен көрінеді. Таңертең жұмысқа кеткен әкемізді анамыз түскі тамаққа күтеді, келмейді, кешке дейін күтеді, келмейді.

Ертеңіне қызмет орнына іздеп барса, тұтқындап әкетіпті. Бір айдай сергелдеңге түсіп, сабылғанымен, анамыз әкемізбен жолығып-са алмайды. Өзі жоктың көзі жоқ емес пе. Үйден таяқтағандай қуып шығады. Шиеттей үш қызын (Әспет, Зура, Зара) ауылға жіберіп, өзі Мұхаметжан деген кісінің үйін паналап, бір жылдай тұрады. Елге оралғанның өзінде маңдайы тасқа тигендей болады. «Халық жауының әйелі» деген айдар кенедей жабысып, қыр соңынан қалмайды. Үрей мен күдігі қатар жүріп, колхоз жұмысына араласады. Көппен көрген көрешегі шығар, бәрін қайталап айтып қайтейін.

Осыдан аттай 40 жыл бұрын 1957 жылы Түркістан әскери округінің әскери трибуналынан әкеміз ақталды деген хабар алдық. Одан кейін араға 32 жыл салып барып, 1989 жылдың шілдесінде Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы партиялық жағынан да ақтады. Әрине, құрбан болған әкеміз тіріліп, ортамызға қайтып оралған жоқ. Бірақ, адал есімі ақталғанының өзін қанағат тұттық, қуандық. Өйткені әкеміздің адалдығын, халық пен қоғам алдында зәредей кінәсі жоктығын өзіміз білсек те, ел біле бермейтін. Оның ұрпағы, біздер, құсалықпен күн кешкенімізді, алдымыздан үмітімізді үзбегенімізді, тырбанып еңбек еткенімізді несін жасырайық.

Әкеміз жайында журналист Мәлік Мұқанов кезінде өзіміздің «Ленин туы» газетінде «Жария етіп, ақтайық» айдарымен «Телегей трагедияның тырнақтай сынығы» деген мақаласында келістіре жазып, көңілімізден шыққан еді. Ол архив құжаттарының ізімен іздене тексеріп, кінәсі жоктығына қалың оқырман көзін жеткізген болатын.

Мәлік ініміз анықтағандай, әкеміз жалғыз сотталмапты. 1937 жылдың 5 ақпанында онымен бірге бес адам сотталыпты. Соттаушы - Ішкі Істер халық комиссариатының Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасының «үштігі». Айыптаушы прокурор да, айыпкерлерді қорғайтын адвокат та қатыстырылмаған. Ол ол ма, сотқа айыпталушылардың өздері де қатыстырылмапты. Үкім олардың сыртынан шығарылған. Оларға ақталу тұрмақ, бір ауыз ақтық сөз айтудың өзіне мұрсат берілмеген. Қаһарлы «үштік» алты адамның өмірі мен тағдырын бір-ақ парак қағазға сыйдырған. Бесеуі ату жазасына, біреуі он жыл лагерьге кесілген.

«Біздің бұрынғы қаламдасымыз Ж. Уакбаевтың «халық жауы» ретіндегі қылмыстары қандай екен? Одан жауап алу протоколында былай делінген: «Саналы түрде газет бетінде көктемгі егіс, күзгі орақ, сүдігер жырту наукандарына әзірлік туралы жазбаған. жазса

кешіктіріп жазған. Газет бетінде ауыл шаруашылығының стахановшыларын екпінділерін көрсетпеген. Лайық емес адамдарды мактап жазған». Бар «кылмысы» осы.

Ал, шынтуайтына келсек, Ж.Уакбаев сабырлы мінезді, кішіпейіл, үлкенге де, кішіге де жұғымды азамат, өз ісіне, Совет үкіметіне шынайы берілген коммунист болған.

1957 жылы оның ісі қайта қаралғанда Ж.Уакбаевпен кезінде бірге қызмет еткен Ғ.Нұрмолдин, Н.Ибрагимов, Қ.Сүлейменов тәрізді журналистер оған осындай мінездеме берген, деп жазған еді М.Мұқанов.

Өткен қайтып оралмайды. Әкеміздің артында қалған ұрпағы - біздер бармыз. Оның асыл бейнесін, азаматтық тұлғасын біз әрқашан жадымыздан шығармаймыз.

Жақияқызы Әспет

«ДӘУІР ОТЫНА КҮЙГЕНДЕР»

1924 жылы Петропавл округінің Октябрь ауданындағы № 11-18 ауылдарында жасырын «ЖАТ» ұйымы («жаңа төңкерісшілер») құрылған. Оның құрамына Кеңес өкіметі орнағанға дейін әлеуметтік жағынан дәулетті болған, бай есебіндегі жасы 60-қа дейінгі азаматтар кірген. Облыстық ұлттық қауіпсіздік департаменті мұрағатының деректері бойынша ұйым мүшелерінің арасында Шыңғысхан ұрпақтары да болған. Жалпы «Жат» ұйымының мақсаты тәуелсіздік және әділеттілік орнату еді.

Мұрағат деректерінің мәліметтері бойынша ұйымның басшылары «Алашорда» мүшелері Біләл Молдыбаев пен Жұмағали Тілеулин болған. Кейіннен екеуі де қуғын-сүргінге ұшырап, Б. Молдыбаев НКВД-нің «үштігінің» қаулысымен ату жазасына кесілген. Жұмағали Тілеулин «ЖАТ» ұйымынан басқа «Табалдырық» және «Алқа» үйірмелерін ұйымдастырған. Көрнекті қайраткер Отанымыздың егемендігін аңсап, сүттей ұйып отырған елді теңіздей толқытқан сталиндік тәртіптің саясатымен келіспей, өз пікірін ашық түрде жариялағаны үшін концентрациялық лагерьге 5 жылға қамалды.

Ұйымның «ЖАТ» деп аталу тарихы бар. Октябрь ауданындағы № 11-18 ауылдарындағы ұйымға кірген ауыл тұрғындарының кезекті жиналысында Ахмет Жанталин: «Ұйымның атын өкімет сезіктенбейтін атаумен атау керек. Соған сәйкес ұйымның атын «ЖАТ» деп қойыңдар. Сонымен қатар өз аттарыңды өзгертіп, бүркеншік атпен керек кезде араласыңдар» дейді.

Ахмет Жанталин 1869 жылы Көкше өңірінде дүниеге келген. Әлеуметтік тегі – байдың баласы. 7 жасынан бастап ауыл молдасынан 6 жыл дәріс алады. 1888 жылы Троицк қаласында «Рассулия» медресесін тәмамдап, еңбек жолын жиырма бір жасында өз елінде, яғни № 11 ауылда Октябрь ауданында мектеп ашудан бастайды.

1930 жылы нан өнімдерін дайындау жөніндегі бакылау санын бұзғаны үшін мал - мүліктері тәркіленген. Қамауға алынғанға дейін мал шаруашылығымен айналысқан.

1930 жылдың 19 қаңтарында Ахмет Жанталинді қамауға алады. 1932 жылғы 11 наурызда Петропавл округі бойынша ОГПУ «үштігі» төңкеріске қарсы ұлттық топтың мүшесі және Кеңес Одағына қарулы түрде шабуыл жасады деген айып тағып, 5 жылға бас бостандығынан айыруға шешім шығарады.

№ 02755 мұрағаттық қылмыстық іс бойынша 8 адам «ЖАТ» мүшелері ретінде сотталған. Атап айтсақ, Әбжан Темірбеков Петропавл округінің Октябрь ауданындағы № 12 Қуандық ауылында 1869 жылы дүниеге келген. Ауыл молдасы. Алашорда мүшесі. Шамамен 1928 жылы Көкшетауда болған діни съезге қатысқан.

Бақыт Әбжанұлы Темірбеков 1905 жылы Петропавл округі Октябрь ауданы №12 ауылында дүниеге келген. 16-20 жаста кеңес мектебін, кейіннен ауыл шаруашылығы техникумын тәмамдаған. Комсомол қатарынан халық жауы ретінде шығарылған. Мал өсірумен айналысқан. Үйленген. Асырауында үш адам болған. 1924 жылы «Бостандық туында» әкесінің Кеңес өкметіне қарсы «қылықтарын» әшкерелеп, оның Мағжан Жұмабаевты қатты сыйлайтынын жергілікті құқық органдарына жеткізуге мәжбүр болған.

Нұртаза Биғалыұлы Сәкенов 1908 жылы Петропавл округі Октябрь ауданы № 18 Казгородок ауылында дүниеге келген. (Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Сырымбет ауылы). Шарни Дәулеткерейұлы Бексұлтанов Петропавл округі Октябрь ауданы № 18 Казгородок ауылында 1902 жылы дүниеге келген. Комсомол қатарынан 1927 жылы шығарылған.

Фаттах Әбілғазыұлы Әбілғазин Петропавл округі Октябрь ауданы № 18 Токсанбай ауылында 1872 жылы дүниеге келген. Мұрағат деректері бойынша атасы көшіп келген башқұрт Ф.Әбілғазин Омбы орталық медицина мектебін тәмамдап, ауылында мед

фельдшер болып қызмет атқарған. Мұрағат деректері оның «ЖАТ» ұйымының ең алғашқы жетекшісі болғанын растайды. Аталмыш адамдар 1930 жылдың 7 сәуірінде қамауға алынып, Қазақстандағы ОГПУ-дың «үштік» қаулысының 1930 жылғы 17 желтоқсанындағы шешімі бойынша Әбжан Темірбеков, баласы Бакыт Әбжанұлы, Шарни Дәулеткерейұлы Бексұлтанов төңкеріске қарсы ұлтшыл топтың мүшесі және Кеңес Одағына қарулы түрде шабуыл жасады деген айыппен 5 жылға бас бостандықтарынан айырылады, ал Фаттах Әбілғазин 3 жылға КарЛаг-қа камалады. Кейінгі тағдырлары жайлы мұрағат деректері жоқ. Дегенмен 1937 жылдың 29 желтоқсанындағы «Ленин туы» газетіндегі «Алашордашыл екі жүзді сұмдардың бет пердесін жырту керек» деген мақаланы журналист Тұрлыбек (мүмкін бүркеншік аты болар) жарыққа шығарып, Фаттах Әбілғазин және оның жанындағы жолдастары, туыстары жөнінде жағымсыз іс-әрекеттерді қозғап, ашық түрде газет бетіне жазады.

Әубәкір Бижігітов Петропавл округі Октябрь ауданы № 12 ауылында 1901 жылы дүниеге келген. Ауданды халық жауларынан тазарту кезінде комсомол қатарынан шығарылған. Үйленген. Асырауында 5 адам болған. «ЖАТ» ұйымының мүшесі.

Қошмолда Сәлімжапаров Уфа қаласында 1861 жылы дүниеге келген. Тұрғылықты жері – Октябрь ауданындағы № 12 ауыл. Баласы Файзулланың көмегімен Әбілғазин Фаттах екеуі «ЖАТ» ұйымын басқарған. 1930 жылдың 7 сәуірінде Ә.Бижігітов екеуі қамауға алынып, Қазақстандағы ОГПУ-дың “үштік” қаулысы бойынша осы жылдың 17 желтоқсанында алдында отырғанын есепке ала отырып, бостандыққа шығарылады.

8-ші айыпкер – жоғарыда аталған Жұмағали Тілеулин.

Мұрағат деректері бойынша «ЖАТ» ұйымын Көкше өңіріндегі көптеген азаматтар қолдаған. Сәлімжапаров Қошмолданың өтінішімен ОГПУ қызметкерлерінен ұйымға қатысты құжаттарды № 11 ауылдың тұрғыны Сұлтан Жанғозин жасырын жерде ұстаған. Молдахмет Рамазанов, Нашарбек Жүсіпбеков сияқтылар «ЖАТ» мүшелерін жактап, қолдан келер көмектерін берген.

«ЖАТ»-тың тағдыры, міне, осындай.

*Руза Рақымжанқызы
ҚР ҰҚК Солтүстік Қазақстан облыстық
департаментінің қызметкері*

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР

1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін 1940 жылдары да басылған жоқ. Халық арасында біреу байкамай Кеңес үкіметінің саясатына немесе жергілікті басшыларға сын айтса болды, оны жауапқа тартып, соттап жіберетін болды. Мысалы, біздің «13 жылдық» ұжымшарының (Ынтымак ауылы) қатардағы мүшесі Нүркебаев Құрман деген жас жігіт бірдеңеге келіспей ыза болып, бригадирді боктағаны үшін бір жылға 1939 жылдың күзінде сотталып кетіп еді, содан елге қайтпады, қай жерде, қашан, қалай өлгені белгісіз.

1940 жылдың 26 қыркүйегінде НКВД-нің Октябрь аудандық (қазіргі Шал ақын ауданы) бөлімі біздің ауылдың алдыңғы қатарлы белсенді колхозшылары Байсалбаев Әбу мен Жаңқабаев Құсайынды тұтқынға алды. 1941 жылы екеуі де сотталып, 6 жылға еңбекпен түзету лагеріне жіберілді. Сонда олар не үшін сотталды? Бар болғаны олар колхоздың жалпы жиналысында аудан басшыларының қателіктерін сынағаны үшін. Сынағанда олар колхоздың жұмысы жақсы жүруіне аудан басшыларының қате бұйрықтары бөгет болғанын айтады. Ал мұнда тұрған қандай қылмыс бар? Жоқ ол кезде солай ай-шайға қарамай сотталып кете барды. Екеуі де елуден асқан азаматтар еді, сол кеткеннен елге қайтып оралмады. Сол еңбекпен түзету лагерінде әрі ауыр жұмыстың, әрі аштықтың азабын тартып өліпті. Олардың аштан өлгенін сол лагерьде бірге болып, әйтеуір еліне аман келген Қарағанды облысының бір адамы айтыпты. Бұлар тек 1993 жылғы 4 қарашада толық ақталды.

Әбуден ұрпақ қалмады. Құсайынның артында сол кезде 15 жасар Айбас деген баласы қалды. «Орнында бар оңалар» дегендей, ол ер жетіп, елге белгілі азамат болды. Бірнеше жыл аудан колхоздарында бухгалтер болып істеді. Өсіп келе жатқан абзал жігіт еді, әттең сұм ажал оны да бұл дүниеден ерте алып кетті. Артында жас жұбайы Сәйлә, Төлеген, Медебай атты ұлдары мен Қарлығаш есімді қызы қалды. Медебай ешқандай соғыссыз бейбіт заманда әскерде өз міндетін атқарып жүргенде Кеңес офицерінің қанды қолынан қаза тапты. Төлеген мен Қарлығаш қазіргі Тимирязев ауданында әрқайсысы өз отбастарымен тұрып жатыр. Сәйлә жеңгеміз осыдан бірнеше жыл бұрын дүниеден өтті. Енді мұндай жазықсыз адамдарды жазалау болмасын, елімізде тыныштық болсын деп тілейміз. Жаңқабаев Құсайын 1891 жылы туған. Тұтқынға алынғанда 49 жаста. Байсалбаев Әбу 1906 жылы туған, тұтқынға алынғанда 34 жаста.

Қайролла Мұқанов

ЕКІ РЕТ ТҰТҚЫНДАЛҒАН

Елімізде әр жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар мыңдап саналады. Солардың бірі Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Есіл ауданындағы Қарабұлақ ауылында (қазір бұл ауыл жоқ) 1896 жылы 18 ақпанда туған Нұрмағамбет Жамшин. Ол кезінде Қызылжарда мұғалімдер курсына оқып, Орынборда халық ағарту институтын, Мәскеуде өнеркәсіп академиясын тәмамдайды. Қызылжар қаласында қазақтың жетім балаларына арналған коммунна мектебінде оқытушы, Қарқаралы аудандық колхоздар одағының төрағасы болып қызмет істейді. Жиырмасыншы жылдары басмашылармен күреске қатысады. Арал атырабында Адайлар елінде Кеңес өкіметін құрысады. Кейін Спасск зауытының оқу комбинатының директоры, зауыт директорының өндіріс бойынша орынбасары қызметтерін атқарады. 1934 жылдан Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының мүшесі, Шымкент облыстық сотының төрағасы болып істейді. Осының алдында ол Алматыдағы екі жылдық жоғары заң мектебін бітірген болатын.

Жаппай саяси-қуғын сүргін басталғаннан кейін 1937 жылғы 5 қыркүйекте Нұрмағамбет Жамшин Алматы қаласында тұтқындалады. Ұзамай қылмыстық кодекстің 58-10 бабы бойынша сотталып, 8 жылға Алтай өлкесіндегі «Топчиха» станциясына жер аударылады. Мерзімі біткеннен кейін 1946 жылы айдаудан босап, қазіргі Аққайың ауданындағы орман шаруашылығына орман қорғау инспекторы болып орналасады. Мұнда жақсы жұмыс атқарғаны үшін 1948 жылы КСРО және Қазақ КСР орман шаруашылығы министрліктерінің Құрмет грамоталарымен марапатталады.

Осылай алаңсыз қызметін атқарып жүргенде Нұрмағамбет Жамшин 1949 жылғы 3 қазанда екінші рет тұтқындалады. 1950 жылғы қыркүйекте қылмыстық кодекстің 58-7, 58-8, 58-11 баптары бойынша тағы да жер аударылады. Бұл жолы ол Краснояр өлкесінде ағаш дайындау жұмысымен айналысады. 1956 жылы уақытын өтеп Алматыға келеді. Сол жылы жасы келіп, зейнеткерлікке шығады.

Н.Жамшин туған елі Дайындыкка 1959 жылы келеді. Зейнеткерлігіне қарамай сол ауылда жұмысқа кіріседі. Еңбегі бағаланып, «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталады. 1956 жылы 16 қазанда Түркістан әскери округінің әскери трибуналы біржола ақтап шығарады. Нұрмағамбет Жамшин 1974 жылғы 14 мамырда 78 жасында дүние салды.

*Қайролла Мұқанов,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*

1936 – ЖЫЛДЫҢ ҚҰРБАНЫ

Өткен ғасырдың 20-шы жылдарының соңынан бастап Кеңес үкіметі еліміздің зиялы азаматтарын тұтқындап, соттап, жер аударып, тіпті ату жазасын колданғаны белгілі. Сол қуғын-сүргін 30-шы жылдары жалғасып, 1936-38 жылдары тіпті күшейіп кетті. Біздің жерлесіміз Байбатыр Смайылұлы Ержанов 1936 жылы тұтқынға алыныпты.

Байбатыр Смайұлұлы Ержанов 1897 жылы Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Есіл ауданының Тауағаш ауылында туған. Ол 1920 жылдары Қызылжар қаласында мұғалім, мектеп-коммуна директоры болып қызмет істеген. Троицк қаласында медреседе оқыған. Оқудан кейін аз уақыт Алматыда қызмет істепті. Кейін Семейге ауыстырылыпты. Алашорда партиясының мүшесі болып, Алашорда қозғалысының басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатовпен танысып, жақсы қарым-қатынаста болған.

Семейде геологиялық барлау техникумында оқытушы болып қызмет атқарады. Сонда қызметте жүргенде 1936 жылдың басында тұтқынға алынады. Үйін тінтіп, қолжазбаларын, мылтығын. т.б. алып кетеді. Сол жылғы 21 ақпанда КСРО Жоғарғы сотының Қазақстан бөлімінің арнайы алқасының үкімімен 8 жылға сотталады. Бірақ содан кейін еш хабар болмаған. Ол тұтқындалғанда артында зайыбы Маржан (1913 ж. туған), ұлы Едіге – 4 жаста (1954ж. қайтты), қызы Роза – 2 жаста, ұлы Тельман – 4 айлық – зар жылап қала береді. Бұларды Байбатырдың ағалары Ержан мен Ербатыр Семейден қазіргі Есіл ауданындағы Қарабұлақ ауылына (бүгіндері жоқ) көшіріп алып кетеді. Одан кейін Тауағашқа көшеді. Туыстары Байбатыр туралы ізденіп жоғары органдарға хат жазады. Сонда Ержанов Байбатыр Смайылұлы 1939 жылы 5 қаңтарында жүрек қысымынан қайтыс болды деп жауап келеді. Әрине, бұған сенуге болмайды, өйткені қайда өлгені, қайда жерленгені туралы ештеңе айтылмаған.

Кейін РСФСР Жоғарғы сотының төралқасының 1961 жылғы қаулысымен КСРО Жоғарғы сотының Қазақстан бөлімінің арнайы алқасының 1936 жылғы 21 ақпандағы Б.С.Ержанов жөніндегі үкімі оның қылмыстық ісі болмағандықтан жабылады. Сөйтіп, Ержанов Байбатыр ақталады. Бұл туралы КСРО прокуратурасының 1961 жылғы 11 ақпандағы жазған хаты да бар. Әйтеуір Байбатырдың зайыбы Маржан жолдасының ақталғаны туралы құжаттарды көріп, оқып танысты.

Маржан балаларын өсіріп, ер жеткізді. Олардың жеке-жеке үй болғанын көріп, 1987 жылы 74 жасында дүние салды.

Құдайға шүкір. Байбатыр мен Маржанның артында қалған қызы Роза мен ұлы Тельман ер жетіп, өз шаңырақтарын құрды. Тельман Байбатырұлы қазір Қызылжар қаласында тұрады, зейнеткер. Ол көп жыл мұғалім болған. Тельманның бес қызы. бір ұлы жеке-жеке от басын құрып отыр. Олардан немерелері де бар. «Орнында бар оналар» деген осы ғой.

*Қайролла Мұқанов,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*

ЗОБАЛАҢ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ (қария естелігі)

Арап Темірбеков – партия, шаруашылық органдарында қызмет істеген қарт майдангерлердің бірі. Ол республикаға есімі танымал журналист, қоғам қайраткері, сталиндік қуғын-сүргін жылдары жазықсыз жаланың құрбаны болған Зарап Темірбековтың туған інісі.

Төменде еңбек және соғыс ардагері Арап ағаймен сұхбатты назарларыңызға ұсынып отырымыз.

-Ей, ей, шіркін өмір-ай деңізші, - деп Арап ағай әуелі бір күрсініп алды. Отыз жетінің ойраны есіме түссе, осы күнге дейін иманым қасым болады.

- Сол кезде «халық жауы» деп айыпталып, ұсталмаған адамы жоқ ауыл-село кемде-кем еді. Сол сталиндік сойқан мен зорлық-зомбылықты бүкіл халқымыз, әсіресе, қазіргі жас буын кешегі бастан өткерген қасіреттерді толық білгені жөн. Сонда ғана біз демократиялық жолға түсіп, жаңара бастаған жас мемлекетіміздің кәдірін тереңірек біле түсеміз.

...Қарағай. қайың-терегі аралас тұтасып жатқан қалың Шұңғырша орманның тап ортасындағы «Үңгір қарағайы» деген бір әсем жерді мекендеген еті тірі, ешкімге кеудесін бастыртпайтын Темірбек атамның отбасында 8 ұл, 1 қыз дүниеге келген. Ұлы атам ұрпақтарының халық пен әділеттілік үшін от болып жанып, күрескерлік қазанында кайнап шыққаны әрдайым еске орала береді. Олар өздерінің қысқа ғұмырында құйрықты жұлдыздай ағып өткенімен, адамгершіліктің үлгісін көрсетіп, ел-жұртының есінде мәңгі қалды. Өздері таңдаған жолдарынан айнымай, құрыш білекпен ғана емес,

ой-санасындағы от-өрімдерді өмірлік қағида етіп күресуінде терең қасиет бар. Текті балалар тез өсіп жетіліп қана қойған жоқ. елді аузына қаратқан алғырлығымен көзге түседі. Сол бір аласапыран уақытта әділеттілік пен зұлымдық, азаттық пен бодандық таразы басында тұрып, өлім мен өмір үшін күрес қайнаған сайын олар көп нәрсені зерделеріне түйіп өседі, өмірлік көзқарастары жылдан жылға қалыптаса түседі.

Ел ішінде «Темірбектің алтауы» деген сөздер жиі-жиі айтылып жүрді.

Әйтсе де табыс пен жетістік жүрген жерде күншілдік пен қызғаныш атты кертартпа күштер болмай қалмайтыны бесенеден белгілі. Темірбек әулеті үшін сүргінді жылдардың басы тым ертеден бас-талды. Төрт жыл бойы бай есігінде жалшылықта жүріп, бір тиын да ақысын ала алмай ыза болған Мұхаметжан Темірбеков Қызыл-жарға көшіп кетіп, акыры 1921 жылы 35 жасында сонда көз жұмды. Он бір жыл бойы бай-кулактардың есігінде малшы болған, өмірінің соңғы жылдарында ұжымшар басшылығында жүрген Сүйрік Темірбеков 1933 жылы 32 жасында Көкшетау қаласында бандылардың қолынан қаза тапты. Бес жыл бойы жалшылықта болған, 1920 жылдан партия мүшесі, азамат соғысына қатысып, актардың тұтқындығында отырған, 1921 жылдың ақпанында қызылдардың шабуылынан кейін тұтқыннан босатылған. Көкшетау уездік партия комитетінде, болыстарында, Ақмола. Қарағанды қалаларында басшы қызметтерде болған Айтжан Темірбеков 1985 жылы 36 жасында ұшақ апатында опат болды. Он жеті жыл бай-кулактардың есігінде жалшылықта жүрген, 1923-1927 жылдары ауылдық Кеңестің төрағасы болған, кейінірек сауда кооперативтерінде қызмет атқарған Байтемір Темірбеков 1936 жылы өзінің жеке меншігіндегі сиырын сойып, етін саудалағаны үшін 52 жасында 5 жылға сотталып кетті. Жазасын өтеп жүріп Хабаровск өлкесіндегі түрмеде дүние салды.

Темірбек әулетінің ең үлкені – менің әкем Жантемір де, ең кенжесі – Зарап Темірбеков. Енді осы екеуінің тағдырларын елестетіп көрейін. өйткені ең үлкен аға мен кішінің тағдырлары бір-бірімен тығыз байланысты. Кейде таңғаламын...

Зарап Темірбеков 1906 жылы караша айында дүниеге келеді. Ол жастайынан жокшылықтың таксыретін тартып өседі. Ауыр тұрмыс пен бай-манаптардың киянаттары оның сана-сезімін ерте оятады. Жас өрен казак даласында орнай бастаған жаңа өмірдің тынысын ерте сезіп, оған өзі де белсене араласады. Оның өзі өскен ұядан канат қағып ұшуы өкініш пен азапка толы еді.

Сөйтіп өнер, білім алуға құмар Зарап әуелі екі жылдай өз ауылындағы мектепте оқып, сауатын ашады. Одан кейін Көкшетаудағы жетіжылдық казак - коммуна мектебінде оқиды. Осы мектепте оқи жүріп 1922 жылы комсомолға өтеді. 1923-25 жылдары Қызылжардағы педагогикалық техникумда казакша оқиды.

Зарап Темірбековтың еңбек жолы 1925 жылдан басталады. Сол жылдан 1929 жылға дейін Қызылжар, Акмола, Ақтөбе, Жетісу губерниялық комсомол комитеттерінде, Атбасар уездік, Алматы қалалық комитеттерінде бөлім меңгерушісі, хатшы, жауапты хатшы болып істейді. 1926 жылдың I наурызында партия мүшелігіне қабылданады. 1927 жылдың қазан айында Ақтөбенің губерниялық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланады. 1930 жылдың күзінде оны астанаға шақыртып, өлкелік партия комитеті хатшысының көмекшісі етіп тағайындайды. 1931 жылы Атбасар аудандық партия комитетінде бөлім меңгерушісі, 1933 жылы Қарағанды облыстық «Ленин туы» газеті редакторының орынбасары, 1934-35 жылдары Қарағанды облыстық комсомол комитетінің хатшысы, 1935 жылдың маусымынан 1937 жылдың орта шеніне дейін республикалық «Лениншіл жас» газетінің жауапты редакторы болып істейді. Өмірінің соңғы кезінде (ұсталғанға дейін) Қазақстан КП/б/ Орталық комитетінде нұсқаушы, баспасөз секторының меңгерушісі қызметін атқарады. Байыптап карап отырсаңыз, 20-30 жылдардағы қайраткерлерге тән әдеттегі қызмет тізбегі, әдеттегі міндет, әдеттегі борышты, парызды сезіну қасиеті...

Зарап Темірбеков майталман шешен болыпты. Оның тез оянып, дүние тануындағы ізденгіштігі талабына орай өзіне қозғау салып, жас та болса саликалы, парасатты ақыл иесі болып, өмірге тез ұштасуы ұмтылыс, жаппай өрлеу кезеңіндегі үлкен өзеннің арнасына бірден түсуінен еді. Азғантай ғана ғұмырының өзінде ол жастардың жігер жалынын тұтатып, намысын қозғап, адал адам, абзал азамат болуға шақырып өткенін байқауға болады. Шынында да, Зарап жастардың дарынды жетекшісі ғана емес, жалынды камкоршысы да болған ғой. Тіл табиғатын осыншалық терең түсінетін көркем сөздің, көсем сөздің парқы мен нарқын бәрінен жоғары бағалайтын Зарап әдебиетті, жалпы елді, оның ішінде жеткіншек жас ұрпақты тәрбиелеудің таптырмас құралы деп білді. Бірақ Зараптың өмірі қысқа болды. ойлаған арманына жете алмады, оның қыршын ғұмырын жеке адамға табынудың кара балтасы киды да кетті. 1937 жылдың I қарашасында тұтқындалды. Ағайымның үстінен қозғалған іс те, НКВД-ның ішкі түрмесіндегі азапты күндері де жарты ғасырдан астам құпия болып келді. Көп ізденімнің арқ

асында Қазақстан Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басшылығы Зарап Темірбековтің «қылмысты ісімен» танысуыма рұқсат етті. «Қылмысты істегі» құжаттарды, НКВД қызметкерлерінің ойдан-қырдан жинаған деректерін және тергеу хаттамаларын парактай бастағанда – ақ жаным түршікті. Түршіккен жок-ау, шошыды. Шошымай қайтерсің, Зарап ағамның жан дауысы естіліп тұрғандай. Күндіз-түні тыныс алдырмай жүргізілген әділетсіз, тек киянатқа, зорлыққа негізделген тергеу жұмысы айыпкерді морт сындырыпты. Өз көзіме өзім сенбеймін, кейбір жауаптарды қайта-қайта оқимын. Қазақтың кара шаруасының баласы Кеңес мектебінде оқып, көзін ашқан, жастайынан комсомол мен партия тарапынан тәлім көрген, кейін жастарды өзі тәрбиелеген Зарап Темірбековтің оңшыл-троцкийшіл, астыртын ұйымға мүше болуы, сөйтіп мемлекетке қастық жасауы, атқарған қызметтері арқылы да, журналистік еңбегімен де еш қисынға келмейді. Бұл тән киянатына шыдамаудан туған, әлі де алдағы күнінен үміт үзбей, сот, прокуратура, қозғаушы алдамшы үміт тәрізді.

Не керек, жала коюланып, кара бұлт төне түсті, жалмап жұтып қоятын ажалдың апандай аузы ашылғандай қасірет жакындай берді. Алдын ала айып тағылып, әр тұтқынның тағдыры шешіліп қойылды. Сол шешімді күтіп, санасы сарғайып, ойы он жакқа кетіп, жаны күйзеліп, жүрегі сыздап тура 119 күн сыз бен зынданда екі көзі төрт болып Зарап Темірбеков жатты.

Тергеу жұмысы аяқталып, айыптау қорытындысы шығарылады да, 1938 жылдың 27 ақпанында үштіктің сот мәжілісі болады. Сот үкімінде былай делінген: «Қазақ ССР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті антисоветтік ұлтшыл-терроршыл, шпиондық-диверсияшыл ұйымды тауып қойды. Рысқұлов, Нұрмаков, Қожанов және Құлышбековтер «халық жаулары» Троцкий, Зиновьев, Бухарин және Рыковтермен байланыс жасап, ұйымдық блок құрған. Қазақстанды Кеңес Одағынан бөліп әкетіп, Жапонияның жетекшілігімен Қазақ буржуазиялық мемлекетін құруды көздеген шпион-агенттер, ак эмигранттар Мұстафа Шокай және Райымжан Мерсековпен байланыс орнатқан. Өндіріс және ауыл шаруашылығы саласында зиянкестік жасаған. Мемлекет және партия басшыларына қарсы террор ұйымдастырған. Осы антисоветтік ұйымның белсенді мүшесі Зарап Темірбеков болған. Ол Сейфуллиннің ұлтшылдық ұйымына кіріп алып, жастар арасында антисоветтік жұмыстар жүргізген. Қазақсан жастарының көсемі Тәштитовтың нұсқауымен ВЛКСМ-ның хатшысы «халық жауы» Файнбергпен ұйымдық байланыс жасаған».

Жоғарыда келтірілген тұжырымдардың негізінде З. Темірбеков РСФСР Қылмыстық кодексі 58 бабының 7,8,11 тармағымен айып-талады да, ең ауыр жаза – атуға үкім шығарылады. Сот мәжілісі небары 20 минут ішінде өтіп, қайран ердің тағдыры қас-қағымда шешіле қалған. Бұдан тежеусіз, шексіз қиянаттың болуы мүмкін емес. Үкім шығарылғаннан кейін 20 минут өтісімен шұғыл түрде сұр үйдің астындағы жасырын қапаста атылады. Келешегінен көп үміт күттірген Зарап Темірбеков осылай мерт болды.

Ғұмыр неткен ауырсын, тағдыр неткен қатыгезсін! Отыздан жаңа ғана аса бергенінде аккан жұлдыздай боп өмір биігінен өлім күйігіне ағып түстің-ау, қайран ағатайым, деймін.

Сонда аңырап қалған жаралы жүрек асыл жарың Сақыпкәмал, екі гүлің Алма мен Жомарт, құдай-ау, сенсіз қалай өмір сүрген десенші. Өмір деймін-ау!... Сүйген жарынан өлідей, екі баласынан тірідей айырылып, «Халық жауының әйелі» деген кінәмен айыпталып, сегіз жыл бойы «АЛЖИРДІҢ» тұтқыны болған Сақыпкәмал жеңгем де жастайынан өмірдің қайғысы мен қасіретін, азабын көрді-ау! Өткен өмір... Біреу сенеді, біреу сенбейді. Зарап ағам атылып кеткеннен кейін ауылдағы шолақ белсенділер енді әкем Жантемірді қудалауға кірісті. Ең алдымен колхоздан шығарып, өзі құрған колхоз құрылысының жауы атанды. Үрей жайлаған бір түнде әкемді НКВД өкілі ұстап әкетіп, түрмеге тықты. Бұл 1938 жылдың 4 қыркүйегі болатын. Әкем жоқ, күн көретін табыс жоқ. Бұл үлкен жаңұда жеті жанбыз. Мал дегеннен жалғыз қызыл сиыр мен екі мүйізі екі жакқа қайырыла біткен ақ ешкі. Жазықсыз жапа шегіп, жалаға ұшыраған асқар таудай әке ұсталып кеткеннен кейін артынша желегі желпілдеген анамызбен шиеттей алты бала қалдық. Өзім Көкшетауда сегізінші сыныпта оқимын.

Әкем Көкшетау түрмесінде тоғыз ай отырды. Зерт ұзаққа созылды. Сондағы тағылған кінәлар: Темірбеков Жантемір бай-қулақтар, феодал Көбековтармен байланыста болған, ескі тәртіпті ұнатады, колхоз құрылысын жек көреді, ауылдық кеңес пен колхоз басқармасына құлақ аспайды, теріс үгіт жүргізеді. Стахановшылар қозғалысына, еңбек тәртібін құлдыратты, әйелдерді: «Үйлерінде отырыңыздар, күйеулерің жұмыс істесе де жарар» деп үгіттеген, мемлекетке астық және шөп дайындауға, қоғамдық мал бақсын көбейтуге кедергі жасайды, жекеменшік малдарды мемлекетке өткізбей, басқа жакқа саттырады, тағысын тағылар. Енді қандай-қандай саяси айыптар тағылды, тыңдап көрелік. Өзінің үшінші інісі Темірбеков Айтжан ұшақ апатынан қаза тапқанда : мен оған

коммунист бол дегем жок, ұшакка да мін дегем жок. Сендер. коммунистер, бәрін де осылай құрысындар деп ашуланып, кеңес үкіметіне, Сталинге тіл тигізді-мыс. Жергілікті партия, комсомол ұйымдарының жұмысына кедергі жасайды... Жауап алу хаттамаларының бірде біреуіне қарсылық білдіріп. қолын қоймайды.

Соған қарамастан Қылмыстық кодекстің 58-бабы 10-тармағымен айыпты деп тауып, үш жылға соттап жіберді. Бір таң қаларлық жәйт, сот мәжілісіне айыптаушы да, қорғаушы да қатыстырылмаған. Сот 1939 жылдың 1 маусымында өтті. Әкем Жантемір өмір зардабын бір кісідей-ақ тартты. Өзі сезгендей өмірі ұзаққа бармады. түрмеде сот мерзімін өтеп жүріп, 60 жасында бұл жарық дүниемен мәңгі қоштасты.

Әкем мен ағаларым қуғын-сүргіннің соңғы зардаптарын 1937-1938 жылдары тартса, мен солардың тірі ұрпағы ретінде елуінші жылдардың аяғына дейін тартып келдім. Кейде есіме түседі...

1939 жылы 9 сыныпта оқып жүргенімде мені комсомолға өтуге дайындады, бірақ жолым болмады. «Халық жауының» ұрпағы болғандықтан комсомолға алмады. Партияға да өте алмадым. Сол жылдары Айыртау ауданының мектептерінде мұғалім болып істеп жүргенімде «Халық жауының інісінің шәкірттерге дәріс беруі заңды ма?» деген сыбыстарды да естігенмін. 1959 жылы Көкшетау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында істеп жүрген кезімде мені облыстық партия комитетіне шақырып, обкомның бірінші хатшысының көмекшілігіне алды. Сол қызметте (айтуға да ұят) бірақ күн істедім. Ертеңіне қызметтен кетуіме тура келді. Себебі: «Халық жауының інісі неліктен партия аппаратына қызметке алынды» деген бір «жанашыр» қара көздің аты-жөнін жасырып, телефон жеткізген сыбысы болды.

Қазбалай беріп қайтейін, тірі жан болып жүрген соң бәрін де көресің, бәрін де естисің. Жасыратыны жоқ, саяси қуғын-сүргін деген сөздің мәнісін де ұғып болмаған бота тірсек, боз өкпе кезімнен-ақ «қасқырдың бөлтірігі» дейтін сөзді сан мәрте естіп. өзім ат жалын тартып мініп, қызметке араласа салып-ақ кесел-кесепат дегеннің ащы дәмін татып, «Бөрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін кампайтардың» кебін кигендердің бірі менмін десем, еш өтірігі жоқ – деп Арап ақсақал өз әңгімесін тәмамдады.

*Сайлау Көшкентұлы
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі*

«ХАЛҚЫМ ҮШІН ТАРТЫНҒАМ ЖОҚ»

Әкем «халық жауы» атанып, тұзаққа аттанғанда мен бар болғаны сегіз айлық қана бала екенмін. Жұрттың айтуынша, Рахымбек әкем ақылды, парасатты адам болған. Оған нақаттан-нақат жала жабылып, өзі өлеңінде жазғанындай, 1937 жылы 5 тамыз күні «халық жауы» деген айыппен түрмеге алып кеткен.

Шешем Алтыншаш еті тірі кісі болды. Барлық ауыртпалық та, қамқорлық та бір өзінің басына түскенін сездік те, білдік те. Балаларының маңдайынан ешкімге шерттірген жоқ. Басқалардың балаларынан кем қылмауға тырысып бақты. Сол анам әкемнің Атбасарда екенін біліп, іздеп барады. Сонда аяулы әкем: «Шіркін, мені ақтап алатын жан бар ма екен? – депті. - Балаларымды сағындым, елімді сағындым. Алтыншаш, балаларымды еңбеккор, адал етіп өсіретіңіз сенемін». Сол жолы әкеміз өзінің түрмеде жазған «Мен адалмын, ағайын» деген өлеңін шешемнен беріп жіберіпті.

Сөйтіп, туғанымнан көп қиыншылық көргенімді кімнен жасырайын?! Айтпасқа да болмас. Өмірдің өзі мені ерте есейтті. Бала кезімнен салмақты, сабырлы, сөздің артын тосып сөйлеуге дағдыландым. Десек те, әке сенімін ақтап, әке жолын ұстаған абыройлы қыз боп өсуге тырысқаным анық. Мектепте жақсы оқығаным не керек. «халық жауының қызы» деп комсомол қатарына да алмады. Оқуды одан әрі жалғастыратын жағдай болмағандықтан Шұқыркөл ауылына 1955 жылы көшіп келіп, жұмысқа орналастым. Араға бір жыл салып тұрмыс құрдым.

Жаңа жақтың да бір өзіне жетерлік «жыры» бар екен. Тұрмысқа шыққан жолдасым – Болат Қакашов. Оның әкесінің туған інісі Құбайдолла Тасмағамбетов сол 1937 жылы 18 тамыз күні нағыз кемеліне келіп, еліміздің көш бастар азаматы деп танылған шағында еш кінәсіз «халық жауысың» деп түрмеге жабылған.

Біздің үйде Құбайдолла аға туралы жиналған қағаз-деректер жетерлік. Құжаттар көп-ақ. Уақыт сынына төтеп берген қағаз – тарих. «Мен не көрмедім» дегендей үнсіз сөйлейді. Оның бетіне түскен сан құбылған сөздер аққа жағылған күйе болып, аяулы азаматтың түбіне жетті. Шырылдаған шындық айтылмай, қара күш дегенін істеді.

Айтылмағанды – айтылды, істелмегенді – істелді деді. Ия, бұл құжаттарда оның өмірбаяны, жан күйзелісі, жабылған жала, қалай атылғаны – бәрі-бәрі жазылған. Құбайдолла аға «халық жауы» деп жала жабылған кезде Солтүстік Қазақстан облысының Төңкеріс ауданында (қазіргі Шал ақын) қаржы бөлімін басқарып жүреді.

Құбайдолла ағаны жазықсыздан-жазықсыз «халық жауысың» деп алып кеткен күнді жолдасым Болат есінде жақсы сақтапты.

-Сол күні шешем екеуміз сол үйде едік, - дейді ол. - Кешке қарай үш милиционер келіп біреуі далада қалды да, екеуі үйге кіріп, түгел тінте бастады. Содан үйдегі кітаптар мен кәртішкелерді ағаммен коса алып кетті. Біз жылап-сықтап ауылға қайтып келдік. Құбайдолла ағамды алып кеткеннен кейін күнкөрісіміз қиын болды. Анамның аркасында Қарағандының мұғалімдер техникумын бітіріп, Шұқыркөл мектебіне мұғалім болып кірдім. Н.С.Хрущев заманында мұғалімдерді партияға өткізу туралы қаулы шығып, Шұқыркөлден төрт мұғалімді партияға алмақшы болды. Оның ішінде мен де бар едім. Бірақ ауданда «халық жауының інісің» деп, мені партияға өткізбей қойды. Тағы да көп қиыншылықтарды бастан өткіздім, қайсы бірін айта берем.

Қазақтың аяулы ұлы, саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірі Құбайдолла Тасмағанбетов ағамыз Алматы түрмесінде Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин және басқалармен бірге отырып, 1938 жылғы 27 ақпанда бір күнде атылады. (Осы жайындағы мәліметті «Егеменді Қазақстан» газетінің 1997 жылғы 31 мамыр күнгі санында жарияланған жазықсыз атылған азаматтардың тізімінен көруге болады).

Сол қанды шеңгелдің қармағына іліккен боздақтардың соңында қалған біздер – туыстары да, отбасылары да, үрім-бұтақтары да жалтақтай жүріп, ел қатарлы өмір сүрдік. Араларында ала көздерімен ата жүргендері кездесіп жүрсе де (оларды да кешірейік, аласапыран заман солай болды ғой), ел іші сыртқа тепкен жоқ. Арыстарымыздың аруағын тербетпейік деп, өмірде де, жұмыста да жұрттан қалмауға тырыстық. Өз басым тұңғыш рет «Фрунзе» ұжымшарында, одан соң «Парижская коммуна» кеңшарында жұмыс істеп, алдыңғы қатарлы еңбеккерлердің бірі болдым. Қайткенде де әкемнің «халық жауы» болмағанын халыққа түсіндіремін деп жүріп, партия қатарына да өттім. Он баласы, 15 немересі бар «Алтын алқалы» ардақты анамын.

Кешегі 1937 жылдың зобалаңы талай азаматтардан айырды. Содан бері де, міне, 70 жылдан артық уақыт өтті. Әділдік салтанат құрды, құрбандар ақталды, бірақ жүректегі сызды ешкім де сылып тастай алмақ емес. Әйтеуір, байтақ елімізде баянды тұрмыс атой сала бергей.

Жаңылдық Рахымбекова

«ЕКІ ТАРЛАН ТАҒДЫРЫ»

*Не жаман, бұл дүниеде өлген жаман,
Тіріні қара жерге көмген жаман.
Отырсаң, тұрсаңдағы билігің жоқ,
Правоң өзге адамда болған жаман.*

*Не жаман бұл дүниеде қорлық жаман,
Нақақтан көрген бейнет зорлық жаман.
Өзіңнен өзің есті сақау болып,
Сөйлеспей жалғыз жатқан тарлық жаман.*

*Жатырмын темір шілтер құрған торда,
Өмірім қалғаның ба қайғы сорда.
Күн бар ма көретұғын ел жұртымды,
Құдайым тілегімді өзің қолда.*

*Үйімде түске дейін жатушы едім,
Әр дәмнен ләззат алып татушы едім.
Аға-іні жасы бірдей замандасқа,
Өсиет қып әр нәрсені айтушы едім.*

*Қазірде менде оның бәрі қалды,
Құдайым жүрегіме қайғы салды.
Тосегім астымдағы ағаш тақтай,
Жастығым етік болып мойным талды.*

*Бірінші сәлем жаздым атамызға,
Түрмеде біз осылай жатамыз да.
Жоқ әлде аман-есен елге барып,
Ананың қолынан дәм татамыз ба.*

*Ата-анам кешірерсіз қатем болса,
Кемерден су асады тасқын толса.
Ел жұртты аман-есен көрсем деймін,
Құдайым сол тілекті қолдай қалса.*

*Екінші сәлем жаздым ағамызға,
Алдымда асқар үлкен панамызға.
Түрменің дәмін татып өне бойы,
Көре алмай ағаларды қаламыз ба.*

*Ағалар өздеріңе аян қылған ісім,
Өзіме қастық қылды сенген кісім.
Ел жұртым мен оларға не айтайын,
Мойнына қияметте қамыт ітсін.*

*Үшінші сәлем жазам жеңгемізге,
Билік жоқ темір торда мен жатырмын.
Құдайдың біз ризамыз бергеніне.
Бастайды бір құдайым әлде неге,*

*Төртінші сәлем жазам замандасқа,
Сырласқан тілегі бір асылтасқа.
Жігіттер ден саулықта күліп ойна,
Жоқ барды қайғы қылып ойыңа алма.*

*Ісіңе әр уақытта есеп жаса,
Әркімге сеніп жүріп қапы қалма.
Сағындым ел жұртымды қайран етім.
Кір жуып, кіндік кескен туған жерім.*

*Қатықтап құмарласып Малтасайым,
Қоғалы, балдыргандай, Қалмақ көлім.
Күн бар ма ел жұртымды көретұғын,
Құрбыммен өзім теңді жүретұғын.*

*Танысып жаңа өспірім балаларға,
Иіліп шалға сәлем беретұғын.
Бірінші хат жазамын бабайыма,
Өсірген әлпештетіп Жабайыма*

*Бабамның жан серігі бауырыма,
Одан соң сәлем жазам ағайыма,
Шарипа шешем менен жеңешем
Жақсы мен жаман адам теңесе ме.*

*Шіркін-ай аман-есен елге барып,
Сіздермен ауызба ауыз кеңесем бе.
Зұбайра, Бикен менен Айтжаным,
Сүйгенім Алтыншашым мұңлы жарым.*

*Сіздерді аман – есен көре қалсам,
Тарқар еді іштегі шемен зарым.
Қайырбек, жан бауырым Меңдібайым,
Оқыңдар жақсы болып қалқатарым.*

*Мәриәм, Өкенменен, Нығметжан,
Өсіңдер онерлі боп күн-күн сайын.
Сағындым мен қарағым Қалкенімді,
Мәпелеп өсіріңдер Жаңылымды.*

*Мен бармай неге алысқа жібердіңдер,
Бауырым Байлақ пенен Серігімді.
Бапам мен хат жазамын Кенжебекке,
Талайлар жете алмаған айтқан сертке.*

*Зарланып айдалада зарлап-қақсап,
Батамын жалғыз өзім қайғы дертке.
Жан аға, сені ойласам зарығамын,
Жылаумен есім ауып талығамын.*

*Үй-ішім, ел жұртым мен тугандарға
Жақсылық бере гөр деп жалынамын.
Қайғырып ел жұртымды сағынамын,
Тұрмеде жалғыз жатып жалығамын.*

*Билігім өз басымда болмаған соң,
Бастыққа әмір айтқан бағынамын.
Не шара көтеремін құдай салды.
Ел жикқа қарай-қарай көзім талды.*

*Қорқамын қауіп қылып бұл түрмеде,
Талайдың көзбен кордім басын алды.
Кенжебек жан бауырым сағынамын,
Билік жоқ мен басқаға бағынамын.*

*Жал-жая, қазы-қарта жейтін басым,
Біреуге ыржанной бер деп жалтынамын.
Аузымнан тастамаймын құдіретті,
Алты жыл көрмегелі Кенжебекті.*

*Өмірде суынбаған коңілімді,
Бұл түрме қадірімді тітірентті.
Уа, құдай мен пендеге жалбарынам,
Кезінде ерке өскен бір балдырған.*

*Әр кімге ақ ниетпен сенемін деп,
Тұғырын қарақұсқа құр алдырған.
Үй-ішім мені іздеп зарықпаңдар,
Құр бекер босқа жүдеп тарықпаңдар.*

*Құдайым деніме саулық берсе,
Көрерміз тірі болсақ жабықпаңдар.
Шіркін-ай таза ауада жүрер ме едім,
Құрбыммен өзім теңдес күлер ме едім.*

*Аман-сау елге барып мәз-майрам боп,
Кім туды, кімдер өлді білер ме едім.
Осылай біз түрмеде жатамыз ба,
Ыржанной қара сумен татамыз ба.*

*Жоқ, әлде аман-есен елге барып,
Елімнен тәтті-дәмді татамыз ба.
Деніме саулық берсін бір құдайым,
Адамды аздырады сары уайым.*

*Құр бүйтін сарыуайымға жем бергенше,
Өзіме қайрат беріп бел буайын.
Тұрағым қазір менің түрме болар,
Ойласам көңіліме қайғы толар.
Қош боп тұр, қайран елім, туған жерім,
Көретін ел жұртымды бір күн болар.*

*Байдүйсенов Рахымбектің
өлеңінің үзінді, 1937 жыл*

ЗАР ЗАМАННЫҢ ҚҰРБАНЫ

Тарихты өрескел бұрмалауға негізделген саясаттың салдарынан жазықсыз жапа шеккен азаматтың бірі – Ғалауетден Есілбайұлы Мәмеков.

Ғалауетден Мәмеков 1891 жылы бұрынғы Ақмола облысы Петропавл уезінің Аккусак болысындағы № 3 ауылда (қазіргі Жамбыл ауданында) дүниеге келіпті. Белгілі жазушы жерлесіміз Сәбит Мұқановтың айтуынша, Жансары Уактың бір атасы Жамантымақ. Ғалауетдендер осы Жамантымақтан тарайды. Ғалауетденнің алтыншы атасы Тоқай. Тоқайдан – Түгел. Түгелден – Тотау. Тотаудан – Жайықбай. Жайықбайдан – Мәмек. Мәмекте төрт бала болыпты: Елеуке, Есілбай. Елемес, Естемес. Бұлардың бәріне де мыңдап мал біткен, әрі бәрі де саудамен айналысқан.

Есілбайда үш бала болыпты: Ғабдырахман, Жүсіп, Ғалауетден. Ғалауетден әуелі ауыл молдасынан мұсылманша оқып, хат танып, соңынан Пресногорьковтегі жоғары бастауыш мектепті (7жылдық) орыс тілінде оқып бітіреді. 1916 жылдың күзінде Ғалауетден соңғы класта оқып жүргенде бұл мектептің 4 - класына Баймағамбет Ізтөлин келіп оқуға түседі. Олар жиі кездесіп, әр түрлі тақырыпта, әсіресе, оқу және әдебиет мәселелері бойынша әңгімелесіп жүреді. Мысалы, қазақтың ұлы акыны Абай туралы Баймағамбет алғаш

Ғалауетденнен естіп біледі. Осы мектепте оқып жүріп Ғалауетден Ғабдолла Токаевтың, Абайдың өлеңдерімен танысады. Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың, Лев Толстойдың шығармаларын оқиды. Ол өз ана тілімен қатар орыс, татар тілдерін де жақсы білген.

Ғалауетден осы мектепте оқып жүргеннің өзінде туған халқының жағдайын басқа халықтармен салыстырып, өз халқының артта қалғанына назаланады. Қайтсек казак халқы ілгері басып, басқалармен теңелер екен деген ойға қалады. Сөйтіп, казактың тұңғыш журналы «Айқаптың» 1911 жылғы № 5 санында «Біздің казак баласына не қылғанда басқа жұрттарға теңелуі туралы біраз кеңес» деген мақаласын жариялайды. Сол мақаладан үзінді келтірейін:

«Біздің казак халқы Россияда болған инородец, яғни жат-жұрттардың (орыс еместердің) арасында ғылым жағынан төмен халық болып есептеледі. Әшейін жер-судың аркасында күн көріп, ойын-тойға мәз болып жүріп жатыр.

Бұл күндерде бізден басқа халықтар бәрі де оянып, не нәрсе өзіне пайдалы, не нәрсе зиянды, соның себебіне кірісіп, пайдалы жағын ұстап, зиянды жағынан безіп жатыр. Біздің казак өз қызығында жүр.

...Кәнеки, біздің казак халқы жер-судан айырылып қалса. не күн көрмекші? Сол үшін әркімге керекті, керексізді білу керек. Яғни, керекті-керексізді біле коюға біздің жұртта құрал жоқ. Біз алдымен сол құралға жабысуымыз керек. Ол құрал – білім, ғылым. Пайдаға жабыстырып, зияннан қашыруға себеп болған сол ғылымды келетұғын заманда өзімізге құрал қылуға бір жол бар. Ол жол – шамамыз келгеніміз балаларымызды қолын жеткізіп оқыту керек. Сол оқу, білім құралымен құралданған соң ешкім үйретпей-ақ бағдарын біледі».

Пресногорьков мектебін 1917 жылы жазда бітіріп, Ғалауетден сол жылғы күзде Троицк қаласындағы мұғалімдер даярлайтын мұсылман медресесіне оқуға түседі. Бірақ азамат соғысының салдарынан медресе жабылады да, ол оқуын аяқтай алмайды. Азамат соғысы кезінде аз уақыт саудамен айналысады. Осы кезде ол Қарқаралы қаласындағы Алашорда үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейхановтың алашордашыл жастармен өткізген мәслихатына қатысады.

Ғалауетденнің 1920-21 жылдардағы жағдайын біз Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебінің» 2-ші кітабынан білеміз. Сәбең былай дейді: «Атақты байдың баласы, әрі саудагер, әрі алашордашыл Ғалауетден Мәмеков Преснов болысында следователь екен. Жасы отыз-

дан асқанша үйленбеген бұл жігіттің көзі бізге белгілі Торсанның Бәкен атты баласының Күләмәй дейтін сұлу қызына түседі. Ол қызда Мақыштың Есмағамбеті дейтін байдың да көңілі болады, бірақ оның үйінде бірі казак, бірі татар екі әйелі бар. Күләмайды солардың үстіне алмақ. Торсан тұқымы екіге жарылады: бір жағы Ғалауетденге, екінші жағы Есмағамбетке бермек болады. Осы талас ұлғаяды, бірақ ерік қызға тигенде ол бойдақ жігітті қалап, Ғалауетден қалың малына 80 жылқы береді де, үйленеді». (Сәбит Мұқанов. Өмір мектебі. 2-ші кітап, Алматы, 1953ж., 216-217 беттер).

1922 жылғы қараша айында Қызылжар қаласында казак педагогикалық техникумы ашылғанда алғашқылардың бірі болып Ғалауетден Мәмеков сонда физика, орыс тілі және жаратылыстану пәндерінің оқытушысы болып орналасады. Қазпедтехникумда онымен бірге Жұмағали Тілеулин, Жанұзак Жәнібеков, Бірмағамбет Айбасов, Мұхаметжан Бейсенов, Ғали Кемелов, Садуакас Жандосов, Бейімбет Ержанов, Хайретдин Болғамбаев, Сабыр Айтхожин сияқты әріптестері сабақ береді.

Ғалауетден сонымен қатар педтехникумның жанындағы мұғалімдер білімін жетілдіру курсына да сабақ береді. Сол кезде де педсоветтің және курстік советтің хаттамалары орыс тілінде жазылады екен. Міне, сол хаттамаларды орыс тіліне жетік Ғалауетден Мәмеков үнемі хатшы ретінде жазып отырған. Оның қолымен жазылған 1923-1926 жылғы хаттамалар Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатында сақтаулы. (Қор – 1074, іс – 1).

Бұған қоса ол казактардың 1916 жылғы ұлт – азаттық көтерілісінің тарихы туралы материалдар жинап, зерттеу үшін құрылған комиссияның да белді мүшесі болды. Бұл туралы сол кездегі Акмола губерниялық «Степная звезда» газетінің 1926 жылғы 16 шілдедегі (№104) санындағы:

«В комиссии по собранию и изучению материалов по истории казахского восстания в 1916 году» деген мақалада былай делінген:

“Состав комиссии: В комиссии работают товарищи Жанибеков, Болганбаев, Тлеулин, Мамеков. Что сделано. Установлена связь с уездами. Выяснена возможность использования архивных материалов Омского окружного архива. Завербованы корреспонденты из числа курсантов русского и казахского педтехникумов и учителей, прибывших на летние учительские курсы. По настоящее время в комиссию поступило одно воспоминание, 4 копии важных документов на русском языке, 7 фотоснимков. На казахском языке

материалов собрано значительно больше. Часть из этих материалов опубликовано в печати, другая же часть будет опубликована в ближайшее время... Все это делалось в связи с 10-летием со времени восстания 1916 года”.

1927 жылы Ф.И.Голошекиннің «Кіші октябрі» белең алып, байларды қыса бастаған кезде, кәмпеске (тәркілеу) болатынын күні бұрын білген Ғалауетден Пресногорьков маңындағы барлық туыстарын жинап осы күнгі Қостанай облысына карасты Троебратное селосының маңына апарып қоныстандырады. Бұл қоныс аудару туралы Қабдолла Көпеев деген азамат өлеңмен былай деп құттықтапты:

*Алабұға қол аты,
Жамантымақ ел аты.
Ғалауетден басшысы,
Жігіттің теңдес болаты.
Ойы жарық, дөңі қау,
Орнықтың ба аман – сау?
Құтты болсын қонысың,
Зидымыз Уақ, бауыр – ау!*

1927-1928 жылдары байларды тәркілегенде, олардың бәрі бытырап «Іш жакка» (Ресейге) көшіп кетеді. Осындай жұрт бытырап қашып жатқан кезде, Ғалауетден де отбасымен әр жерге бір қоныстанып қашып жүреді.

Осылай қашып, орын ауыстырып жүріп, ол 1935 жылы Степняк қаласынан 80 шақырым қашықтықтағы Қарағаш деген алтын өндіретін жерге барып паналайды. Алайда, ол жерде де НКВД адамдары ізіне түскесін 1936 жылы Омбы облысының Тюкала ауданындағы Алғабас ұжымшарына барып тұрады. онда да көп тұрақтай алмай, сол аудандағы № 363-ші Қошкөл кеңшарының орталығына көшіп келіп, сондағы қазақ артеліне бригадир болып орнала-сады.

НКВД-ның адамдары осы жерде 1937 жылғы қазан айының 25-і күні тұтқындайды. Үйінде тінту жүргізіп, барлық құжаттарын ала кетеді. Оны алдымен Тюкала қаласының түрмесіне қамап, кейін Омбы түрмесіне этаппен жібереді. Тексеріс барысында Ғалауетденнің туған жерінен ол туралы анықтамалар сұратып алдырады. Солтүстік Қазақстан облысы Преснов аудандық ішкі істер бөлімі 1937 жылғы 10 желтоқсанда Омбы облыстық ішкі істер бөлімінің сұрағына мынадай жауап беріпті:

«При этом на ваш № 13-272 от 23 ноября 1937г. сообщаем, что запрашиваемый вами гражданин Мамеков Галауетден по социальному положению бай, в 1929г. был раскулачен и лишен права голоса. Алашордынец. Начальник Пресновского РОНКВД лейтенант ГО Фролов.

Пом. О/уп. Сержант ГО Турсунбеков».

Акыры тергеуді аяқтағаннан кейін 1938 жылғы 4 наурызда Омбы облыстық ішкі істер комиссариаты баскармасының жанындағы үштік контрреволюциялық – ұлтшылдық ұйымға мүше болды деп айыптап Мәмеков Ғалауетденді ату жазасына кесті. (Ресей қылмыстық кодексінің 58 бабының 10.11-тармақтары бойынша). 7 наурыз күні қаулы іске асырылды.

Артында 34 жастағы жан-жары мен әлі кәмелетке толмаған 4 баласы қалды. Олардың ең үлкені Кемелбек 14 жаста, кенжесі Нариманбек 9 жаста еді.

Ғалауетден Тюкала түрмесінде жатқанда өз тағдырын және отбасының жағдайын ойлап ұзақ өлең жазыпты., соның кейбір шумақтарын келтіре кетейін:

*Шығып ем Қызылжардан тұрмыс айдап,
Жығылдым Тюкалада атым тайып.
Миымның түкпірінде жүйрік қиял,
Зарлайды күндіз-түні өмірді ойлап.*

*Жоқ еді-ау еш қиянатым ағайынға,
Мүлтіксіз көпке жағу қиын сауда.
Кінамды өзім іздеп таба алмаймын,
Әйтеуір оралдым зой шынжыр торға.*

*Бәйгеге тіккен бойы менің басым,
Артымда әттең қалды-ау балапаным.
Толқыны қу өмірдің қуып кетсе,
Не болар көрген күнің, қарақтарым?*

*Қоңілге демеу болар сонда, ағайын,
Аңсаған қосылам деп жыл-жыл сайын.
Артыма төрт баланы кеттім тастап,
Ар жағын түсіндіріп не қылайын.*

*Лаж жоқ, басқа түссе қону керек,
Құрыштай болат темір болу керек.
Бұл сөзді қатын, бала, саған айтам,
Беліңді тәуекелге буу керек.*

*Кінам жоқ, менің берер ақылым сол,
Қолыңа айыр ұстап шаруа бол.
Ойланып еркеліктің бәрін тастап,
Бірігіп ағайынмен күніңді көр.*

*Тағы да бір-екі сөз, балаларым,
Ренжітпе жарым көңіл аналарың.
Оқудан Нариманды және айырма,
Сендерге бұл аманат тапсырғаным.*

Зер салып қарасак, бұл өлеңде автор өз жайынан гөрі артында қалып бара жатқан жан-жары мен балалары туралы көп ойлаған. Ол ағайындарына да өзінің ой-арманын білдіреді.

Жан-жарынан айырылған әлі жас Күләмай Бәкенқызы жолда-сының аманатын орындап, балаларын жүдетпей тәрбиелеп өсірді.

Әрине. қиыншылықтар да болды. Дегенмен. «орнында бар оңалар» дегендей ұлдары өсіп, әрқайсысы өз отбасын құрды. Не-мерелер де дүниеге келді. Құдайға шүкір, балалары да әке амана-тын орындап, шешесін ренжіткен жоқ, күтті. Сонда да Күләмай-дың ойынан сүйген жары бір кеткен емес. Алғашқы жылдары оның есімін атауға да қорықты, іштен тынды. Тек СОКП XX съезінде кейінгі «жылмық» кезінде Ғалауетденнің бір хабарын білу үшін жағалай арызданды. Ақыры, 1958 жылғы 28 қарашада Омбы об-лыстық прокуратурасынан мынадай хат келді:

«Тюменская область Масляный район Усольская п/с
Гр-ке Мамековой Куламай.

Ваше заявление прокуратурой Омской области рассмотрено. По делу которому ваш муж арестован в 1937г., прокурором обла-сти принесен протест и вместе с делом направлен в Омский обла-стной суд, откуда вы получите ответ о результатах рассмотрения дела и вашего заявления.

Том.обл. Прокуратуры юрист 2-го класса Родионцев».

Айтқандай-ак, сол жылғы 26 желтоқсанда Омбы қалалық со-тынан мынадай анықтама келді:

«Справка

Дело по обвинению Мамекова Галауетдена Есельбаевича пересмотрено Президиумом Омского областного суда 12 декабря 1958г. Постановление Тройки УНКВД по Омской области от 4-го марта 1938г. В отношении Мамекова Г.Е. отменено и на основании ст. 4. п. 5 УПК РСФСР дело производством прекращено за отсутствием состава преступления.

Зам. председателя облсуда Лонин».

Сөйтіп Күламай Бәкенқызы сүйген жарының атылғанын ол қаза тапқаннан кейін 16 жыл өткенде ғана естіп біліп уһ! деп бір тиышталды-ау! Ол өзі 85 жасқа келіп, 1989 жылы қазан айында қайтыс болды. Балалары мен немерелері сүйікті анасын таза арулап. Түмен облысындағы Қазан ауданының Ильинка селосынан 25 шақырымдай жердегі Самай зиратына жерледі. Топырағы торқа болсын!

Қазір оның Сейілбек деген баласы Қызылжар қаласында тұрады. Зейнеткер. Балалары, немерелері бар.

*Қайролла Мұқанов,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*

БЕРДЕНОВТАР ТАҒДЫРЫ

Соңғы жылдары саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірталайының аты аталып, еске алынды. Дегенмен әлі де көптеген боздақтарымыздың есімі жұртшылыққа толық мәлім емес. Солардың бірі, біздің жерлесіміз Тайжан Берденов.

Тайжан Берденұлы 1905 жылы біздің облысымыздың осы күнгі Жамбыл ауданындағы Архангелка селосының маңында бір шағын ауылда дүниеге келген. Тайжан бір жасқа толған кезде шешесі кенеттен қайтыс болып, оны әкесінің қарындасы тәрбиелеп өсірді. Оның тәрбиесінде одан он жас үлкен ағасы Біржан да ат салысady. Біржан патша үкіметінің 1916 жылы июнь жарлығымен соғыс кезінде окоп қазу жұмысына жіберіледі. 1917 жылы сол жактан ауырып келген ол сол жұмысқа қатыскандар жайлы «Прием» атты ұзақ өлең жазған белгілі ақын.

Тайжан 18 жасында әскерге алынып, 1923-1928 жылдары Қызыл армия қатарында әскери міндетін атқарады. Ташкент қаласында орта дәрежелі қызыл командирлер мектебінің курсын бітіріп, 9-шы атқыштар полкында взвод командирі әрі армиялық газеттің редакторы болады. 1928 жылы әскерден оралғаннан кейін Акмола, Көкшетау қалаларында газет шығаруды ұйымдастыруға қатысады. 1928-1929

жылдары Бурабай ауыл шаруашылығы техникумында оқытушылық қызмет атқарады. 1929 жылы Қызылжарда «Кеңес ауылы» газетінің редакциясында партия бөлімін басқарады.

Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатында сақталған жеке ісінде көрсетілгендей, Тайжан Берденов Петропавл округтік партия комитетінің Қызыл ту, Төңкеріс аудандарында асыра сілтеушілікті түзету жөніндегі өкілі болады, Көкшетау ауданындағы Блюхер атындағы ет кеңшарының жұмысын тексеруге қатысады. Көкшетау, Ертіс аудандық партия комитеттерінің бюро мүшесі болады.

1934 жылы Қазақ өлкелік партия комитеті оны Алматыға Қазақ мемлекеттік баспасына қызметке жібереді. Онда ол қорғаныс және техникалық әдебиет бөлімінің жауапты редакторы болып істейді. Осында жүргенде ол әртүрлі газеттер мен журналдарға мақалалар жазады, әскери терминдердің орысша-қазақша сөздігін құрастырады. 1937 жылы қазақ баспасының бас редакторы және редакциялық баспа бөлімінің меңгерушісі қызметін қоса атқарады.

Осы қызметте жүргенде 1937 жылдың соңында тұтқындалады. Бұл кезінде оның отбасында зайыбы Софья Айдарханқызы. Алдан, Сүният есімді екі ұлы және Софьяның шешесі болған.

Тайжанның зайыбы Софья Айдарханқызы Тұрлыбаева-Берденова 1909 жылы 15 қазанда Қызылжар қаласында белгілі заңгер Тұрлыбаев Айдарханның отбасында туған. Оның әкесі Айдархан Тұрлыбаев 1902 жылы Петербург университетінің әділет факультетін бітірген, көп жыл Омбы қаласында заң қызметкері болған. 1917 жылғы мамыр айында ол Омбы қаласында орналасқан Ақмола облыстық Қазақ комитетінің төрағасы болып сайланған, сол жылы желтоқсан айында Орынбор қаласында өткен 2-ші Бүкілқазақтық құрылтай жиналысында Алашорда үкіметінің мүшесі болып сайланған.

1920-1923 жылдары Қазақ АКСР-ның Омбы облысындағы өкілдігінің төрағасы болған. Кейінде әртүрлі қызметтер атқарған. 1937 жылдың 14 маусымында Айдархан Тұрлыбаев тұтқындалып, «халық жауы» деген жаламен атылып кеткен.

Енді Софья Айдарханқызына қайта оралсақ, ол 1928 жылы Омбы қаласында педагогикаға бейімделген 9 жылдық мектепті бітіргесін Омбы қалалық оқу бөлімінің жолдамасымен Омбы облысының Азово селосындағы бастауыш мектебінде оқытушы болып істейді. Ал, 1929 жылғы қыркүйекте Петропавл қаласындағы № 3 бастауыш мектепке оқытушы болып орналасады. Сол айда Берденов Тай-

жанға тұрмысқа шығады. Сол кезде Тайжан осы қалада қалалық оқу бөлімінің меңгерушісінің орынбасары болатын. Тайжанды Көкшетау қаласына аудандық «Колхоз жолы» газетіне редактор етіп ауыстырғанда. Софья сондағы жеті жылдық казак мектебінің 5-6 кластарына орыс тілі мен математикадан сабақ береді. 1934 жылы Алматыға көшіп барғаннан кейін ол балаларын тәрбиелеумен айналысады.

Тайжан тұтқындалып, түрмеге камалғаннан кейін ол зайыбымен кездесуге талпынып НКВД басшыларына арызданады. Ақыры 1938 жылдың басында зайыбымен кездесуге рұқсат алады. Осы кездесу туралы Тайжанның үлкен ұлы, сол кездегі 7 жасар Алдан кейін өзінің естелігінде былай дейді:

«1938 жылдың басында менің шешеме әкеммен кездесуге рұқсат беріледі. Ол мені және 4 жасар інім Сүниятты ала барды. Есімде қалғаны: НКВД-ның бір кішкене бөлмесінде 4 жасар Сүният: «Папа, сен неге бізбен орысша сөйлесесің?» - деп сұрады. (Өйткені үйде бәріміз казакша сөйлесетінбіз). Сол кезде әкемді кездесуге алып келіп күзетіп тұрған катал түрде: «Говорите только на русском!» - деп қалды. Әкем Сүнияттың басынан сипап, ақырын ғана «Учите и другие языки» - деді. Содан кейін біз оны көрмедік. Ол сонда 32 жаста еді. Менің есімде ол мәңгі жас, ақылды, қайырымды, камкор адам бейнесінде сақталып қалды».

1938 жылы акпан айында «халық жауының» әйелі деген айыппен Софья Айдарханқызы да тұтқындалып, 8 жылға әйгілі АЛЖИР-ге жіберіледі. Тайжан, әрине, атылып кетті. Шешелері тұтқындалғаннан кейін шиеттей екі бала кәрі нағашы әжесімен камкорсыз қалады. Әйтеуір алла жар болып, сол кезде Ленинградтағы Фрунзе атындағы әскери – теңіз училищесінен «халық жауының» баласы ретінде шығарылып қалған 24 жасар Мұрат Тұрлыбаев (Софья Айдарханқызының туған інісі) Алматыға келіп, караусыз қалған жиендері мен шешесін Омбы қаласына апарып, өзі сонда жұмыс істеп, сырап-сактайды.

1946 жылы АЛЖИР түрмесінде 8 жыл азап-шеккен Софья Айдарханқызы да Омбыға келеді. Бірақ оған мұнда тұруға рұқсат етілмейді. Сондықтан ол шешесі мен балаларын алып Ақмола қаласындағы туыстарына барып паналайды. Алайда оны ешқайда жұмысқа алмайды. Пәтер қиыншылығын да көп көреді. Баласы Алдан 16 жасқа толғасын паспорт алып, баспаханаға баспагер болып орналасады әрі кешкі мектепте оқиды. 1949 жылы ол Алматыға барып Қазак тау-кен институтының геологиялық барлау факультетіне оқуға түседі. 1955-1961-жылдары ол Алматыдағы Қазак тау-кен институтының геологиялық барлау факультетінде оқып, 1961-жылы инженер-геолог болып тағайындалады.

логиялық барлау экспедициясында қызмет жасайды. 1961-1988 жылдары Қазақ политехникалық институтында оқытушы, аға оқытушы, деканның орынбасары болады. Софья Айдарханқызы зайыбы Тайжанның ақталғанын біліп, өзі де ақталып, 1985 жылы 76 жасында дүние салды. «Орнында бар оңалар» деген емес пе, кіші ұлы Сүният та жоғары білімді инженер-кенші, қазір зейнеткер, отбасымен Санкт-Петербургте тұрады. Алданның ұлы – археолог, немересі де жоғары білімді маман. Өкінішке орай, Алдан өзі 2002 жылы қайтыс болды. Міне, Берденовтар отбасының тарихы осындай.

Қайролла Мұқанов
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ЕСІМДЕРІН ҰМЫТПАЙЫҚ

Зікіриянов Жәмеш Зікірияұлы -- 1899 жылы туған. Туған жері Солтүстік Қазақстан облысының Есіл ауданындағы Еңбек ауылы. 1928 жыл шамасында бай баласы деп қудаланған соң аға-інілерімен, отбасымен Ресейге кетіп қалған.

Кемерово, Томск, Красноярск, Ачинск қалаларының заводтарында жұмыс істеген. Ақыры соңына түскен «үндеместер» (әжеміз солай айтып отырушы еді) 1941 жылы қолға түсірді. Сол кеткеннен Жәмеш ағамыз жоқ болды. Артында қалған әйелі қайтыс болған. Бауырына салып, асырап алған баласы Сабыр Ерденев қалада тұрады. “Халық жауының” баласы деп тыныштық бермеген соң, өзінің туған әкесінің фамилиясын алды. Петропавл қаласының еңбек сіңірген құрылысшысы, қазір зейнеткер. Еңбек ауылында, қалада Зікірия ағамыздың ұрпақтары, туыстары тұрады. Ағамыздың есімі мүлдем өшпесін, ескерусіз қалмаса екен деп, ескерткіш кітапқа енгізулеріңізді сұраймыз.

Сабыр Ерденев, Д.И. Айтбаева, зейнеткер

Рысбай қажы Мырзабаев – (1869-1937) сталиндік қуғын-сүргін құрбаны. Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Бейнеткөр ауданы (қазіргі Акжайық) Екітіс ауылында дүниеге келген. Қамауға алынғанға дейін Булаев ауданының Исаев атындағы кен-шарында тұрған.

Стамбулда оқыған, араб, парсы, түрік және орыс тілдерін жетік білген. Жастарды оқыту, мұсылман дініне тәрбиелеу, ақ саттымыз-

ды. дәстүрлерді үйрету мәселесі бұл кісінің назарынан ешқашан тыс қалмаған.

Елге мешіт. медресе салуға кеңес беріп. халық арасында үгіт-насихат жүргізіп отырған. Бұл кезде патшалық Ресей казак балаларын орысша оқытып, әрі шоқындыра бастаған еді.

Наукасты дұғамен емдейтін де қасиеті болған. Меккеге жеті рет барған. Рысбай қажының 1908 жылғы сапары туралы дерек 2002 жылы шыққан “Қазақстан қажылары” кітабының 119-бетінде бар.

Рысбай қажы Мырзабаев 1937 жылдың 8 қыркүйегінде тұтқындалып, НКВД үштігінің қаулысымен ату жазасына кесілген. Үкім 1937 жылдың 15 қазанында орындалған.

1961 жылғы 28 маусымда Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төралқасы. Рысбай Мырзабаевты толық ақтайды.

Әлжанов Темірғали – (1901-1945 ж.ж.) сталиндік қуғын-сүргін құрбаны. Солтүстік Қазақстан облысының Бейнетқор (қазіргі Акқайың) ауданындағы Екітіс ауылында туған.

Қамауға алынғанға дейін Булаев ауданы. Бірінші Май селолық кеңесінің, Сулышөк ұжымшарының басқармасының төрағасы болған. Аштықтан күйзелген елдің де бұл тұста еңсесі көтеріле бастайды. Ауылда тұрғын үйлер, жеті жылдық мектеп үйі, азық-түлік сататын дүкен, басқа да құрылыс жұмыстары жүріп жатқан. Ұжымшар егін және мал өнімдерін өндіруде облыста алдыңғы қатардағы шаруашылықтардың бірі болады. Ұжымшар төрағасының кәсіби шеберлігін арттыру мектебін (1937 ж. сәуір-шілде) Петропавлдан үздік бітіріп келгеннен кейін, 1937 жылдың 21 қарашасында ол тұтқындалады. НКВД үштігінің қаулысымен 28 қарашада 10 жылға айдауға жіберіледі. 1945 жылы Коми АССР-і Ухтоижемск тұтқындар лагерінде Темірғали Әлжанов дүние салған.

1958 жылдың 3 желтоқсанында Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төралқасы Әлжанов Темірғалиды толық ақтайды.

Божакөв Далабай – 1886 жылы Керей Көшебе руының, Күйкей ауылында (қазіргі Жамбыл ауданының Майбалық ауылы) дүниеге келген. Әкесі бес жасында қайтыс болған. Анасы жалғыз тәрбиелеп өсірген. Айдабол батырдың төртінші ұрпағы (шөбересі).

Кеңес үкіметі орнағанда жұрт қатарлы талпынып, азды-көпті білім алып, қоғамдық жұмыстарға қатысып, кәсіретті жылдарда елдің әл-ауқатын көтеруге атсалысады.

1928 жылы Төңкеріс ауданы құрылғанда орталығын салу құрылыстарына басшылық жасайды. Ауданның орталығы қазіргі Май. Балық ауылының орнында болған.

Белгілі ұстаз Сейтен Сауытбеков өзінің «Аштық апаты» деген естелігінде, кезінде тарап кеткен «Балуан» колхозы қайта құрылғанда ұжымшар төрағасы болып, білікті коммунист Божакөв Далабай сайланды, деп есіне алады. 1933-34 ж. «Балуан», 1935-1936 ж. Баян ұжымшарларында басқарма болып істеген. 1937 жылы Преснов ауданының мал дайындау мекемесінің директоры болып тағайындалады, сол жылы “халық жауы” деген жаламен ұсталып кетеді.

Артында әйелі Жаңылдық, Бәтимә. Қадияша, Сәби атты балалары қалған еді, олар да бұл дүниеден өтті.

Ысқақ Ыбырайұлы – 1896 жылы туған. Ыбырайдан үш бала қалған. Үлкені Смағұл, Ысқақ, Қанапия. Осының ішінде атқамінері, сөзге шешені- Ысқақ менің әкем. Руы Жақсылық Қарауыл, кезінде болыстың мүшесі болған. Мылтығын тақап тұрса да, айта-тын сөзін айтқан, жетім-жесірге болысқан. Ағайын арасында дау-жанжал болатын болса, соларды жарастырған. Ермекбайұлы Бөлдірбай деген кедей болған екен. Мәті қажының қолында құлдық-та жүріп қызын алып қашады. Мәті қажы бай құлға қызын бере ме. Осының арасына менің әкем де қиліккен. Дұшпандары көбейіп, менің әкем қашады. Омбы облысына үш барып, үш қайтады елім-жерім деп.

Шұбар айғыры болады жүйрік, үстіне мінсе жеткізбейді. Соңғы рет жанымыздағы Торат ауылында Кенжетай деген жездеміздің үйінде ұсталды.

Милиция есігінің алдына барып: “Ысқақ кашпа-кашсан Жұмабайдың Бекеті, Күлмаш, Оразкені әкеп тұрмыз, соларды апарып жабамыз”, - дейді. “Олай болса мен кашпайын, бірақ, оларды да мені де қамайсындар ғой”, - депті. Жұмабайдың Бекеті молла болған адам. Содан Ысқақты да, Бекетті де Қызылжарда атыпты. - дейді. Артында менен 9 жас үлкен апам Райхана, іште қалған Зайдан. кейін 1938 жылға легіп қарындасым Багила туыпты. Шешем Жібектің айтуынша: Ысқақтың қасқыр ішігі, шұбар айғыры. пистолеті қайда деп сұрады дейді. Бірақ әкемде пистолет болмапты.

Мен кішкентай кезімде аурушаң болыппын. «Осы Құрбан өледі. Райхана ұл боп туса, арманым болмас еді», - дейді екен. Сол Құрбан менмін, 25 жыл ұстаз болдым, қазір зейнеткермін.

Соңғы айыптауында Құлымбетов пен Ескараевтың адъютанты болыпсың депті.

Облыстық КНБ-ның анықтамасында ол туралы былай делінген: Ибраев Искак 1896 года рождения, казах.

Место рождения: Каз.ССР Булаевский р-н, Аул Уш-Кызыл. До ареста проживал: Северо-Казахстанская обл. Булаевский. Должность: Место работы до ареста: Уш-Кызыл колхоз. Кем и когда арестован 26.11.1937г. Булаевский РОНКВД. Кем и когда осужден: Тройка УНКВД. 02.12.1937г. Статья: 58-10 осужден к ВМН. Дата и орган реабилитации: 02.10.1990г. судебная Коллегия Верховного Суда КАЗ.ССР. Причина прекращения дела: За отсутствием состава преступления. Родственники жена Ибраева Жибек, сын Искаков Курбан. дочь Искакова Райхана. сын Искаков Нурлан.

Справка о реабилитации

Ибраев Искак. 1896 года рождения, уроженец аула Уш-Кызыл Булаевского района Северо-Казахстанской области был осужден по Постановлению тройки УНКВД СКО от 2.12.1937г к высшей мере наказания – расстрелу, за проведение контрреволюционной агитации /без указания статьи УК/

Приговор приведен в исполнение 5.12.1937 года. Постановлением Президиума Северо-Казахстанского областного суда от 16.01.58г. постановление тройки УНКВД СКО от 2.12.37г. отменено и дело в отношении Ибраева Искака прекращено на основании п. «б» ст. 204 УПК РСФСР.

На Ибраева Искака распространяется Указ Президента СССР «О восстановлении прав жертв политических репрессий 20-50 годов» от 13.08.1990г. и он реабилитирован 24.07.01992 года.

М.К. Бабиоров.

Заместитель прокурора Северо-Казахстанской области

Ст. советник юстиции

Кириллов Петр Иванович – родился 27 июля 1895 года в селе Надежденское, Приишимского района Карагандинской области (ныне Кызылжарский район Северо-Казахстанской области).

Проживал в с. Надежка с родителями. После женитьбы жил в том же селе, имел свой дом и крепкое крестьянское хозяйство.

В 1919 году был насильно мобилизован в Белую Армию Колчака. После разгрома Белой Армии вернулся в село. Занимался

хлеборобством, как крестьянин единоличник. Был малограмотен.

В 1933 году подвергся раскулачиванию. Дом и все имущество их семьи было отобрано властями. После многих мытарств по родственникам в 1935 году его семья приехала в г. Петропавловск. Вырыли в горе избушку, где и проживали до ареста. Работал в это время Петр Иванович в Петропавловском сельхозтехникуме разнорабочим.

29 марта 1938 года был арестован по доносу. На момент ареста семья имела трех малолетних детей. Заседанием Тройки УНКВД Северо-Казахстанской области от 17 октября 1938 года был приговорен по необоснованному делу, как шпион японской разведки, к расстрелу. Решение Тройки приведено в исполнение 17 октября 1938 года.

Определением военного трибунала Туркестанского военного округа от 15 июня 1959 года был реабилитирован посмертно.

Его семье пришлось пережить много унижений и гонений, как семье врага народа, за те страшные годы массовых политических репрессий, когда миллионы людей погибали безвинно в застенках и лагерях Советского периода.

Нұрғожин Қазіқан – Төңкеріс қазіргі Шал акын ауданындағы Берді ауылында 1874 жылы Нұрғожин Қазіқан дүниеге келген. Ауылында 10 жасынан молдадан сауат ашып, сол ауылға молда болып жұмыс жасаған. Бакран деген қызға үйленіп, одан екі бала көрген. Бірі ұл, екіншісі қыз. Елінде молда болып жүрген Қазиканды 1937 жылы «үндемес» ұстап әкеткенде әйелі, екі баласы қалған екен. Содан кейін зайыбы «халық жауының» әйелі деп қайда ауыр жұмыс болса, сонда жұмсаған. Әкесі кеткенде ұлы Қайыржан 7 жаста, қызы Сапия 5 жаста қалған. 1928 жылғы Қайыржан елінде 4 кластық білім алып, одан Ленин орта мектебін тәмамдап, Петропавлдағы ауыл шаруашылығы техникумын 4 жыл оқып бітіргеннен кейін, 2 жыл Қарағанды облысында жұмыс істейді. Содан соң Қарағанды педагогикалық институтына түсіп, бітіргеннен кейін ауылы Кеңестің жанындағы Жаңажол ауылында он біржылдық мектепте ұстаз болып жұмыс істеген, зейнет демалысына шығып, шамалы өмір сүргеннен кейін 1995 жылы өмірден өтті. Қайыржан 1956 жылы үйленіп, 4 қыз, 1 ер бала сүйген. Балаларынан бір қыз қайтыс болды. қалған үш қызы ұстаз, ер баласы мен - Айдар агроном мамандығы бойынша жұмыс жасап жүрмін. Қазиканның қызы 1932 жылғы Сапия, ауылдағы төрт кластық

білімімен қалды. 1954 жылы Пришим селосында Жапаров Серік деген жігітке тұрмысқа шыққан. Жолдасы ерте қайтыс болып, екі ұлымен жастай жесір қалып. балаларының тілеуін тілеп тұрып жатыр.

Казиқанов Айдар

Оразов Бейсенбай - М.Жұмабаев ауданындағы Бинаш ауылының тұрғыны. 58-баппен сотталып, Сібір лагерлерінің бірінде 10 жыл отырып келді.

Бейсенбай ата өз елінде құрметті адам болған. Сотталғанға дейін «Бірлік» ұжымшарының бригадирі болып істеген.

- «Не үшін сотталдың?» - дегенде ол кісі: «Түк кінәм жоқ, менің әкем Бинаш кажының баласы болатын. Бинаш кажының өзі де, балалары Ораз бен Оразак та орта шаруа болатын. Ораз менің әкем, ерте дүниеден өткеннен кейін және Оразакты 1937 жылы «халық жауы» деп әкеткен соң, ендігі кезек менікі шығар, деп жүргем, көп тостырған жоқ. 1941 жылдың көктемінде, Совет үкметіне қарсы-сың, салық жинаушыны «Үкіметтің қайыршысы» деп айттың деп, 10 жылға соттады. Түгел өтеп, 1951 жылы елге оралдым», - деп баяндайтын. Елге келгеннен кейін Қарақоға элеваторында атшы болып істеді. Өте қонақжай. кең пейіл. келімді-кетімді кісілерге есіктері ашық болатын. Қонақтардың көп болатын себебі – Қарақоға темір жол стансасы, жолаушы көп. бәрі сокпай кетпейтін. Ғұмыры ұзақ болмады, жол апатынан қаза тапты.

Немерелері Петропавл қаласында тұрады. Баласы Сәду мен Серік ерте қайтыс болды. Қазір немерелері Әсемгүл, Сәуле. Серік қыздары Петропавл қаласында тұрады.

Естелікті жазушы жиені

Смайлов Әйтен Малдыбайұлы

Бекенов Мұқаметжан – қайын атам туралы естелік. Қайын атам Мұқаметжан – Мағжан Жұмабаевтың туған інісі. 1900 жылы туған. Қуғын-сүргін басталғасын-ак балалары «Жұмабаев» демей «Бекенов», «Бекин» деген фамилияларды қабылдаған. Қайтседе «халық жауы» деген атакка ілікпеудің амалы ғой.

Өйткені ағалары Жұмабаев Мағжан, 1929 жылы «халық жауы» деп Карелияға айдалған болатын. Кейіннен қайын атамды да жай қоймаса керек. Ұжымдастыру кездерінде малдарын «тәркілеп», сенімсіздік білдіріп, үнемі бакылауда болған. 1937 жыл Жұмабаев әулетіне зор қасірет әкелді

Айдаудан келген Мағжан қайта ұсталған. оның ағалары, інілері тергеуге ұшырап. зорлық, зомбылықтың құрбаны бола бастайды. Осыған орай қайын атамның әңгімесін айтайын:

«Сасықкөлдің» жиегінде кішкентай ауыл болды. қазіргі «Молодежный» кеңшарына жакын. біздің отбасымыз сонда тұрды. Туыстарым жан-жакқа бас сауғалап кетіп қалды. Маған да кету керек болды. Омбы облысындағы Шарбаккөл ауданында әкемнің нағашылары болушы еді. Ойым соларға барып паналау. Күндіз жібермейді. «белсенділер» ұстап береді. Сондықтан түнде кету керек. Атымды жегіп бір ұл, үш қызымды. әйелімді шанадағы киізге орап. есікті жаппай, керосин шамды сөндірмей. түнде Омбы облысына қаштым. Есілкөлге жетпей «Қарағайлы» деген ауылда балам ауырып, бір сөтке дегенде қайтыс болды. Оны сол елдің зиратына қойдым. Содан Шарбаккөлге жеткесін көп жүргем жок. мені де ұстады. Отбасым сонда қалды. «Халық жауы» деген үштіктің шешімімен 10 жылға сотталып Коми Республикасының бір лагерінен бір-ак шықтым. Денсаулығымды тексерген лагердің бас дәрігері татар жігіті екен. әңгімелесіп отырып, менің Мағжанның інісі екенімді білді. Мағжанды Уфада оқығаннан біледі екен. Сол кісі лагердің бастығына айтып. мені төрелердің атын бағуға қойдырды. «1-2 жылдан соң сені ауру деп босатқызам деді». Бірақ менің сорыма қарай соғыс басталып, дәрігерді соғысқа алып кетті. 10 жыл бойы киімімді шешіп. аяғымды созып жатып дем алған емеспін. Төренің аттарына бір кіршік жолатпаймын. Атқораға телефон орнатып берді. Керек уақытында аттарды жегіп, дайын етіп қоямын. менің жұмысыма өте риза болатын.

Тамағым да аш болған жок. Жылқыларға таза сұлы береді. Мен де өзіме таза сұлыдан қайнатып тамақ жасаймын. Міне. сөйтіп 10 жылдан соң бостандыққа шығып, Омбы облысындағы отбасымды таптым. Елге деген іштегі шемен боп қатқан сағыныш. ауылды аңсау ақыры елге қарай жетеледі.

Есілкөл ауданының Қаскат ауылында атакты азамат. ұжымшардың бастығы. өзі маған бажа, Рақымжан Мәдиев және сол ауылда әйелімнің туыстары болды. Олардың әкелері Хинаят. Қалел. Шамиль «халық жауы» болғандар.

Рақымжан. топырағы торқа болғыр: «Қазақстанға бармай-ақ кой, осында бол. Жеңіл жұмыс берейін, 7 шақырым жерден жұмысына 2-3 рет почта тарт» - деді. Сонымен сол елде тұрып қалдым. - деп әңгімесін аяқтады қарт бабамыз.

Бекенов Мұқаметжан 1983 жылы май айында қайтыс болды.

лері Алматыда. Мен. Смаилов Әйтен Малдыбайұлы – Бекенов Мұқаметжан-ның күйеу баласымын. Қазір Қызылжар қаласында тұрамын.

Смаилов Әйтен Малдыбайұлы

Сүлейменұлы Мәкен – 1950 жылы жаз айында Мәкен бауырымыз жазасын өтеп айдаудан келді. “Жиналған жұрт түрмеден келген сияқты емес, керісінше курорттан келген сияқты”. - деп еді. Зор денелі, бойшаң, көңіл-күйі жақсы адам болатын.

Ол өзі туралы былай дейтін: 1906 жылы осы «Дүйсеке» ауылында орташа отбасында туыпты. Революцияға дейін жұмыс жаман болған жоқ. Жаз жайлау, қыс кәрі көңге келіп қыстаймыз. Жайлауымыз қазіргі «Молодогвардейский», «Ильич» кеңшарлары тұрған жер. Ол жайлауды «Сартай-құят» деп атайтын.

1930-32 жылдары ұжымдастыру басталғанда біз Дүйсеке ауылына манайдағы ұсақ ауылдарын жинап. Ворошилов атындағы ұжымшарды ұйымдастырдық. Сонда 1935-36 жылдары бригадир болып істедім. Жұмыс көбінесе өгіздермен аткарылады. Жылқылар жұтқа ұшырап, ұрланып, шамалы қалды.

Екі өгізге малшы ие бола алмай қашып кетіп, апанға құлап өліпті. Содан ауылдың «белсенділері» милицияға арыз жазып, мені «халық жауы, ұжымшарға қарсы» деп көрсетіп, 1935 жылы жаз айында Базарбай деген азаматпен бірге ұстап әкетті. Машинаның үстінде екеуміз ғана едік. Базарбай: «Мен не де болса қазір ағашқа жеткесін қашуға тырысамын, сен не қыласың?» - деді. Мен «не де болса көремін, қашпаймын», - дедім.

Ол ел жақта қашып жүріп, екі жылдасын аурудан қайтыс болыпты. Мен Қызылжарда 1-2 күн болып, 10 жылға сотталып кете бардым. Тайгадан бір-ақ шығып, ағаш кестік. Көп адам үстіне ағаш құлап, опат болды. Жұмысты жақсы істегесін теміржолшы болдым, соңғы кезде «темір жол шебері» - деген атақ алдым. Сенімге кіріп, өз еркіммен жүруге мүмкіндік алдым. Соғыс аяқталғанда тұтқынға түскен жапон солдаттарын ауыр жұмыстарға салып, бізге көп жеңілдік болды. 15 жылдай айдаудың азабын көріп, елге оралдым. Келсем әйелім қайтыс болып, шаңырағым жабылыпты. Жалғыз қызым нағашыларында өсіп, тұрмысқа шығыпты. Мен келген соң ол да үш жылдан соң қайтты.

Соғыстан хабарсыз кеткен немере інімнің әйеліне үйленіп семья құрдым. Қазір бір қызым бар. Тұрмыста, деп ауыр күрсініп сөзін аяқтаған еді марқұм.

Ауыр-азапты жылдарды мойымай көтерген бауырымыз Мәкен мүгедек (аяқтан аурып) болса да, жеке шаруашылығында еңбек етіп 1980 жылы май айында 80 жасында қайтыс болып, туған жерінде жерленді.

Смаилов Әйтен Малдыбайұлы

Басшығұлов Құлжабай – 1881 жылы Солтүстік Қазақстан облысының, Бейнеткор ауданындағы, Қызылағаш ауылында туған. Ірі бай ретінде 1930 жылы тәркіленіп, 2,5 жылға жер аударылады.

Артында 48 жастағы әйелі – Мәпи, 14 жасар баласы Шери, 11 жасар қызы Күләш, 2 жасар қызы Күлзира қалды.

Құлжабай атамыз ел ішінде өте беделді, әділ, елдегі тұрмысы төмен адамдарға көмектесіп отыратын қайырымды адам болды. Ел ішінде болып жататын түрлі дау – дамайларды шешіп отыратын.

Әкеміз ұсталып кеткесін.- дейді Күлзира Құлжабайқызы. - шешеміздің айтуы бойынша үш баланың тәрбиесі, олардың тамағын табу анамызға қарап қалады. Жас кезімізде киын жағдайда өмір кештік. «Халық жауының» баласы атанып, рухани жағынан да қысымшылық көрдік.

17.11.1922 жылы Келтесор болысы атқару комитетінің төрағасының орынбасары. 1923 жылы осы комитетінің төрағасы болып сайланды.

Қаламыздың көрнекті азаматы Зейнолла Олжабаев қажы осы кісінің ұрпағы. Ата абыройын асырып жүрген азамат.

Күлзира Құлжабайқызы

Әлібаев Қазыбек – 1900 жылы Булаев ауданының Ворошилов ауылында туған. Білімі – бастауыш мектеп.

Осужден ТР. УНКВД СКО 3.12.1937г. По.ст. 58-10, 58-11 УКРСФСР к ВМН.

Реабилитирован 20.11.1994 г. ГПРК (стр.11)

Әлібаев Қазыбек – немере атамыз 1937 жылы ұсталды. Менің бала кезім, 7 жастамын. Есілкөлдiң милиционері келіп ұстады. Жолдасы Жаңыл Қазыбекке: «Қаш, мен осы екеуіне өзім ие боламын», - деп жалынады. Бірақ әбден қашып, тығылып запы болған ба, сол жолы ұсталып кете барды. Жаңыл шешеміз алып күш иесі болатын, батыр ана еді. Қазыбек туыстарға қамқор бола білген. мейірімді ержүрек адам еді. Талай топқа түскен, жауырыны жерге

Бар кінәсі байдың баласы деген жала және жәбірлеушілердің зомбылығымен жасалған кінәләр.

Артында жары Жаңыл Мәлгаждар (Мәлік) кызы, інісі Қайыр-гелді 11 жаста. қыздары Нұлығайын 4 жаста, Райхана 2 жасында жетім қалып, өмірдің киындығын көрді.

Амал не, жатқан жері «торқа болсын!» дегеннен басқа не айтамыз.

*Немере інісі Олжабаев Зейнолла қажы,
зейнеткер*

Жылкыбаев Жұмабай – 1851 жылы Бейнеткор ауданының, Аралағаш ауылында туған. Булаев ауданының “Стаханова” ұжым-шарында еңбек еткен. Сотталған ТР УНКВД по СКО 13.09.1937 г. По ст. 58-10, 58-11 УКРСФСР к ВМН. Реабилитирован 31.03.1989г. прокуратурой СКО (стр. 67).

Жылкыбаев Жұмабай – 86 жастағы карт ұсталып сотталса, қазіргі уақытта не деуге болады. Мүлде жазығы жоқ, кінәсіз адамды жазықсыз жазаға ұшыратса не амал.

Сол уақытта бар кінәсі: әлді, ауқатты, тұрмыс құрған, молдалығы бар, бірақ сауатсыз адам еді. Бұл кісіні де бала кезімде көргем, бір елде тұрдык. Артында Әбділдә. Сейпіл деген ұлдары қалды, олар да бұл дүниеден өтті.

Ұрпағы, зейнеткер Олжабаев Зейнолла қажы

Жанғожинов Нұрпейіс – 1876 жылы. Солтүстік Қазақстан облысының Бейнеткор ауданындағы Байғожа ауылында туған. Білімі – бастауыш мектеп. Булаев ауданының Жаңакөл ауылында еңбек еткен.

Сотталған ТР УНКВД по СКО 14.08.1937г. по ст. 58-10 УКРСФСР к ВМН. Реабилитирован 20.03.1987 г. Прокуратурой СКО (стр 62) Нұрпейіс Жанғожаұлы 61 жасында жапа шекті. Ешкімге залалы тимеген. Тұрмысы жақсы, ауқатты, ел ішінде ауызға ілінген, еті тірі болған деседі.

Ақкөңіл, елге, ағайынға пайдам тисе екен деген ниетте болған. Тазалықты, ар-намысты жоғары бағалаған. Елдің көре алмаушылығы мен іштарлықтан жасаған жала. Артында жары Жәмилә Төлегенқызы. 2 жасар ұлы Қалнаш. 2 жасар кызы Күлсән қалды. Қазір бұлар да дүниеден өтті.

Нұрпейіс Басшығұлдың кызы Қайнішке үйленген, маған жезде болып есептеледі.

Міне, осындай талай еліміздің абзал зиялы азаматтары жаламен жапа шекті. Солтүстік өңірі бойынша әр ұлттан барлығы 7000-нан астам адамдар кінәсіз сотталып кетсе, ең болмаса артта қалған ұрпақтары еске алып, кейінгі өскелең жастарға естелік үшін жазса несі айып.

*Еске алушы: Олжабаев Зейнолла қажы
зейнеткер, 09. 04. 2008 жыл.*

Биназаров Оразак - М.Жұмабаев ауданындағы Бинаш ауылының тұрғыны.

Биназар қажы 80 жасында 1908 жылы Меккеге барыпты. Елі, замандастары ол кісіні «Бинаш» - деп атапты. Қазіргі Бинаш сол кісінің атымен аталған ауыл. Ол кісінің атының шығуын былай айтады; Полудин болысының болысы Омбыға бара жатқан жолда ат ауыстыруы керек болып, сол жердің бойынан көлік сұраса, әлгі сараң жүздеген жылқысынан біреуін де бермейді. Жанында тұрған жас жігіт Биназар өзінің 10 шақты жылқысынан таңдап беріп, болысқа сапарын жалғастыруға мүмкіндік жасапты. Болыс қайтарда Бинашта қонақ болып, өзін сол жердің биі етіп тағайындапты. Ал жылқысын бермеген байдың жылқылары келесі қыста жұтқа ұшырапты, - деп елдің үлкендері айтушы еді. Қажы елінде қайтыс болып, ал баласы Оразак 37-нің сергелдеңіне ұшырапты. Дін иелеріне камқорлық жасады, Алаш қозғалысына көмек көрсетті. (Торсанның Қазии ығысып жүргенде аз күн паналаса керек.), тағы басқа айыптар тағылып сотталыпты. 1956 жылы іздеу салғанда: «1946 жылы аурудан «Барсакелместе» қайтыс болды» деген хабар алып, ұрпақтары Бинаш ауылында ас берді.

Оразактың алты ұлы, екі қызы болған. Үш ұлы ұлы Отан соғысынан оралмады. Қазіргі кезде ұл-қыздары түгел қайтыс болған. Немерелері бар.

Смайлов Әйтен Малдыбайұлы

Бекішев Ыбырай – 1937 жылы Бейнетқор ауданының Шолақдосжан (Молотов) ауылынан оны НКВД-ның бастығы Жанабаев деген кісі алып кеткен. Онымен бірге Айтолла Садуақасұлын да алып кетеді. Алып кеткеннен кейін оларды Шолақдосжан ауылындағы сырғауылдан жасалған сарайға қамаған. Ол сарайдың ішінде ауылдың көп адамдары болған. Сол кезде қызға ерегесіп, оны Сапар деген өзінің ауылдасы көрсетеді, оның ағасы жазықсыз кеткен. 1945 жылы Карлаг-тан босап шыққан бір адам: «Бейнетқор»

дан екі адам Карлагта бірге отырды. Оның біреуі - Айтолла деген кісі. қайтыс болды. Сол жерде жерленді. ал Ыбырай тірі», – деп хабар береді. Содан бері бірде - бір хабар болмайды.

Ыбырайды алып кеткенде, оның артынада анасымен бірге жеті жасар жалғыз Әбжан деген баласы қалады. Оны «халық жауы» - деп біраз кинайды. Бір күні, бала кезінде анасы скеуі бұқамен жер жыртып жүргенде, Әбжан шаршап алқапта ағаштың бауырында дем алып жатқан жерінде, оны ұжымшардың төрағасы салт атпен келе жатып көріп қалады да. «сен халық жауының баласы, неге жатырсың», -деп камшымен ұрады. Сол кезде небәрі 12 жастағы бала.

Ыбыраев Әбжан мектепті үздік оқушы болып бітіреді. Педагогикалық институтқа түседі. Ол: «Әкемді өзім ақтап шығармын», - деп заң бөліміне оқуға барады. Бірақ. денсаулығына байланысты оны бітіре алмайды. Қызметін Булаев ауданының Сарытомар деген ауылында бастайды. Содан кейін Совет ауданының Ивановка ауылында мектеп директоры болады. Ол ҚазКСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі, дербес зейнеткер болды. Сол Ивановкада дүние салды.

АЛАШТЫҢ АЗАМАТЫ

Жәнібеков Жанұзақ зорлық-зобалаң заманының құрбаны, сол дәуірдің белгілі азаматы, «Алаш» партиясының белді мүшесі. Сол партияның басшыларымен бірге қатар саясат жүргізген көрнекті қайраткер болған адам. Кезінде «Қазақ». «Кедей», «Алаш» газеттерінде көптеген мақалалары шығып, өзінің саяси ұстанымын көрсете білген. Мысалы: «Орынбордың жағдайы», «Автономиялар туралы», «Алаш құрбандары» деген мақалалары бізге дейін жетіп отыр. Оларда сонау дүрбелен (1916, 1917) жылдардың оқиғаларын саралап жазады.

Жанекеннің «Алаш» партиясында болғандығын Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол. Тайғақ кешу» кітабында жазып кеткен. «Алаш» партиясының Орынборда Торғай облыстық комитеті ашылды, - дейді С.Сейфуллин. – Комитетке Орынборда тұратын 10 казак және төрт уезден 4 казак, барлығы 14 ағза сайланды. Орынбордағы ағзалар: Ахметжан Бірімжанұлы, Ахмет Байтұрсынұлы. Әлихан Бөкейханұлы, Елдес Омарұлы, Омар Жәнібекұлы. Міржакып Дулатұлы, Ғабділкамит Жүндібайұлы, Сағындық Досжанұлы... Алаш партиясының облыстық комитетінің төрағасы Әлихан Бөкейханұлы. серігі Ахмет Байтұрсынұлы. секретары Міржакып Дулатұлы. қазынашысы Жанұзақ Жәнібекұлы...

Тарихи деректерде «Алаш» партиясының мүшелері казак зиялыларының «Алаш азаматтарына» арналған үндеулері, ақыл-кеңестері «Қазақ» газетінің беттерінде жиі жарияланып тұрғандығы көрсетілген. Мәселен, 1917 жылдың 11 маусымында осы газетте үш бірдей мақала қатар басылған. Оның алғашқысында Қытайға босқын қырғыздардың (казактардың) ауыр тұрмысын, нашар халдерін суреттейді. Беріліп жатқан жәрдемдер аш-жалаңаш қалған қандастарымызға өте аз, жоқтың қасы. Осыған орай Түркістан комитетінің ағзасы (Торғай облысының комиссары) Әлихан Бөкейханов комитет ағасы Жетісу облысының комиссары Мұхаметжан Тынышбаевқа мынадай хабар жібереді: «Босқын қырғыздар үшін 200 мың сом казынадан қарыз сұрау керек».

Сондай молырақ қаржы болмаса, аздап жинаған көмек олардың толып жатқан мұқтаждығының біріне жетсе, екіншісіне жетпей тапшылық қыла бермекші. Босқындардың тамағы жоқ, киерге киімі жоқ, паналарға үй жоқ, жұрдай болып сорлағандарға қомақты көмек керек. Одан соң әркім әліне қарай көмек беру керек. Мақаланың соңында сегіз адамның қолы бар. Оның ішінде Ж.Жәнібековтің аты да жүр.

Екінші мақала «Босқын қырғыздарға жәрдем» деп аталады. Онда жеке адамдардың, ұжымдардың ақшалай көмегі көрсетілген. Атап айтқанда Ә.Бөкейханов – 100 сом. А.Байтұрсынов – 300 сом, Ж.Жәнібеков – 3 сом, т.с. с. көптеген адамдар және № 1 ауыл 300 сом, Ақбұлақ молдалары 200 сом, барлығы 976 сом ақша жиналып Құлжадағы комитетке жіберіледі.

Үшінші мақала «Шура-и-Ислам» ұйымы жайында. Мәскеуде жалпы мұсылман съезі болып өтеді. Оған әр ұлттың өкілдері қатысады. Барлығы 800-900 адам, оның 30-ы ғана казак өкілдері болған. Съезде «Шура-и-Ислам» бүкіл мұсылман істерін басқарып тұратын орын болсын деген қаулы қабылданады. Сол орынға 30 ағза сайланады, оның 5-і казакстандықтар, қалғандары басқа ұлттардан еді. Бұл съездің жетістіктерімен қатар, кемшіліктері де болғандығы осы мақалада айтылған. Осы съезге Мағжан Жұмабаев Ақмола облысынан қатысыпты, өз пікірін газет бетінде сын-мақаламен көрсетіпті. Мақаланың аяғына тоғыз адам қол қойыпты. Онда Ж.Жәнібеков те жазылған.

Біздің қолымызға ескі деректерден казак зиялыларының «Қазак халқына» атты мақаласы да жетті. Бұл мақала 1917 жылғы 24 маусымда басылған. Негізгі мазмұны Торғай облысында мал, жан, шаруа, жер, судың есебін алу жайында болып отыр. Мұндай есеп

Бұл есепке біздің қазақ халқы қалай қарамақ? Бұрынғыдай сенімсіз көзбен қарай ма? Мәнісіне түсінер ме екен? Бұрынғы есептерде «Жеріміз мол, егінді көп саламыз десек, жерден айрыламыз» деп қорқатын. «Малымызды көп көрсетсек, алым-шығын көп болады» деп жасыратын. Адам санын алатын болса «Бізден солдат алғалы жүрмесін» деп сезіктенетін еді. Ендігі есеп қандай болады? Бұдан пайда-зиян қандай? Қазаққа жер малына қарай пішіледі. Малы аз болса, жер де аз тиеді. Малың, егінің, шаруасың жасырса ұтылады. Ертең съезде бәрі анықталады, шындықтың беті ашылады. Адам санын азайтсаң, депутаттың саны азаяды. Жасты да жасырып кемітуге немесе арттыруға болмайды, ол да зиянды. Енді бұрынғы қате ізді баспалық, үлгілі жолға түселік. Мынау ұлы дүбірге қосылып, тиісті бәйгемізден құр қалмалық, жұрт болалық... Мақаланың соңында аталған сегіз арыстардың аттары басылған, онда Жанұзақ Жәнібековтің де есімі бар.

Сайып келгенде, осы мақалалар Жанұзактың қолынан өткен мақалалар екені белгілі болып тұр. «Алаш» партиясының басшыларымен қатар өмір сүріп, бірге еңбек еткені байқалады.

Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібеков 1889 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласында туған. Жергілікті жердегі моллада, одан кейін медреседе оқып, білім алады. Кейін ауылдық жерлерде, яғни Есілкөл, Полудин болыстарында мұғалім болып қызмет атқарады. 1912-1913 жылдары баспаханада әріп теруші болып істейді.

1913-1918 жылдары Орынбор қаласындағы «Қазақ» атты газетінің корректоры болып орналасады. Ол кезде газеттің редакторы Ахмет Байтұрсынов болыпты. Қазан төңкерісінен кейін (1917-1918ж.ж.) генерал Дутов пен Қызыл әскер арасында соғыс қалыптастырылып жатқан аласапыран кезеңдер еді. Дәл осы кездері жаңа құрылып жатқан «Алаш орда» партиясына мүше, «Алаш» газетінің редколлегия мүшесі болып енеді.

1920 жылы Жәнібеков Петропавлға келеді. Онда оқу саласының нұсқаушысы, одан соң Ақмола губкомның орынбасары қызметтерін атқарады (1920-1924 ж.ж.).

1924-1926 жылдары Петропавлдағы «Бостандық туы» газетіне орналасып, редакция алкасының мүшесі болады. Тәжірибесі мол, қолынан іс келеді деп, оны Ақтөбе губерниясының «Кедей» атты газетін басқаруды сеніп тапсырады (1926-1929 ж.ж.). Бұл газет таза казак тілінде, жұмасына бір рет, 1600 данамен шығып тұрған. Газеттің беттерінде Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, М. Әзімов, М. Қашымов, М. Қасымов, М. Қасымов

мақалалары мен еңбектері, әдеби шығармалары басылып отырған. 1929-1932 ж.ж. сол облыста ауыл мұғалімі болады.

- Сол газеттерде не жайында басылып тұрды? – деген ОГПУ тергеушісінің сұрағына түрмеде отырған Жанұзақ Жәнібековтің берген жауабы мынадай: «Негізгі мақсатымыз жастарды тәрбиелеу. Оларға казактың ескі әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін үйрету, жаңа демократиялық мемлекет құру...»

Жанұзақты «Кедей» газетінің редакторлығынан «Редакцияны ұлтшылдық пиғылдағы қоғамға зиянды элементтермен былғағаны» үшін түсіреді. 1933 жылдары Петропавл кооператив техникумын басқарады. Одан кейін Еңбекшілдер ауданындағы «Қазалтын» тресіне қарасты «Степняк» руда өндіруші кенттік Кеңесін басқарады. Ол дінге қарсы күресудің орынына, қайта оны қолдады, контрреволюциялық ұйымдарға мүше болды, Кеңес үкіметіне қарсы болып, оны құлату жайында үгіт жүргізді деп айыптап, 1937 жылдың маусым айында абақтыға жабады, «халық жауы» атанады. Одан көп ұзамай, екі жарым айдан соң (13.09.1937ж.) «үштіктің» шешімімен Жәнібеков Ж.Ә. ату жазасына кесіледі. Оның қай күні, қай жерде атылғаны, қайда жерленгені белгісіз.

1958 жылдың желтоқсан айында ақталды, туыстарына Көкшетау облыстық прокуратурасынан хат келіп түседі. Онда «үштіктің» Ж.Жәнібеков жөніндегі шешімі негізсіз деп табылды, сондықтан қылмыстық іс тоқтатылсын деген шешім қабылданды деп хабарланған. Сол жылы, сол айда Көкшетау облыстық сотының шешімі шыққан болатын.

Жанұзақ Жәнібеков ұсталған кезде артында әйелі – Мариям 35 жаста, үш қыз - Әмина 16 жаста, Гүлнар 12 жаста, Еленұр 8 жаста қалған екен. Осы артында қалған жанұясының тағдыры жайында айта кетейік. Әйелі Мариям 1902 жылы туып, 1968 жылы дүние салған. Өзінің көзі тірісінде үш қызды асырап-сактап, оқытып ер жеткізді. Олардың үшеуі де тұрмыс құрды, балалы-шағалы болды. Мысалы, Әмина Ыскак Иманқұловпен үйленіп, бес баланың анасы атанды. Ыскак Иманқұлов Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі. Гүлнардің алты баласы бар, жолдасы Найман Баймұқанов түрлі лауазымды қызметтер атқарған адам.

Еленұрдың тоғыз баласы бар, жолдасы Сәлім Қалиев атакты қойшы болған. Әмина, Гүлнар, Еленұр қыздарының соңғы екеуінің жолдастары бұл дүниеден өтті. Бірақ арттарында ұрпақтары қалды, солар өткендердің өмірлерін жалғастырмақ.

Жанұзақтың үлкен қызы Мадина (төлқұжатын алғанда Әминаға

каласында туған. Әкесін ұстап, түрмеге жапқанда Әмина Степняк қаласындағы орта мектепте оқып жүрген. 1937 жылы Петропавлдағы фельдшер – акушерлер мектебіне түседі, кейін мұғалімдер институтына ауысады. Оны аяқтағаннан кейін жерлесіміз Ыскак Иманқұловқа тұрмысқа шығады. Петропавлдағы казак театрының жабылуына байланысты бұл жанұя Гурьев (бүгінгі Атырау) облысының Теңіз ауданына көшіп келеді. Әмина аудандык Кеңестің хатшысы, одан соң орта мектепте мұғалім қызметтерін атқарады. Соғыс жылдары облыстык радиокомитетінің дикторы, әдеби қызметкері болған. «Халык жауының» кызы болғандыктан қызметін жиі ауыстыруға тура келген. Көкшетау қаласында темір жол бойында. Көктерек аулында (СҚО) мұғалім, Петропавлда эстрадалык бюроның әсімгері, Гурьевте мұрағатта, КТУ-дың директоры, Пединституттың оқытушысы, т.с.с. қызметтерді атқарады.

1976 жылдары Жетісай драма театрының суретші – бояушысы, кәсіподак ұйымының төралмы болып істейді. 1987 жылы кайтыс болған.

Жанұзак Жәнібеков кезінде еліне белгілі, халкын сүйген, оған адал қызмет еткен айтулы азамат болыпты. Оның дәрежесі Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев сиякты ұлы арыстармен бір деңгейде болса, аты да бірге аталмак. Осы уақытка дейін бүгінгі ұрпак Жанұзакты неге атамай жүр? Неге білмейді? Оған жауап біреу ғана, анык зерттелмеген. Оны өз туыстары да мойындайды.

- Өткен жылы кайын атам Жанұзак туралы жазайын деп ойлап, бірталай материал жинадым, - дейді Ыскак Иманқұлов. Жанұзактың үлкен кызы - Әминаның жан жолдасы. – Бірақ жасым 90-нан асып кетті, ағына дейін жазып бітіре алмаймын деген ой келді де, жинаған деректерімді, ойымды, есте қалғандарымды – барлығын Ұлжан кызыма, аталарың туралы сендер жазыңдар деп тапсырдым.

Ұлжан Ыскаккызы Молдабекова жоғарғы білімді ұстаз, орыс тілі мен әдебиетінің маманы, бұл күндері Алматы қаласындағы экология-гуманитарлык жеке меншік мектебінің оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

Гүлжан Ыскаккызы өзінің атасы (нағашы атасы) – Жанұзак Жәнібеков жөнінде көлемді тамаша мақала жазыпты (мақаланың мәтіні орысша берілген). Осы мақаланың қыскаша тұжырымын айта кетейін.

- Жанұзак маған нағашы ата болып келеді, ол менің шешемнің әкесі. Осы уақытка дейін нағашы атамның тағдырын, кайғылы

қасіретін біз – немерелері түгіл, туған балалары да, туыстары да білмей келді. Тек есте қалғандары: «Айдалды. Атылды. Халық жауы. Ақталды» деген сөздер ғана. Адамның жүрегіне инедей қадалған осы сөздер, жас болсақ та, көңілде бір ауыр сезім ұялайды екен – деп бастайды Гүлжан өзінің әңгімесін.

Иә, Гүлжан Жанұзақ атасын көрген жоқ, бірақ ол жөнінде тыңдай келе, оқи келе, тағдырының аянышты күйін ести келе өзінің ой тұжырымын жазып отыр. Атасының Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол. Тайғақ кешу» кітабындағы басылған мақалалары, ондағы мағлұматтар Гүлжанның көкірегін оятып, жігерін арттырды. «Алаш» партиясы, оны ұйымдастырушы атакты азаматтар жөнінде, солардың қатарында тұрған Жанұзақ атасы жайында дәйекті деректер алып, аса бір қуанышқа бөленеді. Атасының өмірі мен қызметін тереңірек зерттеуге кірісіп, мұрағаттардан, ескі әдебиеттерден, газеттерден құнды дүниелерді жинастырып жүрген көрінеді.

- Осындай ұлағатты әкенің тәрбиесінде болған менің шешем Әмина еш алаңсыз, бақытты өмір сүрді – дейді Гүлжан. – Табиғат та одан әдемілікті, сұлулықты аямаған. Бірақ осы бақыттылық құм сепкендей бір күнде жоқ болды, әкесін ұстап әкетті жендеттер...

Жанұзақ ұсталғаннан кейін алғаш қол үшін берген Сәбит Мұқанов болыпты. кейін көрнекті қайраткерлер Жұмабек Ташенов пен Нұртас Ондасынов келіп, өздерінің ақыл кеңестерін берген екен.

Қысқасы, Ұлжан аталған мақаласында өзінің әкесі Ысқақ, анасы Әмина жөнінде де толық мағлұмат бере келе, келешекте атасы Жанұзақ жөнінде кітап жазуды ойластырып отыр. Ол мақсатты орындайтынына сенімім мол.

Ж.Жәнібековтің «Алаш құрбандары» мақаласы (түп нұскасында беріп отырмыз). Соңғы Жалпы казак-қырғыз сиезінің қаулысы бойынша Семейде атты-жаяу милиция құрылған еді. Мұны соңғы кезде большевиктер ұнатпай, “ойыныңды тоқтат, мылтықты бер” деп мінез көрсетіп жүрді. Оған біздің милиционерлер, қорғаушылар, өз жүректерінде ұлт сактанудан басқа ешкімге қастық қылатын ниет болмаған соң, қарсы да келмеді, ойындарын да тоқтатпады.

6 мартта таңертең сағат 9 шамасында Алаштар қаласында мылтықсыз ойнап жатқан атты қорғаушылардың жанына 10-15 солдат келіп, еш себепсіз мылтықты бір-екі басып қалады. Ешкімге оқ тимейді. Мылтық дауысы шыққан соң бірлі-жарымды жігіт қашуға айналғанда милиция бастығы, учительский семинария шәкірті Қазы Нұрмұхамедұлы жігіттерге айғайлап: “Қайда барасыздар? Жазық-

тұрды. Сол арада мылтық үсті-үстіне атылып. Қазының өзіне де, атына да ок тиді Ок жүректен тиген екен. Есіл жас сол арада жан тапсырды.

Марқұмның жолдастары ботадай боздап. басын құшақтап шуласты. Көрген-естіген жан қайғырды. Ертеніне жиналып, жаназасы шығарылды.

Алғаш Алаш жолында құрбан болған жас бағланды белгі болып қалсын деп екі рет суретке басылды (біреуі киімімен жатқан калінде, екіншісі халық жаназа оқып сапта тұрғанда табыттағы жатқанын).

Қабірге қойып, құран оқылып болғаннан кейін Шәкәрім (Құдайбердиев) аксақал халыққа қарап сөз сөйледі: “Әлеумет! Мынау жатқан кім? Бұл ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған Алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді демендер, бұл күнгі хәм мұнан соңғы “ұлтым” деген азаматтар мына мен сияқты болып “ұлтым” деңдер деп өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті.

Марқұмның аты да Қазы еді. Қазы би деген сөз. Қазы билігін етіп кетті.

Қарағым Қазы, өліміңе өкінбе! Арманың жоқ, құдай алдында да, жұрт алдында да сенің орның бөлек.

Оқығандар! Жастар! Мынау жолдастарыңды ұмыта көрмендер. Мұның үй-ішінің міндеті сендердің мойындарыңда. Бір кішкентай көзінің карашығы (бір жасар ұл бала) қалды. Соны тәрбиелеп адам кылу, бәріннің, барлық Алаштың мойнына парыз хәм өздерің де бұл уақиғаға қажымандар. Құдай тағала Алашқа шын ұл бергеніне бүгін ғана көзім жетті. Алпыс жасқа келгенде мұндай ұлт үшін құрбан болатын азаматты көремін деген үмітім жоқ еді. Көрдім енді, бүгін өлсем де арманым жоқ. Қарғам. Қазыжан, қадіріңді біліп, құрметтей алмасак кешу кыл. Қош, қабірің нұрлы болсын!” деді.

Жиылған жұрт еңіреп жылап жіберді. Сонан кейін Міржақып Дулатов тұрып мынаны айтты:

Мынау кім жатқан, әлеумет,

Жас қабірді жамылып?

Мұнша ардақты кім еді,

Тұрсыңдар бәрің жабығып!?

Жалғзы ма еді біреудің,

Тілеп алған зарығып?

Байы ма еді бұл елдің,

Құрметтейтін жабылып?

*Би мен бектің бірі ме ед,
Жылардай жұртты сағынып?
Ханзада яки сеид не,
Қарашы шулап қамығып?
Жоқ, әлеумет!
Бұл жатқан
Жалғыз да емес,
Бай да емес,
Би де емес,
Бек те емес,
Сеид те емес,
Хан да емес.
Бусанып жатқан жас қабір,
Иесін мұның айтайын.
Мақсаты ұлттың жолына,
Туын ұстап қолына.
Жас ғұмырын пидә еткен,
Жар-жолдасын күйзелткен.
Алаштың адал баласы,
Армансыз өлген данасы.
Жүректен жалғыз оқ тиген,
Жаза баспай дөп тиген.
Алаштың бұл құрбаны,
Аяулы жолдас, Қазы жас.
Жоқ, бауырым, жолдасым!
Армансыз сенің өз басың.
Қабыл болып құрбаны,
Алашты құдай оңдасын!*

Жиылған халық камығып, көңілі босап, көзіне жас алды. Бұлардан кейін Райымжан, Жанғали кажы, Мұстақым сөз сөйледі. Ақырында Қазының бірге оқып жүрген жолдасы Жүсіпбек еніреп тұрып: «Жан бауырым, жолдасым! Қош бол! Жасаған алдынды өзіңе, артынды бізге кайырлы қылсын. Талаптандың, талпындың, оқып қатарға кірдің. Бұл күні мынадай мезгілсіз қазаға душар болдың. Өкінбе! Ұлтың үшін туып едің, ұлтың үшін өлдің. Кеудеңде бір арманың кетті. Ешкімге оқ атып, қылыш суыра алмай, жазық-

алмай кеттің. Қош, бауырым, жолдасым, Қош!» деп көзінің жасын тия алмай, сөзін әзер тоқтатты.

Сөйтіп, 7 мартта, бейсеінбі күні Алаштың тұңғыш құрбанын баянды сапарына жөнелтіп, жұрты таркасты.

Сол күні біздің басшы азаматтар Қазының жолсыз өлгені туралы большевик бастықтарымен сөйлесті. Олар: “Біз мұндай жұмысты істе деп ешкімге бұйырғанымыз жоқ. Өз бетімен істеп жүрген бұзақылардың жұмысы” деп оқ атқан солдаттарды айыптапты. Сонан кейін атушы солдаттар военно-революционный сотқа берілді.

Қазы марқұм жасы 22-де, Семей уезі Еңірекей болысындағы Сыбан деген рудан еді. Жасынан кедейлікпен алысып, талабымен оқып келген еді. Семейде екі класты шолды бітіргеннен кейін бірер жыл бала оқытып, пұл жинап алып, 1915 жылы семинарияға түсті. Оны ендігі жылы бітіремін деп жүргенде ұлт тілегін зор көріп, бірге оқып жүрген жолдастарымен милицияға жазылды. Қыс ортасынан бері атты милицияны баскарып тұрушы еді. Марқұм ақ көңіл, талапкер, жігерлі, ұлтшыл жас еді. Ұлтшылдығын көрсетті. Ұлттың жолында жанын құрбан қылды. Жасаған ие есебін толтырып, кейінгі жастардан орынбасар шығарсын!

Басшы азаматтарымыз һәм обласной казак комитеті кеңесіп, марқұмның басына тас қоюға һәм жақсылап белгі-бет салуға қаулы қылды. Қазының оқуға жасы жеткен бір інісі бар еді, соны оқытуға стипендия ашты. Кәрі ата-анасына, һәм катын-баласына жеті мың сом ақша бермек болды.

Жастар ұйымы марқұмның жетісі болған күні жұртты шақырып, құран оқытты, дұға қылдырды.

Алаш аман болса, бұл тұңғыш құрбан ұмытылмас, тарихта аты калар. Бірақ біздің бұдан үлгі алып, жүрегімізді соның жүрегіндей қылуымыз керек.

Рухын шат болсын, шаһид болған Алаштың шын баласы! Қош жолдасымыз!

Бұл қаулы марқұмның өлген уақыты большевик дүрілдеп, көтеріліп келе жатқан кезінде еді. Енді большевик лаңы басылуға жақындаған бір уақытта Алаш туын көтеріп, ел жігітін бастайтын соғыс ғылымын оқыған бірнеше жыл соғыста болып, тәжірибе көріп ысылған бір офицерімізден айырылып отырмыз. Ол Орал облысы, Ілбішін уезі, Суналы болысы, каракесек руынан штабс-капитан Нұғман Сарбөпеұлы.

Бұл жігіт соғыс ғылымын Александровский кавалерийский училищеде оқып, оны бітіріп Қытай шекарасында 553 жаяулы пол-

кте қызметте жүрді. Онан неміс фронтына барып соғысқа кірді. Қызметтен соң өз полкындағы мұсылмандардан әскери каріп шора құрып, өзі соның бастығы болды. Бірақ большевик айғайы шыққан кезде орнын тастап Мәскеуге келді. Онда оған жолдасы Мәди Келдібеков мұсылман комиссариатында зор бір комиссарлық орнын көрсетсе де, ол оған қызықпай, жазғытұры жамағатымен Орынборға келді. Орынборда казак комиссарлардың кейбіреулері оған казак жастарынан құрылатын Қызыл армияға офицер бол дегенде, марқұм ыршып кетіп, құдай жазбасын жауабын берген. Орынбор ішінде бетегеден биік, жусаннан аласа болып жүріп, Жангелдиннен бір демесін қағаз алып, Теке арқылы еліне қайтпак болып 1-Бөрте болысына шыққан. Марқұмның жолға шыққан кезі большевиктің “Елек” қаласына қырғын салып жатқан уақытына тура келіп, еліне қайтуға жол болмай, Ақтөбенің 1-Бөрте болысы, 3-ауылында тұрып қалып еді. 1-Бөрте болысы Орынбордан 30 шақырым шамасындай жерде болғандықтан большевик пен атты казактың майданы болды.

Марқұм ауыл үстінде жатқан атты казактармен сырлас. Оларға түрлі жолдармен жәрдемдес болып тұрды. Орынбор атты казагынан Оралдан атты казактар келеді, оның ішінде былтыр Орал, Темір уездерінде үйретілген казак милиционерлері бар деген хабарды естіп, қатты қуануда, олардың келуін күтіп, өзі атқа аттану камына кірісуде еді.

Құдайдың ақ күнінің бірінде бір топ атты казак ауылға келіп, мұны сұрайды. Бұл шығып жөн сұраса, аттылар “Орал облысынанбыз” дейді. Облыстан келген көрші атты казактар екен дегенге көңілі тоқыраған соң марқұм өзінің офицер екенін, Оралдан келген атты казактарға өзінің қосылатынын айтып салады.

Офицер көңілінде һәм нәрсе жок (болып) тұрғанда атты казактар “штабка жүріңіз” дейді. Бұл “жарайды” деп штаб деген жерлеріне барса, өзінің алданып қолға түскенін сезіп, бармағын шайнайды. Әлгі келгендер атты казак екендіктері анық болғанмен, азғырылып большевик болған бұралқы атты казактар екен. Сол арада атты казактар Нұғманды жалаңаштап қамшымен сабап, мылтықтың түбімен ұрып, ең соңында алты мылтықпен бір басып, өлді деп тастап кетеді. Бірақ ол кезде Нұғман тірі екен. Соңында жамағаты Зинитта Романованың ішкі киімінен баскасын, алтын-күміс нәрселерін, ақшасын, Нұғманның киімдерінің бәрін де әлгі зәлімдер ауылға келіп, жүрдай қылып тонап алып кетіп бара жатқанда, кеудесін сүйретіп ауылға қарай жер бауырлап келе жатқан Нұғманды көріп, тағы мылтықтың астыңғы аяғын, мылжа, мылжа тілігін басып жарып, көзін

шығарып, ит көрмеген қорлықты көрсетіп өлтіреді. Сөйтіп, Алаш-
тың маңдайына басқан бір адал жігіті елінен шығып, большевик
дініне кірген бұралқы атты казактардың қолында.өз тұтынған жо-
лын қуып барғанда құрбан болады.

Марқұмды өлтірген отрядтың аты Кашпиринский отряды атала-
ды. Нұғман 28 жаста еді. Артында абұйырын жабатын қала киімімен
жаңадан босанып, қыз тапқан Зинитта ханым сынық тиынсыз қала-
ды.

Өз басымен әуре болған Бөрте елі марқұмның жаназасын қалай
жөнелтіп, кабірін не күйде қойғанын білмейміз. Бірақ, казак ғұрпын-
ша марқұмның жамағатына тиындап-тебеңдеп, жәрдем беріп тұрған
көрінеді.

Қыршын жас, қаһарман, сабаз Нұғман марқұмның өліміне шын
жүрегімізбен қайғырып, топырағы жеңіл болсын айтып, құдайдан
артында қалғандарына сабыр сұраймыз.

Нұғман марқұмның опатын естіп, қайғырып бет сипап, дұға
кылып қойғанмен азаматтық борышымнан құтыла алмайтын ретті
көріп, ауыр қайғы үстіне жұрдай болып бар мүлкінен айрылып қал-
ған Зинитта ханымға һәм емшек баласына өзімнен 100 сом, кара-
мағымдағы казак оқығандары ашқан “Еркін дала” пұлынан 200
сом жәрдем жібердім.

«Аш казактарға жәрдем» комитетінен де біраз нәрсе бердім.

Телеграф, пошта жүрмейді. Еліндегі жакындарына хабар жібере
алмай тұрмыз. Марқұмның бірге оқыған жолдастары, жакын-
дары тәржіме халін «Қазак» баскармасына жіберуін өтінеміз.

Сөйтіп, большевик заманында казак жұрты екі қымбат ұлынан
айырылды.

Шеттен хабар алу қиын. Бұл екеуі қатарында тұтынған жол
құрбаны болған үшінші бір азаматтың опат хабарын құдай
естірмесін. (Қазак. 1918. №262. «Қазак» газеті).

Ғалым Қадірәліұлы

ӘБДІРЕЙІС АУҒАНБАЕВ

1937-1938 жылдар казак тарихында аса қайғылы кезең болға-
нын тарихтан жаксы білеміз. Қазак жерінің байлығына қызыққан
Кенестік шовинизм «халық жауы» деген желеумен казак халқы-
ның бас көтерер асыл азаматтарын абактыға жапты, ату жазасына
кесті. Республика бойынша атылған азаматтың 70-75% казак зия-
лылар...

ұлдарынан айрылған халықтың интелектісі, күш-қуаты төмендейтіні анық. Ұлт үшін бұдан артық жауыздық жоқ деуге болады. Халықтың бас көтерер азаматынан айыру ісі қала мен ауылда да қызу жүргізілді. Тек қана біздің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша он мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады, ату жазасына кесілді, түрмеге қамалды, жер аударылды. Колхозшы бір күн уақытында жұмысқа шықпай қалса, себебі тексерілмей “кеңестік құрылысқа қарсы адам” деп айыпталды. Уақытында егістік жер жыртылмай қалса, не ұжымшардың бір малы өліп қалса, “халық жауының” қолынан келді деп ұйғарылды. “Халық жауы” болу үшін үш кісінің қолы жеткілікті болды.

Солтүстік Қазақстан облысы, бұрынғы Булаев ауданына қарасты «Красный Казахстан» ұжымшарының мүшесі Ауғанбаев Әбдірейістің “халық жауы” деп танылып, он жыл Көкшетау түрмесіне отырып шығуға себеп болған бар-жоғы бір кісімен жүз шайысып қалғаны еді. (Ол кісінің қазіргі уақытта ұрпақтары бар болғандықтан есімін атамадық).

Көрші ауылдың Әшкен деген іліктес молдасы Әбдірейістің үйіне қонып шыққанын жазып жіберген. Солтүстік Қазақстан облысы Ұлттық қауіпсіздік департаментінің мұрағатындағы ісі бойынша Ауғанбаев Әбдірейіске ислам дінін таратушы, ұжымдастыруға қарсы үгіт жұмысын жүргізген, Кеңес үкіметін құлату үшін фашистік ұйымдармен байланыс жасаған деген айып тағылып, 1937 жылғы 26 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысы УНКВД үштігінің № 23 мәжіліс хаты бойынша 10 жылға қатаң режиммен қамауға алады. Көкшетау түрмесінде он жыл азапты өмір сүріп, туған еліне 1947 жылы оралады. “Халық жауы” деп қамалған адамдар жататын түрменің бөлмесін жазушы Жайық Бектұров былай деп жазған болатын. «Терезеде саңлау жоқ. Темір тор үстінде тактай қаппақ. Тордың өзі де жоғары. Қаппақ жаппақ шынының өзін де сыртқа көз түспесін деп сырлап тастаған. Ішке әсте күн түспейді. Жарық құр елес. Көктің күнгірт сәулесі ғана. Тордың ең үстінде ғана ауа кіретін болмашы бір желдеткіш». Осындай түрмеде жатқан адамда денсаулық бола ма. 1957 жылы түрмеден алған ауыр науқасынан қайтыс болды.

Әкеміз Әбдірейіс 10 жыл Көкшетау түрмесінде жатқанда үйелмелі-сүйелмелі 6 баланың күн көрісі балалардың үлкені Хасен ағамызға қарап қалды. Отбасымыздың барлық ауыртпашылығы осы кісіде болды, - дейді Мұстақым Әбдірейісұлы. Мұстақым атты баласы қазір ауылда тұрады. Әкесіне тартқан ақын жанды Мұстақым әкесінің барлық өлеңдерін жетік біледі.

Мұстақым қарттың Нұржан, Ержан, Біржан, Бірлік атты ер балалары, Күлзипа, Күлпаш, Күлбану, Сұлушаш, Бактыгүл атты қыздары бар.

Ауылдасы Әміре акын:

Білімнің акқан бұлақтай.

Жүзің жарқын шырақтай.

Ел ішінде көрікті ең

Көлде шыққан құрақтай, - дегендей. Әбдірейіс акын, өнерпаз, парасатты ел адамы болған. Көп өлеңдері сақталмаған, осы жинаққа енген өлеңдері өзіне тартқан акын жанды баласы Мұстақымның есінде қалған өлеңдері.

Әбдірейіс акынның өмірдеректерін, қуғын-сүргінге ұшыраған азапты өмірін, өкініш-реніштерін өзінің жазған өлеңдерінен білуге болады. Тек, акын көрген азапты өмірді кейінгі ұрпақтары көрмесін дейміз.

Әбдірейіс Ауғанбаевқа байланысты ҰХК-нің мұрағатынан алынған құжаттар.

Мұрағаттан алынған құжаттар

По делу 1570 по обвинению Аугамбаева Абдреиса.

Обвинительное заключение

1937 года декабря 24 дня с.Булаево

Я, Начальник Булаевского РОНКВД – Сержант Государственной безопасности Ладыгин, сего числа рассмотрев следственный материал по обвинению бая Аугамбаева Абдреиса, -

Установил следующее:

Аугамбаев Абдреис – 1876 г. рождения, уроженец Сладковского р-на, Омской области, б/партийный, м/грамотный, женат, со слов не судим, бай. В момент ареста состоял в колхозе “Красный Казахстан”, Булаевского р-на, Северо-Казахстанской области. Имея систематическую связь с руководителем к-р националистической организации по Булаевскому району с Саликовым Ишмухаметом, а также другими членами этой организации – вел среди казахского населения агитацию за внедрение мусульманской религии и одновременно проводил денежные сборы для посылки средств через Салыкова в ЦДУМ.

Кроме того систематически разлагал трудовую дисциплину в колхозе, агитируя колхозников за невыход на работу и проводил клеветнические измышления по адресу Соввласти. Аугамбаев будучи членами Тоза задерживал перевод серктика на устав с/х ар-

тели, заявляя, что если казахи организуют колхоз, то у них ничего из собственности не останется.

В следствии этой подрывной работы к-з "Красный Казахстан" был организован только 1-го сентября 1937 года. Распространяя клеветнические измышления по адресу Соввласти и ее мероприятий проводит разговоры о скорой войны и перемене власти.

Во время выборов в Верховный Совет Аугамбаев проводя а/с к-р суждения говорил, что якобы Соввласть насильно голосовать за кандидатур, которые выставлены в Верховный Совет.

Аугамбаев в колхозе состоял формально, на колхозную работу не выходил, а занимался систематической спекуляцией, а посему

Постановил:

Дело по обвинению бая Аугамбаева Абдреиса направить на рассмотрение Тройки Северо-Казахстанского Облу НКВД.

Нач. Булаевского РО НКВД - Ладыгин

Справка: Арестованный Аугамбаев А. Содержится под стражей в КПЗ Булаевского РО НКВД с 23.12.37г.

Нач. Булаевского РО НКВД

Сержант госбезопасности Ладыгин.

Выписка из протокола № 23

заседания Тройки УНКВД Северо-Каз. области

Слушали: Дело № 1570 Булаевского РО НКВД по обвинению Аугамбаева Абдреиса. 1876 года рождения, бывшего бая.

Обвиняется в том, что он проводил среди населения к-р вредительскую работу, направленную на срыв мероприятий Партии и Правительства.

Секретарь Тройки

Постановили:

Аугамбаев Абдреиса – заключить в ИТЛ сроком на десять лет, считая срок с 21 декабря 1937 года.

Следственное дело № 1570

Ауганбаева Абдреиса

Родился 1876 году. Сладковский район.

Постоянное место жительства к-з Красный Казахстан. Булаевского района. Рядовой колхозник.

До вступления в колхоз имел: Лошадь– 1, Корова– 1, Избу и юрту.

Состав семьи:

Жена – Ауганбаева Малике – 46 лет. Сын – Абдрейсов Хасен – 1912г. Сноха – Абдрейсова Жамила – 21 год. Сын – Абдрейсов Зейнелгабиден – 12 лет. Сын – Абдрейсов Мустахим – 8 лет. Сын – Абдрейсов Темиртас – 5 лет. Сын – Абдрейсов Каиржан – 14 лет. Дочь – Абдрейсова – Жаныл – 9 лет. Дочь – Абдрейсова Копей – 7 лет.

КӨКШЕТАУ ТҮРМЕСІНЕН ЖАЗҒАН БІРІНШІ ХАТЫ

*Қолыма қалам алайын,
Ойланып жазсам сөз дайын
Ақ қағаздың жүзіне,
Қалам алдым қолыма.
Абыйыр берсін бір құдай,*

*Құзыр бабам зор болып,
Мына бір сапар жолына.*

*Ойлап па едім көрем деп,
Түрмеге келіп енем деп.
Замандас құрбым сағындым,
Жүргенің көзге елеңдеп.*

*Ұйықтасам көрген түсімде,
Әрбір күнгі кешінде –
Ғилажың барма көнесің,
Алланың салған ісіне.*

*Көп сәлем құрбы-құрдасқа,
Жасымнан болған сырласқа.
Ойлағанда бәріңді,
Болмайды сәлем жазбасқа.*

*Тағы да сәлем құрбылар,
Құрбы ішінде бұлдылар.*

*Хатымды алып көргенде,
Еске алған адам бір жылар.*

*Бірінші сәлем кәріңе,
Үлкен кіші бәріңе.
Тамыр таныс тілеңдер,
Жазғың деп алла коруге.
Екінші сәлем шешелер,
Қаталы істі кеше зөр.
Шырмалған торға мен түстім,
Күн болар ма шешілер?*

*Қадірлі сәлем жеңгелер,
Көз тайса көңіл өзгерер.
Татаршақ дәмің біткенде,
Ойда жоқ нәрсе кез келер.*

*Тағы да сәлем ағаға,
Інілерге панаға.
Іздеңдер бақсы, балгерді,
Табар ма дауа жараға.*

*Одан соң сәлем ініге,
Бірің емес бәріңе.
Алдымнан кесіп өтпеген,
Және сәлем келінге.*

*Сұңқардың алтын тұғыры,
Үкіметтің ұзын құрығы.
Жақсыны алмас қылам деп,
Айтады екен бұрынғы.*

*Кеудемде бар арманым,
Көтердім алла салғанын,
Шын қылыш түгіл бұт кезде,
Қаңылтыр құрлы болмадым.*

*Есіме түсті балалар,
Көңілді қайғы жаралар.
Қосылып аман үйірге,
Күн болама елді аралар.*

*Қарағым қалқам, ей, Хасен,
Сендерді көрем мен қашан.
Сендерге алла қоса ма,
Күні-түні зарласам.*

*Жәмила мен Хасенім,
Сендерді ойлап зарықтым.*

*Күні-түні жұмыс жаяулық,
Жанына батты әкеңнің.*

*Қолдарыңда көп жетім,
Бір үйлі жан топ жетім.
Ренжітпей жақсы ұста,
Көп артпас саған міндетін.*

*Жетімнің басы Мәлике,
Қарап отыр сендерге.
Ренжітпей жүре қор,
Мен тірі әзір жүргенде.*

*Болғаның жақсы орынша,
Мен бардағы жайыңша.
Осылай жүріп мен өлсем,
Кетерсің шілдің бозынша.*

*Қоқыбай мен Жаңылым,
Сендерді ойлап сағындым.
Ойлаймын деп сендерді,
Есімнен әбден жаңылдым.*

Қарағым Зейнет, Теміртас,
Мұңшылық көрді газет бас
Ойлағанда сендерді,
Ағады көзден ыстық жас.

Мұстақым, көпей құлыным,
Қолқама біткен жұлыным.
Қайсы бірін айтайын,
Қорлық пен өткен ғұмырдың.

Қайыркеш бар ма, тірі ме,
Ұстауға жарап күлді ме?
Құлыным менің көпейім,
Аяғын басып жүрді ме?

Өңкей жетім құлыншақ,
Байлаған тайдай ұрыншақ.
Ауызға қарап әркімнің,
Жүрмісің болып жалыншақ.

Мұстақым келдің күзді күн,
Қандырып мені сүйгіздің.
Берген соң алла ұл мен қыз,
Көруге жазсын қызығын.

Еркелетіп өсірдім,
Қаталық істі кешірдім.
Бір көруге зар болып,
Өткенің бе осылай есіл күн.

Жалғыз бауырым Бәтима,
Қараңыз сөздің затына.
Еркек болып сен тусаң,
Жатар ма ең қарап артымда.

*Бір туған болса іні-аға,
Сөзімді байқап шамала.
Үйде отырып қорықпай-ақ,
Қылмай ма жаның садаға.*

*Атаңнан сәлем, Күлзира,
Жассың ғой сөзді ұзарға.
Бас аманға мал керек,
Керексіз маған бұл дүния.*

*Тілегенім шыбын жан,
Сендерді көрсем мен аман.
Балаларды бір сүйсем,
Қалмас еді еш арман.*

*Кіріптар болдым қамалға,
Жолықтым мұндай заманға.
Тілектес болсын сәлем айт,
Атымды білген адамға.*

*Патшалар мінген алтын тақ,
Тыңдаңыз зарды құлақ сап.
Назымы деп атамның,
Оқыңдар, қалқам, қолыңа ап.*

Социал Жұмабаев

ЖАЗЫҚСЫЗ ЕДІ ӘКЕМ

Менің әкем Елемесов Қабдолла (құжаттарда Абдолла) 1899 жылы қазіргі Шал ақын ауданының Кеңес Одағының батыры Ыбыраев Ыскақ атындағы ауылдың іргесінде орта шаруаның отбасында өмірге келіпті.

Жастайынан білімге құштарлық танытып, сауатсыздықты жою кезеңінде әр деңгейде білім алған екен. Кейіннен Петропавл қаласындағы педтехникумға оқуға түсіп, мамандық алып шығады.

1926-1929 жылдары Саумалкөлде мұғалімдік қызмет атқарған. Одан кейін 1930-1934 жылдары Петропавлдағы «Коммуна» деп аталатын жетім балалар үйін басқарады. Ауыл-селоларды аралап, жастарды оқуға тарту кезінде Қабдолла Елемесов іскерлік танытып, көптеген ауыл жастарының сауатын ашып, білім алуларына жәрдемін тигізеді. Солардың қатарында Жұматаев Өсербай, Байбатыров Сәден, Оразтаева Биғайша, Сейдахметова Балапан және тағы да басқа көптеген шәкірттері кейіннен өздері ұстаздық жолын жалғап, мұғалім болып еді.

Сонымен қатар Елемесов Қабдолла облыстық «Бостандық туы» газетінің тапсырмасымен Бейнеткор және басқа да аудандарда іссапарда болып көптеген жұмыстар атқарыпты. 1934 жылы Петропавлда қызмет атқарып жүрген жерінен Алматы қаласындағы марксизм-ленинизм мектебіне оқуға жіберіліпті. Оқуын жедел түрде бітіріп, 1936 жылы Жамбыл облысының Жамбыл ауданына қарасты «Билікөл» қой кеңшарына саяси бөлімнің бастығы етіп жіберілген. Қосалқы жұмыс ретінде «Билікөл» атты газеттің редакторы міндетін атқарған.

Бұл кезең біздің тарихымыздағы өте бір ауыр, ағынан қарасы басым кезең болатын Екі көз бірін-бірі аңдып, екінің бірі дұшпан аталып, сотталып, атылып жатқан уақыт. Кінәсі бар ма, жоқ па, оның түп-тамырына дейін тексеріп жатпай-ақ қаламмен бір сүйкей салып, адам тағдырын шешіп жатты емес пе? Осындайда біреулердің көрсетуімен менің әкем Қабдолланы партия қатарынан шығарып, атқарып жүрген жұмысынан босатып тастайды.

Өзінің ешқандай кінәсіз екенін айтып, әділдік іздеп партиялық билетін қайтарып алу үшін шойын жол бойында жүріп тұру оңай болады ғой, - деген ниетпен Тараз (Әулиеата) қаласына көшіп барған жерінде 1938 жылы 3 қаңтар күні тұтқынға алынады. Шешеміз Тайжан Жұмақызы Дүйсенбек немересі 3 баламен. Жәлел 12 жаста, Күлпәш 8 жаста, Совет деген ініміз 1,5 жаста жылап-еніреп қала береді.

Артынан қайда кеткенін білу үшін тамақ алып, бір баланы көтеріп, бірін жетектеп, үлкенін ертіп жаяу-жалпы әр түрменің есігін сығалап. сұрастыра-сұрастыра акыры қайда қамаулы екенін тауып, күн құрғатпай тамақ апарып тұрады. Күндердің күнінде каракұрым халықтың арасымен кимелеп тамақ алатын тесікке зорға жеткен анамыздың тамағын алмай итеріп тастайды.

- Үлкенім Жәлелдің «папамды кара» дегенін естіп карасам: тарантас күймелі арбаның артында еңгезердей екі жуан адам. алдындағы ат айдаушының орындығында бір бала отыр, жанталасып жақындағанымда Қабдолланың айтқаны: «Бәрі бітті, akka кара жұкпайды деуші едім, майдай жұғады екен, енді елді тап», - деген сөзі ғана болды. Құдайдың ұрғанын сонда бірақ білдім, - деуші еді марқұм шешеміз.

Мен болсам нағашыларымның қолында болып, солардың фамилиясымен аталып кете бардым. 1938 жылдың наурыз айында әкемнің інілері Қабдрахман мен Қарибек үш баламен шешемізді елге көшіріп әкелді. Елге оралғаннан кейін «халық жауының отбасы» деген айдар тағылып. шешеміз, көзінен жасы сорғалап жүріп, небір ауыр жұмыстарға жегілгенде кішкентай ініміз Совет қайтыс болды.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі қиыншылықтар бәріне де қиын болды. Ағам Жалел 1943 жылдың наурыз айында майданға алынып, 1948 жылдың наурыз айында аман-есен елге оралды. Оның да көрмегені жоқ. Тіпті партияға жолатпады ғой. Әйтеуір, 1957 жылы дегеніне жетіп. кейін Алматыдағы 4 жылдық партия мектебін бітірді, партиялық қызметтерді атқарды. Ол 1991 жылы караша айында дүние салды.

Ауыр жұмыстардың әсерінен шешеміз ауруға шалдығып, көп зардап шекті. Әкемізді көп ойлап. еске алып, оған тағылған кінәлардың бәрі жала екенін айтып отырушы еді. Акыры қайғысы бар, ауыр жұмыстардың зардабы бар, 1981 жылы дүниеден өтті.

Шешеміздің көзі тірісіндегі іздестірудің нәтижесінде. Жамбыл облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінің 1964 жылы берген анықтамасынан әкеміздің 1938 жылдың 3 қаңтарында тұтқындалып. сол жылдың 8 ақпанында атылып кеткенін білдік. Басқадай ештеңе айтылмаған. Әкеміздің бұл дүниеде жоқ екенін білген соң. атамыз Елемеске естіртіп, ауыл молдасы латын, құран оқытып. бата істеттік.

Ертеректе «Қазақстан коммунисті» атты журналдың ақпараттар деген бөлімінде жазықсыз жапа шеккендердің тізімі берілді. Сонда Елемесов Абдолла (құжат бойынша Абдулла, шын аты Қабдолла)

да бар болатын. Осыдан кейін әр жерге хат жолдап, іздеу сала бастадым. Міне, енді әкем Елемесов Қабдолланың кінәсіз деп танылып толық акталғаны жөнінде екінші рет анықтама қағаз алып отырмын. Мазмұнын еш өзгеріссіз келтірейік:

Прокуратура Жамбылской области

14.03.2003 № 17/43 – 03

Северо-Казахстанская область

Шал-акынский район с. им. Ибраево Жумину С.К.

Справка о реабилитации

Елемесов Абдулла 1899 года рождения, уроженец Тонкерейского района Северо-Казахстанская область, арестован 3 января 1938 года Джамбульским РО НКВД за участие в контрреволюционной организации и за вредительскую работу в области животноводства.

08.02.1938 году решением Тройки УНКВД по Южно-Казахстанской области Елемесов А. осужден к высшей мере наказания – расстрелу.

Небары бір-ақ айдың ішінде әкемнің «мәселесі» шешіліп, үкім асығыс түрде іске асырылған. Онымен бірге каншама жазықсыз жандардың өмірлері киылып, қыршын кетті десенші?! Тек, 1957 жылы ғана кінәсі анықталмағандықтан іс қысқартылған. Бұл атылғаннан кейін он тоғыз жылдан соң қабылданған шешім болатын.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі» Заңының төртінші бабына сәйкес, Елемесов Абдолла кінәсіз деп танылып толық акталғаны жөнінде анықтама Жамбыл облыстық прокуратурасының орынбасары, заң кеңесшісі Б.М.Искаковтың қолы қойылып, мөрімен расталған нөмірі 001053 анықтамасы почтамен келді. Кенес өкіметі орнап, билік жүргізген кезеңде әкеміз халқының игілігі үшін еңбек етуге бар күш-жігерін жұмсаған адам болған.

Елді біріктіру, ұжымдастыру кезеңіндегі 1928-1929 жылдары осы күнгі Ыбыраев ауылы қоныстанып отырған жер Бостан атаның қысқы тұрағы болған. Өйткені, Есіл өзеніне жақын, айналасы қоршаған қалың ағаш болатын, осы жер тандалып алынды да, үйлердің ең бірінші қазығын қаккандар Баржаксыұлы Жайлаубай, Елемесұлы Қабдолла болды.

Жәнібек, Қабай, Тұяқ аталарымыздың ұрпақтарын шашыранды болып жүрген жерлерінен бір орынға шоғырландырып қоныстандырып, ұжымшар атын «Мәдениет» деп атап, келешекте мәдени орталыққа айналып, 300-ге жуық үй болады деп жобалаған екен.

кейінде ол іске асты. Ер жетіп, ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет етіп, ата жасына келіп, ұрпақ өсіріп отырсам да сол бір зобалаң жылдары жазықсыз құрбан болған сан мыңдаған адамдардың қатарында кінәсіз атылып кеткен әкемнің аруағына бас иіп, құрметпен еске алып отырамын.

Сәбит Жұмин

ЕЛУ ЖЫЛДАН КЕЙІН АҚТАЛҒАН

1937 жылдың көктемінде елін сүйген алаштың азаматының бірі Жапаров Шакан да «халық жауы» болып шыға келді.

Ал, осы Жапаров Шакан кім және қалай «халық жауы» болып шықты?

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстық департаментінде көрсетілген деректерге карағанда, ол 1898 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Төңкеріс ауданындағы Жалтыр ауылында туған. 1917 жылға дейін өз үйінің шаруашылығында болған. 1917-1921 жылдары байларда жалшылықта жүрген. 1922-1923 жылдары кіші милиционер қызметін атқарған. 1924-1928 жылдары облыстық шаруалар мен жалшылар одағының болыстық несие серіктестігінің төрағасы болып істеген. 1929-1935 жылдары Төңкеріс ауданындағы «Октябрь» ет кеңшарының ферма басқарушысы. 1935 жылдан кейін әр түрлі жұмыстармен айналысқан. Ол әуелі ауыл молдасынан оқып сауатын ашқан, кейін ересектердің шала сауаттылар мектебіне қатысып, латын алфавитын меңгерген. Орыс тілін біршама жақсы білген. Кеңес өкіметіне адал қызмет істей жүріп, 1925 жылы Коммунистік партияға мүшелікке қабылданады. 1928 жылы жалған арыздардың салдарынан партиядан шығарылады. 1931 жылы Төңкеріс аудандық партия комитетінің шешімімен оның партиялығы қайтарылады.

Бірақ, оның қарсыластары жоғары жакка арыздарын тоғыта береді. Ақыры 1935 жылғы мамыр айында ол тағы да партия қатарынан шығарылады. Бұл жолы оған кеңшар жұмысшыларының арасында Кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізді. орыстар мен казактар арасында ұлттаралық араздықты коздырды. еңбек тәртібін төмендетті. соның салдарынан көптеген жас төлдер қырылды. егін жинау науканы нашар жүргізілді деген кінә тағылды.

Өз ісінің адалдығына сенген Шакан бұл кінәларды мойындамады. Ол сол кездегі Қарағанды облыстық (орталығы Петропавл қаласы) партия комитетінің хатшысы М.К. Аммосовқа, Қазақстан Ком-

партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Л.И.Мирзоянға және БК(б)П-ның Орталық Комитетіне өзінің кінәсіз екенін дәлелдеп, партияға мүшелігін қалпына келтіруін сұрап арыз-хаттар жолдады. (Оның бұл хаттарының көшірмелері Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатында сақтаулы). Нәтижесінде БК(б)П Орталық Комитетінің жанындағы партиялық бақылау комитетінің алқасының 1936 жылғы 25 маусымдағы шешімімен Шаканның партияға мүшелігі қайтарылады.

Алайда оны қудалау жалғаса берді. Енді қанды 1937 жыл келіп жетеді. Осы 1937 жылдың 4 сәуір күні Жапаров Шаканды Қазақ КСР Ішкі істер халық Комиссариатының Төңкеріс аудандық бөлімі тұтқынға алды.

Жапаров Шаканды айыптау қорытындысында оған 1935 жылғы оны партиядан шығарарда тағылған кінә тағы жабылған. Сонымен бірге Кеңес өкіметіне қарсы құрылған ұлтшылдар ұйымының белсенді мүшелерінің бірі Акбердин Хафиз өзінің Төңкеріс аудандық партия комитетінің хатшысы болып істеп жүрген кезінде 1934 жылдан бастап осы ұйымға мүшелікке тартқан. Осы ұйымның мүшесі болып жүріп, Жапаров Шакан жапондық шпион Акбердиннің басқаруымен жапон барлаушыларына кеңшар жұмысшылары мен аудан колхозшыларының көңіл – күйі жөнінде мәліметтер жинаған және егер Кеңес Одағына қарсы соғыс басталса, ірі диверсиялық істер жасауға, кеңшар малын жоюға Акбердиннен тапсырыс алған. - деп жазылған тексеріс актісінде.

Ал Акбердин Хафиз де осындай жалған жаламен 1938 жылғы 20 қаңтарда тұтқындалып, атылып кеткен, кейін ақталған.

Жапаров Шаканды айыптау қорытындысында: 1918-1927 жылдары ол белгілі «алашордашылар» Рамазанов Абылаймен және басқалармен бірге қазақ азаматтары арасында алашорда идеяларын насихаттаған деп те кінәлаған.

Осындай айыптаулардан кейін Қазақ КСР Ішкі істер халық Комиссариатының Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімінің жанындағы «үштіктің» 1938 жылғы 4 қазандағы шешімімен Жапаров Шакан ату жазасына кесілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық департаментіндегі № 02033 істе «Өте құпия» деген айдармен сақталған анықтамада былай делінген:

«Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының 1938 жылғы 4 қазандағы (№ 44 хаттама) Жапаров Шаканды ату туралы шешімі 1938

жылғы 5 қазанда сағат 23-те орындалды. Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының 8-ші бөлімінің аға инспекторы (қолы қойылған)».

Қандай жантүршігерлік үрейлі анықтама!

Міне еліміздің абзал азаматының бірі осылай өмірден өтті. Қай жерде жерленгені де белгісіз.

Тек 50 жылдан астам уақыттан кейін ғана КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1989 жылғы 14 қаңтардағы Жарлығының негізінде Солтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасының 1989 жылғы 4 сәуірде ешқандай қылмыстық ісі болмағандықтан Жапаров Шаканды толық ақтап шығарды.

Қайролла Мұқанов,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ЕСІМІ ЕСКЕРІЛМЕЙ КЕЛЕДІ

Соңғы жылдары қуғын-сүргін кезінде атылғандардың бірталайының аты аталып, еске алынды. Дегенмен, әлі де көптеген боздақтарымыздың есімдері жұртшылыққа толық мәлім емес. Солардың бірі белгілі жазушы, публицист, акын, дарынды қайраткер Міржақып Дулатов пен сыршыл акын, көрнекті педагог Мағжан Жұмабаевтың жақын жолдасы Жұмағали Тілеулин.

Өкінішке орай, бұл кісінің өмір жолы мен қызметі туралы толық мәлімет осы күнге дейін еш жерде жарық көрген жоқ. Біз әртүрлі жазбалардан, естеліктер мен архив құжаттарынан алып, бірсыпыра мәліметтер жинаған болдық. Енді сол деректер негізінде оқырмандарды осы азаматпен таныстырып көрелік.

Ең алғаш бұл кісі туралы біз 1989 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан Мағжан Жұмабаевтың шығармалар жинағындағы мына достық әзілінен білдік:

Көкшетаулық.

Денге саулық.

Ақ жаулық.

Жерді шарлап.

Жыладым зарлап.

Ғали жоқ.

Бұл жерде Ғали деп отырғаны Жұмағали. Осынау шумактан Жұмағали Тілеулиннің көкшетаулық екенін білдік. Соңынан «Жұлдыз» журналының 1990 жылғы алтыншы санындағы Міржа

кып Дулатовтың кызы Гүлнәр апайдың «Ардақтап өтем әкемді» деген көлемді мақаласынан Жұмағали Тілеулинмен жақынырақ таныстық.

1909 жылы Міржакыптың «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы шыққаны белгілі. Осы кітап үшін патша өкіметі оның авторын қудалауға айналды. Міржакып жан сауғалап. 1910 жылы Қызылжарға келіп паналайды. Сол кезде елдегі ағасы Асқарға жазған бір хатында ол былай депті: «Қызылжарға келгелі бірталай кісілермен таныстым. Олардың ішінде тез тіл табысып кеткенім – Жұмағали Тілеулин деген дәрігер. Ол, әрі қаламы төселген жазушы екен. Өнерден де құр еместігі арамызды жақындата түсті. Оның үйіне барып тұрам».

Міржакыптың осы хаты арқылы біз Жұмағалидың дәрігер екенін, жазушы екенін, «өнерден де құр еместігін» білдік. 1993 жылы Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдығы қарсаңында ол туралы облыстық мұрағаттан материал іздеп жүріп, мен Жұмағали Тілеулин туралы кейбір деректерге кездестім. Одан кейін мұрағат қорларының басқа да құжаттарын ақтарып іздеудің нәтижесінде тағы бірсыпыра материалдар табылды.

Осы деректерге сүйенсек, Жұмағали Тілеулин 1890 жылы бұрынғы Ақмола губерниясының Көкшетау уезіндегі төртінші ауылда туған, Омбы қаласында фельдшерлік мектепті бітіріп, фельдшерлік мамандық алған, 1917 жылға дейін Қызылжар қаласында уездік емханада дәрігер болып істеген. 1917 жылдан бастап ағартушылық және қоғамдық жұмыстармен айналысқан. Ол алаш партиясының мүшесі, әрі Алашорданың Петропавл уездік комитетінің мүшесі болған «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде және жергілікті басылымда мақалаларын жариялап тұрған.

Жұмағали Тілеулин де өзінің достары Міржакып Дулатов пен Мағжан Жұмабаев сияқты туған халқының білімін көтеріп, санасын оятуға атсалысқан. Оны мына бір мысалдан да көруге болады. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 239-шы санында Міржакып Дулатов патша өкіметінің қаһарлы үкімінен қорықпай, 1916 жылғы июнь жарлығынан кейінгі аласапыран мен күйзеліске қарамастан «Оян, қазақ!» кітабының мың данасын Жұмағалидың сақтағанын келтіреді. Енді патша өкіметі құлағаннан кейін осы кітапты сатып, одан түскен ақшаны 1916 жылдан бері босқында жүрген бауырларға көмек ретінде бергісі келетінін айтады Міржакып. Хабарламасының соңында Міржакып: «Оян, қазақты!» жоғарғы шартпен алдыруға талабы бар, сорлы болған бауырларына жаны ашыған азаматтармен қатар біздің Жұмағали Тілеулинмен жақынырақ таныстық»

«г.Петропавловск. Акмола облысы, уездная больница, фельдшеру Джумагалию Тлеулину». (М.Дулатов. Шығармалары. «Жазушы». 1991 ж. 286-287 беттер) деп жазады. Бұл хабарлардан біз Жұмағалиды 1917 жылы әлі де уездік ауруханада дәрігер болып істеп жүргенін байқаймыз.

Жиырмасыншы жылдардың басында мектеп мұғалімдерінің әсіресе, казак мұғалімдерінің білімі төмен болғаны белгілі. Осыған байланысты бірыңғай мұғалімдер даярлайтын бір-екі айлық қысқа курстардың орнына казак мұғалімдеріне арнап үш жылдық педагогикалық курс ашу ұйғарылады. 1922 жылғы қазан айының жетісі күні Акмола губерниялық оқу бөлімінің арнайы комиссиясы Қызылжар қаласында губерниялық үш жылдық педагогикалық курс ашу туралы қаулы қабылдайды. Курстың меңгерушісі етіп, ұйымдастырушылық жұмыста тәжірибесі мол Тілеулин Жұмағалиды сайлауды ұйғарады. Сол жылы 10-шы қазанда болған Акмола губерниялық оқу бөлімінің алқасы комиссияның бұл шешімін бекітеді. Алқа өзінің қаулысында Тілеулинге курсты ұйымдастыру жұмысын сол күннен бастап қолға алуды тапсырады.

Алқа өзінің үшінші қарашадағы қаулысымен үш жылдық орыс педкурсын педагогикалық техникумға айналдырады да, казак педкурсын осы техникумда қатарласа жұмыс істеуге ұйғарады. Кейін ол жеке казак педтехникумы болып қайта құрылды. Оның бірінші директоры болып сол кезде губерниялық оқу бөлімінде әлеуметтік бөлімнің меңгерушісі қызметінде жүрген Жанұзақ Жәнібеков тағайындалады. Бірақ ол көп істемейді. Сол жылдың аяғында ол жұмысқа Жұмағали Тілеулин кіріседі.

Міне, осы кезде Жұмағали Тілеулин ұйымдастыру жұмысына және жаңа оқу орнына оқытушылар іріктеп алуға көп еңбек сіңіреді. Бірінші жылы педтехникумның орыс бөлімінде (меңгерушісі Стрижов) 66 оқушы, казак бөлімінде (Тілеулин) 47 оқушы оқиды. Әр бөлімде 11 оқытушы істейді. Сол кезде казак бөлімінде сабақ бергендер: Тілеулин Жұмағали, Жәнібеков Жанұзақ, Мәмеков Ғалаутден, Айбасов Біркей, Бейсенов Мұхаметжан, Кемелов Ғали, Жандосов Садуақас, Ержанов Бәйімбет, Болғамбаев Хайретден, Айтхожин Сабыр. Мұратовтар еді. Ж.Тілеулин өзі техникум оқытушыларына тарих, жаратылыстану, педагогика пәндерінен сабақ береді.

Қазак педтехникумында мұғалімдер даярлаумен қатар мектеп мұғалімдерін қайта даярлау курсын да өткізіп отырған. Курстың меңгерушісі Ж.Тілеулиннің 1924-1925 оқу жылында казак мектептерінің мұғалімдерін қайта даярлау курсының жұмысы туралы есепті баяндағанын білеміз.

жүз мұғалім білімдерін жетілдірген. Олардың 93-і курсты ойдағыдай аяқтап, 29-ы аудандық, 64-і ауылдық мектептерге жіберілген. Ал төртеуі оқуын әрі қарай жалғастыру үшін педтехникумда қалдырылған. (ГАСКО, ф.2, оп. 1, д.116).

1925 жылғы 20 маусым күні педтехникумды бірінші бітірушілерді шығарып салу рәсімі жасалады. Техникумның орыс бөлімін 32 адам, қазақ бөлімін 8 адам бітіріп шыққан.

Педтехникумда істеп жүрген кезінде Жұмағали Тілеулин сол кезде Қызылорда қаласында шығып тұрған «Жаңа мектеп» журналына өз іс-тәжірибесінен ғылыми әдістемелік мақалалар жазып тұрған. 1927 жылғы 15 тамыздан бастап қазақ педтехникумының директоры болып Жиенғали Әділұлы Тілепбергеновтің келуіне қарай Жұмағали аз уақыт педтехникумда сабақ беріп жүреді де сол жылдың аяғында өз мамандығы бойынша басқа жұмысқа ауысады.

Бұдан кейін облыстық мұрағатта сақталған Петропавл округтік денсаулық сақтау бөлімінің 1927-1928 жылдардағы кадрлар жөніндегі жазбаларынан Жұмағали Тілеулиннің губерниялық денсаулық сақтау бөлімінде емдеу кәсіподағының меңгерушісі болып істегенін көреміз.

Мұрағат құжаттарынан тағы бір байқағанымыз, Ж.Тілеулин денсаулық бөлімінде істеп жүріп те сондағы қызметкерлерге арнап қазақ тілі курсын ашқанға ұқсайды. Оған дәлел сол кездегі Ақмола губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі Қожахметовтың денсаулық бөліміне 1928 жылғы 16 ақпанда жазған хаты. Бұл хатта ол денсаулық бөлімінен қазақ тілі курсының жұмысы туралы мәлімет беруін сұраған.

Ж.Тілеулиннің қазақ тілін өз орнында қолдануды қадағалап отырғанын 1928 жылғы 3 қаңтарда Орталық амбулаторияның меңгерушісіне жазған мынандай қысқа хаты кездеседі: «Заведующей центральной амбулатории. Необходимо вывеску сделать на русском и на казахском языках. Зав.Губздаротделом Савельев, зав.лечпрофа Тлеулин». Бұл осы күнге дейін толық орындалмай келе жатқан проблема екенін ескерсек, автордың сол кездегі батылдығына тәнті боласыз.

Гүлнәр Міржакыпқызы «Жұлдыз» журналында (1994 жылғы. 3-4 сандары) жарияланған «Аманат» атты естелігінде: «Жұмағалидың ұлы медицина ғылымының докторы Серік Жұмағалиұлы Тілеулиннің айтуынша. ...Қызылжарда тұрғандарында әкесінің педтехникумның директоры болғанын әрі дәрігерлік жұмыс атқарғанын

Әзірше мұрағат құжаттарынан Жұмағалидың медтехникумның директоры болғанын куәландыратын деректер кездеспеді. Мүмкін, ол кезде жас Серік (1926 жылы туған) әкесінің қазақ педтехникумының директоры болғанын ауыстырып алған болар. Жұмағалидың 1928-1930 жылдары қандай қызмет істегені жөнінде бізге ешқандай құжат кездеспеді.

Тек Петропавл медициналық техникумының 1930-1934 жылдарды қамтыған бұйрықтар кітабындағы 1931 жылғы 26 қаңтарда жазылған бұйрықта: «Тілеулин Жұмағали 1931 жылғы 9 қаңтардан бастап медициналық техникумға қазақ тілі пәнінің оқытушысы болып алынсын» - делінген. Мұнда ол қанша істегені, қызметтен қашан босағаны туралы дерек жоқ.

Біріккен Мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) органдары 1928 жылдың аяқ кезінен бастап Алаш партиясы мен «Алашорда» үкіметінің басшылары мен белсенді мүшелерін қудалай бастағаны белгілі. 1928 жылғы 29 желтоқсанда Қызылордада Міржакып Дулатов ұсталса, 1929 жылғы 6 шілдеде Қызылжарда Мағжан Жұмабаев тұтқындалды.

Гүлнәр Міржакыпқызы: «1929-1930 жылдары оның (Міржакыптың – Қ.М.) көп жолдастары ұсталды, жалпы саны 32. Мағжан Жұмабаев, Жұмағали Тілеулин бар» («Жұлдыз», 1994 жылы, 3-4 сандары, Г.Дулатова. "Аманат. Естелік."). - деп жалпылап айтады.

Жоғарыда келтірілген медициналық техникумның бұйрығына қарағанда, 1931 жылғы қаңтар айында Ж.Тілеулин қызметте болған. Сондықтан оны сол 1931 жылдың қаңтарынан кейінгі айларының бірінде тұтқындаған деп жорамалдауға болады.

Аталған естелігінде Гүлнәр алай әкесінің айдауда жүргенде бірсыпыра жолдастарынан алған хаттарынан үзінділер келтіреді. Солардың бірі Павловск қаласында айдауда болған Жұмағалидың 1934 жылғы 30 мамырда жазған хаты:

«Ст. Медвежья гора. Мурманск. ж.д. 1 ОЛК Центральные курсы лекпомов при сан-отделе Дулатов М.

Павловск ЦЧО ул.К.Маркса, дом 6. Ж.Тлеулин. Адрестерінді жуырда алдым. Тұрмыс, саулықтарың қалай? Тұрағым Павел қаласы, қаратопырақ бетінде саулық сақтау жұмысындамын. Менен басқа мұнда біздің жақтан кісі жоқ, жалғызбын. Тұтынуға қиындау болғандықтан үй-іші мұнда келген жоқ. Екі жылдан бері Ташкентте тұрып жатыр ...Мұнда қызмет болғанмен табыс аз. Үй-іші келе алмай отырғаны содан. Өздерің қандай халде тұрсындар. Абдолла Воронежде тұрады, көптен хат келмей тұр ...30.Ү/ 1934 жыл.

Жұмағали». Мұндағы Абдолла – Жұмағалидың бажасы Абдолла Байтасов. Ол кезде бұл да айдауда болған.

Міне, Қызылжар қаласында жиырма бес жылдай денсаулық сақтау, білім салаларында халқына адал қызмет атқарған Жұмағали Тілеулиндей абзал азаматтарымыз да 1937 жылғы қуғын-сүргін кезінде жазықсыз атылып кеткен. Міржакып, Мағжан сияқты оның есімі де халқымызға жақсы таныс болуға тиіс. Оның өмір жолы мен шығармашылығын әлде де зерттей түсу бізге, кейінгі ұрпаққа зор парыз.

*Қайролла Мұқанов,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*

МӘЛГАЖДАР АЙДАРБЕКОВ

Петропавл қаласының облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қазақ тұрмысы мен салт-дәстүріне арналған кең бөлмесінде келушілердің рермендердің көзайымы болған, өте сирек кездесетін, тіпті Қазақстанның басқа қалаларындағы мұражайларында бола бермейтін жәдігер бар, ол-мүйізден жасалған орындық. Орындықтың төрт сирағы, аркасы, шынтақ тірері – бәрі ірі кара малдың мүйізінен жасалып әшекейленген, отыратын жері мал терісінен жұмсақ кылып жасалып, қызыл барқытпен тысталған.

- Бұл орындық қазақтың сән-салтанат өнерінің ешқайда кездеспеген жаңа түрі, мал шаруашылығымен айналысатын қазақтың кәсіби дүниесі. Қазақтар мүйізден неше түрлі әшекейлер, ыдыстар, құрал-саймандар, насыбай салатын әшекейленген шакша жасайтын, ал мүйізден жасалған орындық-тақты бірінші көргенім, деген еді мұражайда болғанында филология ғылымының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев. Бұл кісіден басқа Алматыдан, Астанадан келген ғалымдар, акын-жазушылар осы жәдігерге таңырқай карап, Орталық мұражайға алу туралы «құда түскендері» де болды.

Аталмыш жәдігердің зерттелуіне Петропавл қаласының тұрғыны Ысқаков Кабиболла кажының «Осы өлкенің тарихын жинастырып жүрген азаматсыздар ғой, бұл орындық-такта үлкен сыр бар, тарихка беймәлім болып бара жатқан тарихи адамдардың есімі бар, өлкеміздің өткені бар», - деген сөзі себеп болды.

Жәдігерді мұражайға 1967 жылғы 21 шілдеде Петропавл қаласының тұрғыны, орындық-так иесінің кейінгі ұрпақтарының бірі Венера Күпкина деген азаматша сыйлаған. «Аталарым Ідріс,

Мәлғаждардан қалған мұра еді, осы мұражайда сақталғанды жөн көрдім». - дегеннен басқа ештеңе сөз қоспай өткізе салған. Мұражай қызметкерлері жапсырма қағазға «байдың тағы» деп жазған. Орындықтың иелері осы өңірдің атакты байлары екенінен артық дерек жиналмаған.

Өткен тарихымызды танып-білуде көрер көзге куәгерлік тарихи дерегі бар мұражайлар мен мұрағаттардың ерекше орын алатынын айтып жатудың қажеті бола қоймас. Негізгі деректерді Петропавл қаласындағы Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағаттың 1370 қоры, 3-тізбесі және Алматы қаласындағы республикалық мұрағаттың 135 қор, 1-тізбе, 379-ісінен алдық. Ідріс қажының кейінгі ұрпақтары Кенжетай ана және Манарбек Ақышұлы, осы әулет туралы естігендері бар Зейнолла қажы Олжабаев, Хабиболла қажы Ыскаковтардың естелік әңгімелерін пайдаландық.

Орындық-тактың иесі Айдарбеков Ідріс қажы 1849 жылы Петропавл уезі, Келтесор болысы жерінде, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданының Майбалық ауылында туған. Ідріс қажының туған жылы дау туғызбайды. Өйткені, «Ислам әлемі» баспасынан 2000 жылы шыққан «Қазақстан қажылары» деген кітаптың 120 бетінде 1908 жылы 59 жасында Меккеге қажылыққа барғаны жазылған. Уақытының Шоға атасының Ескарасынан тарайды; Есқара-Масай-Байғұлы-Әлібек-Бакан-Айдарбек-Ідріс-Мәлғаждар (Мәлік).

Ідріс қажы Қазан төңкерісіне дейін сол кезде қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданының көп жерін алып жатқан Келтесор болысының болысы, ірі ру басшысы, сол төңіректің атакты байы болады. Байлығы туралы ел аузында мынадай аңыз бар. Басқа кара малдары мен ұсак малдарын есептемегенде жылқысының саны 900 болған екен. «Мыңды айдаған бай боламын», – деп, қанша тырысса да жылқысы мыңға жетпеген. Жылқысының саны туралы «тоғыз жүзден кетпеген, мыңға жетпеген» деген сөз қалған екен.

Ескіше де, жаңаша да оқығаны бар Ідріс қажы ел аузындағы әңгімелерге қарағанда өте қайырымды ел басшысы болған.

Ідріс қажыдан Мәлік (Мәлғаждар) атты ұл, Мәпи атты қыз туады.

Мұрағаттағы ресми құжаттардың біреуінде Мәлік, келесісінде Мәлғаждар (Омбыдан алынған құжаттарда) деп жазылған. Тегі да Петропавл мұрағатында, Омбы облысы сотынан алынған құжаттарда Айдарбеков болса, Алматы мұрағатында Идрисов болып жазылған. Шынында, азан айтып қойған аты Мәлғаждар болуы керек. Мәлік деп туыстары еркелетіп айтса, басқа ұлт өкілдері ай-

туға жеңіл «Малик» деуі мүмкін. Туған жылы да Петропавл мұрағатында 1888 жыл болса, Омбы облыстың сотынан алынған құжаттарда 1876 жыл деп жазылған. Үкіметтен қуғын-сүргін көріп жүрген азаматтың екі төлқұжаты болуы да мүмкін. Осылардың ішінде ден қоятын бір құжат бар. Петропавлдың облыстық мұрағатының қор-55, тізбе-1, іс-53 «Список делегатов Акмолинского губернского съезда» (21.08.1921 г.) атты құжатта съезд делегаттары қатарында «Айдарбеков Малик» деп тіркелген. Ал, 1928 жылғы осы мұрағаттың құжаттарында «Идрисов» деп жазылады.

Мұрағат құжаттарында Мәліктің араб. орыс әріптерімен жазғандары бар. Әсіресе, орыс тілін жетік білетіні, орысша өте сауатты жазатыны БКП(б) Орталық комитеті мен Саяси бюросының хатшысы И.Сталинге, Бүкілресейлік Аткару комитетінің төралкасына жазған хаттарынан байқауға болады.

Келтесор болысын басқарған әкелі-балалы Ідіріс қажы мен Мәлік (Мәлғаждар) Айдарбековтардың атқарған қоғамдық қызметін, тарихтағы орнын сол уақыттағы тарихи жағдайларға бұрылыс жасамай айту қиын, түсініксіздеу де болар еді. «Жолдасыңның кім екенін айтшы, өзіңнің кім екенінді айтып берейін», - деп, халық даналығы айтқандай және орыстың ұлы тарихшысы Карамзиннің «Әр тарихи тұлғаға өзі өмір сүрген тарихи жағдайға орай баға беру керек» - деген екен.

XX ғасыр басындағы аумалы-төкпелі аласапыран заманда ел теңдігі үшін атқа қонған, газет шығарған, партия құрған, қуғын-сүргінге ұшыраған, акыр соңында жат қолынан қаза тапқан Алаш қайраткерлерінің бірі, қаламгер – Көлбай Төгісұлына Петропавл қаласында «Үш жүз» партиясын құруға және оның «Үш жүз» газетін шығаруға қаржыдай көмек беріп отырған, осы істі ұйымдастыру ісіне тікелей көмек жасаған әкелі-балалы Ідіріс және Мәлік Айдарбековтер болған.

Тарихтан XX ғасырдың бас кезінде демократиялық бағыт ұстанған қазақ тіліндегі газет-журналдар дүниеге келе бастағанын жақсы білеміз. Ел болашағына алаңдаған қазақ зиялыларының басым көпшілігі осы баспасөз төңірегіне топтасты. Олардың қаламынан шыққан пікірлер бір мақсатқа тоғысып, ортақ қоғамдық ойдың арнасына құйылып жатты. Қазақ зиялыларын толғантқан басты мәселе-тәуелсіз мемлекетке қол жеткізу, қазақ жастарын оқу-білімге шақыру еді. Мәлік Айдарбеков та осы зиялылар қатарында болды. Көлбайдың да демократтық көзқарасының әсері болар, әсіресе, Көлбай Төгісов шығарған «Алаш», кейін «Үш жүз» газеттерінің басындағы «Алаш» газетінің бағытына қатысты пікірлерінің бірі.

демократтық бағыттағы әкелі-балалы Айдарбековтер Келтесор болысында мешіт-медіресе, орыс-казак мектептерін салдырды, балаларды оқытуға мұғалімдер жалдап, ел ішінде оқу-ағарту жұмысына көп көңіл бөлді.

Көлбай Төгісов «Үш жүз» партиясын, оның органы «Үш жүз» газетін шығаруда Петропавл қаласын тандап алуының басты себептерінің бірі – осы әкелі-балалы Айдарбековтердің көмегі еді. Жоғарыда Қ.Кемеңгерұлы айтқандай «Үш жүз» партиясының құрамында әртүрлі топтар: байлар да, кедейлер де болды. «Үш жүз» партиясы жоғарыда айтылғандай алғашында большевиктер партиясын мойындап, Колчактарға, «Алаш» партиясына қарсы күресте большевиктермен бірге болды. «Алаш» пен «Үш жүз» арасында бітіспес саяси күрес жүріп жатты. «Алаш» партиясы да Петропавл қаласында «Үш жүз» газетіне қарсы «Жас азамат» газетін шығарды. «Жас азамат» газетінде «Соғыс майданынан» деген ірі жазудың астында мынандай хабарлар тұрды. «Большевиктер енді ұзақ жасамайды. Енді көп болса, жеті-ақ күн өмірі қалған шығар. Колчак, Дутов, Юденич, Деникин сияқты ардагерлер тұрғанда біздің «Алты Алаш» большевиктерге жем болмайды. . .» – деп жазды Сәбит Мұқанов сол кездегі саяси жағдай туралы.

«Үш жүз» газетінің әр санында Мәлік Айдарбековтың мақаласы жарияланып, газеттің соңына «Газет демеушісі Айдарбековтар», – деп жазылған. «Үш жүз» партиясы және газет туралы Сәбит Мұқанов былай деп жазады: «1918 жылдың мартынан бастап май айына дейін Петропавлда шыққан «Үш жүз» газетінің бірнеше нөмірі Торсан үйіне де келген еді. Сол газеттің сегізінші нөмірінде «Алаш» партиясында жүрген қу табындардың мұрындары қанап жарға құлады» деген бас мақала шықты. Мақаланың авторы Көлбай Төгісов Алашорданың басты адамдарын сыбай жамандаған. . .

Екі жарым айда азғантай ғана сандары шыққан «Үш жүз» газетін оқысақ, бұл партияның да ұлтшылдық бағытта ұйымдасқанын көреміз. Бағдарламалық жағы эсер партиясына келеді. «Үш жүз» Петропавлдағы Совдеппен бірігіп қызмет істеген де, 1918 жылы чехославактардың Сібірде революцияға қарсы жасаған төңкерісі болғанда Совдеп адамдарымен бірге «Үш жүздің» адамдары да абактыға камалып, бастығы Төгісов қып, Колчак олардың көбін атқан» – Сәбит Мұқанов. («Өмір мектебі», 9 том, 466 бет).

Жазушы Сергей Баймұхамбетов «Загадка потомка Каракесенова» («Северный Казахстан», 4.02.1994г.) деген мақаласында былай деп жазады: «Легенда гласит, что как раз гордость и стала причиной».

ских командиров, чьи войска расположились в ауле Идриса-хаджи, вызвал старейшину к себе. Патриарх, конечно, оскорбился и отправил гонцов назад с подробнейшими разъяснениями, кто и кому должен являться. А кончилось все расстрелом. Какие, к черту, казахские церемонии, когда есть маузер и трехлинейная винтовка». Сергейдің бұл жазғаны Ідіріс қажыны Колчактардың атқанына ғана анықтама бола алады. Ал, Ідіріс қажының Колчак командирінің, яғни қарулы үкімет адамының шақырғанына бармауы, Колчак армиясы адамының шақырғанда келмегені үшін атып тастауы жазушының қиялынан шыққан деуге болады. Жазушының Ідіріс қажы өліміне терең бойламағаны, саяси төркініне мән бермегені анық көрініп тұр. Елаузындағы Ідіріс қажы туралы кейбір әңгімелерде байлығын тонау үшін өлтіріпті деп те айтылып жүр. Мұның бәрі сол кездегі саясатты, оқиғаны дұрыс бағаламаушылықтың шыққан.

Ідіріс қажыны колчактардың не себепті атқанын жоғарыда жазсақ, қалай атқанын баласы Мәліктің өз қолымен жазғанынан оқиық. Алматы қаласындағы республикалық мұрағатта қор-135, тізбе-1, Іс-379. «Дело по конфискации хозяйства и выселению бая 8-го аула Бейнеткорского района Петропавловского округа Идирисова Малика» деген 1 беттен тұратын іс бар. Осы істе Айдарбеков Мәлік Ідірісұлының Бүкілресейлік Орталық Аткару Комитетінің Төралқасына жазған хаты бар. Осы хаттан әкесінің өліміне байланысты уақиғадан үзінді келтірейік.

«Я и отец мой Идрис Айдарбеков были одними из деятельных членов этой партии («Уш жуз»). С водворением в Сибири Колчаковской контрреволюционной власти деятели контрреволюционной партии «Алаш Орда» поспешили донести Колчаку о признании и приобщении партии «Уш жуз» во главе с Тогусовым к Советской власти. Поэтому, в 1918 году Колчак распорядился арестовать Тогусова в Омской тюрьме и Тогусов был взят под стражу. Во время декабрьского восстания Омских рабочих против Колчака Тогусов сумел бежать из Омской тюрьмы, но он был задержан «Алаш-Ордой» и выдан ею Колчаку, который и распорядился убить Тогусова жестокой мученической смертью. Я же тогда был задержан-арестован Колчаком в качестве заложника впредь до поимки Тогусова. Расправившись с Тогусовым Колчак, снарядил карательную экспедицию для разгрома партии «Уш жуз», в том числе меня и моего отца Идриса Айдарбекова и, считая меня также убийцей, оставила меня на месте, избив меня изрядно. Дом же наш был ограблен тогда. Я однако успел, притворившись уби-

тым. Таким образом, за преданность Советской власти, отец мой был убит Колчаком, а я был изранен до полусмерти, и спасла меня лишь одна оплошность палачей».

Өзінің хатында жазғанындай, Мәліктің Келтесор болысы ревкомының төрағасы болғанын анықтайтын құжаттар жетіп артылады. Петропавл облыстық мұрағатының қор-55, тізбе-1, іс-53. «Список делегатов Акмолинского губернского съезда (21.08.1921)» атты құжатта 168 съезд делегаттары тізімінде 78-ші болып тіркелген. Петропавл мұрағатының қор-5, тізбе-1, іс-185. «Протоколы, анкеты и списки членов Келтисорской волости» деген құжатта мынадай мазмұнды хат сакталған:

«В Келтисорской волисполком:

Настоящим информационную инструкторского п/отдела Отдела управления Акмолгубисполкома предлагает с получением сего немедленного выехать в г.Петропавловск и прибыть в Губинфинстр не позже 25 января 1922 года. За неисполучением сего и за несвоевременную явку будут виновные передать суду.

Примечание: Явится председателю тов.Айдарбекову и секретарю тов.Тастемирову обязательно.

Завгубинфинстром п/отд.

Секретарь».

1922 жылдың басынан бастап болыстық ревкомдар таратылып, болыстық атқару комитеттері құрылады. Мәлік Ідірісұлы Келтесор ревкомның төрағалығынан осы болыстың атқару комитеті төрағасына сайланады. Оны анықтайтын өз қолымен жазылған қолхаттың ксерокөшірмесін бердік.

Ксерокөшірме. Подписка.

Мәлікті 1923 жылы Акмола губерниясы бойынша өткен болыстар сайлауында Қазан төңкерісіне дейін патшалық Ресей кезінде ел басқарды, әкесі Ідіріс бай болды, қажылыққа барды деп сайлау тізіміне енгізбеді. 1923 жылдан 1928 жылға дейін атқарған қоғамдық қызметі туралы деректер жоқ.

1928 жылы Петропавл округы бойынша 30-дан астам ірі байларды жер аударады. Осы байлар тізімінде Ідірісов Мәлік те бар.

Петропавл округтік атқару комитеті Мәлік Ідірісұлына жер аударар алдында мынадай мінездеме береді:

«Идрисов Малик – лет сорок. Бай. Раньше в Николаевское время был волостным управителем. Является крупным торговцем. Имел торговую связь с Москвой и Петроградом. Он по несколько раз присваивал...

к суду. Имеет две жены. Имеет 4-х наемных рабочих. Пользуется большим экономико-политическим влиянием в пределах бывших трех волостей». (фонд-1370, опись-3. Выписка из доклада об итогах компании конфискации в Бейнеткорском районе. Характеристика баев).

Әрине, округтік атқару комитеті өз істерінің дұрыстығын көрсету үшін барынша жаман мінездеме жазған.

Мәлік Ідірісұлы Ақтөбеге жер ауып барғасын Петропавл округтік атқару комитетінің жазықсыз жер аударғанын нақты деректермен дәлелдеп, Бүкілресейлік атқару комитетінің төралкасына, БКП(б) Орталық Комитеті мен Саяси Бюросының Бас хатшысы И.Сталинге шағым хат жазды. Бұл шағым хаттарды Алматы мұрағатының 135 қор, 1-тізбе, 379-ісінен алдык. Екі хаттың көшірмесін жазып отырмыз, өйткені осы екі хаттан оқушы Айдарбековтер жайлы көп жағдайды аңғара алады. Мәлік Айдарбековтің саяси сауатты, өжет адам екенін айтпас бұрын сол кездегі тарихи жағдайға тоқталайық.

Қазақстанда тоталитарлық жүйенің берік орын алуы Ф.Голощекиннің үкімет басына келуімен (1925-1933ж.ж.) тығыз байланысты. Ауылдарды Кеңес үкіметі орнаған жоқ деп, «Кіші Октябрь» төңкерісін жүргізіп, қысқа уақытта отырықшылыққа (ұжымдастыру) көшіру саясатын жүргізді. Бұл саясатқа қарсы болады деген озық ойлы ел басшыларын қуғынға ұшыратты. С.Садуақасов, С.Қожанов, С.Сейфуллин, М.Мырзағалиев, Нұрмаков, С.Мендешов, Ж.Мыңбаев сияқты ел басшыларын «ұлтшыл» деген желеумен 1926 жылдары қызметтен, елден қуды. 1928 жылдың аяқ кезінде А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев екі жылдан кейін М.Тынышбаев, Ж.Досмұхамедов сияқты алдыңғы қатарлы ұлт өкілдерін тұтқынға алынды. 700-ден астам ірі байларды тәркілеп, жер аударды. ОГПУ-дің мәліметі бойынша бұлардан басқа 1922-33 жылдар арасында үкімет саясатына қарсы болды деп 33 мың адам қамауға алынды. «Кіші Октябрь» ұжымдастыру саясатының нәтижесінде Қазақстандағы қазақтардың саны 50 пайызға кеміді.

Көршілес Қырғыз, Өзбек, Түркімен, Тәжік республикалары мұндай нәубәтсіз, мұндай апатсыз-ақ, мұндай шығынсыз-ақ ұжымдастыру қайшылықтарын жене білгенде Қазақстанның осындай жағдайға ұшырауы тек үкімет басшысы Ф.И.Голощекиннің кінәсінен болды. Орыстардың мұжығынан басқа шаруа көрмеген Голощекинге ең кедей деген көшпендінің отыз-қырық ұсақ малы, төрт-бес ірі қарасының болуы шектен тыс байлық болып елестейді.

Пролетариатсыз социализм құруға болмайды, Октябрь революциясы казак даласында болмапты деп Сталинге хат жазады. И.Сталин бұл идеяны қызу колдап, бұрыштама қояды. Сонымен 1928 жылы бүкіл Кеңес еліне жеке шаруаларды ұжымдастыру басталғанда, Қазақстанда Ф.И.Голошекиннің басшылығымен «Кіші Октябрь революциясы» басталады. Голошекиншілдер жалаңаш батрактарды қолына мылтық беріп, атқа отырғызады. Сөйтті де малы бар халыққа айдап салды. 300-ден аса малы бар үйлерді «байлар» деп шаңырағын ортасына түсірді. Малдарын тартып алып елден қуды, жер аударды. Сәл дауыс көтерген бай, кожа, молданы қолдарына шексіз билік тиген белсенділер, әсіресе, орган қызметкерлері сотсыз, тергеусіз атып та тастап жатты. Мал ұстаудан басқа кәсібі жоқ казак халқының мал бірден-бір тіршілік көзі екенін, білмеді. Әр халықтың жергілікті ерекшелігін есепке ала отырып, бұл науқанды асыра сілтеусіз, белден баспай, үгіт-насихатпен жүргізгенде казак халқы бұрын-соңды болмаған қырғынға ұшырамаған болар еді.

И.В.Сталинге жазған хатында Мәлік Ідірісұлы Қазақстандағы жағдай туралы былай деп жазды: «Мы, казахи, переживаем ныне этап разлагающегося родового быта, из скорлупы этого быта мы еще не вылутились. Мы, казахи, в силу сложившейся счастливой об, активной политической обстановки, созданной Октябрьской революции, избегли грозившего при царизме этапа рабства, также этапов феодализма и капитализм и казахи, минуя муки рождения этих этапов, свободно, легко и безболезненно могут воспринять социалистический строй при условии разумного и умелого подхода к делу со стороны местных партийных, советских и хозяйственных организаций и при условии строжайшего соблюдения принципов преподанных 15 съездом партии и последовавших за ним Пленумов ЦК ВКП(б).

Переход же от родового быта к социализму не представляет таких особых мук, так как в самом родовом быту содержатся все начала патриархального коммунизма, нуждающегося в разумном руководстве диктатуры пролетариата и в научном оформлении.

Если мы ошибаемся в наших взглядах на дело, то мы просим Вас, тов.Сталин, извинить нас в том предложении, что мы говорим Вам все это от чистого сердца без задних мыслей по нашему разумению.

Мы полагаем, что Казахстан в отношении нас допустил ошибки, что просим Вас иметь всегда в виду».

Хаттың мазмұнына карағанда Мәлік сауатты, саясатқа да жетік болған. Екіншіден. И.Сталиннің сол кездерде сенімді адамдарының бірі деп саналған Голощекин басқарған Қазақстан үкіметін «кателесті» деп Сталиннің өзіне жазуы барып тұрған батылдық екінің бірі істей бермейтін іс.

Мәлік Ідірісұлы «Голощекин кателесті» деп 1928 жылғы 18 желтоқсанда Ақтөбе қаласынан жер ауып жүрген уақытта жазған. Бұл уақытқа дейін Қазақстанда ұжымдастыру жұмысында кателік жіберілді, халықты жазықсыз жер аударды деп И.Сталинге, не Ф.Голощекинге Мәлік Ідірісұлынан бұрын хат жазған басқа адамды тарихтан кездестіре алмадық. Рас, 1932 жылы Ғ.Мүсірепов, М.Ғатаулин, М.Дәулетқалиев, К.Қуанышев, Е.Алтынбеков БКП(б) Орталық Комитетіне Қазақстанда ұжымдастырудың лениндік принципін бұзу орын алып отырғандығы туралы хат жазған. (Бұл «Бесеудің хаты» деп аталып кеткен).

Қазақстандағы осы сияқты теріс саясатпен, аштықпен белсене күрескен партия қайраткерлерінің бірі – сол кездегі РСФСР совнаркомының орынбасары, белгілі революционер Тұрар Рысқұлов Сталинге екі рет хат жазған. Бірақ бұлардың бәрі 1931-1932 жылдары жазылған.

Мәлік Ідірісұлының ол кезде «тәжірибелі большевик, Сталиннің серігі» атанған Филипп Голощекиннің атына сын айтып, Сталиннің өзіне жазуы айға балта сілтеумен бірдей болатын.

Мәлік Айдарбеков БКП(б) Орталық Комитеті мен Саяси Бюросына, Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің төралқасына КазЦИК-тың және Петропавл округтік атқару комитетінің жазықсыз Ақтөбе қаласына жер аударғаны туралы шағым хатын өз атынан ғана емес, өзімен бірге жер аударған Бейнеткор ауданының 8.10 ауыл тұрғындары Сұлтан Әбдірахимов, Баймұхамед Майкөтов, Хасен Баймұхамедов, Құрманшаих Майкөтов, Дәмелі Майкөтова, Исамберді Тоқымбетов, Тасмағамбет Тоқымбетов, Жылқыбай Сабырдинов, Нұрғали Жылқыбаев, Темірғали Жылқыбаев, Ахметжан Нұрмұхамедов, Ибел және Жүніс Қаймуллиндер атынан да жазған.

Бірақ, жазылған шағым хаттар нәтиже бермеді, өйткені Петропавл округтік атқару комитеті жоғары жакқа бұл кісілерді тап жаулары деп жағымсыз жауап береді. Мысалы, Мәлік туралы Сталинге: «Революцияға дейін әкесі Ідіріс екеуі патша үкіметіне қызмет етіп, болыс болды, атакты байлар, кедейлерді канады, Ідіріс Мекеге барды» - деп телеграммамен жауап берген. (кор-135, тізбе-1, іс-270).

аузындағы әңгімелерге карағанда тиісті мерзімін өтеп, 1932 жылы босатылады. Ақтөбеде жер ауып жүргенде өлеңмен елге жазған хаты:

*Өткен күн, көрген қызық түсті еске,
Зарығып бір отырмыз күнде кешке.
Өткенді мысал қылып жаздым өлең,
Жамият бұл қалай деп айып етпе.*

*Жаратқан хақтағала күн мен айды,
Қасірет, ауыр қайғы сөз қозғайды.
Тағдырда жазған іс өзгерілмес,
Құдай досты пайғамбардан біз қалайды.*

*Атамыз өткен екен керей-уақ,
Сөйлеймін білгенімді салсаң құлақ.
Олар да өз тұсында кем болған жоқ,
Бақ-дәулет ғұмырынша кімде тұрмақ.*

*Уақта белгілі еді Қамбар атам,
Сөзімде осы айтқан барма қатам.
Ерегіскен дұшпаннан кегін алып,
Қалмақты Назым үшін қырып салған.*

*Екінші болды батыр тағы Көкше,
Соғысты жаулармен нағыз ерше.
Жаулыққан қалмақтарды бет қаратпай,
Бірсыпыра батырлықпен ғұмыры өтті.*

*Қазақты асырады тұлпарымен,
Екінші қолындағы сұңқарымен.
Адам ғып алты алашты өркендетіп,
Сол үшін атты қазақ соңына ерді.*

*Бір күні жауыз ажал қуып жетті,
Атамыз Қобыландыға қаза жетті.
Асылдан болат туып Қосай батыр,
Салтты дүниесіне заман ақыр.*

*Өлтіріп Қобыландының кегін алып,
Бақ – дәулет, құрды басқа алтын шатыр.
Үшінші болды батыр Баян-Сары,
Қозғалды қасіреттен сөздің зары.*

*Қасында Абылайдай ақылшы боп,
Бағынды бұларға да жұрттың бәрі.
Өтіпті бұлардан да дүние солай,
Кім өтті бұл дүниеден бір тосылмай.*

*Уақтың шалқақтаған еркесі едім,
Бұл күнде жабырқатты патша құдай.
Қайран ел сағынамын сіздерді ойлап,
Қасірет толып жатыр іште қайнап.*

*Өткен күн қайта айналып келерме екен,
Жабыққан көңілдегі қайғыны айдап.
Мен жүрмін Ақтобенің қаласында,
Сиынып бір алланың панасында.*

*Бақ-дәулет ағайынның құрметімен,
Симаушы ем Сарыарқаның даласына.
Мал ұрлап, кісі өлтірген жазығым жоқ,
Аз ғана бақ-дәулеттің жаласына.*

*Дариха жауыз тағдыр қайталадың,
Алмаған бақ-дәулетті еш қалмадың.
Қатын-қалаш, үй-ішін түгел айдап,
Жылаған балаларға көз салмадың.*

*Жанатай Тұрашпенен асыл затым,
Тұрашқа көңілімде бар зой дәтім.
Сарғайып сағат сайын күтсемдағы,
Сонда да бір келмеді жазған хатың.*

*Бірінші дұғай сәлем, Сағит аға,
Кетіп тұр осы күнде бізден баға.
Кез болды түрлі қаза бұл шағыңда,
Қайырын берсін сізге хақтағала.*

*Дос құрбым, замандасым Мұқан мырза,
Мен үшін бір жаныңды қылдың пида.
Ардақты Нұрмұханбет, Қасен, Бейсен,
Сіздерге өлгенімше мен риза.*

*Ардақты Орынбасар ағатайым,
Біз кетіп сіздерге түсті уайым.
Тілегін екі жақтың қабыл етіп,
Үйірге қосар ма екен бір құдайым.*

*Нұрпейіс, Шахан менен Қоржанбайға,
Бір жүріп ойнап күлген заман қайда.
Зарығып сіздерді ойлап жатқан жүрек,
Білмейтін не боларын, қандай жайда.*

*Хат-хабар мен күтемін бәріңізден,
Өлгенше бұл дүниеден күдер үзбен.
Бақыт бол, үлкен-кіші замандасым,
Қоштасу, амандасу енді бізден.*

*Болғанда заман дауыл, басым қаңбақ,
Жет қуған жаққа қарай домаламақ.
Тапсырып тәуекелге белді байлап,
Дариха мұхмин адам мойындамақ.*

*Мәпидей жалғыз бауыр қалды артта,
Зарланып жылағаны батты жанға.
Біз кеттік тәуекелге белді байлап,
Зар жылап қалта берді Қызылжарда.*

*Жылаған көздің жасы шығын заман,
Болып тұр жылағаның ызыңдаған.
Бір алла тілегіңді қабыл етсін,
Не айтам одан басқа бауырым саған.*

*Өткен күн қылған қызық түседі еске,
Зарығып біз отырмыз күнде кешке.
Назым қып бір-екі ауыз жаздым сәлем,
Жамият бұл қалай деп айып етпе.*

*Жазушы Мәлғаждар менің атым,
Тарихта белгілі еді арғы затым.
Шыға алмай қыр басына ойда отырып,
Қасіретпен ағайынға жазған хатым.*

*Күрең ат, ащылы шоқ жерім қалды
Қарауыл, керей-уақ елім қалды.
Бірге өскен кішкентайдан бауырларым,
Тыңдашы құлақ салып біздің зарды.*

*Мұрнымнан Келтесордың исі кетпес,
Коруге шоғаларды көзім жетпес.
Өтсе де неше заман көрге түспей,
Түсімнен бауырларым оңі кетпес.*

*Бауырлар, көп болды көрмегелі,
Бар шығар ренжіткенім кей біріңді.
Сен үзген шынар ағаш бұтағындай,
Толқынмен азып кеткен біз бір мұңды.*

*Әміржан, Қапизамен құлыным-ай,
Сорыңа кездестірді мына құдай.
Үш үйді қатар тігіп толықситын,
Заманың не болады бұдан былай.*

*Елубай саған аманат осы өлеңім,
Аяйды қолдан келсе кім өнерін.
Еліме анық оқын түсіндірші,
Тартылмай шаршы топта кемеңгерім.*

*Қаламым тоқта енді, сөзім қысқа,
Сондай-ақ, жүйрік емен сөзге ұста.
Бар шығар арасында көп қатесі,
Тар жолда, тайғақ кешу ағысында.*

Мәлік Айдарбеков 1934 жылы Омбы облысына көшіп барып, 1937 жылы Омбы қаласында «халық жауы» деп ұсталып, ату жазасына кесілді.

Социал Жұмабаев

“ХАЛЫҚ ЖАУЫНЫҢ” БАЛАСЫ

Тәштитов Қайсар 1904 жылы 5 қазанында туған, қазіргі Ақмола облысы Қорғалжын ауылында. Қазақстан жастар қозғалысының жетекшісі. Петропавлдағы орыс-казак мектебін (1920), губерниялық партия-кеңес мектебін (1924), Мәскеудегі Свердлов атындағы коммунистік университетті (1930) бітірген. 1919-30 ж.ж. жұмысшы, курсант, оқытушы, комсомол қызметкері, Ақмола, Ақтөбе губерниялық комсомол қызметтерінде бөлім меңгерушісі, 1-хатшы болды. 1930-31 ж.ж. БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Қызылорда округтік партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, Қарсақпай аудандық партия комитетінің хатшысы. 1931-33 ж.ж. Қазақ АКСР-і Халық ағарту комиссарының орынбасары. Қазалы аудандық партия комитетінің хатшысы. 1933-37 ж.ж. Қазақстан комсомолының 1-хатшысы қызметтерін атқарды. 1937 ж. қазан айында “халық жауы” ретінде тұтқындалып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. КСРО Жоғары соты әскери алқасының 1957 жылғы 4 сәуірдегі шешімімен ақталды.

* * *

Ауыл ішіндегі ойын баласы болса да, қолдан жасалған алапат аштықтың талай шаңырақты күйретіп, отын өшіргені, есінде еміс-

еміс калыпты. Талшык етер тамак таппай, бір үзім нанга зар болып, аштан бұратылып, ісіп-кеуіп өлген адамдардың кескін-кейпі көз алдында әлі күнге дейін елес сияқты көрінеді. Қатты үрейленген елдің есі шығып, сендей соғылысып, басы ауған жакка босып, жосып кетті. Әкесі мен шешесі өздері сияқты босқындарға ілесіп, іш жакка барып жан сауғалады. Әйтеуір, Айтбайдың татар дәмі бар екен. «Адамның басы - алланың добы» деген рас па деп калады кейде. Бір кіндіктен он үш еді. Жалғыз қалды. Отызыншы жылдардағы аштық, сталиндік куғын-сүргін кездегі ауыртпалық – бәрі-бәрі шиеттей сәбилерді де кынадай кырған жоқ па. Бұл да – кейде адамның налып айтатын «ку тағдырдың» бұған тартқан бір «сыйы» шығар. Әке-шешесі өзгелер сыкылды туған жерге оралып, заман түзеле бастаған шакта ел іші тағы дүрлікті, енді сталиндік куғын-сүргіннің зобалаңы туды. «Ананы ұстап әкетіпті, калай білмей жүргенбіз, халык жауы екен ғой» деген сыбыстар көбейе түсті. Бірде «Қайсар Тәштитовты ұстап алып кетіпті» деген хабар дүңк ете қалды. Бойын үрей билеген ауылдағылар бір уыс болып үрпіісіп, сенерін де, сенбесін де білмеді. Үшкызыл ауылы Қайсар десе ішкен асын жерге қоятын, ел азаматы ретінде катты сыйлайтын, кәдір тұатын. Жастайынан білім іздеп, оқып, кеңес өкіметін белсене құрысуға ат салыскан жалынды жас орда бұзар отызында Республика жастар комитетінің бірінші хатшылығына дейін көтерілді. Айтбай нағашысын көре алмаса да, үлкендерден ол туралы тек жылы лебіз еститін. Міне, халык мактан тұтар азамат 1937 жылдың маусым айында «халык жауы» ретінде ұсталғанда таңырқамаған жан қалмаған.

Қайсардың жездесі Әшірбектің катты налығаны соншалык, екі-үш күнге дейін нәр татпай, бүк түсіп жатып қалды. «Өзге өзге. Қайсарды халык жауы дегенге кім сенеді?» - деп айтып қалғаны бар. Еш зілсіз, кексіз айтылған бір ауыз сөз оның тағдырын шешіп кетті ме екен? Сол жылы кыс ерте түсті. Қараша басталмай жатып. Жер-Ана ак көрпесін айкара жамылды. Алғашкы ак үлпек қардан кейін іле күн қақай суытып, оның соңы долы боранға айналды. Сондай кештің бірінде Әшірбек колхозшы үйіне жұмыстан кешігіңкіреп келді. Әлденені сезгендей мазасыз күй кешті. Оның жұмыстан оралуын күтіп тұрғандай үйге мұздай киінген екі адам кіріп келді. Тізе бүккен жоқ. Қыскаша ғана тіл катысып, Әшірбекті аудан орталығына суыт алып кетті. Содан әке қайтып оралмады. Айтбай кейін білді, сол жолы келгендер «үндеместер» екен. Сөйтіп. Бейнеткор ауданына қарасты Мирзоян атындағы колхоздың озат колхозшысы Жағыпаров Әшірбек «халык жауы» болып шықты. Ал-

пысыншы жылдары әкесінің ақталғаны жөнінде қағаз алды. Баска ештеңе жазбапты. 1989 жылы облыстық прокуратура мен мемлекеттік қауіпсіздік комитеті баспасөзде ақталғандардың тізімін жариялады. Әкесінің аты-жөні тізімде он жетінші болып тұр екен, көзіне оттай басылды. Не себепті ұсталғаны жөнінде тиісті орындардан сұрастырып еді, мандытып жауап алмады. Не үшін ұсталғанын ешкім де білмегені ме деп ойлайды кейде? Озат стахановшы болғаны үшін бе? Әлде Қайсар Тәштитовтың жездесі болғаны үшін бе? Әлде еш зілсіз айтылған бір ауыз сөз үшін әлдекімдер сыртынан көрсетті ме? Жұмбақ күйде қалып келеді. Басын қарайтып, бір уыс топырақ салайын десе, қайран әкенің қайда жатқанын да білмейді.

Осынау ғұмырында тағдырдың небір бұралаң жолдарынан, қиын өткелдерінен өтіп, ащы дәмін көп татса да, ол үшін налып көрмепті, ешкімге өкпелемепті. «Алла берген бір ғұмыр, қай кезде дәм таусыларын да бір алла біледі», - деп шүкіршілік етеді, аспайды да, таспайды да. «Тағдыр басқа салса – не шара». Бір шаңырақ астында шешесі Мағрипа екеуі шошайып қалса да, асыл ана қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, төрт класты Үшқызылда бітірткізді.

«Балам, оқы. Әкең болса, ол да осыны тілер еді. Алдыңнан жарылкасын», - деп жалғыз ұлының білімге деген меселін қайтармай, ақ батасын беріп, бар жиғанын дорбаға салып, Қарағаш ауылына шығарып салды. Бала қиялына қанат бітіп, құлдырандап кете барды. Интернатта тұрып, екі ай оқып, оның өміріне ысылып, оқуға да төселіп қалып еді, мектеп директоры Махмұт ағай шақыртты. «Айналайын, балақай, шешең ауылда жалғыз, ауыр тиіп жүрген көрінеді, бара ғой», - деді біртүрлі бәсең үнмен. «Ағатай, оқығым келеді, шешем ұрыспайды, өзі жіберді» - деді қаршадай бала. Көмек іздегендей жәутаң-жәутаң етіп, біресе директор ағайына, біресе интернат бастығы Қалдан ағайына, біресе класс жетекшісі Шатаева тәтейіне қарайды. Бәрі де кінәлі жандай жер шұқып, үндемеді. Оның себебін де кейін – есейе келе білді. Әлдекімдер «халық жауының баласы интернатта оқуға тиіс емес», - деп жоғары жакқа арыз жазыпты.

Әкесі сияқты мұның өмірлік тағдырын да жоғарыдағылардың бір ауыз сөзі шешіп кетті. Шіркін, тағдыр дегенді қойсаңшы! Біреуге барын үйіп-төгіп бере салады. Ал біреуді бір айналдырып қана қоймай, шырылдатып шыр айналдырып, қашан тобықтан қағып түсіргенше тынбайды. Буын-сүйегі қатпаған қаршадай бала – қатарластары білім нәрінен сусындап жатқанда – қолына малшы таяғын ұстады. «Әке мінемен» жұртта «қарғыс» деген сүйік сөз айтыл

тілді жыланша сумаң қағып, Үшқызыл ауылынан қырықтан астам азамат майданға аттанды. Содан аман-есен оралғаны - сегіз-тоғыз ғана.

Айтбай сияқтылардың балалық шағы төрт жылға созылған ауыл кезеңмен тұспа-тұс келіп, балалық шақтың бал қызығын тата алмай, ерте есейді. Жеңісті жақындатуға үлес қосқандардың бірі осындай каршадай балалар еді. Өмірдің бар ауыртпалығын жанкештілікпен, сыр бермей көтеріп келіп, мәрт сынатын асыл сүйекті адамдар болады. Үшқызыл ауылы да соған ұқсайды. Небір қиын кезеңнің батпан жүгін қың етпей көтерген Үшқызыл ауылы содан оңала алмай, 1949 жылы тоз-тозы шығып тарап, құрып тынды. Сондағы ауыл адамдарының өксігенін-ай! Тағдыр басқа бермесінде. Талайлар «өлтірсеңдер де көшпейміз» десіп қасарысып, отырысып алды. Тағдыр маңдайға жазып қойған соң амалсыз мойынұсынасың. Сұраған, Жанәлі сияқты азаматтар туған ауылды кимай-кимай, ең соңынан көшті. Бұл күнде ауылдың жұрты да қалмаған. Тың игеру жылдары түгелімен жыртып тастаған. Асыра сілтеу саясатының құрбаны бір ғана Үшқызыл ауылы емес.

Айтбай мектепте оқып жүргенде, сабаққа ынталы еді, әсіресе, есеп-кисапқа жүйрік болатын. Сол талабын бағалады ма, есепшотшылық қызметке алды, еңбек жолы осылай жалғасты. Содан қайтып мектеп есігін ашқан емес. Біраз жыл есепші болды, сосын трактор «құлағын» ұстады. Жұмыс бастан асады. Көп шаруа қолмен атқарылатын кез. Соғыс аяқталып, елдің бетіне қан жүгіре бастаған шақ. Айтбайдың тракторы сынып, жөндеп жатқанда ауыр білік оқыстан құлап, қатты мертікті. Облыстық емхананың дәрігерлері іш құрылысына ауыр зақым келген деп тапты.

“Жазмыштын озмыш жок». Айтбай үшін ең үлкен уайым – анасы. Оның жайын ойлап, кейде түні бойы кірпік ілмей шығады. Ауыр ойдан жүдеп-жадап жүргенде тағдыр оған Қайырбек Қоқыбаев сияқты жақсы адамды жолықтырды. Аудан прокуроры онымен бірге емделіп жатты. Сол кезде көп қамқорлық жасады. Ол кісінің жақсылығын өле-өлгенше ұмытар ма. Әйтпесе, тағдырдың айдауымен бұл күнде қайда жүрер еді? Өзімен бірге қолынан жетелеп аудан орталығына алып келді. Үйіне қондырып, сыйласындай күтіп, ертеңіне атшысына Үшқызылға жеткізуді тапсырды. Бұл 1948 жылдың сәуір айы еді. Жұмыс таппай қиналып жүргенде, аудан прокуроры арнайы іздеп келіп, есепшотшылық қызметке орналастырды. Содан тәжірибе жинақтап, ысылып, бухгалтердің көмекшісі болды. Бір жылдық есепшілік курсын бітіргеннен кейін бес жыл бас бухгалтерліктің дәмін татты.

Адам темірдей канша берік, төзімді болса да, наукас мендеп, денсаулық келмесе, ең киыны сол екен. Темір біліктің “кінәраты” кейін сыр берді. Жұмыс-жұмыс деп елемей жүре беріпті. Дәрігерлер тыйым салғаннан кейін 1982 жылы екінші топтағы мүгедек ретінде зейнетке шықты.

-Әкеміз бір кіндіктен бесеу болатын, ұл екеу екен. Інісі Кәрімнен ұрпак калмаған. Ұрпағымыз енді өрбіп отыр. Осыған жеткізген тағдырыма ризамын. Сонау зобалаң жылдары осындай бакытты шакка жетемін деп әсте ойлаппын ба? – дейді бүгінде жетпіс атты жеті асқарға көтерілген Айтбай ақсакал.

Иә, көп бейнеттің бір зейнеті бар демекші, осынау ғұмырында тағдыр тауқыметін көп көріп, тірліктің ауыр камытын буыны катпай мойнына ілген Айтекең тамырын тереңге жайған мәуелі бәйтерек іспеттес. Құдай коскан косағы Торғай әжемен бір шаңырақ астында кырык жыл түтін түтетіп, ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп отыр. Бір шаңырақ астынан өрбіген әулет – сан алуан мамандык иелері. Дәрігерді де, мұғалімді де, инженерді де, жүргізушіні де кездестіруге болады. Әке жолын куып, есепші болғандар да бар.

-Бұл заманға жеткен де, жетпеген де бар. Сондықтан өткен өмірім канша ауыр болса да, еш өкінбеймін. Өйткені, өмірім – ол он екі таспа камшы сыкылды өріліп жатқан тұтас тағдырым, ол менің әулетімнің, балаларымның тағдыры. Міне, немере-жиендерімнің ортасында кос куанышымды тойлағалы отырмын. Маған бұдан аскан бакыттың керегі жоқ, - дейді кария актарыла сөйлеп.

Өмір – тағдыр деген даналык сөз рас-ау!

Өмір Есқали

ӘКЕ ЕСІМІНЕ ЛАЙЫҚ БОЛАЙЫҚ

Біздің Солтүстік Қазақстан облысының мындаған саяси куғын-сүргін құрбандарының бірі-менің әкем Сағындыков Мағаз.

Ата конысымыз кәзіргі Мамлют ауданындағы Бостандык ауылы мен Андреевка селосының аралығындағы Нұрабай жұрты болған. әкем сол жерде туып-өскен екен. Бабаларымыз дін жолын катты ұстанған, шеттерінен молдалар екен. Атам Сағындык өзінің төрт ұлы, екі қызына діни білім берген. Ағалары үйдің малын бағып, шаруасын тындырса, ең кішісі Мағаз ат үстінде түздің істерін тындырған.

Тұрмыс тауқыметі әкемді жалшылыққа да баруға мәжбүр еткен. Қазіргі Есіл ауданына қарасты Поляковка селосындағы Поляков деген байдың 1911-1913 жылдары малын бакқан.

Кеңес үкіметі жарылкап, тұрмысты түзетер дегенге сеніп, ұжымдық шаруашылық құруға белсенді араласып, мал фермасын басқарған. ұжымшар, ауылдық кеңестің төрағасы болған. Пысықтығынан болар, сол отызыншы жылдардың басында Кемеров облысынан ұжымшарға жылқылар тасымалдаған. Кемеровтан келген үйдей кара айғыр бертін келгенше ұжымшардың үйірін бакты, оны өзім бала кезімде көзім көрді. Бірақ сол кезде мен оны әкемнің көзі сияқты екенін білмедім.

Әкеміз ағайын арасында абыройлы болған деседі, туыстардың татулығын сақтауға, бір-біріне кол үшін берісуге, кемтарларға көмек көрсетуге ұйытқы болыпты. Жеңгелері қатты сыйлап, «Ауылнай» деп кана, атын да атамапты. Ағалары атын жегіп, сапарға аттандырып отырады екен.

Шешем марқұм айтып отырушы еді: «Әкең жол жүріп келгенде қарсы алып, тұлыбын шешіп, атын доғарып, байлап, шай-суын алдына тосып, бабын таба білдім деп» келіндерге өнеге-дәріс ретінде баяндайтын.

- Әкеңнің мінезі қатаң болса да, тіл табысып, сыйласып, бір қатты сөзге келгеніміз жоқ, - деп, зор ризашылықпен еске алушы еді,- кайран анам.

Әкемізді қаһарлы 1937 жылдың 20 қыркүйегі кешінде НКВД-нің Приишим аудандық бөлімі тұтқындады, атакты «кара қарға» мәшинесіне мінгізіп алып кетеді. Бұл былай болған екен.

Біздің ауылдың тумасы, Қызылжар қаласының тұрғыны Мұхамбетов Әбікейді бұдан бір ай бұрын НКВД абактыға қамап, Жапонияның жансыздары тобының басшысы деген жала таңылады. Тергеушілердің катыгездік соккысына шыдамай, жоқ топтың «мүшелерін» тізуге мәжбүр болады. Сол тізімге менің әкем Мағаз да ілігеді. Қайратты да кайсар әкем, бәрібір бір өлім деп ойлаған шығар, киын кыспактарға шыдап, жабылған жаланы мойындамаған болар. Оған дәлел «үштіктің» өлім жазасына бұйырған үкімінде кінәсі – молданың баласы деп көрсетілген. Тек молда баласы болғаны үшін айуандықтың құрбаны болып, 45 жасында атылып. қыршынынан кийлғанына не дерсің?

Ол – миллиондардың бірі ғой. Өз елінде, өз жерінде қырғын соғыссыз қырылып, жер жастанғандар – сталиндік сұмырай саясаттың құрбандары. Иә, кой үстіне бозторғай жұмырткалатамын.

жұртымызда жұмақ орнатамын, әділдік әкелемін деген Кеңес өкіметінің сайкал саясаты мен індетті істері қазақ еліне нәубет әкелді. Миллиондап қойдай жосыған, аштықтан қырылып, тәркілеу мен ұжымдастырудан қашқынға айналған, «Көкарал» мен «Барсакел-мексе» айдалған саяси қуғын-сүргіннің дүрбелеңіне түскен, қайран қазағым, не көрмедің, не көрмедің! Теперішін көрсетіп, титығына жеткізген, қасірет шектірген Кеңес империясын фашистерден қорғап тағы да қырылысқа ұшыраған ұлтымның ұлдары мен қыздары ерлігімен әлемге әйгілі болды емес пе?!

Қандай жаны жайдарлы, жүрегі кең Адамдар десенші біздің қазақ жарықтықты. Өздері аш-жалаңаш отырып, сонау соғыс жылдары елімізге жер аударылып келген ондаған соры қайнаған ұлт өкілдерін қарсы алып, тәлкекті тағдырларына мұңдас болып, тар баспанасынан орын беріп, соңғы кесек нанын бөліскен қазақты күні бүгінге дейін шешен, ингуш, неміс, поляк, балқар, кабардин, карашай сияқты бауыр басысып кеткендер көздеріне жас алып, тебіреніп тұрып рахметін айтады. Сондықтан да шығар, бүгін қазаққа құдай жақсылықты беріп отыр. Шарапатымыздың шапағаты шығар, еліміз тәуелсіздікке қолы жетіп, жұлдызы жарқырап, ең өркениетті елдердің қатарына қосылғалы тұрғанымыз. Адам баласына мәңгі тамұқ жоқ деген осы болар – еліміз аман, жұртымыз тыныш. Бар әлем бізге қызығып та, сүйсініп те қарап отыр емес пе!

Отағасы, үй панасы әкемізден тірідей айырылып, атылғанын білмей, он жылға сотталды деген жалған хабарға сеніп, оралар деп үмітті үзбей, күйзеліс күйін кешіп, бір қора жетім-жесір тағдырдың тауқыметін құшақтадық. Отыз жеті жасында тірі жесір қалған қайран анам өмірдің бар ауыртпалығын нәзік арқасына артты. Алды әжем, арты бір жасар мен жеті жан жалғыз шешемнің қолына қарап қалдық. Мал-мүлік тәркіленді. Әркім, әрине, өз анасын ардақтайды. Ол дұрыс. Ал менің анам – Алланың ерекше етіп жаратқан жаны еді.

Жастайынан құрыштай шыныққан (атасының қолында ұл орнында өскен) қайраттылық пен қайсарлықтың үлгісі десем артық айтпаспын. Бір үзім қара нанға ауымызды тигізу үшін арқа етін арша, борбай етін борша етіп, тынымсыз еңбек еткені бір басқа. «халық жауының» қатыны атанып, көрген қорлығы өзгеше. Өзге халық жауларының зайыптары «АЛЖИР»-де көресінді көрсе, менің шешем ауылда жүріп бас бостандығынан айрылған. Олай демей не дейін, егер жаз туа алыстағы «Қызыләскер» кеңшарына қой бағуға, қыс түсе бұрынғы Ленин ауданындағы Попятное деген елге егін соғуға сапар шектірсе, қараңғы бостандыққа өткенді емес пе? Айтпақшы,

кетейін. тағдыр анамды сол Попятное селосында саяси қуғын-сүргіннің құрбаны Илья Мискиннің отбасымен түйістіреді. Ол үйде пәтерде тұрып, жанұясының камқорына бөленеді.

Кейін елуінші жылдардың басында ағам Қилаж марқұм Лузинка мектебінің директоры болғанда (Попятное Лузинкамен бірге бір ұжымшар болған) әлгі Ильяның баласы Кузьма сол мектепте мұғалім болып, отбастарымен достасып кетті.

Тұрмыс. әрине. әбден ауыр. Шешем – жалғыз асыраушы. Жазда күндіз шөп маялаушы, түнде қой күзетінде. Қыс күндіз ұжымшардың козысын күтеді. түн глубинканың астық қоймаларын күзетеді. Несін жасырайын, өлместің қамы ғой. қойма күзетінен қойны – қонышына тығып бірер тостаған бидай әкеліп, оны қол диірменге тартып ас қыламыз. Қойдың жүнін аздап жұлып әкеледі. оны әжем иіріп, шұлық токиды. Қайтерсің, «еңбеккүнге» жыл аяғында оны-мұны тисе тиді, тимесе ештеңесіз қалатын заман еді.

«Өлмегенге өлі балық». «Шыкпа, жаным, шыкпа» деп ғұмыр кешті ғой ауыл жұрты. Үлкен ағам Шерашитден өз жасымен майданға аттанып, кіші ағам Қилаж он алты жасында екі жылды қолдан қосып, майданға өзі сұранып кетті. Кейінде Қилекен есіне алып: «Мені «халық жауының» баласы деп мектепте тұқырта берді. комсомолға да алмады. Менің әкем «халық жауы» емес, мен оны қаныммен дәлелдеймін деп соғысқа бардым» дейтін.

Шерашитден 1944 жылы соғыстан ауыр жаралы болып оралып. 21 жасында өмірден озды.

Қилаж соғысты Қырымнан бастап, Берлинде аяқтап, 1949 жылға дейін әскери қауіпсіздік қызметінде болып, елге оралды.

Приишим аудандық милиция бөлімінде жылға жуық қызмет атқарған жерінен «халық жауының» баласы деп шығып калып, бір зардап шекті. 1952 жылы Ленин аудандық партия комитетіндегі қызметінен тағы да «халық жауы» баласы деп қуылды. Бұл екінші көрген зардабы.

Қан төгіп, етігімен су кешіп, мұзды окопты төсеніп, елін қорғаған майдангерге көрсетілген бұл – «құрмет еді», не істерсің, «жазған құлда жазық бар ма?».

Зеректігінің аркасында онжылдыққа экстерн боп емтихан беріп. Петропавл пединститутын сырттан оқып бітірді де, біраз жылдар ұстаздық етті. Талабы мен таланты жетекші күш болып Қилаж ағамыз жоғары лауазымды біраз қызметтер атқарды.

Елімізге белгілі қоғам қайраткері, қадірлі ақсақал еді.

Не көрмедім, мен байғұс, не көрмедім!

Тағдырдың талай тәлкегі мені де сілкіледі. Бір жасымнан әкемнен жетім калып. «Әке!» деп тілім шыкпады.

Шеше камқорлығынан кенде болмасам да, әкенің аты әке ғой, шіркін!

Екі кештің арасында әкемді тұтқындауға келген НКВД жендеттері еңбектеп үй жағалап кеткен мені иіскеп, бір сүюге мұршасын келтірмеген екен. Өкінішке орай әкемнің суреті де калмады. Бізде балғын, балдай тәтті балалық болмады, ішер асқа, ілер киімге жарымадық, он жасқа толмай жатып ұжымшардың жұмысына салындық.

Соғыс жылдарының сөкеттері бізді ерте есейтті десек, сол заманның жас ұрпағының үлесіне тигенін бәріміз білеміз. Сол ұрпак біледі, өкінішке орай, кейінгілер біле бермейді. Білу керек, ол тарих, оны кастерлеу керек, сол тарихты бастан кешкен үлкен ұрпакты сыйлау үшін керек.

Ей, Алла, қуғын-сүргін дүрбелеңі адам баласын қаншама қыс-пакка салмады, нендей іс-әрекеттерге бастамады.

Бәріміз білеміз, Мағжан Жұмабаевтың туған-туыстары әрқайсысы әртүрлі фамилияны жамылып, жан-жакка бытырай қашты емес пе?

Баласы да әкесінің есімінен безген заман болған жоқ па! Сол кесапат маған да келді. Екі рет жұмыстан қуылып, жазықсыз зардап шеккен ағам Қилаж менің сегізінші сыныпта оқып жүрген кезімде: «Әкеміздің «халық жауы» деген атағы маған қырсық болып тиді ғой, енді тым болмаса келешегің бар ғой, саған зияны тимесін, фамилияңды Сағындыков деп өзгерт. Мағаз менің жай туысым дерсің, жасыңды екі жас шегертейік» деп ақыл берді. Сондықтан туған ағайынды екеуміз екі фамилияда кетіп, ұрпағымыз екі тармаққа айналды. Бұл да менің жүрегімде қалған бір қасірет.

Тұрмыстың таршылығы бәріміздің пешенемізге ортақ қой. Әрине, әкем болса нанның ағын жер ме едім, кімімнің тым жұпынылығынан аурушаң да болмаған болар едім:

Бәрінен маған бататыны – жанның жүдеулігі, жүректің жарасы.

«Ой, әке-ау, қайда кеттің адастырып.

Бұл күнде жетім қылдың жарастырып...», - деген шешемнің жүрегінен, сәби тілімнен шыққан сөздердің шерін, мұңын ол кезде сезбеппін, кейіннен айтқан сайын көзіме жас толады.

Әке мейірінің, әке махаббатының жоқтығын бала кезімде көбірек сездім. Әкем болса ғой, олай болар еді, былай болар еді деген қиял мен көрген киімет араласып, елімнің мұңы көңілімді жей

лар аз болмады. Өмір деген ең жоғары университет. Өмір мектебі шындайды, ширақ етеді, кайрат пен кайсарлық қасиеттерді бойына сіңіреді, басынды салбыратпай, тұлғанды түзу ұстауға кездескен қиыншылықтарды жеңе білуге, табандылыққа, таймастыққа, тұрашылдыққа баулиды.

Құдай қаныма сіңірген қасиеттерден болар, сол катыгез мектептің өмір сабақтарын меңгергенімнен, қиындықтан тайынбадым, әділетсіздікке бағынбадым, мықтыларға жағынбадым, төрелерге табынбадым, жоғымды сұрап, көзімді сатып жалынбадым, жағаласқанға алынбадым, сары уайымға салынбадым, жасымнан білім мен өнер қуып, от болып жалындадым, ауырлықты жеңген сайын жұқармадым, қалыңдадым. Әкем бастаған, іргесін қалаған ауыл өмірін өрлетуге, өркендетуге өзімнің саналы өмірімді бағыштадым. Жоғары білімді ауыл шаруашылық маманы ретінде өткен тұрғыдан қарап ауыз толтырып айтарым аз емес.

Елу жыл ауыл аймағында егін өсіріп, мол астық жинап, мал шаруашылығын баптап, ел адамдарының тұрмыс-тіршілігін жақсартуға күш-жігерімді аямай жемісті еңбек еткенімді мақтанышпен айта аламын. Жетпістен жасым асса да тұғырымнан. Аллаға шүкір, түскенім жоқ. Әлі де қоғамға титтей де болса пайдам тисе екен деген ниетпен қатардан қалмай келемін. Әкем сияқты мыңдаған қуғын-сүргін құрбандарының зардап шеккендердің келелі мәселелерімен айналысып жүрмін.

Облыс орталығы Қызылжар қаласында бұрынғы НКВД ғимараты болған жерде саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш салуға бас болып, атсалыстым. «Память» қоғамдық қорының төрағасы ретінде алда атқарар игі істерім аз емес.

Міне, біз «халық жауларының» балалары, осындаймыз деп, айта алатын азаматтар қоғамда зор абыройға ие болып жүргенін мақтаныш етеміз. Накактан жазаланған, бүгін адал есімдері ақталған аталардың аттарын атап, аруақтарына басымызды иейік.

Айтайық, жазайық, ұрпақтарға сабак болсын!

*Болат Сағындықов,
«Память» қоғамдық қорының төрағасы*

НАҒАШЫМ ЕЛ АҒАСЫ ЕДІ

Менің нағашым Нұрыш Даниярұлы Данияров деген адам. Нұрыш – анам Қадияшаның туған ағасы. Ол ертеден елге танымал, көзі ашық, сауатты адам болыпты. Сонау өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап жаңа үкіметке адал еңбек еткен. Мәскеуде оқып, Қазақстанның әр жерінде партия, Кеңес, шаруашылық қызметтерін атқарған. Бірақ, Нұрыш кешегі отыз жетідегі жаппай жазалау науқанының ілгегіне ілініп кетіпті. Жазықсыз жазаланды, атылды.

Әдетте, артта қалған туыстары жоқтау айтып, іздеу салары сөзсіз. Нағашымның қайда, қашан атылғаны, қай жерде жерленгені жөнінде бейхабар едім. Осы жағдайды зерттеуді, іздестіруді алдыма мақсат етіп қойдым да, іске кірісіп кеттім. Алдымен, оқырмандарға түсінікті болу үшін, Нұрекеннің өмір жолына тоқтала кетейін.

Нұрыш Данияров 1899 жылы бүгінгі Солтүстік Қазақстан облысының (бұрынғы Петропавл уезі) Пресногорьков ауданындағы №3 ауылда өмірге келген. Бұл жер кейін Қостанай облысына бөлініп кетті.

Бұл жанұя ежелден егін егумен, мал өсірумен айналысқан орта шаруадағы еңбекқор адамдар болыпты. Нұрыш алғашқы білімді орыс-қырғыз аралас училищесінен алып, оны он төрт жасында бітіріп шығады. Одан кейін әке-шешесіне қолғабыс тигізіп, шаруашылықпен айналысады. Кейін, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, Коммунистік партия қатарына өтеді, оған қолдау жасаған, сол кездің өзінде белгілі болған азаматтар Сәбит Мұқанов пен Әбдірахман Айсарин болатын. Сәбит Мұқанов өзінің «Өмір мектебі» кітабында Нұрыш Данияровты мақтап, сыпаттап жазып кеткен еді.

Осы кезден бастап, яғни 1921 жылдан Нұрыш Данияров Ақмола губерниясының оқу бөлімінің нұсқаушысы, одан кейін уездік атқару комитетінің бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарады. Ол Мәскеуге, Орталық партия комитеті жанындағы партия қазметкерлерін даярлайтын екі жылдық оқу орынына (курска) жіберіледі. Оқуды аяқтағаннан кейін бірнеше партиялық қызметтерді атқарады, атап айтқанда Ақмола уездік, губерниялық партия комитеттерінің хатшысы болады. Одан кейін губерниялық партия мектебінің директоры, Петропавл округіне қарасты Октябрь аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істейді.

Ол арасында облысымыздың «Шағалалы», «Қиялы» деген жерлерінде шаруашылық жұмыстарымен де айналысқан екен. Ақтөбеде жер шаруашылығы техникумын басқарған, тағы да аудан

дык. өлкелік партия комитеттерінде қызмет атқарған. Нұрекеннің ең соңғы қызмет атқарған жері Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сарысу ауданы еді, осы ауданға басшы болып келеді. Бұл 1932 жылы еді. Ол кездері буыны әлі бекімеген жаңа құрылған аудан болатын. Тәжірибелі де іскер басшы аудан экономикасын, мәдениетін үш-төрт жыл ішінде көтере білді. Кадр-мамандарды тәрбиелеп, ұжымдық шаруашылықтарды жетілдіруге жұмылдырады. Ауданда алғаш «Социалистік шаруа» газетін ашқызады. Осындай ел ішінде беделі артқан адал азаматты 1937 жылдың 30 қазанында «үштік» ұстап, түрмеге жабады, «халық жауы» деп 1938 жылдың 19 ақпанында атады. Атылған жері, кейін анықталғандай, Шымкент қаласына тақау «Қайтпас сай» деген жер екен. Сөйтіп, нағашым қырыққа да жетпей қыршынынан қиылды, нақаттан кетті. Кейін кінәсіз екені анықталды, ақталды. Бұл да болса көңілге медеу.

Көкейде жүрген ойымды еліміз егемендік алғаннан кейінгі шыққан саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні жариялануы оятты. Сол жылы Шымкент қаласында атылған 32 адамның тізімі «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланыпты. Сол тізімнің ішінде менің нағашым – Нұрыш Данияров та бар екен. Сол күннен кейін нағашым жөніндегі деректерді іздестіруге кірістім.

Алдымен істі облыстық ұлттық қауіпсіздік департаментінің мұрағатынан бастадым. Онда, өкінішке орай, нағашымның іс-қағаздары жоқ болып шықты. Ақыры Жамбыл облысы ҰҚК-нің мұрағатынан табылды. Бір байқағаным, жауапқа тартылып, одан кейін барлық атылғандарға шығарған «үштіктің» қорытынды үкімі бірдей деуге болады, ұлтшыл ұйымға мүше болған, Кеңес үкіметін құлату ниетіндегі адам, Қазақстанды Одақтан бөліп әкету, т.с. үкімдер Қысқасы оларды «бір қалыпқа» салып соттағандай. Нұрыш Данияров Сарысу ауданында өзінің басшылығымен өмір сүріп келген контрреволюциялық ұлтшыл ұйымның белсенді басшыларының бірі болып табылады делінген айыптауда. Оған қоса ол Қазақстанда Кеңес Үкіметін құлатуды және буржуазиялық – ұлттық мемлекет орнатуды түпкі мақсат етіп қойған деп айтылған. Дегенмен мәңжайдың анық-қанығына жету үшін сапар шегуге тура келді. Жолымды алдымен Павлодардан бастадым. Онда нағашымның жалғыз немересі Тамара деген тұратын. сол кісімен кездесіп, мақсатымды және жоспарымды айттым.

Негізгі тоқтайтын жерім – Шымкент қаласы еді. Соған да жеттім. Ондағы қуантарлық бір жәйт: республикамыздың 10 жылдық тойының қарсаңында «Саяси қуғын-сүргін құрбандарына» арналған

мұражай ашылған екен. Мұнда келгенде сонау өткен қайғылы күндерден азалы сыр шерткендей сезінесің. Онда тарихи жәдігерлер сонау 1937-ден бұрынғы тәркілеу науқаны, жер аудару, одан кейінгі соғыс кезіндегі бүтін халықтарды көшіру кезеңдерін кеңінен көрсетеді. Шымкент қаласының маңындағы «Қасірет» мемориал-кешені де үлкен есте қаларлық ескерткіш екен. Осы нағашым жатқан жерден бір уыс топырақты елге ала келдім. Бұл сапарда тарихи құжаттар, фотосуреттер (оның ішінде Нұрыш нағашым жөнінде де бар), т.б. деректерді әкелдім.

Сарысу ауданының 75 жылдық тойына арнап жергілікті жазушы-журналист Пернебай Дүйсенбин деген азамат «Шежірелі Сарысу» атты кітап шығарыпты. Бұл тарихи құнды басылым екен, оның ішінде аталып отырған Нұрыш Данияров та біраз айтылып кетеді. Осы тойға қатысудың сәті түсті. Онда аудан шежіресін сөз еткенде Нұрекеңнің аты аталып қана қоймай, бірнеше көзі көрген көнекөз қариялар оның іскерлігін, адалдығын, адамгершілігін кеңінен сөз етті.

Мен нағашымның адами қасиеттерін осы жерде сезінгендей болдым. Кейінірек осы аксақалдардың біразымен ауызба-ауыз кездесіп, сөйлестім. Сондағы олардың айтқаны:

- Иманжүзді адам еді, Нұрыш-аға;
- Күн-түн демей аянбай еңбек етті, қаншама терін төкті, елді қоғамдастырып, бастарын біріктірді;
- Мал, егін өсіріп, отырықшылыққа бейімдеумен айналысты;
- Ол ел қамын ойлаған ер еді.

Міне, осы тойда жақсы лебіздер нағашым атына төгіліп жатты. Көңілім орнығып, жүрегім жай тапқандай күйде болдым, нағашым тіріліп келгендей қуанып, елге оралдым.

Рүстем Уәйісов

АЙДАУДА БОЛҒАН АҚЫН

Темірбеков Уахит Әбжанұлы өткен ғасырдың екінші жартысында облысымызға белгілі айтыскер акын атанды. Оның балдәурен балалық шағы да, жалындаған жігіт кезі де нәубет заманға тұспа-тұс келеді. Сол ғасырдың алғашқы жартысында өткен революция, еріксіз ұжымдастыру, байлардың мал-мүлкін тәркілеу, саяси қуғындау (соттау, жер аудару) сияқты қисынсыз қиягер істердің соңы аштыққа апарды, халықты қырғынға ұшыратты, тарыдай шашты. Сөйтіп, ұлтымызды ойсыратып кетті. Әкесі Әбжан да, баласы Уахит та осы құрбандықтың қармағына мықтап ілікті. одан босап кете алмады. Әбжан Темірбекұлы сауатты, оқыған адам болған. Алғашында ауыл старшыны, уездік жер басқармасының мүшесі болады, кейін жаңа үкімет орнаған соң алашордашылар партиясы жағына шығады. Содан соң қуғынға ұшырап, айдалып сотталады, ақыры хабар-ошарсыз кетеді. Уахит болса «алашордашының баласы» деп, әкесінің соңынан іле ұсталады, жер аударылады.

Уахит Әбжанұлы Темірбеков 1904 жылы Петропавл округіне қарасты № 12 ауылда туған. Ол жер ертеде «Қуандық» ауылы деп аталса да, казактар «Бөрілі» деп кеткен. Бұл бүгінгі Шал акын ауданындағы Сухорабовка ауылдық округіне қарасты Неждановка селосы мен Шортай ауылының маңы еді. Қазіргі кезде Шортай да, Қуандық та жоқ, тек олардың жұртының орыны ғана жатыр. Уахит Әбжанұлы жасында молдадан оқып, сауатын ашады, кейін жеті жылдық білім алады. Бертін келе Покровкадағы (Ақжар) ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп, арнаулы орта білім дәрежесіне ие болады. Жиырмасыншы жылдардың аяғында ұжымдастыру, тәркілеу науқандарына белсене араласады, жастар одағына, партия қатарына өтеді. Айыртау аудандық милиция бөлімін басқарады. 1930 жылы «халық жауы» деп кінәланып, сотталып, айдалады. Бір кінәсі «алашордашының баласы» болғандығы. Сот шешімі шыққаннан кейін батыстағы Беломорканалда, солтүстіктегі Таймыр түбегінде. Қарағандының Карлагында болып, біраз жердің дәмін татып, михнатын көреді. Тек 18 жылдан кейін ғана, жас жігіт шағында (25 жаста) кетіп, елге есейген шағында (43 жасында) оралады. Үйленеді, балалы-шағалы болады.

Уәкең тағдырдың тәлкегіне түсіп айыпталды, тек 1989 жылы ғана, 60 жыл өткесін ғана ақталады, заңсыз қуғындалғандар қатарына ілікті («Ленинское знамя» газеті, 1992 жылғы 10 қаңтар күнгі саны).

Уахит Темірбеков ұзақ ауыр сапардан оралғаннан кейін ұжымдық шаруашылықта, кеңшарда, орман шаруашылығында әртүрлі қызметтерді белсене атқарады, содан зейнеткерлікке шығады. Бірақ, оның ежелден келе жатқан ермегі өлең жазу болатын, сондықтан ақындық өнерін есейсе де, шыңдай түседі, азды-көпті шығармалары газет-журналдарда көріне бастайды. Кейін бірнеше облыстық, республикалық ақындар айтысына қатысып, жүлделі орындарға ие болады, ел құрметіне бөленеді.

Уахит Темірбеков 1982 жылы 77 жасында дүние салды. Артында ұрпағы, өлеңдері қалды. 2004 жылы баспадан «Бір өліп, бір тірілдім» атты шығармашылық жинағы жарық көрді. Оған ақындық еңбек, Отан, туған жер тақырыбына жазылған өлеңдері, поэмалары, қапастағы қойын дәптеріндегі өлеңдері енгізілген, онда айтыс өлеңдері де бар.

Біз бүгін Уәкеңнің тарыншылықта, қиын-қыстауда жазылған бірнеше өлеңдерін беріп отырмыз. Онда ақынның көрген қиыншылығы, ауыр азабы суреттелген.

ТЕГІМ

*Ел-жерім, таусылмайтын аққан бұлақ,
Атығай, Қарауыл мен Керей, Уақ,
Баласы төрт момынның деп атайды,
Арқаның солтүстігін еткен тұрақ.*

*Айтылған төрт момынның бір ұрпағы,
Ішінде Атығайдың Бәйімбетпін.
Баласы мен Әбжанның атым Уахит,
Боламыз немересі Темірбектің.*

*Көкшетау, Қызылжардай туған жерден,
Бұл күнде дәм ауысып кеттім жырақ,
Көп жерді бұл сапарда араладым,
Болған соң тағдыр жолы ұзағырақ.*

*Ауыр жол жүремін деп ұзап кеттім,
Сол жолда айтарлықтай азап шектім.
Сәлемім ел шетіне жете ме деп,*

АЙДАУДА

*Шынында, менің өзім тегін емен,
Кейде ат, кейде өгіз боп жегілемін.
Он сегіз жыл есебін толтыруға,
Бір он жыл кейін қарай шегінемін.*

*Жыл еді мың тоғыз жүз отызыншы,
Ол кезде болды әркім жалған тілші.
Қисындап өтірікті ағызғанда,
Алдында төрелердің нағыз сыншы.*

*Қызметім ол кездегі райкомсомол,
Жастарға сілтеп жүрмін үлгілі жол.
«Бек» деген өтірікші көзі алақтап,
Пәле жауып қағазға қойыпты қол.*

*Өзіңдей пәлеқордан серік тапқан,
Наһақтан күйдіріпті адалдарды.
Аяққа мықтап түсті темір қақпан,
Жаламен отырғызды адамдарды.*

*Бес жылды ГПУ-ы бере салды,
«Беломор-каналына» айдап барды.
Өйтіп-бүйтіп төрт жылда босап шығып,
Ақырында аман-сау елге оралдық.*

*Қалмады ру жігі, бақ-бақастық,
Есекең, Биекеңмен етті қастық.
Бұлар да он-өтірік пәле жауып,
(Осымен бастапқы он жыл тәмам болып)
Сегіз жыл сергелдеңге аяқ басты.*

БІР ӨЛІП, БІР ТІРІЛДІМ

*Градус елу алты болған сонда,
Таймырдың соғып тұрған жел ызғары.
Жүргенде қиын - қыстау ұзақ жолда,
Тар есік, тар босаға темір торда.*

*Келгелі бұл араға төртінші жыл,
Жәйімді түгел айтсам бір талай жыр.
Кездескенім мұншама ауыр жағдай,
Оған қоса Гитлерің көрсетіп қыр.*

*43- ші жыл еді, 20 қазан айы:
Сол күні тау басынан тас құлатып,
Суықтан қалғандар бар мүлде қатып.
Солардың қатарына кіре жаздап,
Денені суық алды қалшылдатып.*

*Қалыппын бір уақытта есім ауып,
Бола ма есі ауғанға өлім хауып.
Аяққа арқан байлап сүйретіпті,
Жігіттер кезекпенен ауық-ауық.*

*Лагерьге екі шақырым алып келген,
Түрімді келгеннен соң дәрігер корген.
Өлгендерді уақытша тастайтұғын,
Сарайға алып бар деп әмір берген.*

ТҮРКІМЕН БАЛА ЖІГІТ ДӘРІГЕРГЕ

- Жағдайың келмей ме мұны емдеуге?
Жаны бар кеудесінде тірі жатыр,
Қызық па кісі өлімі ол сендерге?
Сіз мұны кіргізіңіз емханаға,
Кісі өлсе ол сендерге тамаша ма?
Апару тірі адамды суық жерге,
Сіздердей дәрігерге жараса ма?
Жігітке дәрігер сонда ақырады,
Қамаймын өзіңді – деп бақырады.
Жігітім зыр жүгіріп, тауып алып,
Сол жердің ең бастығын шақырады.
Жігітпен еріп бірге бастық келіп,
Өлгісі келмей жатқан мені көріп.
Қамапты дәрігерді сол суыққа,
Байқа – деп, жақсы болса өзің де өліп.
Шақырып әкеліпті басқа дәрігер,
Жасапты емге дәру нелер, нелер.
Жатыппын дәл он сағат ессіз болып,
